

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

---

# ШМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



# ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 1811-1823

№ 3 (2019)

---

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 17026-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**публикация материалов в области истории,  
правоведения и общественных наук**Подписной индекс – 76132****Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,**ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

**МАЗМҰНЫ****Абдирасилова Г. Қ.**Аналитикалық тәсіл – сөздердің бірігу,  
қосарлану, тіркесуі арқылы жаңа мағына тудыру жолы .....12**Абдирасилова Г. Қ., Шойбекова Ф. Б.**

Қазақ тіліндегі ине-жіп атауларының семантикасы .....23

**Акошева М. К., Рахимжанов К. Х.**

Сөйлеу әрекетін түсіну және интерпретациялау табиғаты туралы .....33

**Акынова Д. Б.**

Код ауысымы және кірме сөздерді дифференциациялау мәселелері .....41

**Аманғазықызы М., Оразбек М. С.**

Қазақ прозасындағы қала модельдері .....49

**Асан А. Қ.**

Магиялық реализм: терминнің негіздемесі мен даму ерекшеліктері .....59

**Аяпбергенев Б. К.**

Семиотикалық үрдіс ретіндегі сөйлеу әрекетінің негізгі қасиеттері .....64

**Абдыхалықова А., Жамышева Х.**

Жоғары білім беруде ағылшын тілін оқытудың ақылды технологиялары ...73

**Әлбеков Т. К.**

Ауызекі әңгімелер – ел тарихының дереккөзі .....81

**Балмагамбетова Ж. Т., Есқараева А. Е.**Метафоралардың аударылым ерекшеліктері  
лингвомәдени лакун ретінде .....90**Досанова А. М., Әбдіқадыр И. Ә.**Репатриант-қазақтар: азаматтық сәйкестілік пен  
мемлекеттік тілге қатынас корреляциясы .....97**Елеуова А. С., Ысқақова Ұ. Қ.**

Диалог құрылымындағы тілдесімдік көрсеткіштер .....107

**Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф., Қадырова Б. М.**

Ғаламның тілдік бейнесіндегі фразеологизмдердің көрінісі .....115

**Жанбуршина К. У., Жусупова Р. Ф., Бабаева Ю. В.**Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында  
студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру .....123**Жүсіп Қ. П., Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.**

Мәшһүр Жүсіп және шығыс әдебиеті .....132

**Қадыров Ж. Т., Тағудретова Б. Б., Синбаева Г. К.**Қожаберген жырау шығармаларында құбылту түрлерінің  
берілу жолдары .....141**Қанапина С. Ф., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.**

Дәстүрлі көркемдік элементтердің ұлттық танымдық белгісі .....152

**Қанапина С. Ф., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.**

Ғаламдық тілдік бейненің қазақ мақал-мәтелдеріндегі көрінісі .....160

<b>Какимова М. Е., Қадыров Ж. Т., Ахметова Т. А.</b> Қазақ тіліндегі сыпайылық ұғымының мағынасы .....	172
<b>Қапасова Б. Қ., Елікпаев С. Т.</b> Ұлттық тіл: таным мен табиғи орта .....	184
<b>Көшекбаева А. А.</b> Тарихи жырлардағы суреттелетін жылқы образының ерекшелігі .....	194
<b>Манапбаева Ж. Ж.</b> Түйе түрлері реалияларының аудармаларының барабарлығы (С. Елубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) .....	201
<b>Медетбекова П. Т., Бигелдиева Н.</b> Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зооморфтік компоненттердің лингвомәдени танымдық ерекшеліктері .....	214
<b>Момынова Б. Қ., Омарова А. Д.</b> Қазақ жазуының тарихи тағылымы: қос сөздердің орфограммалануы .....	222
<b>Мухаметкалиева Г. О., Балтабаева Г. С.</b> Француз тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктерінің салыстырмалы талдауы .....	230
<b>Нұрғали К. Р., Абаганова А. О.</b> В. Пелевиннің «Священная книга оборотня» шығармасындағы кеңістік пен уақыт категориялары .....	238
<b>Нұрғали Қ. Р., Муқатаева А. А.</b> Заманауи әдеби кейіпкер: рецептуралық эстетикасының призмасы арналған .....	251
<b>Нұрғали К. Р., Сүлейменова Ш. Б.</b> М. О. Әуезовтың әңгімелерін аударудағы натураның ерекшеліктері .....	258
<b>Омаров Н. Р., Сауырбаев Р. Ж., Әмренов Ә. Д.</b> Білім беру жүйесі жағдайындағы билингвизм мен полилингвизмді зерттеу мәселесіне .....	263
<b>Омарова Р. А., Калюжная Т. В., Кенжетеева Г. К.</b> М. Урнова аудармасындағы О`Генридің «Батыстың жүрегі» атты көркем шағарманы орыс тіліне аудару барысында қолданылған аудармашылық операцияларды қолдану мәселелері .....	273
<b>Омаров Н. Р., Сауырбаев Р. Ж., Әмренов Ә. Д.</b> Индивидтің қос тілділігі, үш тілділігі (көптілділігі) түрлі нысандары мен түрлерінің қызмет ету проблемасына .....	281
<b>Оңғарбаева М. С., Таева Р. М., Колесникова Т. П.</b> Метафорикалық мағынадағы «суық» мағынасы бар зат есімдерінің семантикалық құрылымы .....	292
<b>Рахимжанов К. Х., Ақошева М. К.</b> Коммуникативтік жағдаят өзара сөйлеу әрекеті жағдайларының жиынтығы ретінде .....	299
<b>Салтақова Ж. Т.</b> Шежіре жырлардың тарихилығы .....	308

<b>Сейсенбиева Э. С., Мәдібаева Қ. Қ.</b> XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көркемдік ерекшелігі .....	316
<b>Сұлтанбекова Ж. К., Атемова Қ. Т.</b> Дулат Исабековтың шығармашылығын ЖОО-да оқытудың психологиялық аспектілері .....	325
<b>Шахметова Н. А., Самсенова Г. С.</b> Фитоморфтық код әлемнің концептуалдық моделінің негізі ретінде (саяси дискурс негізінде) .....	333
<b>Шаһарман Г. П.</b> Соматикалық фразеологизмдердегі «Бас», «Көз» сөздерінің эмотивті қызметі .....	344
<b>Шойбекова Ф. Б., Абдирасилова Г. Қ.</b> Қазақ қолөнеріндегі тігін-тігіс түрлері, атаулары .....	356
Авторларға арналған ережелер.....	367
Жарияланым этикасы .....	373

**СОДЕРЖАНИЕ**

<b>Абдирасилова Г. К.</b> Аналитический способ – путь создания нового значения слитных, парных и словосочетаний слов .....	12
<b>Абдирасилова Г. К., Шойбекова Г. Б.</b> Семантика наименований игл, нитей на казахском языке .....	23
<b>Акошева М. К., Рахимжанов К. Х.</b> О природе понимания и интерпретации речевого поведения .....	33
<b>Акынова Д. Б.</b> Вопросы дифференциации кодового переключения и заимствований .....	41
<b>Амангазыкызы М., Оразбек М. С.</b> Модели города в казахской прозе .....	49
<b>Асан А. К.</b> Магический реализм: обоснование термина и особенности его развития .....	59
<b>Аялбергенов Б. К.</b> Основные черты речевой деятельности как семиотического процесса .....	64
<b>Абдыхалыкова А., Жамышева Х.</b> Умные технологии в преподавании английского языка в высшем образовании .....	73
<b>Албеков Т. К.</b> Устные рассказы – источник истории народа .....	81
<b>Балмагамбетова Ж. Т., Есқараева А. Е.</b> Особенности перевода метафор как лингвокультурных лакун .....	90
<b>Досанова А. М., Абдикадыр И. А.</b> Репатриант-казахи: гражданская идентичность и корреляция с государственным языком .....	97
<b>Елеуова А. С., Искакова У. К.</b> Речевые индикаторы в структуре диалога .....	107
<b>Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф., Қадырова Б. М.</b> Проявление фразеологизмов в языковом образе вселенной .....	115
<b>Жанбуришина К. У., Жусупова Р. Ф., Бабаева Ю. В.</b> Организация самостоятельной работы студентов в условиях реализации компетентностного подхода .....	123
<b>Жусип К. П., Жусупов Н. К., Баратова М. Н.</b> Машхур Жусип и восточная литература .....	132
<b>Қадыров Ж. Т., Тағудретова Б. Б., Синбаева Г. К.</b> Пути передачи видов троп в произведениях Кожабегена жырау .....	141
<b>Қанапина С. Ф., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.</b> Национальный познавательный знак традиционных художественных элементов .....	152

<b>Қанапина С. Ф., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.</b> Казахские пословицы и поговорки – это проявление глобальных языковых картин мира .....	160
<b>Какимова М. Е., Кадыров Ж. Т., Ахметова Т. А.</b> Значение категории вежливости в казахском языке .....	172
<b>Капасова Б. К., Еликпаев С. Т.</b> Национальный язык: познание и природная среда .....	184
<b>Кошекova А. А.</b> Особенности образа лошади, описываемого в исторических произведениях .....	194
<b>Маналбаева Ж. Ж.</b> Адекватность переводов реалий верблюдов (С. Елубая на основе романа «Ақ боз үй» и его переводов на русском и английском языках) ...	201
<b>Медетбекова П. Т., Бигелдиева Н.</b> Лингвокультурно-когнитивные особенности зооморфных компонентов в казахском и английском языках .....	214
<b>Момынова Б. Қ., Омарова А. Д.</b> История казахской письменности: орфография парных слов .....	222
<b>Мухаметкалиева Г. О., Балтабаева Г. С.</b> Сравнительный анализ лексико-семантических особенностей французского языка .....	230
<b>Нурғали К. Р., Абаганова А. О.</b> Категории пространства и времени в произведении В. Пелевина «Священная книга оборотня» .....	238
<b>Нурғали К. Р., Мухатаева А. А.</b> Современная литературная сказка: взгляд сквозь призму рецептивной эстетики .....	251
<b>Нурғали К. Р., Сулейменова Ш. Б.</b> Особенности природы в переводе рассказов М. О. Ауэзова .....	258
<b>Омаров Н. Р., Саурбаев Р. Ж., Амренов А. Д.</b> К проблеме изучения билингвизма и полилингвизма в условиях образовательной системы .....	263
<b>Омарова Р. А., Калюжная Т. В., Кенжетеева Г. К.</b> Проблемы использования переводческих операций при переложении на русский язык произведения О`Henry «Heart of The West» в переводе М. Урновой .....	273
<b>Омаров Н. Р., Саурбаев Р. Ж., Амренов А. Д.</b> К проблеме функционирования различных форм и видов двуязычия, триязычия (многоязычия) индивида .....	281
<b>Онгарбаева М. С., Таева Р. М., Колесникова Т. П.</b> Семантическая структура существительных со значением «Холод» в метафорическом значении .....	292
<b>Рахимжанов К. Х., Акошева М. К.</b> Коммуникативная ситуация как совокупность условий речевого взаимодействия .....	299

<b>Салтакова Ж. Т.</b> Историзм родословных сказаний (жыр) .....	308
<b>Сейсенбиева Э. С., Мадиева К. К.</b> Художественные особенности казахской литературы в XIX веке .....	316
<b>Султанбекова Ж. К., Атемова К. Т.</b> Психологические аспекты обучения творчества Дулата Исабекова в вузах .....	325
<b>Шахметова Н. А., Самсенова Г. С.</b> Фитоморфный код как основа концептуальной модели мира (На материале политического дискурса) .....	333
<b>Шаһарман Г. П.</b> Эмотивная функция соматических фразеологизмов «Бас», «Көз» .....	344
<b>Шойбекова Г. Б., Абдирасилова Г. К.</b> Наименования, виды швов в рукоделиях казахского народа .....	356
Правила для авторов .....	367
Публикационная этика .....	373

**CONTENT**

<b>Abdirasilova G. K.</b> Analytical method – the way to create a new meaning of the merged, paired and word combinations .....	12
<b>Abdirasilova G. K., Shoibekova G. B.</b> The semantics of the names of needles, threads in the Kazakh language .....	23
<b>Akosheva M. K., Rakhimzhanov K. H.</b> On the nature of understanding and interpreting verbal behavior .....	33
<b>Akynova D. B.</b> Issues of differentiation of code-switching and borrowings .....	41
<b>Amangazykyzy M., Orazbek M. S.</b> Models of city in Kazakh prose .....	49
<b>Asan A. K.</b> Magical realism: justification of the term and features of development .....	59
<b>Ayapbergenov B. K.</b> Main features of verbal activity as a semiotic process .....	64
<b>Abdykhalykova A., Zhamysheva K.</b> Smart technologies for teaching English in higher education .....	73
<b>Albekov T.</b> Oral stories – the source of history of people .....	81
<b>Balmagambetova Zh. T., Eskaraeva A. E.</b> Translation features of metaphors as lingual cultural lacunae .....	90
<b>Dosanova A. M., Abdikadyr I. A.</b> Repatriant-Kazakhs: civil identity and correlation to the state language .....	97
<b>Yeleuova A. S., Iskakova U. K.</b> Voice indicators in the structure of the dialogue .....	107
<b>Esirkepova K. K., Kanapina S. G., Kadyrova B. M.</b> The manifestation of phraseological units in the linguistic image of the world ...	115
<b>Zhanburshina K. U., Zhussupova R. F., Babayeva Y. V.</b> Organization of unassisted work of students in conditions of implementation of the competence-based approach .....	123
<b>Zhussip K. P., Zhussupov N. K., Baratova M. N.</b> Mashkhur Zhussip and oriental literature .....	132
<b>Kadyrov Zh. T., Tagudretova B. B., Sinbaeva G. K.</b> The ways of transmission of trails types in the works of Kozhabergen zhyrau .....	141
<b>Kanapina S. G., Esirkepova K. K., Kadyrova B. M.</b> National cognitive sign of traditional artistic elements .....	152
<b>Kanapina S. G., Esirkepova K. K., Kadyrova B. M.</b> Kazakh proverbs and sayings in the manifestation of the linguistic picture of the world .....	160

<b>Kakimova M. E., Kadyrov Zh. T., Ahmetova T. A.</b>	
The meaning of the category of politeness in Kazakh language .....	172
<b>Kapasova B., Yelikpaev S.</b>	
National language: cognition and the natural environment .....	184
<b>Kosheikova A. A.</b>	
Feature of the illustrated image of a horse in historical performances .....	194
<b>Manapbayeva Zh. Zh.</b>	
The adequacy of the translations of realia of camel types (in S. Yelubay's famous novel «Ak Boz Uy» and its translations into Russian and English) .....	201
<b>Medetbekova P. T., Bigeldiyeva N.</b>	
Linguocultural cognitive features of zoomorphic components in the Kazakh and English languages .....	214
<b>Momynova M. K., Omarova A. D.</b>	
The history of Kazakh writing: the spelling of pairs of words .....	222
<b>Mukhametkaliyeva G. O., Baltabayeva G. S.</b>	
Comparative analysis of the lexical-semantic features of the French language .....	230
<b>Nurgali K. R., Abaganova A. O.</b>	
Categories of space and time in the work by V. Pelevin «The Sacred Book of the Werewolf» .....	238
<b>Nurgali K. R., Mukhatayeva A. A.</b>	
Modern fairy tale: view through the prism of reader response criticism .....	251
<b>Nurgali K. R., Suleimenova Sh. B.</b>	
The peculiarities of nature in translation of stories by M. O. Auezov .....	258
<b>Omarov N. R., Saurbayev R. Zh., Amrenov A. D.</b>	
On the issue of bilingualism and polylingualism study within the educational system .....	263
<b>Omarova R. A., Kaljushnaja T. W., Kenzhetayeva G. K.</b>	
Problems of the use of translation operations during a transformation into the Russian language of the work by o`Henry «Heart of the West» in translation by M. Urnova .....	273
<b>Omarov N. R., Saurbayev R. Zh., Amrenov A. D.</b>	
On the issue of functioning of various forms and types of bilingualism, trilingualism (polylingualism) of an individual.....	281
<b>Ongarbayeva M. S., Tayeva R. M., Kolesnikova T. P.</b>	
Semantic structure of nouns with the meaning of «cold» in the metaphorical meaning .....	292
<b>Rakhimzhanov K. H., Akosheva M. K.</b>	
Communicative situation as a collection of conditions of verbal interaction .....	299
<b>Saltakova Z. T.</b>	
Historicism of genealogy storytelling (zhyr) .....	308
<b>Seysenbieva E. S., Madibayeva K. K.</b>	
Artistic features of Kazakh literature in the XIX century .....	316

<b>Sultanbekova Z. K., Atemova K. T.</b>	
Psychological aspects of teaching creativity of Dulat Isabekov in higher education .....	325
<b>Shakhmetova N. A., Samsenova G. S.</b>	
Phytomorphic code as the basis of the conceptual model of the world (On the material of political discourse) .....	333
<b>Shaharman G. P.</b>	
Emotive function of somatic phraseological units «Bas», «Koz» .....	344
<b>Shoibekova G. B., Abdirasilova G. K.</b>	
Names, types of stitches in needlework of Kazakh people .....	356
Rules for authors .....	367
Publication ethics .....	373



**Г. Қ. Абдирасилова**

ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: ab.gulmira@mail.ru

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ – СӨЗДЕРДІҢ БІРІГУ, ҚОСАРЛАНУ, ТІРКЕСУІ АРҚЫЛЫ ЖАҢА МАҒЫНА ТУДЫРУ ЖОЛЫ**

*Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық тәсілдің қалыптасуы, сөз тудырудың аналитикалық тәсілі сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы көрінеді де, сөзжасам проблемасының шеңберіне еніп, оның бір тәсілі болатындығы сөз болады. Бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалған сөздердің жасалу жолдары, өзіндік ерекшеліктерін жеке-жеке мысалдармен дәлелдеу, оларға мағыналық-құрылымдық талдау жасау арқылы лексика-грамматикалық-синтаксистік қатынастарын айқындау қарастырылады.*

*Түркі тілдеріндегі тәсілдердің біріне жататын аналитикалық тәсілдің ішкі ерекшеліктері мол. Бұл тәсіл іштей бірнеше топқа бөлінеді. Яғни бұл тәсіл сөздерді біріктіру, сөздерді қосарлау, сөздерді тіркестіру жолдары арқылы іске асады. Сөйтіп барып жаңа мағыналы сөз, жаңа ұғымның атауы туып, тілдің сөздік құрамы дамып, оның қатары өрістей түседі, байи түседі.*

*Кілтті сөздер: сөзжасам, сөзжасамдық тәсіл, аналитикалық тәсіл, жаңа сөз тудыру, біріккен сөз, қос сөз, тіркескен сөз.*

### **КІРІСПЕ**

Тілдің сөздік құрамын үздіксіз байытып, толықтырып отыру, негізінен, тілдің ішкі мүмкіндіктерімен, заңдылықтарымен байланысты. Басқа тілдерден сөз қабылдау арқылы да тілдің сөздік құрамы байып отыратыны көпшілікке таныс. Бұл құбылыс – қай тілге де жат емес және ертеден келе жатқан, белгілі жағдай. Алайда, сөз байлығының толығу арнасы – тілдің сөзжасам жүйесі, оның ішінде сөзжасам тәсілдерімен тікелей байланысты. Ал ол тілдің сөзжасам жүйесінің негізгі құрылымдық мәселесі, сондықтан сөзжасам өзекті мәселе болған жерде – оның сөзжасамдық тәсілдері болмауы

мүмкін емес. Қазақ тілінің лексикалық құрамына енетін сөздердің бәрі – туынды мағыналы сөздер жасалу жолдарына қарай топ-топқа сараланып, сөзжасам тәсілдеріне жіктеледі. Аналитикалық тәсіл сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы мағына тудыру жолы, сондықтан да бұл тәсілді, екінші сөзбен айтқанда, синтаксистік тәсіл деп те атайды.

Академик Э. В. Севортян: «Түркі тілдерінің сөзжасам тәсілдері мен жолдары түрлі-түрлі. Олардың ішіндегі негізгісі – қосымшалар арқылы жасалуы. Бірақ ол жалғыз тәсіл емес. Қосымшамен қатар қашаннан бері басқа тәсілдер де белгіленеді, олар жинақталып, сөзжасамның аналитикалық тәсілін құрайды», – дейді [1;10]. Жоғарыда Э. В. Севортян аналитикалық сөзжасамның өзі іштей түрлі тәсілдермен тұратынын айтты. Бұдан біз аналитикалық сөзжасамның өзі іштей аумағы кең және де тармағы мол құбылыс екенін аңғарамыз.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Сөйтіп, түркі тілдеріндегі тәсілдердің біріне жататын аналитикалық тәсілдің ішкі ерекшеліктері мол екені сөзсіз. Бұл тәсіл іштей бірнеше топқа бөлінеді:

1) сөздердің бірігуі арқылы немесе сөзқосым. Сөздердің бірігуі – өзіне тән бірігу заңдылығы бар, белгілі бір үлгі арқылы жасалатын, мағыналық, морфологиялық, фонетикалық сипаты бар, грамматикалық қызметі жағынан жай сөзбен пара-пар келетін, бірақ олардан өзінің морфологиялық құрамымен, фонетикалық құрылымымен ажыратылатын екі немесе үш сөздің белгілі бір заңдылықпен бірігуі. Мұндай сөздердің құрамындағы екі сөз бір бүтін болып, бір ұғым ретінде қалыптасады. Мысалы *орынбасар, мерейтой, отбасы, жәрдемақы, сәресі, биыл*, т.б. Сөзқосым тәсілі де іштей ажыратылады, өйткені осы тәсіл арқылы жасалған сөздер біркелкі емес. Компоненттерінің дыбыстық құрамына қарап, бұл тәсілді екіге бөлуге болады: біріктіру, кіріктіру тәсілдері. Біріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің ішкі компоненттерінің әрқайсысы өздерінің жеке не дербес қолданылғандағы дыбыстық құрамын толық сақтай отырып бірігеді. Мысалы, *шекара, өнеркәсіп, көкжәтел, қаламсап, ақсақал, құсбегі, біржолата*, т.б. Кіріктіру тәсілі арқылы жасалған компоненттерінің кейде біреуі, кейде екеуі де дыбыстық құрамын ықшамдап, өзгертіп бірігеді, сондықтан оларды кіріккен сөздер деп те атайды. Мысалы, *бұл жыл – биыл, бұл күн – бүгін, білек жүзік – білезік, сахар асы – сәресі, бел бау – белбеу, сегіз он – сексен, іш құр – ышқыр, алып кел – әкел, алып бар – апар, қара ала құс – қарлығаш* т.б. Сөзқосым тәсілі тек түркі тілдерінің сөзжасам жүйесіне қатысты деуге болмайды. Бұл – дүние жүзіндегі тілдерге өте кең тараған тәсіл. Әсіресе, ол жазуы ертеден келе жатқан, жазу мәдениеті күшті елдерде көп орын алады. Ал біздің елімізде бірсыпыра біріккен сөздер танылмай, бөлек жазылып жүр. Олардың бірде бірге, бірде бөлек жазылуы да, ауытқуы, түрлі сөздіктерде әр түрлі берілуі де бар. Ол да өзінің шешімін күтіп тұрған мәселе.

2) Қосарлау тәсілі екі сөздің бір-біріне қосарлануы я бір сөздің қайталануы арқылы сөз жасалады. Ол тілде көне замандардан келе жатқан тәсілдерге жатады. Сөзжасамның бір тәсілі ретінде ондай сөздерге жинақтылық, жалпылық, экспрессивтік мағына болады. Лексикалық мағыналарының ерекшеліктеріне қарай қос сөздер бірнеше топқа бөлінеді. Мысалы, екі компоненті де мағыналы: ата-ана, үлкен-кіші, сый-құрмет т.б. компоненті мағыналы, екінші компоненті мағынасыз: бала-шаға, қыз-қырқын, т.б., екі компоненті де мағынасыз: ырду-дырду, ығы-жығы, т.б.

Бұлар бір-бірімен салаласа байланысып, тұтасып барып бір ұғымды білдіреді. Қос сөздер компоненттердің мағыналық ерекшеліктеріне қарай: екі компоненті бір-біріне антоним ретінде: *ата-ана, үлкен – кіші, кіріп – шығу*, т.б. Синоним ретінде: *қадір-құрмет, қаз-үйрек, ас-су*, т.б. Екінші компоненті фонетикалық өзгеріске ұшыраған: *хал-ахуал* т.б. Бір компоненті екіншісінің қызметін айқындайтын: *бесік-арба, ақбар-кітапша* т.б.

3) Сөзтіркесім – жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Тіркесім тек сөзге ғана тән қасиет емес, ол фонема мен морфемаға да тән қасиет. Тіркесім – тілдің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік қабаттарының барлығының негізіне жататын құбылыс. Тіркесім – тілдік бірліктердің бойындағы тума қасиет. Оның үш түрі болады: бірінші – фонемалық тіркесім, екінші – морфемалық тіркесім, үшінші – лексемалық тіркесім. Тіркесті түбір сөздердің басты белгілері: құрамындағы сөздердің тіркесі берік болып, арасына сөз қойылмайды, екі сыңары да қалыптасқан тұлғасын сақтайды. Екі сыңарының мағынасы өзара логикалық үйлесімді болады. Тіркесті түбір бір ортақ екпінмен айтылады да, құрамындағы сөздердің тұрақтылығы, шын мәніндегі мызғымайтын, ешқандай өзгермейтін қалпын сақтайды.

Аналитикалық тәсілде сөзжасамға қатысатын белгілі тілдік элементтер бар: олар – түбір сөздер. Сөзжасамның аналитикалық тәсілінде түбір сөздер бір-бірімен не бірігеді, не қосақталады, не тіркесіп барып сөз жасайды. Қалай болғанда да, сөзжасамға түбір сөздер ғана қатысады. Міне, бұл – сөзжасамның аналитикалық тәсіліне қатысты ерекшелік.

Сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы – синтетикалық тәсілмен қатар дамып келе жатқан көне тәсіл. Көне жазба ескерткіштердің тілі туралы зерттеулер сол кездің өзінде туынды сөздермен қатар күрделі (біріккен, тіркескен) сөздердің бар екендігін көрсетеді. Орхон-Енисей ескерткіштерінің, соның ішінде Тоныкөк (VIII ғ.) ескерткішінің тілін зерттеген Ғ. Айдаров туынды сөздер: аффистер арқылы, сөздің қосарлануы, бірігуі арқылы жасалған деп көрсетеді [2; 97].

Түркі тілдерін зерттеуге зор үлес қосқан А. Казембек, М. Гиганов, М. Терентьев, И. Н. Ильминский, В. В. Караринский, Н. И. Ашмарин еңбектерінде сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру туралы арнайы

сөз болмаса да, пікір білдіріп, мысалдар беріп отырған. Мұның өзі бұл құбылыстың түркі тілдеріне бұрыннан тән екендігін көрсетеді.

XX ғасырдың бірінші жартысында көптеген түркі тілдерінің грамматикалардың көпшілігіне тән нәрсе – сөзжасамның екі тәсілі аффикстік және сөздердің бірігуі мен қосарлануы көрсетіледі. Бұған А. Самойловичтің (1925), В. Гордлевскийдің (1928), С. Ястремскийдің (1933), И. Батмановтың (1939), В. Насиловтың (1940), А. Н. Кононовтың (1941), Н. А. Баскаковтың (1940), Н. Дмитриевтің (1940, 1948), Л. Н. Харитановтың (1947), Н. П. Дыренкованың (1940, 1948), еңбектері дәлел.

50-жылдардан бері түркологиялық грамматикалардың ішінде сөзжасам мәселелерін дербес қарастырған Н. А. Баскаковтың «Қарақалпақ тілі» атты еңбегінде (1925) әр сөз таптарының сөзжасамы лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы беріледі.

Ұйғыр тілі туралы зерттеуінде Э. В. Наджип сөздерді құрылысына қарай түбір, туынды біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз деп бес топқа бөліп қарастырған [3]. 60-жылдардағы үлкен бір еңбек – қырғыз ғалымы Б. Орузбаеваның еңбегі. Б. Орузбаева қырғыз тіліндегі сөзжасам тәсілдерін жан-жақты қарастырды [4]. Түркологияда күрделі сөздерді, оның ішінде біріккен сөздерді арнайы қарастырған еңбек ретінде Ф. А. Ганиевтің татар тіліне байланысты еңбегін де атағанымыз жөн [5].

Ал қазақ тілі білімінде біріккен сөздерді дұрыс танып, дұрыс таңбалау мәселесін алғаш көтерген, зерттеген – ғалым Қ. Жұбанов 1936 жылғы 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының бір бөлімін сөз формаларына арнап, оның алты түрін көрсеткен:

- 1) Түбір сөз
- 2) Қосымша сөз
- 3) Кіріккен сөз
- 4) Қиюлы сөз
- 5) Қосар сөз
- 6) Қосалқы сөз.

Ғалым біріккен сөздердің барлығын кіріккен сөз деп атаған. Оның «Кіріккен түбірлер», «Кіріккен сөздердің көнесі мен жаңасы», «Қиюлы сөз» деген атпен жазған мақалалары жоғарыда аталған грамматикаға енген. Осылардағы айтылған пікірлері 1937 жылғы «Ауыл мұғалімі» журналының 1–3 нөмерлерінде жарияланған «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» деген мақаласында да айтылған. Мұнда кіріккен (біріккен) сөздерді басқа да күрделі сөздермен салыстыра сипаттай отырып, олардың негізгі белгілерін көрсетеді, анықтамасын түйіндейді.

Қазіргі қазақ тілі грамматикасын зерттеуге, бүгінгі қазақ жазуының жүйеге түсіп, қалыптасуына зор еңбек сіңірген ғалым С. Аманжолов та сөз



тұлғаларына байланысты мақаласында біріккен сөздерді түбірдің бір түрі ретінде көрсете отырып:

«Бірнеше түбірлерден құралып, бір мағына беретін, кейіннен мүлдем бірігіп, кірігіп кеткен сөздерді біріккен сөз я біріккен түбір дейміз. Сөздердің бірігуі екі түрлі: өзара бірігеді, өзгермей бірігеді. Мысалы: *аққу* (*ақ-қу*), *қарақат* (*қара-қат*), *қолғап* (*қол-қап*), *желбау*, *белбеу* (*бел-бау*), *аиудас* (*аиу-тас*), т.б.» деген анықтама берген [6].

Біріккен сөз мәселесі қазақ тілінің алғашқы емле ережесінде (1938) де, мектеп оқулықтары мен ғылыми грамматикаларда да үзбей сөз болып келеді. Дегенмен, Қ. Жұбановтың кейін біріккен сөз мәселесін арнайы зерттеген Г. Жәркешова мен Ә. Ермаков болды.

Г. Жәркешова «Қазіргі қазақ тіліндегі біріккен сөздер» (1949) деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігін (1960) жасаса, Ә. Ермаков академик Н. Сауранбаевтың жетекшілігімен «Қазақ тілі лексикасындағы біріккен сөздердің семантикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған (1950).

«Біріккен сөз мәселелерінің дау-дамайынан асқан бірде-бір тіл проблемасы жоқ» деп, кезінде М. Балақаев айтқандай [7; 216], бұл тақырыпқа арналған аталған екі кандидаттық диссертациядан басқа 1940 жылдардан бері газет-журналдарда көптеген мақалалар жарияланып, біріккен сөздердің орфографиясы сөз болады. Мерзімді баспасөз ол туралы мақалалар жариялап қана қоймай, ондай сөздерді жазу дағдысын қалыптастырып отырды десек те болады. Сол тәжірибелердің ықпалы орфографиялық ережелер мен сөздіктерге де тиді. Соның өзінде қазіргі қазақ тілінде қай сөздерді бірге, қайсысын бөлек жазамыз деген сұрақ күн тәртібінен түспей, жазушыны да, тілші-ғалымдарды да толғандыруда.

Сөзді бірге немесе бөлек жазу үшін белгілі бір заңдылыққа, принципке сүйенуіміз керек. Ол қандай принциптер болуы мүмкін. Біріктіру арқылы сөз жасау сипаты қалай деген сияқты сұрақтар төңірегінде ой қозғап, тұжырымдар жасалды.

Сөзжасамның аналитикалық немесе синтаксистік тәсіліне сөздерді (әр тұлғадағы түбірлерді) біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы жаңа сөз жасау процесін жатқызып жүрміз. Тілдегі, тілдік процестегі себеп-салдарлық құбылыс, байланыстарға мән бере бермегендіктен кейде сөзжасамның бұл тәсіліне біріккен, кіріккен сөздер, қосарланған, тіркесті (күрделі) сөздер жатқызылады. Бұлар, яғни біріккен (кіріккен) сөздер, қос сөздер, тіркескен сөздер сөзжасам тәсілдері емес, сол сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже, яғни жаңа туындылар, олар біріктіру процесі арқылы, қосарлау, тіркестіру нәтижесінде туған тілдік бірліктер. Сондықтан бұл екі түрлі тілдік құбылысты бір-бірімен шатастыруға болмайды. Соған қарамастан грамматикаларға сөзжасам

процесі ретінде емес, күрделі сөз ретінде яғни белгілі бір тілдік амалдардың нәтижесінде жасалып қойған тілдік бірлік ретінде беріледі. Сондықтан олар грамматикаларда сөзжасам процесі ретінде емес, күрделі сөз ретінде және оның құрамдық компоненттерінің семантикалық, грамматикалық жағынан ара қатынасы мен ерекшеліктері ретінде қаралап отырды.

Сөздерді (екі одан да көп сөзді) біріктіру арқылы жаңа мағыналы күрделі сөз тудыру синтаксистік тәсілдің бір жолы болып саналады. Сөздерді біріктіру процесінде болсын, қосарлап я тіркестіру процесінде болсын, яғни күрделі сөз жасау үшін әр алуан фонетикалық, лексика-семантикалық және грамматикалық факторлар араласып, әрқайсысы өзінше әр қилы дәрежеде үлестерін қосып, сол қатынастардың дамуына жәрдем етеді [8; 98].

Сөздердің күрделену процесінде оның құрамындағы компоненттерінің ассимиляция, диссимиляция, үндесу (гармония), сіңісу, ықшамдау, агармония, дауыс екпіні т.б. фонетикалық заңдылықтар әсерінен әр түрлі өзгерістерге ұшырауы фонетикалық фактор болып саналады. Ал ондай процесте идиомалану (күрделі сөздің мағынасы өзінің құрамындағы сыңарларының тура мағыналарынан тумай, бүтіндей басқа бейнелі мағына білдіру), лексикалану (тіркестің тұрақталып, бір ұғымның атауы мәнінде жұмсалуды), делексикалану (күрделі сөздің құрамындағы компоненттерінің дыбыстық өзгерістерге түсу нәтижесінде мағынасынан айырылып қалуы) сияқты құбылыстар лексика-семантикалық фактор болып есептеледі [8; 98–99]. Осыған қоса конверсиялық факторды да көрсеткен жөн. Ол көбінесе сөздің қайталануына байланысты жаңа мағына я мағыналық реңк үстелуі болып табылады. Ондай жағдайда сөздің (күрделі сөздің) грамматикалық семантикасы арқылы белгілі бір сөз табының шеңберіне енсе, бұл фактордың негізінде жалпы грамматикалық мағынасы өзгереді, семантикалық өзгеріс пайда болады және бұл өзгеріс уақытша контекстік емес, тұрақты. Екіншіден, түрлену-түрленбеу сипатына ие болады.

Сөз тудырудың аналитикалық тәсілі сөздерді біріктіру, қосарлану, тіркестіру арқылы көрінеді де, сөзжасам проблемасының шеңберіне еніп, оның бір тәсілі болып табылады. Яғни бұл тәсіл сөздерді біріктіру, сөздерді қосарлау, сөздерді тіркестіру жолдары арқылы іске асады. Сөйтіп барып жаңа мағыналы сөз, жаңа ұғымның атауы туып, тілдің сөздік құрамы дамып, оның қатары өрістей түседі, байи түседі. Бұл бір, ол – тілдік құбылыстың басты, мәнді ерекшелігі. Екіншіден, осы жолдар арқылы жасалған жаңа туындылар морфологиялық құрамы жағынан (грамматикалық сипаты) күрделі сөздер тобына жатады. Күрделі сөздердің лексикаграмматикалық сипаты жағынан әрқайсысының жасалу жолы, құрамдық-тұлғалық ерекшеліктері бар: қандай сөздер (мағыналық және тұлғалық-құрамдық, қатыстық ерекшеліктеріндегі және грамматикалық топтағы) бір-бірімен бірігеді, немесе қосарланады,

немесе тіркеседі т.б. Айталық, зат есім мен зат есім (*белбеу – бел беу*), сын есім мен зат есім (*ашудас – ащы тас*), есімдік пен зат есім (*бүгін – бұл күн*) т.б. біріксе, мағыналары бір-біріне жақын синонимдес немесе мағыналары бір-біріне қарама-қайшы антонимдес сөздер бірыңғай мәнде қосарланады: *аға-іні, үлкен-кіші, ыдыс-аяқ т.б.*

Сөз тудырудың аналитикалық тәсілі (*аналитизм* – грек. analysis – бөлшектеу) сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы көрінеді де, сөзжасам проблемасының шеңберіне еніп, оның бір тәсілі болып табылады. Сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы жаңа мағыналы сөз, жаңа ұғымның атауы туып, тілдің сөздік құрамы дамып, оның қатары өрістей, байи түседі. Біріншіден, бұл – тілдік құбылыстың басты, мәнді ерекшелігі. Екіншіден, осы жолдар арқылы жасалған жаңа туындылар морфологиялық құрамы жағынан (грамматикалық сипаты) күрделі сөздер тобына жатады.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі жайында тың пікір білдірген профессор Н. Оралбаева. Себебі ғалым тұңғыш рет қазақ тіл білімінде күрделі сөздер тобы сөзжасамның нысаны екенін 1971 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формасы» атты докторлық диссертациясында дәлелдеген. Ғалымның екінші бір құнды пікірі тіркесу жолымен жасалған сөздердің сөз тіркестерінен 4 түрлі айырмашылығын атап көрсетеді:

1 Сөз тіркесі кем дегенде сыңардан тұрып, соған сәйкес екі лексикалық мағынаны білдіреді;

2 Күрделі сөз тіркесінің сөйлемдегі жеке бір сыңары – сөз ретінде қатысады.

3 Күрделі сөздің сыңарларының арасында синтаксистік байланыс болмайды;

4 Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлары сөйлемдегі басқа сөздермен сөз тіркесін жасай алмайды, күрделі сөз тұтас күйінде басқа сөздермен синтаксистік қатынасқа түсіп, бір ғана сөйлем мүшесі болады. Ал сөз тіркестерінің әрбір мүшесі жеке-жеке қызмет атқарады деген тұжырым жасайды [9; 21]. Сонымен, тілші сөз тіркесінің құрамы тұрақсыз деп дәлелдейді. Сондай-ақ, профессор Н. Оралбаева сөзжасамның аналитикалық тәсілі былай дейді: «Қанша ғасыр өтсе де, тілде аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау үзбей жалғасып келе жатуымен байланысты қазақ тілінің сөздік байлығы толығуда, ол қазір қолданыс аясын кеңітіп, сөздік қордың барлық саласынан орын алады» [10; 35–38].

Осымен байланысты тілші Анар Салқынбай: аналитика-семантикалық сөзжасамның тіл дамуындағы маңыздылығын және оның сөз жасау қабілетінің молдығын атай келе: «аналитика-семантикалық сөзжасамда тілде бар бірліктерді парадигмалық және синтагмалық жүйе негізінде біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы жаңа туынды мағына жасауға

болады», – деген деген түйін жасайды [11; 265]. Тілші бұл тәсілдің ежелгі замандардан қолданып келе жатқандығын айтады. Яғни күрделі сөздердің (қос сөз, біріккен сөз) құрамында сыңарлардың кейбірінің ежелгі мағынасы мүлде өшкен не көнерген тұлғалар қолданыла береді дей келіп, оған *көрші-қолаң, жігіт-желең* т.б. деректерді келтіреді. Сөйтіп, тілші-ғалым ортақ сөзжасамдық мағына айқын болмағандықтан, жеке сыңарлардың мағынасына назар аударылмайды деген пікір білдіреді. Әрине, кез келген күрделі сөздің сөзжасамдық ортақ мағынасынан шығатыны (мейлі айқын, не жасырын болсын) даусыз, бірақ оның құрамындағы сыңарлардың мағыналық дәрежелеріне (біреуінде айқын, анық болуы немесе екіншісінде жасырын не мүлде өшуі, көмескіленуі т.б. байланысты деген тұжырым жасауға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Аналитизм – күрделі тыңды аталым жасалудың ұстанымы емес, ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалау, күрделі құрылымдық жүйенің дара бірлік ретінде қалыптасуы, әр түрлі мағынаны білдіретін тіркестер, бір номинативті мағына беретін тұлға ретінде жаңа қызметте жұмсалуды, сөйтіп, біртұтас тұрақты мағынаға ие болып, лексема ретінде қалыптасуы, тілдегі сөз тіркестерінің мағыналық жағынан өзгеріске түсуі, тілдің семантикалық даму заңдылығына сәйкес жүреді. Олардың күрделі сөзге айналуы – сөзжасамның нәтижесі. Мысалы, *шыбынжан, қантөгіс, қанмайдан (қиян-кескі ұрыс), қансорғыш (қанаушы), қолжаулық (біреудің қолшоқпары болу), қыз ойнақ (ойын-сауық, көңіл-көтеру), мойын серік (ұжым болып, бірігіп жұмыс істеу)*. Бұл жөнінде белгілі ғалым С. М. Исаев: «Сөздерді (екі я одан да көп сөзді) біріктірі арқылы жаңа мағыналы күрделі сөз тудыру синтаксистік тәсілдің бір жолы болып саналады», – дейді. Сөйтіп, тілші сөздерді біріктіру, тіркестіру, қосарлау сөзжасамның жеке-жеке үлгілері екенін айтады [12; 275].

Академик Н. Т. Сауранбаев тілдің сөздік құрамындағы сөздердің мағыналық сыры, тарихи тегі, жасалу жолы жағынан олардың сапасы бірдей болмайтындығын ескертеді. Ғалым сөздің жасалуында сөздік қордағы негіз сөздер ұйтқы болатындығын келтіре отырып, олардың мағыналық жағынан дамитындығын, сапалық өзгеріске түсетіндігін айтады. Оған мысал ретінде: *отарба, шайтанарба, құртауру, көкжәтел, құрқұлақ, құдабала, жетіата, қызылбұрыш* т.б. тілдік деректерді жатқызады. Демек, ғалым тілдің лексикасы тек қана дара сөздерден тұрмай, бір ұғымды білдіретін, бірігіп, тіркесіп келетін жаңа сөздердің қалыптасу жолдары барын атап көрсетеді [13].

Ғалым Б. Қасымның «Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым» еңбегінде қазақ сөзжасамының дамуында күрделі сөздердің қосар үлесі мол. Тіл біліміндегі дериваттаным секілді, күрделі сөздің қыр-сырын танытатын, бүкіл мазмұнын көрсететін композиттанымның өзі дербес сала

ретінде танылып, зерттелуіне мүмкіндік бар екендігін айтады. Күрделі сөз – қазақ сөзжасамы болып қалыптасқан ауқымды саласының бір тармағы екенін айқындайды. Аталған монографияда қазақ тіліндегі күрделі сөздердің ішкі даму заңдылықтары уәждеме және аталым теориясы тұрғысынан қарастырылып, қазақ тілінің бай тілдік деректерінің негізінде жан-жақты баяндалады. Қазақ тілі біліміндегі өзекті мәселелердің бірі саналатын күрделі сөздің жасалу, қалыптасу, даму жолдары, құрылымдық түрлері тіл білімінің соңғы теориялық жетістіктері тұрғысынан қарастырылады. Бұл еңбектің де сөзжасам саласына қосары көп.

Аналитикалық сөзжасам дегеніміз – күрделі ұғымды білдіретін әр түрлі тіркестердің (бірігуі, қосарлануы, тіркесуі) біртұтас тұрақты мағынаға ие болып, тұлға ретінде жаңа қызмет номинативті мағынада жаңа лексема болып ұғым жасауын айтамыз. Аналитикалық тәсіл сөзжасамның тіл дамуындағы рөлі ерекше. Танымда бұрыннан қалыптасқан атаудың қатысуы арқылы ұқсас әрі ұғымдық сипаты жақын заттар мен құбылыстарға жаңа номинативті атау туғызады. Аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау – сөзжасамның көне тәсілі және ол дүние жүзіндегі түрлі системалы тілдерге кең тараған.

Тілдегі сөз жасаудың көне тәсіліне жататын аналитикалық тәсіл кеңес дәуірінде ғылымның, техниканың өсуіне байланысты талай терминдердің жасалуына негіз болып, қызметі артты, актив тәсілге айналды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Севортян, Э. В.** Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – М., 1962. – С. 10.
- 2 **Айдаров, Г.** О языке памятника в честь Тоныкук XIII в. и его отношение в некоторым современным тюркским языкам. – АКД. д., 1959.
- 3 **Наджиб, Э. Н.** Современный уйгурский язык. – М., 1960.
- 4 **Орузбаева, Б.** Словообразование в киргизском языке. – Фрунзе, Идим 1964.
- 5 **Ганиев, Ф. А.** Суффиксальное словообразование в современном татарском литературном языке. – Казань. 1974. 231.
- 6 **Аманжолов, С. А.** Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959, 452 б.
- 7 **Балақаев, М. Б.** Қазақ әдеби тілі. – Алматы. Ғылым, 1987. – 268 б.
- 8 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі /морфология/ Алматы, 1974 ж. – 382 б.
- 9 **Балақаев, М.** Қазақ тілінің грамматикасы. – А., 1941.
- 10 **Оралбай, Н.** Қазақ тілінің сөзжасамы. – А., 2002. – 192 б.
- 11 **Салқынбай, А.** Тарихи сөзжасам (Семантикалық Тарихи аспект). – Алматы, 1999. – 309 б.

12 **Исаев, С. М.** Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы : Рауан, 1998. – 303 б.

13 **Сауранбаев, Н. Т.** Қазақ тілі білімінің проблемалары. – Алматы : Ғылым, 1982. – 349 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Г. К. Абдирасилова*

**Аналитический способ – путь создания нового значения слитных, парных и словосочетаний слов**

Факультет казахской филологии и всемирных языков,  
Казахский государственный женский педагогический университет,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*G. K. Abdirasilova*

**Analytical method – the way to create a new meaning of the merged, paired and word combinations**

Faculty of Kazakh Philology and World Languages,  
Kazakh State Women's Teacher Training University,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 12.08.19.

*В статье рассматривается формирование аналитического подхода в современном казахском языке, аналитический подход к словообразованию, как слияние, спаривание слов, сочетание слов, что входит в круг проблем словообразования и является одним из способов. Рассматриваются пути создания слов путем слияния, спаривания слов, сочетания, аргументации их специфическими примерами, определения лексико-грамматико-синтаксических отношений посредством проведения смысло-структурного анализа. В тюркских языках существует множество внутренних особенностей аналитического подхода. Этот подход внутри подразделяется на несколько групп. То есть этот подход реализуется путем объединения слов, удвоение слов, сочетания слов. Таким образом, развивается название нового слова, новое значение, словарь языка, расширяется его спектр.*

*The article discusses the formation of an analytical approach to words formation in the modern Kazakh language, such as merging, pairing and*

*combination of words that are included in the range of problems of word formation and is one of its methods. The ways of word formation by merging, pairing and combination of words, arguing them with specific examples, defining lexical-grammatical-syntactic relations by means of meaning-structural analysis are considered. In Turkic languages, there are many internal features of the analytical approach. This approach itself divides into several groups. That is, this approach is implemented by merging, pairing and combination of words. Thus, the name of the new word, the new meaning, the vocabulary of the language, the spectrum of it expands.*

FTAMP 16.31.02

### **Г. Қ. Абдирасилова<sup>1</sup>, Ф. Б. Шойбекова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>ab.gulmira@mail.ru; <sup>2</sup>shoibekova\_gaziza@mail.ru

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ИНЕ-ЖІП АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ**

*Мақалада қазақ тіліндегі ине-жіп атауларының семантикасы сөз болады. Бірнеше түркі тілдерінің сөздіктері негізінде зерттеу нысаны етіп «ине-жіп» сөздерінің семантикасы қарастырылды. Ине – ұзын, жіңішке, өткір ұшты, келесі ұшында тетігі бар, қатты құралдан (бұрын сүйектен) жасалатын зат. Тарихи деректерге сүйенсек, алғаш иелер балықтардың сүйектерінен, өсімдіктердің тікенектерінен жасалған. Жіп – қысқа талшықтардан ширатылған, мата және трикотаж тоқуға, киім, кесте, т.б. тізуге, арқан есуге, т.б. пайдаланылатын жеңіл өнеркәсіп өнімі. Жіп біртектес талшықтан (мыс., мақта талшығы, зығыр талшығы) немесе әр түрлі талшықтан (мыс., жүн мен вискоз штапельі талшықтарынан) иірілуі мүмкін. Заттық атаулардан бұрын, олардың өздері, яғни заттар, құралдар пайда болғаны белгілі. Кейін келе-келе сол заттың қызметіне, санына, сынына, сапасына, атқаратын қызметіне, тұратын орнына қарай атаулары пайда болған. Заттардың неліктен олай аталғандығын, шығу төркінін, этимологиясын біз заттық-мәдени лексикада қарастырамыз.*

*Кілтті сөздер: Түркі тілдерінің сөздігі, жәдігер, ине, жіп, семантика, шығу төркіні, этимология.*

### **КІРІСПЕ**

Қазақ тілі – көне түркі ескерткіштерінен бастау алатын, тарихы терең тіл. Қазақ сөздерінің шығу тегі мен жасалуы, дамуы, мағыналары мен қолданылуы белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді.

Қазақ тілі өз тарихын көне жәдігерлерден, Орхон-Енисей, «Күлтегін», «Тоныкөк», көне ұйғыр жазба ескерткіштерінен бастау алады. Ең алғаш

қазақ (түркі) сөздерінің сандық, сапалық сипатын көрсететін сөздік жасау ісі орта ғасырдың өзінде қолға алына бастаған. Одан кейінгі кезеңдегі түркі тілдерінің сөздерін жинақтаған. Ұлттық тілдің лексикасын жинақтап, сөздік жасау XIX ғасырдың 20–30 жылдарында қолға алына бастады. Атап айтатын болсақ, Н. И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» еңбегінің бір бөлімі сөздіктен тұрған. Ал 10000-ға жуық сөз қамтылған В. В. Катаринскийдің «Киргизско-русский словарь» (Ор. 1897) атты еңбегі көлемді сөздіктердің бірі.

Қазақ тілін шартты түрде толық қамтыған деп санауға болатын – «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» – сөздердің мәнін ұғындыратын лұғаттық, анықтамалық құрал. Тіліміздің лексика-грамматикалық, мағыналық, стильдік үлгілерін көрсетеді. Сөздік үш рет жарық көрген: 1) екі томдық түсіндірме сөздік (1959–61, жалпы редакциясын басқарған – академик І. Кеңесбаев); 2) он томдық академиялық сөздік (1974–86, жалпы редакциясын басқарған – А. Ысқақов); 3) Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша жасалған 15 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (авторлары А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары).

Бұл сөздіктерден біз зерттеу нысаны етіп қарастырып отырған «ине» сөзін іздедік. Бірақ үш сөздіктегі мағынасы бірдей. Еш өзгеріссіз. Бұл сөздіктерде әлі де болса мағыналық дамуға түскен кей сөздердің түсіндірмелері толық берілмегендігін көреміз. Біздің қыр-сыры мол тіліміздің байлығын толық игеріп, қолданысқа енгізе алмай келе жатқанымызды этнографтар, этнолингвистер, лингвомәдениеттанушылар өздерінің жекелеген мақалалары мен зерттеулерінде айтып келе жатыр. Мәселен, этнограф Жағда Бабалықұлы Қасымхан Бегмановқа берген сұхбаттарында ұлттық тіліміздің көп мүмкіндіктерін пайдалана алмай келе жатқанымызды, түбір сөздерді жинақтауды, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер құрамындағы түсініксіз сөздердің мәнін ашып, тілдік айналымға, қолданысқа енгізу қажеттігін айтқан болатын. Сондай-ақ сөздерді ел аузынан жинау әдісін ұсынып, іске асыру қажеттігін сөз еткен. Міне, осы мәселелер шешілгенде ғана бүгінгі ұлттық тіліміздің қын түбінде жатқан алтындай сөздерімізді әр кәсіп түрлерін меңгерген, игерген адамдардан жинақтап, оларды қажетті жеріне жұмсау да тілші қауымның міндетіне енеді.

## КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімінде қазақтың көптеген жекелеген сөздері, сөз тіркестері, белгілі бір кәсіп, тұрмыс сөздері лексикология саласында жан-жақты зерттеліп, қарастырылған. Ол зерттеулерде қазақ тілінің біраз сөздері

зерттелген. Зерттелмегендері де қаншама. Біздің зерттеу нысаны ретінде қарастырылғаны отырған тақырыбымыз бүгінгі күнге дейін зерттелмеген. *Ине, жип, тигін, тигіс атаулары* біздің тарапымыздан алғаш рет қарастырылғаны отыр.

Қазір қоғамда кез келген адам түрлі сәнді киім киіп, оларды мақтан ету үрдісі бар. Қоғамның коммуникацияға көп түсетін жері – әлеуметтік желілерде қыздардың, қалаберді ер азаматтарымыздың да сыртқы сәндерін паш ету мақсатында жиі суреттерін салады. Өзіміз де жақсы киініп, әдемі болып жүруді қалаймыз. Сол үстіміздегі сәнді, әдемі, заманауи үлгіге сай киімдердің қандай матадан екенін білсек те, қандай инемен, қандай жіппен, қандай тігіспен тігілетінін біле бермейміз. Мәселен, 1-, 2-, 3 – нөмірлер көйлек матасын, 4-, 5-, 6 – нөмірлер костюм матасын, 7-, 8-, 9-, 10 – нөмірлер пальто матасын тігуге қолданылатын қол инелерін арнайы мамандар мен киім тігумен әуестенетін жандар білмесе, қарапайым жұрт оны біле бермейді (ҚҰЭ) [1, 280–286 бб.].

Біздің үстіміздегі, иыққа ілер киімдердің барлығы дерлік жіптік тәсіл арқылы жасалып, ұсынылады. Жіптік тәсіл дегеніміз – киім бөлшектерін біріктіру, яғни екі немесе бірнеше қабат материалдардың бір, екі немесе одан көп жіптерден құралатын инешаншымдар арқылы бекітілуі. Ал инешаншым (*стежок*) дегеніміз – материалдың ине мен екі шаншымы арасындағы құрылым элементі [2, 4 б.].

Киімдердің тігілуі тігістерден тұрса, тігіс тігіндер арқылы екі немесе бірнеше қабаттарының біріктірілуі барысында пайда болады. Тігісті жүзеге асыратын бірден-бір негізгі құрал ине мен жіп. Ине, бәрімізге тарихтан белгілі тас дәуірі адамдарының қажеттілігінен пайда болған киім тігу құралы. Алғашқы адамдар инені үшкір сүйектен жасаған [3]. Дәл осы ине талай ғасырлар өтсе де, адам өмірінен өз маңызын жойған жоқ.

Ең алғаш ине пайда болмағаны белгілі. Иненің түп негізі түрлі тастан қашалып жасалған үшкір зат. Атап айтар болсақ, аң аулау үшін, қорғану үшін қолданылған найза, сүңгі, пышақ т.б. болуы мүмкін. Алғашқы адамдар үшін инеден де бұрын тамақ үшін, өздерін асырап, күн көру үшін жан-жануарлар аулау қажет болды. Осының негізінде пайда болған құралдар келе-келе иненің қажеттілігін тудырып, заттың пайда болуына алып келді.

Тас дәуіріндегі алғашқы адамдар үшкір сүйектен инені ойлап таппас бұрын олар өздерінде бар шикізат өнімдерін, яғни теріні, жүн маталарын біріктіру үшін тікенекті өсімдіктердің тікендерін пайдаланған деген де болжам ұсынғалы отырмыз.

Алғашқы тоқыма маталар мен басқа да маталарды біріктіру үшін жіп секілді талшықтармен балық сүйектерінен жасалынған құрал болды. Ал ХҮІ ғасырда металл сымнан бірінші металл ине шығарылды. Иә, осылайша



иненің пайдасының мол екенін түсінген адамдар әрі қарай да сым инені пайдалана бермей, жұмыстың өнімділігін арттыру үшін алдымен үлкен инелер, кейін келе-келе қажеттілікке байланысты кішкентай инелер пайда болған. Себебі үлкен инелермен қалың маталарды болмаса, жұқа маталарды тігу, оларды кестелеу үлкен ине қалдырып кеткен тесіктен жіңішке жіптің өтуі тұрпайы, әрі салынған өрнек сүйкімсіз болып көрінді. Иненің кішкентай көземел ине, бақа ине сияқты түрлері осындай пайда болған.

Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында ине атауы бірыңғай фонетикалық тізбекке ие. Мысалы, қазақ тілінде – *ине*, өзбек тілінде – *игна*, қырым татар тілінде – *ине*, қырғыз тілінде – *ийне*, түрік тілінде – *игне*, татар тілінде – *инә*, *әнә*, башқұрт тілінде – *әнә*. Бұл фонетикалық тізбектің негізгі себебі ине сөзі көне түркі тілдерінде *игнә* болған, яғни *jignä*. *JIGNÄ* игла: *jici jignä sardi* портной вдел в иглу нить; *jir jignäkä sardi* нить была вдела в иглу [4, 120 б.]. *Jignä* сөзі келе-келе тез сөйлеу барысында дыбыстық өзгеріске ұшырап *jignä – jinnä – innä – inne* болған [5, 367 б.]. Сонымен қатар *inne* сөзінің алдын қолданылған *jignä* сөзінен мағынасы кеңейе түскен. Яғни: 1) игла, иголка; булавка; шило; 2) вторичные и переносные (по функции или внешнему сходству) значения: вязальная спица; 3) колючка, шип; хвойная игла; жало (жало насекомых); 4) укол; 5) воен. боек; 6) стрелка [5, 368 б.].


Ал осы *ине* сөзін сөздіктер көмегімен әлемнің бірқатар тілдеріндегі аудармасын қарайтын болсақ, олар да дәл сол түркі тілдеріндегідей фонетикалық тізбек құрамаса да, фонетикалық ұқсастықтар байқалады. Мысалы, орыс тілінде – *игла*, ағылшын тілінде – *needle*, араб тілінде – *قربا* ('ibra), неміс тілінде – *nadel*. Бұл жерде *и* және *н* дыбыстары көрсетілген тілдердің барлығында дерлік бар. Демек, иненің ең алғашқы атауы *и*, *н* әріптерінен болған. Дәл *ин* болмаса да, *ни* деген сөздер деп айтуға еш негіз жоқ. Себебі ертедегі ине сөзінде қосымша басқа дыбыстар болуы ықтимал.

Иненің үлкен түрі тебен көне түркі тілінде де болған. *TEMÄN* *temän jignä* игла (рогожная), иглище [4, 551 б.].

Ал Махмұт Қашқари «Диуани лұғат-ит-түрік» («Түрік тілінің сөздігі») еңбегінде ине туралы: «*JIGNE – ИИГНЕ*: ине. Тебен инені «*temen jigne*: Темен иигне – Тебен ине» [6, 506], «*URT – ҰРТ*: иненің көзі, иненің тесігі» деп көрсетіп кеткен [7, 71 б.].

Жоғарыда иненің құрылысына тоқталдық. Енді иненің бітім-тұлғасына қарай түрлерінің семантикасын ажыратып алсақ (1-сызба).

## Сызба 1



Әдетте көру қабілеті нашар қыз-келіншектер, болмаса кәрілікке байланысты көру қабілеті нашарлаған әжелердің қолынан көп жағдайда жасуы кішкентай инелерді емес, жіп өткізе алатындай жасуы үлкен, тебен сияқты инелерді пайдаланғанын көп көреміз. Содан болу керек көзі сынық (жіңішке) инені *бітік* немесе *көр ине* деп атап кеткен. *Бітік* деген сөз қазақта *бітеу*, *тесігі* жоқ деген мағынада қолданылса, *көр* сөзі кәдімгі қазылған көр емес, *көр соқыр*, яғни *көре алмайтын* деген мағынаны білдіріп тұр. Көр инеден жіп түгіл, көз де өтпейді деген мағынада қолданылған десек артық айтқандық емес.

Көзі кең ине – *көземелі*.

Тұрқы имек ине – *созаң*.

Көзі кең, жуандау, ұзын ине – *жөндем*.

Әдеттегі инеден әлдеқайда үлкендеу ине – *тебен*.

Ұршықты пайдалану арқылы жасалатын шикізат өнімі – *жіп* деп аталады.

Жіп – қысқа талшықтардан ширатылған, мата және трикотаж тоқуға, киім, кесте, т.б. тігуге, арқан есуге, т.б. пайдаланылатын жеңіл өнеркәсіп өнімі. Жіп біртектес талшықтан (мысалы, мақта талшығы, зығыр талшығы) немесе әр түрлі талшықтан (мысалы, жүн мен вискоз штапелі талшықтарынан) иірілуі мүмкін. Жіптің ең басты сапалық сипаттамасы – жіңішкелілігі (нөмірі) мен механикалық қасиеттері (беріктігі, созылымдылығы, ширағыштығы, тазалығы т.б.). Өндіру тәсіліне қарай тарақтап иірілген жіп, иіру машинасында әзірленген жіп болып бөлінеді.

Қолмен жіп иіру *неолит* дәуірінен белгілі. Алғаш жіп иіру құралы ретінде талшық түтетін қол тарақ пен қол ұршық пайдаланылды. Келе-келе адамзат ұршықты доңғалақ арқылы айналдыру тәсілін, бір мезгілде шүйкелейтін және иіретін құралды ойлап тапты. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған. Ондай жіптер түйе мен қой жүнінен, ешкінің түбітінен иірілетін. Мұндай жіптер таза, жұмсақ, әрі төзімді, созылмалы да әдемі. Иіруге арналған жүнді әбден тазартып



жуады, кепкен соң қолмен майдалап түтеді. Түтілген жүн қыл-қыбыр, шөп-шаламынан тазарып, ұйысқаны жазылып, жұп-жұмсақ үлпілдеп тұрады.



Сурет 1

Мұндай жүн созып иіруге, иненің жұмсауынан өткізуге, сымның, біздің, иненің ізімен іркілмей жүргізіп отыруға қолайлы. Түтілген үлпілдек жүнді бір шетінен суыра шүйкелей отырып жеңіл-желпі домалаққа төгеді. Домалақтың ортасында әдейі ызған баудан немесе кез келген матадан екі қабаттап істелген бүлдіргесі сыртқа шығып тұрады. Жіп иіруге кіріскенде, бүлдіргені солақай қолдың ортан саусағына іліп алады. Бұл ілмек шүйкені қыл-қоқыстан сақтап, оны биік жерге (қадаға, керегенің басына) іліп қою үшін де өте қажет.

Жіп иірудің екі түрлі құралы бар. Оның біріншісі – ұршық. Екіншісі – аяқпен айналдыратын жіп иіруіші. Ұршықпен жүн иірудің де екі түрлі әдісі бар. Бірі – шүйкені сол қолдың сыртына іліп қойып иіру, екіншісі – шүйкені жоғары (үйдің қабырғасына, сәкіге, керегеге және т.с.с.) іліп қойып иіру. Екеуінде де иіруші шебердің созу, оны мұрындыққа іліп, иіріліп келе жатқан жіпті буылдықсыз біркелкі етіп сыптығырлай отыруын, саусақтарының шебер, ширақ қимылдауын керек етеді. Иіріп келе жатқан жіп үзіліп кетсе, оны шүйкенің үлпілдек ұшымен жалғастырады. Егер оның біраз жері жуандап кетсе, не жіңішкерсе онда оны тарқатып қайта иіру қиын. Сондықтан жіптің ондай жерін үзіп тастап, тегіс жерінен қайта жалғап иірген дұрыс. Шұлық, ұйық, қолғап, шарф, шәлі жіптері өрмек, шуда жіптері сияқты өте пысық иірілмейді. Өйткені бұлай иірілген жіп тоқуға бөгет жасайды, ал тоқылып шыққан заттар өте дөрекі және тықыр болып шығады. Қолғап пен ұйықты кейде мықты болу үшін екі қабатталған жіппен тоқиды. Бірақ мұндайда екі жіпті қосып, қатты ширатудың қажеті жоқ. Тоқуға арналып иірілген жіп домалақтанып жиналады.

Сонау неолит дәуірінен бері пайдаланылатын жіп түркі тілдерінде *ЖЫР* – *ИЫП* болған, яғни жіп, ат байлайтын ұзын арқан [4, 10 б.]. Махмұд Қашқари өмір сүрген дәуірден бері алып қарайтын болсақ *жыр* сөзі тек фонетикалық өзгеріске ұшырап, *и* дыбысының *жс* дыбысына өзгеріп, *жсін* болуында. Сондай-ақ, оларға берілген анықтамада да айырмашылық бар. Көне түркі тілдеріндегі *жыр* сөзі тек жіпті ғана емес, сонымен қатар *ат байлайтын арқан* деген


мағынаны да берген. Демек, ертеде *жсін* сөзі жалпылама мәнде қолданылған да, кейіннен келе жеке заттық ұғымның атауы болып қалыптасқан.

Зерттеу барысында тапқан мәліметтер мен деректерге сүйенсек, *жыр* сөзі жалпылама атауды беріп қана қоймай олардың түрлері де болған. Мәселен, *SUF* – *СҰФ*: жүн жіптен қолдан тоқылған бау [4, 184 б.], *URUQ* – *ҰРҰҚ*: арқан [7, 95 б.], *UQRUQ* – *ҰҚРҰҚ*: арқан [7, 131 б.] сынды арқан атаулары да кездеседі.

Түркі тілдеріне ортақ алғаш сөздік жазған автордың еңбегінде қазіргі тігіс атауларының да көне формалары кездеседі. Мысалы, *KÖBIDI* – *KÖBİDİ*: жиілеп тікті. [4, 345 б.], *QAZUDY* – *QADZUDY*: көктеді, (қайып тікті). *TEVSHIDI* – *TEVSHİDİ*: тепшіді; тікті.

Ертеректе әрбір қазақ отбасында міндетті түрде бір-екі *ұршық* болған. М. Қашқаридің еңбегінде ұршық сөзі «*UFURSHUQ* – *OFYRSHUQ*» – деп берілген [7, 180 б.]. Демек, өз заманында түркі тілдеріне ортақ болған *игигишқ* сөзі ғасырлар бойы қолданылып, алғашқы қалпын жоғалтпай, тек дыбыстық үнемделудің нәтижесінде *ұршық* (*игигишқ* → *ұршық*) болды.

Ол – жіп иіру құралы. Ұршық үш бөліктен тұрады: *ұршық басы*, *ұршық сабы*, *мұрындық*.



Сурет 2

*Ұршық басы* – қатты ағаштан, ағаш безінен, түйенің ортан жілігінің айдар басынан, тастан қашап, кейде оған қорғасын құйып, ортасын жуандығы саусақтай ағашқа кигізуге болатын етіп тесіп жасаған, қазіргі ойыншық машиналардың дөңгелегі сияқты (салыстырмалы түрде бейнелеп айтқанда) бөлшек. Ұршықтың әсем түрлерін қазақ әйелдері зергерлерге жасатып алған. Өткен тұрмыста ұршықтың *күміс ұршық*, *қас тасы ұршығы*, *тас ұршық*, *құйма ұршық* түрлері мен атаулары болған. Мұндай қымбат бағалы ұршықтар анасынан қызына, келініне мұра ретінде ауысып отырған.

Ұршық басының қомақты да салмақты яки басы жеңіл әрі ықшам түрлері болған. Басы салмақты тас, қорғасын ұршықтармен жуан иірілетін жүндер, өзі ықшам әрі жеңіл ұршықтармен жіңішке әрі бос иірілетін майда жүн мен түбіттер иірілген.

Талдан, ырғайдан, тобылғыдан таңдап алып, қабығын аршып, ұшын сүйірлеп жасаған, ұршық басының ойығына сұғылатын шыбықты *ұршықтың сабы* дейді. Ұршықтың сабы ұршық келетін жерге дейін жуандап келіп, соңғы ұршық мойны болып келетін ұшына дейінгі 10-11 см аралық біркелкі жуандау болып жасалады.

Ұршық басы ұршықтың мұрындығы бар жағынан кіргізіліп, кептеліп тұрады. Иірілген жіп толған кезде мұрындықты алып қойып, ұршық басын суырады да, ұршық бойы толған жіпті шығарып алады. *Ұршық сабы* аталатын бұл бөлшек осындай қажеттілікке орайластырылып жасалады. Жергілікті тіл ерекшелігі ретінде ұршық басының қаңғалақ деген атауы ұшырасады [8, 384 б.].

*Мұрындық* деп ұш жағының екі жаны жұқартылып кертіліп, ортасы тесіліп, оған көлденең тұратын жіңішке ағаш өткізілген бөлігін айтады. Ұршық осы мұрындығына жіп ілу арқылы иіріледі. Сондықтан мұрындық ұршықтың барлық ауырлығын көтеретіндей ағаштан жасалады. Осы бөлігінен бастап ұршық басы орналастын жерге дейінгі *«ұршық мойны»* 10-11 см шамасында, сабы 30-40 см шамасында болады [8, 47 б.]. Ұршықтың мұрындығындағы жіпке арнап қиған жері бұрмаша деп аталады [8, 161 б.].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Жіп иіру тіркесіндегі иіру сөзіне назар аударсақ. Иіру деген сөз үйіру, иірім, яғни судың дөңгелене, иіріліп аққан терең жері деген табиғат құбылысының атауынан алынып отыр. Себебі, жіп жасау барысында ұршықты айналдырғандағы көрініс судың иіріміне ұқсайды.

Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегінде иірілген жіп «EGRIK – EGRİK» – деп көрсетілсе [7, 135 б.], ал иіру сөзі «EGIRTTI – EGIRTTI: иіртті» деген анықтама берілген [4, 567 б.].

Қорытындылай келгенде, қазақ тілінде ұлттық бет-бейнемізді көрсететін, өмір сүру салтынан хабар беретін тілдік бірліктерді жинақтап, олардың лингвомәдени және семантикалық қырларын ашып, тілдік қолданысқа түсірсек, ұлттық тіліміздің өміршеңдігі ұзағырақ болар еді.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. Он томдық. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1998.

2 **Асанова, А., Тастанбекова, Г.** Киімді конструкциялау және тігу технологиясы: Оқулық. 2-басылым. – Астана : Фолиант, 2012. – 232 б.

3 **Тұрлығұл, Т., Төлеубаев, Ә., Құнапина, Қ.** «Ежелгі Қазақстан тарихы», Орта мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы : «Атамұра», 2002.

4 Древнетюркский словарь. – Ленинград : Наука, 1969.

5 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков. – М. : Наука, 1974. – 766 б.

6 Қашқари Махмуд. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит түрк»). – Алматы : Ана тілі, 1993. – 192 б.

7 Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): III томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2006. – 376 б.

8 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы : Арыс, 2005. – 824 б.

9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011.

10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том. – Алматы : Ғылым, 1985. – 59 б.

11 Үш ғасыр жырлайды, 1965.

12 **Телия, В. Н.** Русская фразеология. – М. : «Языки русской культуры»; 1996. – 654 б.

13 **Қайдаров, Ә. Т.** Халық даналығы. – Алматы : Ана тілі, 2004. – 560 б.

14 **Смағұлова, К.** Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы : Ғылым, 1998. – 196 б.

15 **Қайыржан, К.** Сөз – сандық : Қазақтың көне сөздері. – Алматы : Өнер, 2013. – 480 б.

16 **Маргулан, А. Х.** Казахское народное прикладное искусство. – Т.1. – Алма-Ата : Өнер, 1986. – 256 б.

17 **Манкеева, Ж. А.** Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы : Ғылым, 1997. – 272 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

Г. К. Абдирасилова<sup>1</sup>, Г. Б. Шойбекова<sup>2</sup>

**Семантика наименований игл, нитей на казахском языке**

<sup>1,2</sup>Факультет казахской филологии и всемирные языки,

Казахский государственный женский педагогический университет,

г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

G. K. Abdirasilova<sup>1</sup>, G. B. Shoibekova<sup>2</sup>**The semantics of the names of needles, threads in the Kazakh language**<sup>1,2</sup>Faculty of Kazakh Philology and World Languages,  
Kazakh State Women's Teacher Training University,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье рассматривается семантика наименований игл, нитей в казахском языке. На основе словарей нескольких тюркских языков объектом исследования стала семантика слов «игла, нить». Игла – это инструмент изготовленный из твердого вещества (ранее кости), которое имеет длинный, узкий, острый кончик, имеет механизм на следующем конце. По историческим данным, первые иглы изготовлены из костей рыб, колючей растительности. Пряжа – это скрученная из коротких волокон, тканевая и трикотажная вязка, одежда, вышивка и т. д. б. шить, тросить, т.б. используемая продукция легкой промышленности. Нитки из однородного волокна (напр. хлопок–волокно, льняное волокно) или из различных волокон (напр. из штапельных волокон, шерсти и вискоза). Известно, что они то есть предметы, инструменты появились перед названиями. Затем возникло название того же предмета в зависимости от его функции, количества, прилагательного, качества. Почему так называются предметы, происхождение, этимологию мы рассматриваем в предметно-культурной лексике.*

*The article deals with the semantics of the names of needles and threads in the Kazakh language. Based on the dictionaries of several Turkic languages, the object of the study was the semantics of the words «needles, threads». A needle is a tool made of a solid substance (formerly bone) that has a long, narrow, sharp tip, has a mechanism at the opposite end. According to historical data, the first needles are made of fish bones, prickly vegetation. Yarn is twisted of short fibers, fabric and knitting, clothing, embroidery, etc. sewing, tossing, products of light industry. Threads of homogeneous fiber (cotton fiber, flax fiber) or fiber (of staple fibers, wool and viscose). Before subject names, it is known that they appeared themselves, that is, objects, tools. Then there was the name of the same subject depending on its function, quantity, adjective, quality, position, place of residence. Why the so-called objects, the origin, the etymology, we consider in detail-cultural lexicon.*

ГРНТИ 16.31.02

**М. К. Акишева<sup>1</sup>, К. Х. Рахимжанов<sup>2</sup>**<sup>1</sup>к.ф.н. доцент, Гуманитарный факультет, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;<sup>2</sup>к.ф.н., доцент, Гуманитарный факультет, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан  
e-mail: <sup>1</sup>akmar2809@mail.ru; <sup>2</sup>kanatzhan57@mail.ru**О ПРИРОДЕ ПОНИМАНИЯ И ИНТЕРПРЕТАЦИИ  
РЕЧЕВОГО ПОВЕДЕНИЯ**

*В статье рассматривается вопрос природы понимания речи. Анализу подвергаются основные концепции понимания. Понимание может иметь разные степени и формы. В разных науках выдвигаются свои концепции понимания. Это такие концепции, как герменевтическая интерпретация текста (грамматическая, стилистическая, историческая и психологическая); психолингвистическая, при которой понимание надо рассматривать с точки зрения деятельностного подхода; психологическая концепция активного смыслового восприятия, которая может быть представлена как трехуровневая система, состоящая из побуждающего, формирующего и реализующего уровней; психолого-герменевтическая концепция, при которой понимание рассматривается как процесс образования и функционирования «смыкающей модели»; логическая концепция, при которой понимание поведения может быть рациональным, целевым и сильным; концепция актуализации смысла текста. В ходе анализа понимание выступает как смысловая организация знаковой формы текста, восстановление структуры смысла, заложенного в текст мышлением.*

*Ключевые слова: понимание, интерпретация, концепция, текст, речь, смысл, модель.*

**ВВЕДЕНИЕ**

На рубеже 18–19 веков в область лингвистического мышления широко проникают новые идеи из стремительно развивающихся астрономии, химии, физики, естественных наук. В лингвистике устанавливается связь с другими науками, как гуманитарными, так и естественными, в языкознании выделяются области, пограничные с другими науками. В этот период, наряду с конкретными сравнительно-историческими исследованиями, идет философское осмысление

онтологии языка. Это движение связывается с именами таких исследователей языка, как И. Гердер, А. Шлегель, В. Гумбольдт, А. Шлейхер, Г. Штейнталь, А. А. Потебня, В. Вундт, усилия которых были направлены на уяснение природы языка и его отношения к мышлению.

### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Деятельность мышления и языка представляет собой «нерасторжимое единство» А формами деятельности языка ученые считали речь и понимание. Речь – не простая передача материала. Адресат речи, как и говорящий, должен его воссоздать, и то, что он воспринимает, – стимул, вызывающий тождественные явления [1, 79–80]. В результате человек воспроизводит понятое в своей речи. В этом плане наш интерес вызывает выведенная В. Гумбольдтом лингвистическая антиномия речи и понимания. Слова получают окончательную определенность только и прежде всего в речи индивида. В речи, поскольку это нечто живое, слова не понимаются абсолютно в одном и том же смысле. Взаимопонимание между говорящими всегда будет неполным и по смыслу не тождественным. Однако, уточняя оттенки мысли и слова, люди будут добиваться взаимопонимания, достаточного для их практической деятельности. Здесь речь предстает как «лучшее средство достижения объективности мысли». Антиномия речи и понимания не нуждается в примирении, ибо воспринимая язык как традиционную данность, индивид одновременно воссоздает его: в речи индивида всякий раз оживают формы языка.

Мысли Гумбольдта предвосхищают многие положения языкознания более позднего периода. Научные взгляды ученого оказали воздействие на формирование лингвистических воззрений языковедов, принадлежащих к разным школам на протяжении последующего периода развития языкознания, в том числе, и прагмалингвистов. Прагмалингвистика описывает факты языка в аспекте деятельности общения, «осуществляющегося человеком в определенных социальных и межличностных условиях с конкретными мотивами и целями с использованием специальных языковых средств, инвентаризуемых и моделируемых в их отношениях друг к другу системно-структурной лингвистикой» [2, 352]. Прагматика – это реальная ситуация общения, которая определяет смысл высказывания, обуславливает выбор языковых средств для реализации коммуникативной задачи, замысла автора высказывания адресатом – читающим/ слушающим. Прагматика изучает ту часть смыслового содержания высказывания, которая раскрывается только на фоне реального общения, всегда обусловленного экстралингвистическими факторами, общения людей как «многофункционального взаимодействия, включающего информационный обмен, установление и поддержание контакта, регулировку межличностных отношений» [3, 318–320]. Межличностные отношения – статусные, ролевые,

индивидуальные – обычно регулируются косвенно. Следовательно, обозначение межличностных отношений зачастую носит имплицитный характер. Сюда относятся коннотации и ассоциации различного рода.

Благодаря прагматике возможен анализ оттенков реального употребления языковых единиц в их отношении к процессу коммуникации, к конкретным лицам, которые пользуются языком, к конкретной внелингвистической ситуации, к целям и задачам конкретного высказывания. Следовательно, понимание как определение смысла связано с субъектом-индивидом – носителем языка. Язык/ речь – мир/ индивид существуют в прагматическом ракурсе. Часть содержания высказывания содержит его пропозицию, которая является собственно семантическим аспектом, так как «объективный мир находит отражение в семантике языка, ... в высказывании содержится информация о субъектах, их мнении, их восприятии того, что говорится» [3, 318–320]. В этом проявляется еще одна особенность языка, Гумбольдтовская антиномия объективного и субъективного в языке. С одной стороны, «гибкость языка, которая дает возможность принимать его формы в самых разнообразных значениях, ... а с другой стороны, власть, какую имеет все оживляемое духом, над мертвой материей, передаваемой механически, – только эти два обстоятельства удерживают ... равновесие между самостоятельной жизнью языка и особенностью отдельного лица» [1, 61–62].

Как мы убедились, интерес к проблеме понимания и интерпретации проявляется учеными разных отраслей науки уже давно. Дело не только в попытках вскрытия механизма понимания сообщения, над чем бьются психологи, лингвисты, специалисты по герменевтике и социологии уже много лет. Но есть еще и прикладной аспект проблемы: понимание входит составной частью во многие виды деятельности. Его адекватное моделирование нужно и педагогу, стремящемуся найти самые понятные средства объяснения, и редактору, чья работа заключается в поиске выражений, облегчающих понимание замысла автора. Об аналогичных потребностях говорят и переводчики, и социологи, рассматривающие вопросы межэтнической коммуникации. Так, в наши дни на передний план выходят вопросы понимания, связанные с информационными технологиями.

Понимание может иметь разные степени и формы. В разных науках выдвигаются свои концепции понимания. Наиболее полный анализ основных концепций понимания представлен Абишевой К. М. [4, 91–95]. Остановимся на некоторых концепциях, чтобы попытаться вывести концепцию понимания в межличностном общении. Это даст возможность ближе подойти к определению понятия интерпретации как элемента понимания.

В философской герменевтике понимание – это фундаментальная характеристика человеческого существования, а язык – фундаментальный



модус бытия в мире. Чтобы понять целое, надо понять части этого целого, для понимания частей – понять смысл целого. Существует четыре вида герменевтической интерпретации текста: грамматическая, стилистическая, историческая и психологическая. Под грамматической имеется в виду анализ слов, их значений и их этимологии. Стилистическая направлена на выявление степени достижения целей, использования изобразительных средств. В итоге выявляется особенность способов выражения, связанная с определенным стилем, к примеру, видовым, национальным, индивидуальным. Историческая содействует выявлению обстоятельств создания произведения. Психологическое понимание помогает определить, каким образом нормативные и ценностные структуры влияют на осознание смысла [4].

Согласно концепции психолингвистической, понимание надо рассматривать с точки зрения деятельностного подхода. Сторонники концепции считают, что понимание высказывания не есть его осмысление, а результат осмысления, причем, положительный. Автором выделяются три стадии мыслительных операций при понимании: первичный синтез, анализ и вторичный синтез [5, 79].

Анализируя психологическую схему активного смыслового восприятия И. А. Зимней, когда воспринимающий индивид способен к отражению доходящих до него сообщений, К. М. Абишева пишет, что она может быть представлена как трехуровневая система, состоящая из побуждающего, формирующего и реализующего уровней [4, 92].

Побуждающий уровень объединяет в себе две сферы адресата, два состояния готовности к восприятию: активированность ожидания («я настроен в данной ситуации воспринимать говорящего») и заинтересованность («я хочу понять говорящего, чтобы как-либо действовать в данной ситуации»).

При формирующем уровне адресат должен прийти к общему смыслу восприятия того сообщения, исходя из которого его сознание предстает как поле взаимодействия жизненно вербального опыта и поступающей по перцептивным каналам информации. Это восприятие протекает по четырем фазам: при первой реципиент формирует исходное представление о будущем сообщении; при второй реципиент сравнивает стимул с гипотезой и выносит решение об узнаваемости сигнала; при третьей – включает идентифицированный стимул в систему других опознанных сигналов, в результате чего и происходит осмысление информации. Это осмысление определяется как процесс раскрытия и выявления связей между опознанными единицами; при четвертой фазе на основе понимания всего сообщения делается вывод об общем смысле воспринятого [5, 31–33]. По мнению Абишевой, схема И. Я. Зимней носит общий характер и не объясняет факты восприятия, как звуков, так и речевых поступков.

Другую схему представляет Л. Г. Васильев. По его схеме процесс понимания протекает в три этапа. Первый – воссоздание из воспринимающей локутивной линейной структуры конвенционального поля в сигнификативном потенциале слушающего. Второй – воссоздание индивидуального поля этого сигнификата. Третий охватывает сопоставление индивидуального поля сигнификата сообщения с индивидуальным полем соответствующего сигнификата слушающего, которое имплицитно при поиске конвенционального поля на первом этапе; выведение умозаключения; в/1 – преобразование индивидуального поля слушающего или в/2 – отбрасывание индивидуального поля сигнификата говорящего как неприемлемого для «наследования» [6, 82–85].

Понятие «понимание» рассматривается и в психолингвистике. Согласно этой концепции существует такая теория понимания текста, как грамматика рассказа. Согласно подходу, рассказы могут иметь глубинную структуру по аналогии с предложением [7].

В науке также имеет место выдвинутая А. А. Брудным и психолого-герменевтическая концепция. Здесь понимание рассматривается как процесс образования и функционирования «смыкающей модели» [8]. Текст обладает содержанием в непосредственном взаимодействии с сознанием читателя; процесс понимания «смыкает» в единое целое все то, что происходит в сознании читающего индивида. Выделяется три типа понимания: первый предполагает наличие набора взаимосвязанных сведений, «необходимых, например, для понимания Апокалипсиса, «да-да»-текстов и текстов, образованных последовательностью знаков недешифрованных еще языков»; второй требует знания тезауруса (терминов, формул); третий подразумевает умение понять смысловые или семантические линии текстов, содержащих ряд смысловых направляющих [8].

Согласно логической концепции, понимание поведения может быть рациональным, целевым и сильным. Рациональное понимание есть заключение на основе образца, стандарта или правила. Целевое связано с реализующим этапом и приводит к выводу о необходимости совершения адресатом того или иного действия. Сильное понимание демонстрирует говорящего/пишущего [9, 246–247].

По другой концепции под пониманием может иметься в виду *актуализация смысла текста*. По мнению Г. П. Щедровицкого и С. Г. Якобсон, понимание – это смысловая организация знаковой формы текста, восстановление структуры смысла, заложенного в текст мышлением, «знаки, из которых построен текст, должны так выстроиться у меня в уме, как выстраивались они в уме автора [10].

Нам близко прагматическое понимание, предполагающее создание контекстуальной модели понимания речевого поведения. По модели интерпретация намерения (мотива, цели) речевого акта предполагает

учет как языковых средств, так и других значимых элементов речевой ситуации. Прагматическое понимание – это последовательность процессов, содержание которых является приписывание высказываниям коммуникантами иллокутивных сил. Для определения коммуникативной направленности высказывания недостаточно знания его лингвистических составляющих, важно знать комплекс других знаний, полученных в ходе жизнедеятельности коммуниканта. О контекстуальной модели понимания говорит А. А. Потебня. В его модели для понимания смысла необходимо привлечение содержания контекста. Актуальны ближайшее и дальнейшее значения слова. Как мы знаем, ближайшее значение обеспечивает понимание данного языкового коллектива, а дальнейшее проступает в контексте общественных представлений о предмете мысли [11]. Также по мнению части ученых, понимание представляется как общая процедура, тесно связанная с нормативно-ценностными системами общественной практики. Язык при этом выступает как одна из этих нормативно-ценностных систем по общению. Языки надстраиваются над нормативно-ценностными системами практики и служат средством управления деятельностью людей в этих системах. В других исследованиях отмечается, что из свойства языка как социального явления проистекает связь между пониманием и смыслом: чтобы понимать друг друга, надо пользоваться общим языком, в лексико-семантической системе которого слово как означающее становится осмысленным, т.е. означаемым, только в связи с другими элементами этой системы как средства общения определенного социума. За процессом понимания лежит презумпция осмысленности «понимаемого», «понимаемое переводится в контекст целого» [12].

Проблема понимания не просто находится на пересечении интересов нескольких гуманитарных дисциплин, но почти для всех перечисленных областей знания она представляет собой одну из ключевых проблем.

#### ВЫВОДЫ

Таким образом, в случае межличностного высказывания необходимым является разработка модели прагматического понимания говорящих, согласно которой для определения коммуникативной направленности высказывания помимо знаний лингвистических составляющих речевого поведения важно знать комплекс других знаний, полученных в ходе жизнедеятельности говорящего. При этом возрастает значение правил выведения логических выводов посредством знаний об экстралингвистической реальности, с которыми связан процесс интерпретации. А это невозможно без привлечения данных других наук, кроме лингвистики.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Звегинцев, В. А.** История языкознания 19 и 20 веков в очерках и извлечениях. Ч.1. – М., 1960. – 195 с.
- 2 **Вундт, В.** Проблемы психологии народов. – М., 1912. – 378 с.
- 3 **Ветухов, А.** Из воспоминаний об А. А. Потебне. – Харьков, 1913. – 154 с.
- 4 **Абишева, К. М.** Основы теории межкультурной коммуникации. Монография. – Астана : Туран-Астана, 2008. – 224 с.
- 5 **Зимняя, И. А.** Вербальное мышление (Психологический аспект) // Исследование речевого мышления в психолингвистике. – М., 1985. – С. 79–87.
- 6 **Васильев, Л. Г.** О понимании речевых сообщений // Языковое сознание и его единицы. Калинин, 1986. – С. 80–89.
- 7 **Пропи, В. Я.** Мифология сказки. – М., Наука, 1969. – 110 с.
- 8 **Брудный А. А.** Психологическая герменевтика. – М., 2005. – 240 с.
- 9 **Ивин, А. А.** Основы теории аргументации. – М., 1997. – 298 с.
- 10 **Щедровицкий, П. П., Якобсон, С. Г.** Методологические проблемы понимания // Мышление и общение: Материалы Всесоюзного симпозиума. – Алма-Ата, 1973. – С. 110–121.
- 11 **Потебня, А. А.** Из записок по русской грамматике: Том I-II. – М. : Учпедгиз, 1958. – 250 с.
- 12 **Автономова, Н. С.** Познание и перевод. Опыты философии языка. – М., 2008. – 195 с.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*М. К. Акишева<sup>1</sup>, К. Х. Рахимжанов<sup>2</sup>*

**Сойлеу әрекетін түсіну және интерпретациялау табиғаты туралы**

<sup>1,2</sup>Гуманитарлық факультет,

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*М. К. Akosheva<sup>1</sup>, K. H. Rakhimzhanov<sup>2</sup>*

**On the nature of understanding and interpreting verbal behavior**

<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities,

S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,  
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.



Мақалада сөйлеуді түсінудің табиғаты қарастырылады. Мақалада түсінудің негізгі концепциялары талдауға салынады. Түсінудің әртүрлі дәрежелері мен нысандары болады. Әртүрлі ғылымда түсінудің өз концепциялары болады. Мақалада бұл мынадай концепциялар: мәтінді герменевтикалық интерпретациялау (грамматикалық, стилистикалық, тарихи, психологиялық); психоллингвистикалық, мұнда түсіну әрекеттік тұрғыдан қарастырылады; психологиялық концепция үш деңгейлі жүйе болып көрінеді, ол тұртікі болатын, қалыптастыратын, іске асыратын деңгейлерден тұрады; психологиялық-герменевтикалық концепция, мұнда түсіну «өзара қосушы модель» тудыратын және оны іске асыру үрдісі болып қарастырылады; логикалық концепция, мұнда түсіну рационалды, мақсатты, күшті болып қарастырылады; мәтіннің мәнін актуализациялау концепциясы. Талдау барысында түсіну мәтіннің белгілік нысанын ұйымдастыру, ойлаумен мәтіннің мазмұнына салынған мәнінің құрылымын қалпына келтіру болып шығады.

*The article discusses the nature of the understanding of speech. Analyzes the basic concepts of understanding. Understanding may have different degrees and forms. Different sciences put forward their own concepts of understanding. These are concepts such as the hermeneutic interpretation of a text (grammatical, stylistic, historical, and psychological); psycholinguistic, in which understanding should be considered from the point of view of the activity approach; psychological concept of active semantic perception, which can be represented as a three-level system consisting of the motivating, formative and realizing levels; psycho-hermeneutic concept, in which understanding is considered as the process of formation and functioning of the «closing model»; a logical concept whereby an understanding of behavior can be rational, targeted, and strong; concept of updating the meaning of the text. In the course of analysis, understanding emerges as the semantic organization of the sign form of the text, the restoration of the structure of meaning embedded in the text by thinking.*

FTAMP 16.31.51

**Д. Б. Акынова**

PhD, доцент м.а., Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: mirada-86@mail.ru

**КОД АУЫСЫМЫ ЖӘНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Қазақстанның білім беру жүйесінде көптілді білім беру саясаты қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Ал тілдер бір-бірімен байланысқа түскен кезде код ауысымы және кірме сөздер мәселелерінің өзектілігінің артуы заңдылық болып табылады. Мақала тілдердің қатынасқа түсуіне байланысты пайда болатын код ауысымы және кірме сөздердің айрмашылықтарын ажыратуға арналған. Мақалада код ауысымы және оның кірме сөздерге қатынасы талданған. Осы тілдік құбылыстардың тілдің құрылымына, фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік ассимиляцияға қатысты бөлінуінің қиыншылықтары сараланған.*

*Кілтті сөздер: код ауысымы, кірме сөздер, матрицалық (негізгі) тіл, реципиент (алушы) тіл, билингв, монолингв.*

**КІРІСПЕ**

Қазіргі жаһандану заманында лингвистикалық кеңістікте тілдік контактілер мәселесі көкейкесті мәселелердің біріне жатады. Қазақстандық білім беру жүйесінде ағылшын тілінің полилингвалды білім беру жүйесіндегі маңыздылығын ескерсек, тарихи қалыптасқан қостілділік жағдайында тілдік контактілер ерекше орынға ие болып отыр. Олардың ішінде код ауысымы мәселесі және оның кірме сөздермен ара-жігі – зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті мақалада автор код ауысымы және кірме сөздер ерекшеліктерін талдауға тырысады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Код ауысымы және кірме сөздер мәселесі тілдік контактілер теориясында қазіргі заманда ерекше орынға ие. Код ауысымы мен кірме сөздер басқа тілден енген тілдік бірліктер болғандықтан, олардың ерекшеліктерін анықтау – күрделі мәселелердің бірі. М. Клайннің айтуынша, код ауысымы мен кірме сөздерді анықтаудың үш тәсілі бар:

- 1) код ауысымы мен кірме сөздерді сәйкестендіру;
- 2) код ауысымы мен кірме сөздерді ажырату;
- 3) код ауысымын функционалдық тұрғыдан талдау [1].

Алғашқы тәсілді зерттеушілердің саны аз ғана [2–3]. Көптеген ғалымдар бұл екі құбылысты ажырату орынды деп санайды. Дегенмен, код ауысымы және кірме сөздерді ажыратуға арналған әмбебап критерийлер жоқ, себебі бұл лингвисттердің айтуынша олар континуум құрады.

У. Вайнрайх осы құбылыстарды зерттеу үшін лексикалық және грамматикалық интерференция ұғымын пайдаланады. Ол лексикалық интерференцияны билингвтердің сөздерді және сөйлемдерді бір тілден екіншісіне ауыстыру үдерісі ретінде анықтайды. Ғалым грамматикалық интерференция ретінде билингвтердің екі тілде сөйлеу негізінде бастапқы (ана) тілдің морфологиясын және синтаксисін саналы түрде қадағалау немесе қадағаламау процесін түсінеді [4, 46–102 б.]. Ғалымның пайымдауынша, билингв қай тіл басты тіл екенін біледі және соның арқасында ол кіріккен немесе енген (transferred) тілге жататын бірліктерді анықтай алады. Бұл жағдайда танымал лингвист екі ұғымды, атап айтсақ, код ауысымы мен кірме сөздерді біріктіріп, оларды «кіріккен/енген бірліктер» деп анықтайды. Тілдік бірліктерді бір тілден екіншісіне ауыстыру үшін ғалым келесі механизмдерді ұсынады:

- 1) лексикалық құбылыстар бойынша:
  - фонетикалық ассимиляция,
  - фонетикалық ассимиляцияның болмауы,
  - түпнұсқа сөзінің пайдалануының кеңеюі,
  - байланысқа түсетін тілдің когнатының аналогиясына байланысты белгінің өзгеруі,
  - калькалар,
  - гибридті құрылымдар,
- 2) грамматикалық құбылыстар бойынша:
  - грамматикалық ассимиляция,
  - грамматической ассимиляцияның болмауы,
  - түпнұсқа тілдің морфологиясын саналы түрде сақтап қалу ниет.

Берілген әдістерден код ауысымы қалыптастыру механизмдерін анықтау қажеттілігі туындайды. Оларға грамматикалық материалды жалпыланған түрде аудару, социопрагматикалық факторларға (мысалы, түпнұсқа тілдің беделі) байланысты бастапқы тілдің морфологиясын сақтауға деген ұмтылыс, аударылатын (басқа тілден енетін) элементтерде фонетикалық ассимиляцияның болмауы. У. Вайнрайх «кірме сөздер» жанадан ойлап тапқан объектілерді белгілеу кезінде қабылдаушы тілдің сөздігіне қосымша болуы мүмкін деп есептейді. Демек, кірме сөздер

қолданыстағы сөздік қорға әсер етпейді және жаңа мазмұнға ие [4, 91 б.]. Жоғарыда көрсетілген механизмдерді пайдалана отырып, код ауысымы мен кірме сөздерді келесі критерийлерге негіздеп ажыратуымызға болады: фонетикалық ассимиляцияның болуы немесе болмауы, негізгі (түпнұсқа) тілдің морфологиялық элементтерінің болуы немесе болмауы, бір тілден екінші тілге аударылған тілдік бірліктің қабылдайтын тілдің сөздігіне қатынасы. Бұл тілдік бірлік сөздіктегі жаңа ұғымды білдіреді (кірме сөз) немесе бұрыннан бар ұғымның (кодты ауыстыру) жаңа тәсілін ұсынады.

Э. Хауген үшін барлық тілдік байланыс құбылыстары, соның ішінде код ауысымы кірме сөздер болып табылады. Ғалым «кірме сөздердің» келесі жіктеуін ұсынады:

- кірме бірліктер: олар калькаларға (жаңа пайда болған сөздер және мағынасы кеңейтілген сөздер) және кірме сөздерге (ассимиляцияланған және ассимиляцияланбаған) бөлінеді;
- тілдің өз бірліктері [5, 61–80 б.].

Бұл жағдайда код ауысымы мен кірме сөздерді ажыратуға арналған басты критерий фонетикалық ассимиляция болып табылады. Ассимиляцияланбаған кірме сөздер код ауысымы рөлін орындайды.

Ш. Поплак үшін код ауысымы мен кірме сөздердің ара-жігін ашу үшін түпнұсқа тілдің реципиент (қабылдаушы) тілге қатысты 3 түрлі ассимиляциясы негізгі рөл ойнайды: фонологиялық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерді ажыратуда орталық рөлді атқарады [6, 111 б.]. Ғалым осы ассимиляцияның төрт түрлі комбинациясын айқындайды:

- 1) тек фонологиялық ассимиляция;
- 2) тек синтаксистік ассимиляция;
- 3) ассимиляцияның болмауы;
- 4) ассимиляцияның барлық түрлерінің болуы.

Алғашқы үш түрі код ауысымы, ал соңғы түрі кірме сөздерге жатады. Код ауысымын құрылымдық аспектіде анықтау кезінде Ш. Поплак пен оның оқушылары Д. Санкофф және С. Миллер спонтанды (кенеттен) кірме сөздер ұғымын енгізеді [7, 57–75 б.]. Олар үшін жекелеген лексемалар код ауысымы ретінде қарастырылмайды. Жоғарыда айтылғандай, лексикалық бірліктер грамматикалық түрде ассимиляцияланса және фонетикалық деңгейде ассимиляцияға түспесе, олар спонтанды кірме сөздер болып табылады. Сонымен қатар, оларға тұрақты тіркестер де жатады. Зерттеушілердің пайымдауынша, монолингвтер сөйлеу барысында кірме сөздерді қолданады, ал билингвтер спонтанды кірме сөздерді пайдаланылады. Бұл ғалымдар сөйлеу барысында спонтанды кірме сөздер тек бір рет болуы мүмкін, ал қарапайым кірме сөздер пайдалану жиілігі бойынша сипатталады деп тұжырымдайды. Жалпы алғанда, осы ғалымдар үшін келесі критерийлер

код ауысымы мен кірме сөздерді ажыратуға негіз болады: фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік ассимиляция болуы; шетел тілі бірлігінің көлемі (сөз, тіркес немесе одан да күрделі бірлік); тіл білуі (монолингв немесе билингв); жеке адам пайдаланатын элементтер жиілігі.

П. Муйскеннің айтуынша, коммуниканттың сөзіндегі шетел тіліндегі бірліктерінің көлемі маңызды рөл атқарады. П. Муйскен үшін субстантивті тіркестерді (noun phrases) пайдалану код ауысымына, ал зат есімді қолдану кірме сөздерге тән. Код ауысымына тағы бір тән ерекшелігі – оның сөйлеудегі кенеттен пайда болуы. Лингвист соңғы критерийді негіздеу үшін Ш. Поплак пен оның оқушыларының зерттеуіне сілтеме жасап [7, pp. 57–75], мынадай екі құбылыс түрін ажыратады:

- 1) супралексикалық контактілік құбылыстар;
- 2) сублексикалық контактілік құбылыстар [8].

Ғалым бірінші құбылысқа қатысты код ауысымының екі түрін анықтайды: код ауысымы және шартты код ауысымы. Бұл екі түр пайдалану жиілігі бойынша сараланған: соңғы үлгісі біріншісіне қарағанда көп таралған. Сублексикалық контактілік құбылыстарға спонтанды және тұрақты кірме сөздер (С.Поплак пен оның оқушыларының классификациясы бойынша) [7, 581–618 б.] жатады. Аталған контактілік құбылыстардың реципиент (алушы) тілдің сөздігіне қатысты ерекшеленеді: супралексикалық бірліктер алушы тілдің сөздік қорына әсер етпейді және бастапқы тілдің сөздік қорына жатады, ал сублексикалық бірліктер алушы тілдің сөздік қорының бөлігі болып табылады. Осылайша, супралексикалық бірліктер код ауысымы болып табылады, ал сублексикалық бірліктер кірме сөздер болып табылады. Ғалым үшін код ауысымы және кірме сөздерді ажырататын негізгі критерий болып тілдік бірліктердің реципиент (алушы) тілдің лексикалық жүйесіне қатынасы болып табылады. Бұл жағдайда П. Муйскен тілдік жүйені қозғайды, ол кірме сөздерді тілдік жүйеге және код тіл бірліктеріне жатқызады [8, 177–198 б.]. Бұл арада Р. Хадсон коммуникация үрдісінде код ауысымы кезінде сөйлеу, ал кірме сөздерде тілдік жүйелер қатысады деп санайды [9, 52 б.].

Танымал лингвист К. Майерс-Скоттон қарастырылып жатқан құбылыстарды анықтау үшін зерттеулер жүргізді. Ғалымның пікірінше, код ауысымы және кірме сөздер бір-бірінен «үш қолданыс» (three-occurrence metric) ұстанымы арқылы ерекшеленеді. Осы ережеге сәйкес, егер тіл бірлігі зерттеу материалында үш реттен кем болса, онда код ауысымы туралы айтуға болады, ал егер ол үш реттен көп болса, онда кірме сөздер туралы айтуға болады деп тұжырымдайды. Осылайша, код ауысымы «төмен жиілікті нысандарға» жатады және кірме сөздер «жоғары жиілікті нысандарға» жатады. Нәтижесінде, кірме сөздер түпнұсқа (бастапқы) тілдің сөздігінде еркін қызмет істеуіне байланысты матрицалық тілге жатады. Лингвист үшін

белгілі бір қауымда жаңа бір тұжырымдаманы немесе ұғымды білдіретін лингвистикалық бірлік кірме сөзге жатады. Мұндай бірлік матрицалық тілдің менталды лексиконның бір бөлігі болып табылады, ал код ауысымы матрицалық тіл жүйесінің бөлігі емес [10]. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, К. Майерс-Скоттон код ауысымы мен кірме сөздер арасындағы айырмашылықты қарастырады: кірме сөздер матрицалық және реципиент (алушы) тілдерден алынған менталды лексиконның екі леммасы арқылы сипатталады және бұл леммалар міндетті түрде бірдей болмайды; код ауысымы матрицалық тілдің леммасына тең келетін реципиент (алушы) тілдің леммасы қолданыста болғанда екітілдік сөйлеу барысында анықталады. К. Майерс-Скоттон кірме сөздерді мәдени (cultural) және ядролық (core) деп екіге бөледі [10, 192 б.]. Кірме сөздердің бірінші түрі мәдениет тұрғысынан жаңа болып табылатын объектілер мен ұғымдарды белгілеу үшін пайдаланылады. Ядролық кірме сөздердің матрицалық тілде балама сөздері бар. Ядролық кірме сөздердің ерекшелігі – сөйлеуде олар тек бір немесе екі рет кездесуі мүмкін. Осыған байланысты ядролық кірме сөздер мен код ауысымы арасындағы айырмашылықтарды ажырату қажеттілігі туындайды. Мұнда, код ауысымы мен ядролық кірме сөздердің ерекшеліктердің біркелкілігіне байланысты ядролық кірме сөздерді код ауысымына қосу орынды деп санаймыз. Алайда К. Майерс-Скоттон ядролық кірме сөздерді код ауысымының кірме сөздерге ауысуының өтпелі кезеңі ретінде анықтайды [10, 192 б.]. Орыс лингвисті И. А. Стернин бұл мәселені солайша қарастырады [11]. Ғалым код ауысымын кірме сөздердің бастау нүктесі ретінде қарастырады. Осылайша, ғалым код ауысымы және кірме сөздерді саралау үшін келесі қадамдарды ұсынады:

- 1) үш қолданыс критерийі негізінде барлық кірме сөздерді алып тастау;
- 2) жаңа объектілер мен ұғымдарды белгілейтін барлық лексикалық бірліктерді алып тастау;
- 3) қалған бірліктерді код ауысымы ретінде қарастыру [11].

Осылайша, ғалым екі құбылыстарды ажырату кезінде бірдей критерийлерді пайдаланады, олар: 1) жиілік критерийі және 2) реципиент алушы тілдің сөздігіне қатынасы критерийі. П. Гарднер-Хлоростың пікірі айтылған тұжырыммен сабақтасады: ол кірме сөздерді уақыт өте келе реципиент тілдің жүйесіне кірген код ауысымы деп анықтайды. Лингвист код ауысымы мен кірме сөздерді саралау критерийлерін талдау негізінде олардың ара-жігін ажырату қиындық тудырады деген тұжырымға келеді. [12]. Біріншіден, код ауысымы да, кірме сөздер де морфологиялық және фонетикалық ассимиляциядан өтуі мүмкін немесе мүмкін емес. Екіншіден, екі құбылыс та зат есім арқылы көрсетілуі мүмкін, барлық грамматикалық кластар кірігуі мүмкін. Үшіншіден, екі құбылыс та синонимдік сөздерді

алмастыра алады, лакуналарды толтырады, ұғымды білдірудің қосымша тәсілі ретінде қызмет ете алады. Бұл жерде лексикалық лакуналар кірме сөздермен толтырылады, ал код ауысымы тұжырымдаманы білдірудің қосымша әдісі үшін пайдаланылуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы код ауысымы мен кірме сөздерді дифференциациясына қатысты әртүрлі көзқарастарды талдау нәтижесінде төмендегі тұжырымдарды келтіруге болады:

- құрылымдық ерекшеліктер код ауысымы мен кірме сөздердің бөлінуінің себебі ретінде әрдайым қарастырылмайды;
- фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік ассимиляция әрдайым екі байланыстың құбылыстарын саралау үшін критерий болып табылмайды;
- кірме сөздер қабылдаушы тілдің сөздігінде бекітілген бірлік ретінде анықталады;
- код ауысымы қабылдаушы тілдің сөздігінде бекітілмеген бірлік ретінде анықталады;
- код ауысымы мен кірме сөздер бұрын болмаған, белгілі бір мәдениет үшін жаңа болып табылатын объектілер мен құбылыстарды білдіреді;
- кірме сөздер мен код ауысымының реципиент тілде синонимдік бірліктері бар.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Clyne, M.** Dynamics of Language Contact: English and Immigrant Languages, – Cambridge : Cambridge University Press, 2003. – P. 23–95.
- 2 **Pfaff, C.** Cross language reference in bilingual discourse. Language use and the users of language. – Washington, 1980. – 187 p.
- 3 **Heath, J.** From code-switching to borrowing: foreign and diglossic mixing in Moroccan Arabic. – London and New York : Kegan Paul International, 1989. – 328 p.
- 4 **Weinreich, U.** Languages in Contact. – New York : Linguistic Circle of New York, 1953. – 148 p.
- 5 **Хауген, Э.** Языковой контакт // Новое в лингвистике: Языковые контакты. – М. : Прогресс, 1972. – Вып. VI. – С. 61–80.
- 6 **Poplack, Sh.** Sometimes I'll Start a Sentence in Spanish y Termino en Espanol: Toward a Typology of Code-switching // Linguistics. – 1980. – Vol. 18, № 233–234. – P. 581–618.

7 **Poplack, S., Sankoff, D., Miller, C.** The social correlates and linguistic processes of lexical borrowing and assimilation // Linguistics. – 1988. – Vol. 26, № 1. – P. 47–104.

8 **Muysken, P. C.** Parametrizing the notion 'head' // Journal of Linguistic Research. – 1982. – Vol. 2. – P. 57–75.

9 **Hudson, R. A.** Sociolinguistics. Foreign Language Teaching and Research Press. – Cambridge: Cambridge University Press. Second Edition, 2000. – 284 p.

10 **Myers-Scotton, C.** Dwelling languages. – Oxford : Oxford University Press, 1993. – 300 p.

11 **Стернин, И. А.** Контрастивная лингвистика. – Воронеж : Изд-во «Истоки», 2004. – 189 с.

12 **Gardner-Chloros, P.** Code-Switching: Language Selection in Three Strasbourg Department Stores // Sociolinguistics. A Reader and Coursebook / edited by Nikolas Coupland and Adam Jaworski. – St.Martin's Press, INC., 1997. – P. 361–375.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Д. Б. Акынова*

**Вопросы дифференциации кодового переключения и заимствований**

Филологический факультет,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*D. B. Akynova*

**Issues of differentiation of code-switching and borrowings**

Philological Faculty,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*Языковая политика и принцип многоязычия в настоящее время является основой образовательной политики в Республике Казахстан. В связи с этим актуализация вопросов кодового переключения и заимствований является закономерной, поскольку многоязычие предполагает языковые контакты в разных аспектах общественной жизни. В данной статье рассматриваются вопросы разграничения кодовых переключений и заимствований. Рассмотрены влияние структурных особенностей, а также роль фонетической,*

*морфологической и синтаксической ассимиляций для разграничения данных понятий.*

*Language policy and the principle of multilingualism is currently the basis of educational policy in the Republic of Kazakhstan. In this regard, the actualization of the issues of code-switching and borrowings is logical, since multilingualism implies language contacts in various aspects of public life. This article discusses the issues of demarcation of code-switching and borrowings. The influence of structural features, as well as the role of phonetic, morphological and syntactic assimilations for the differentiation of these concepts are considered.*

FTAMP 17.82.30

### **М. Амангазықызы<sup>1</sup>, М. С. Оразбек<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>докторант 1 курс «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>moldir\_amangazykyzy@mail.ru; <sup>2</sup>makpal-zere@mail.ru

### **ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚАЛА МОДЕЛЬДЕРІ**

*Мақалада қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбында жазылған шығармалар талданып, қазақ прозасындағы қала модельдері анықталған. Сондай-ақ, әлем әдебиеттануында, орыс әдебиеттануында және қазақ әдебиеттануында қала тақырыбын арнайы зерттеу нысанына алған зерттеу еңбектерге талдау жасалған.*

*Қала өмірін суреттеу әлем әдебиетінде көне дәуірден күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл тақырыпты арнайы зерттеу ежелгі грек ойшылдары мен әл-Фарабиден бастау алғанын білеміз. Алайда, қазақ әдебиетінде жеке зерттеу нысанына айнала қоймағанын айтуға тиіспіз. Себебі, орыс әдебиетінде қала өмірін суреттеу ХІХ ғасырда Ф. Достоевский, А. Пушкин, Л. Толстой, т.б. жазушылардың шығармаларына арқау болғанымен, әдебиеттану ғылымында «қалалық проза» тақырыбы ХХ ғасырдың 60-шы жылдары зерттеле бастады. Сол сияқты қазақ қаламгерлері ХХ ғасырдың басынан бастап шығармаларына қала өмірін өзек еткенімен, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселе енді ғана зерттеле бастады.*

*Кілтті сөздер: қазақ прозасы, модель, қала моделі, жат менталитет, өндірістік романдар.*

#### **КІРІСПЕ**

Қала тақырыбы әдебиетте сонау ерте замандардан бері маңызын жоймай келе жатқан тақырып деуге әбден болады. ІХ–Х ғасырларда өмір сүрген әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактатын» жазды. Трактатта ізгілікті қоғамның көрінісі талданып, зерделенді. Жалпы, адам қоғамдастығын философ: толық және толық емес деп екі түрге бөліп көрсетеді. Толық қоғамдастықты «күлкен», «оргаша», «кіші» деп үш түрге бөлген. Үлкен қоғамдастық деп – ол бүкіл жерді мекендеуші барлық адамдардың жалпы қоғамдастығын көрсетеді. Ал,



орташа қоғамдастық дегеніміз белгілі бір халық ретіндегі қоғам дейді, кіші қоғамдастық – белгілі бір қала ретінде көрсетілген. Толық емес қоғамдастыққа келер болсақ, әл-Фараби оларды төртке бөліп қарастырған. Олар: квартал, көше, үй және ауыл. Соңғысы қала құрамына кірмегенімен, ол қалаға қызмет көрсетуші толық емес қоғам болып табылады. Жоғары деңгейдегі игілікке адам ең бірінші ретте қалада ғана қол жеткізе алады деп көрсеткен. Кез-келген нәрсеге шынайы таңдау жасап, талаптанып жетуге болады дейді. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қала қайырымды қала деп түсіндіріледі. Сол сияқты қайырымды қала, қайырымды тұрғындар болады дейді. Осы еңбегінде ойшыл: «бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алтындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі – жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл – парасаты. Сондықтан әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды [1]. Сондай-ақ, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» жайындағы трактатында опасыздық пен бақытсыздық салтанат құрған, атаққұмар, билікқұмар және бетімен кеткендер тұратын, материалдық құндылықтар мен ақша, тәнқұмарлық, билікке құмарлық сияқты көшпенділердің діл-болмысына жат қасиеттер үстемдік ететін қаланы оқырманның көз алдына келтіреді, содан сақтандырады.

Қазақ әдебиетінде көшпелі өмір салтының өзгеруімен пайда бола бастаған қалаға орналасу, үй салудың себеп-салдары, қала тұрғынының тұрмысы, сол тұрмыстың біртіндеп сананы билеуге көшкені, қазақ менталитетіндегі өзгерістер одан кейінгі батырлар жырында, зар заман ақындарында және Бұқардың, Махамбеттің, Абайдың, А.Байтұрсыновтың, С. Торайғыровтың шығармашылығында көрініс бергені белгілі.

XX ғасырда өмір сүрген ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айтыс (қала ақыны мен дала ақының айтысқаны)» поэмасында (1919) ақын дала мен қаланы қарама-қарсы қойып, кең байтақ далада өмір сүріп жатқан адамдар, даланың артықшылығы жөнінде өз пайымын танытады. Далалық қазақтың мінезін ақын поэмада төмендегідей суреттейді:

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
 Ұранға алаш деген атты аламын.  
 Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
 Мен неге қазақтықтан сақтанамын?  
 Ерікті ен даланың құсынша ұшып,

Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп...  
 Күнде қонақ келуден тиылмаған,  
 Дастарқаны бір мезгіл жиылмаған.  
 Қонақ үшін арналып бір жеке ақ үй,  
 Қара саба тұрады иындаған.

Дегенмен, ақын қала арқылы қазақтың мінезіне өзгеріс келе ме деп қатты алаңдайтынын байқатады:

Қылсам да мұны көріп шүкіршілік,  
 Жүрегім сескенеді нені біліп?  
 Қорқамын бұл заманы кетер ме деп,  
 Қаладан қазағымна мінез жұғып [2].

Ақын С. Торайғыровтың поэмасына арқау болған осы ақындық «үрей» немесе «сескену» кейінгі қалагерлердің де шығармашылығында өзегін жойған жоқ. Әсіресе, қалагерлеріміз қалалық өмірді жатсынған қазақтың бейнесін өз кейіпкерлерінің болмыс-бітімі арқылы толық ашып бере алды. Мәселен, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы (1927) Ақбілектің Ажардың бойындағы жеңілтекті қала қызына тән қылық деп қабылдауы немесе Оралхан Бөкейлің «Аспирант қыздың тракторшы жігіті» әңгімесінде қала өмірін бойына әбден сіңірген «кандидаттың», ауылдағы қарапайым тракторшының махаббатын мазақ етіп, артынан үлкен өкініште қалған Қалқаштың бейнесі арқылы жазушы қанша оқыған-тоқыған болса да, тракторшы, оқымаған Есеннің өресі олардан әлдеқайда биік, парасатты екендігін көрсеткісі келген сияқты.

Қазақ әдебиетінде қала тақырыбында жазылған көркем шығармаларды топтастырып, арнайы зерттеу нысанына алған еңбек әлі жоқ.

Әлем әдебиеттануында қала тақырыбына байланысты жұмыстардың пайда бола бастауы өнердегі урбанистік үрдістердің көріне бастауымен байланыстырылды. Зерттеушілер ауыл мен қала тақырыбын антикалық дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін әртүрлі аспектіде қарастырып келеді (Sengle F. Wunschbild Land und Schreckbild Stadt; (Зенгле Ф. «Образ желанной деревни и ужасного города»); Williams R. The country and the city; (Уильямс Р. «Село и город»); Knopfmacher U. C. The novel between city and country; (Кнопфмахер У. «Роман между городом и деревней»). Мәселен, қала мен ауыл кеңестігі мәселесін утопиялық кеңестік ретінде қарайтын шығармалар да бар. Бұған Б. Полидің «Американский роман 1865–1917 г.г.: Мифология границы и города» (В. Poli «Le roman americain, 1865–1917: Mythes de la Y frontiere et de la ville»), Г. Стэндждің «Испуганные поэты» (G. R. Stange «The frightened poets»), Ф. Уоткинстің «Во времени и пространстве: Об истоках американского романа» (Watkins F. C. «In time and space: Some origin of American fiction») және т.б. шығармалар мысал бола алады.



Ал, орыс әдебиеттануында қалалық әдебиет мәселесіне деген қызығушылық XIX ғасырдан басталды (В. Белинский, А. Григорьева, т.б. мақалалары). XX ғасырдың басында бұл мәселеге қатысты Д. С. Мережковский («Жизнь и творчество Л. Толстого и Достоевского»), В. Брюсов («Некрасов как поэт города»), А. Белый («Мастерство Гоголя») зерттеулерін атап көрсетуге болады. XXI ғасырда да бұл тақырып өзектілігін жойған жоқ, А. В. Шаравин «Городская проза 70–80-х гг. XX в.» тақырыбында докторлық диссертация (2001), А. С. Меркулова «Миф о городе в современной русской прозе: романы Д. Липскерова «Сорок лет Чанчжоэ» и Ю. Буйды «Город Палачей»» тақырыбында кандидаттық диссертация (2006), Т. В. Завер «Дом и бездомье героев русской городской прозы половины XX века» тақырыбында кандидаттық диссертацияларын (2015) қорғады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Модель (фр. *modele*, лат. *modulus* – өлшем) – белгілі бір зерттелетін нысанның ой түсінігі арқылы немесе материалдық түрде жасалған шартты үлгісі (бейнесі, сұлбасы, сипаттамасы, т.б.) [3].

Орыс әдебиеттанушылары Т. И. Васильева, Н. Л. Карпичева, В. В. Цуркан «Антология художественных концептов русской литературы XX века» тақырыбындағы зерттеу еңбектерінде органикалық және технократтық парадигмалар XX ғасырдағы әлем әдебиетінің поэзиясы мен прозасына төмендегі қала модельдерін ұсынды дейді:

#### 1. «Қала – мәтін», «қала – кітап».

XIX – XX ғасыр басында модернистер шығармашылығында қала «өлең аналогы – артефакт, кітап аналогы» ретінде көрсетіледі. Қалалардың нақты белгілерін, сәулетін, жеке көрінісі мен сипатын қайта құру арқылы суретшілер қаланы мәдениеттің орталығы, адамзаттың ең үлкен жетістігінің жүзеге асуы ретінде көрсетеді. Осыдан келіп гранит жағалаулар мен салтанатты сарайлар, аспанмен таласқан биік ғимараттарға деген сүйіспеншілік туды. Мәселен, орыс әдебиетінде Петербург жайлы жазылған шығармалар қаншама! (Достоевский, Гоголь, Чехов, т.б.).

#### 2. «Қала – бақ».

Өндірістік роман – социалистік реализм әдебиетінің негізгі жанры. Бұл романдар мемлекетке аянбай қызмет ету идеясын ұсынады, қала бірлескен еңбектің көрінісі, тұрмыстың келеңсіз жақтарын ығыстыратын мінсіз кеңістік ретінде суреттеледі. Орыс әдебиетіндегі В. Катаев, А. Малышкин, М. Шагинянның өндірістік романдарында қаланың негізгі белгілері ретінде өнеркәсіптік ғимараттар: зауыт және фабрика қабырғалары, су электр станциялары алынады.

#### 3. «Қала – антидуние».

Қала – басқа бір әлем ретінде суреттеледі. (Е. Замятин «Мы», немесе Л. Добычиннің «город Эн» туындысындағы қаланың суреттелуі).

#### 4. «Қала – балаған, күрке».

Қаланы сауық – сайран орыны ретінде қабылдау.

Орыс әдебиетінде М. Булгаков, К. Вагинов, В. Иванов, Н. Заболоцкий, М. Зошенко шығармаларындағы «карнавал мотиві» (жәрмеңкелік балаған) [4].

Лингвист ғалым А. С. Адилова «Көркем мәтіндердегі «дала», «қала» бейнесі» тақырыбындағы мақаласында: «Қазақ көркем мәтіндерінде «қала» концептісінің когнитивтік моделі былайша көрініс тапқан: 1. Қала – астана; 2. Қала – жат менталитет; 3. Қала – суық; 4. Қала – тас мекен; 5. Қала – қапас; 6. Қала – адамдар; 7. Қала – техника, сауда мекені; 8. Қала – сайқал әйел; 9. Қала – даңғаз; 10. Қала – асқақ; 11. Қала – ару; 12. Қала – гүл», – деп көрсетеді [5]. Мақалада зерттеуші поэзиялық шығармаларды талдағанын ескерте келе, «прозалық мәтіндерде аталған жұп концептінің вербалдануы өзгеше болатыны сөзсіз, бұл олардағы психологиялық (субъективті), географиялық (қала, ауыл, дала, табиғат), тұйықталған кеңістік (үй, бөлме, палата, көлік) психологиялық-концептуалды қызмет атқаратынымен байланысты», – деп тұжырым жасайды.

Біз, өз кезегінде, қазақ прозасындағы қала модельдерін анықтап көрейік.

#### 1. «Қала – ғылым-білім орталығы».

XX ғасыр басындағы прозалық шығармалардың басым көпшілігінде қала – ғылым-білімнің ортасы ретінде суреттелді. Атап айтсақ, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы (1927) Ақбілектің алдымен Семейде, кейін Орынборда білім алуы, Бейімбет Майлиннің «Раушан – коммунист» повесіндегі (1929) Раушанның Орынборда үш жыл оқуы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы (1956) Семейде оқып, ауылына қайтып бара жатқан Абайды суреттеуден басталады.

Мұхтар Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесіндегі (1923) оқиғалар да көбіне Сібірдегі үлкен өзендердің бірінің сол жағасында орнаған қалада өтеді. Әңгімеде автор қалада оқып, бойына ғылым-білім жинаса да, адами қаситтен ада болған «оқыған азаматтардың» бейнесін көрсетеді. Бұл сөзімізге досы қайтыс болғаннан кейін, досының әйелі – Қадишаға үйленген Мейірханның іс-әрекеті дәлел бола алады. Қалада өсіп, қала тәрбиесін көрген Қадишаның да өзінің бұрынғы күйеуінің анасының жағдайы емес, күйеуінен қалған мұраға ие болып қалуды мақсат етуі адамгершілікке жат қылық еді.

Мейірхан мен Қадишаның үйленгеннен кейін алғаш ауылға келген сәтін автор төмендегідей суреттейді: «Ауылға келерде жазға лайықты барлық таза жақсы киімдерін киіп алып, шытырайған жастар қаланың халқына ұқсап, қырға бөтен кісі сияқтанды. Керек десе, Жұмағұлдың сөйлеген сөзінде де «сіз-бізі» көбейіп қалған жат адамның қалпы байқалғандай. Бұл үйлеспегендік

әсіресе келін жайына келгенде, айқынырақ сезіліп тұр. Келіннің келген жердегі ата-енесіне «сәлеметсіз бе!» деп амандасуынан бастап, үйге кірген соң, төр алдына күйеуінің қасына отырып, мүйнет сайын онымен сыбырласқаны да қыр тұрмысында еш уақытта болмаған бір өрескелдікті танытқандай болды. Келін затында, өзі оқып үлгі алып, оқымыстылардың қатарына кірген кісі болмаса да, қаладағы мұғалімнің қатыны болып, ашылып қалғандықтан, сол оқымысты жұрттың үлгісін машық еткен еді. Қазіргі сағаттағы үйлеспегендік жаңа келген жастарға соншалық көп байқалмаса да, ауылдағы үлкен-кішінің бәріне де тез сезілді» [6].

Осы әңгіме арқылы автор қала жастардың бойына ғылым-білім дәнін сепкенімен, ұлтқа тән тәрбиені ұмыттырып, жат қылықтарды сіңірмесе екен деген тілегін көрсетіп, содан сақтандыратын сияқты.

#### 2. «Қала – ойын-сауық орталығы».

Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі (1925) Жетішатыр қаласын суреттеуін есімізге түсіріп көрейікші:

«...Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы – қысы – қымыз, ойын – сауық» – «кататся». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең – көлең ақ жаулық... Жаз шықса – пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуляйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай – керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала» [7].

Әңгіме Ертістің жағасындағы Жетішатыр қаласының өмірінен алынған осы суреттермен басталады. Ертіс өзенінің ортасындағы аралда орналасқан қымызханада күнделікті жиын-той болатыны, өнерпаз адамдардың сол жерде жиналған елдің алдында ән салып, көңілін көтеретінін суреттеуінен аңғарылады.

#### 3. «Қала – өндіріс орталығы».

Қазақ әдебиетінде С. Ерубаетынның «Менің құрдастарым» (1939), Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» (1952), Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» (1953), Ә. Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» (1953), Ш. Мұртазаның «Қара маржан» (1977), т.б. шығармалары өндіріс тақырыбын арқау етті.

Жазушы Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романында (1952) кешегі ауыл қазағының қалаға келіп, кен жұмысын меңгеруі, түрлі мамандық иесі болуы, бұл жолдағы қиындықтар, санадағы өзгерістер, психологиядағы жаңарулар көрсетілген.

#### 4. «Қала – сұлулық».

Жазушы Баубек Бұлқышев өзінің аяқталмай қалған «Алматылықтар» романының (1941-1942) кіріспесінде: «...Алматы менің қалам. Сондықтан да менің Алматым деген мақтаным, мені толқытып жоғары көтереді... Пай-пай, неге жұрт Алматыны сұрамайды, неге ғана Алатаудың сұлулығын маған айтқызбайды?!», – деп, ішкі тебіренісін білдіреді. Алматының сұлулығын

қаламгер: «Таң ата терезенді ашып, таза ауаға кеуденді тосып тауға қарай қалсаң көз ала алмайсың; күнде көрсен де бәрібір, сымбатына сұқтанасың, сұлулығына тоймайсың, ылғи жаңа көргендей таңданасың да таңдай қағасың. Тау бөктеріндегі қысы-жазы бірдей жап-жасыл шыршалар да бұрынғыша бұйралана мұнартып, төменнен жоғары өрмелеп бара жатқан тірі талдар. Тау іргесінен тасқындап аққан тарам-тарам сарқырама сулар да асау арналарында тулап кеп қала көшелеріндегі көп арыққа құйылады да төңірегін таза тынысқа толтырады», – деп суреттейді [8].

#### 5. «Қала – махаббат мекені».

Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы (1970) оқиғалар Алматы қаласында өрбиді. Роман: «Мен оларды жақсы көрдім. Бірақ олар маған қарамады, – деп бастады Ербол әңгімесін. – Жалғыз қыз ғана жанымды ұқты, тек соны айтайын мен сізге. Сонымен мен 1945 жылдың он төртінші ноябрь күні осы әсем астана қала Алматыдағы Қазақ университетінің студенті боп қабылдандым», – деп басталады [9]. Бұдан басқа І. Есенберлиннің «Ғашықтар», «Махаббат мейрамы», С. Шаймерденовтің «Инеш», М. Мағауиннің «Көк мұнар», Д. Исабековтың «Қарғын» романдары қалада кездескен қыз-жігіттердің махаббатын суреттейді.

#### 6. «Қала – жат менталитет».

Жазушы Серік Асылбекұлының «Бөтеннің тойы» әңгімесіндегі Әли мен Құлтай екі бөлек тәрбиенің өкілдері. Бірі ауылдың, екіншісі қаланың тәрбиесін көрген. Әли оқуын бітіріп келіп, үйленген күні анасынан шампан сұрайды. Оның бітіп қалғанына ренжиді. Баласының көңілін қайтармау үшін Құлтайды орталыққа шаптырып, шампан алдырады. Сонда Құлтайға ақшаны берерде: «О, тоба!.. баяғыдан бері ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін білмей жүре беріппіз ғой. Енді қартайған шағымызда жөн-жосықты солардан үйренетін болдық» деген Мырзагүлдің сөзінде іштей қайран қыла алмайтын іштегі қарсылық жатыр еді.

Той болған кеште қыз-жігіттер магнитофон көтеріп далаға кетеді. Топқа қосылмай тұрған Құлтайға қаладан келген қыз өзі тіл қатып, оңаша сөйлеседі. Судың жағасына барып әңгімелеседі. Үздігіп, Құлтайға ұнағысы келіп отырған қыздың психологиясы екеуінің арасында өрбіген диалогтан оңай аңғарылады. Сол әңгімелерінің үстінен қыздың жігіті түсіп, қызға тіл тигізеді. Оны қорғамақ болған Құлтай онымен жұдырықтаса кетеді. У-шу. Қыз-жігіттер ажыратып алады. Ертесі үйіне қайтпақ болып ерте тұрса, түндегі өзі сөйлескен қыз әлгі жігіттің кеудесіне тұмсығын тығып алып, түк болмағандай ұйықтап жатыр екен. Сол кездегі Құлтай адамдардың осыншама жеңілтек, ойсыз, сезімсіз келетіндеріне күйініп, қамығады. Ал Әли бұрын ауылда өссе де, қаланың оқуын оқып келіп, Құлтайға бір жақындығын білдірмейді. Тіпті, қонақтарға дастархан басында таныстырмайды. Әлидің көңілі үшін күннің ыстығында орталыққа барып келген әрекетін де бағаламайды. Жақын бола

тұра, ауылдас, сыныптас бола тұра Ескалидың ұлы өзінің Құлтайға жат тәрбиенің өкілі екендігін танытады. Сонда Құлтай Әлидің басқа адам екенін көреді. Сол себепті де, әңгіменің аты – «Бөтеннің тойы» деп аталады [10]. Қала қазағының ұлттық тәрбиені жоғалтуы, елдің салт-дәстүрінің ұмытылуы, бауырмалдық азайып, қатыгездіктің дендеп бара жатқаны М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, О. Бөкей, Т. Ахметжан, А. Алтай, Р. Мұқанова, т.б. жазушылардың шығармаларында бейнеленгенін айта кетуіміз керек.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, ХХ ғасыр басынан бастап жазылған қазақ жазушыларының шығармаларын қарастыра келе, «қала» модельдерінің төмендегідей көрініс тапқандығын байқадық: 1. «Қала – ғылым-білім орталығы»; 2. «Қала – ойын-сауық орталығы»; 3. «Қала – өндіріс орталығы»; 4. «Қала – сұлулық»; 5. «Қала – махаббат мекені». 6. «Қала – жат менталитет». Көркем шығармаларды талдау барысында байқағанымыз, ХХ ғасырдың басында жазылған прозалық шығармаларда қала – ғылымның, білімнің орталығы ретінде суреттелсе, ХХ ғасырдың 1950 жылдарына қарай қала – өндіріс орталығы ретінде суреттеле бастаған. 1970–1980 жылдардан бері қарай жазылған шығармалардан қала тақырыбының аясының тіптен кеңейгендігіне көз жеткіздік.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сүлейменов, П.** Әл-Фараби әлемі. aikyn.kz. Пайдаланған уақыты: 09.12.2018 ж.
- 2 **Торайғыров, С.** Айтыс. bilim-all.kz. Пайдаланған уақыты: 11.12.2018 ж.
- 3 **Рахимбекова, З. М.** Материалдар механикасы терминдерінің ағылшынша-орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. ISBN 9965-769-67-2.
- 4 Антология художественных концептов русской литературы XX века [Электронный ресурс]/ ред. и авт.-сост. Т. И. Васильева, Н. Л. Карпичева, В.В.Цуркан. Москва: Флинта, 2013. ISBN: 978-5-9765-1623-6.
- 5 **Адилова, А. С.** Көркем мәтіндердегі «дала», «қала» бейнесі. Көкшетау университетінің хабаршысы, № 2, 2016.
- 6 **Әуезов, М.** Оқыған азамат. abai.kz. Пайдаланған уақыты: 23.01.2019 ж.
- 7 **Аймауытов, Ж.** Әнші. www.zharar.com. Пайдаланған уақыты: 11.12.2018 ж.
- 8 **Бұлқышев, Б.** Алматылықтар. kitap.kz. Пайдаланған уақыты: 21.01.2019 ж.
- 9 **Нұршайықов, Ә.** Махаббат, қызық мол жылдар. kitap.kz. Пайдаланған уақыты: 23.01.2019 ж.
- 10 **Нүсіп, А.** Қазақ пен қала. mtdi.kz. Пайдаланған уақыты: 22.01.2019 ж.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*М. Амангазықызы<sup>1</sup>, М. С. Оразбек<sup>2</sup>*

### Модели города в казахской прозе

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*М. Amangazykyzy<sup>1</sup>, M. S. Orazbek<sup>2</sup>*

### Models of city in Kazakh prose

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье были анализированы произведения, написанные на тему город в казахской литературе и определены модели города в казахской прозе. А также были анализированы исследовательские работы, специальным объектом исследования которых является тема города в мировой литературе, русской и казахской литературе.*

*Описание городской жизни продолжается с древней литературы по сей день. Как мы знаем, специальное исследование данной темы берет свое начало еще со времен древних греческих мыслителей и Аль-Фараби. Однако, мы должны отметить, что это еще не является объектом отдельного исследования в казахской литературе. Так как описание городской жизни в русской литературе в XIX веке стало мотивом для произведения Ф. Достоевского, А. Пушкина, Л. Толстого и других писателей, а тему «городская проза» начали исследовать в 60-годы XX века. Хотя казахские писатели приняли городскую жизнь сутью в своих произведениях, данную тему в казахском литературоведении только сейчас начали исследовать.*

*Works written in Kazakh literature under the theme «city» have been analyzed and models of city have been determined in Kazakh prose. And also research works have been analyzed, where the special object was the theme of city in world, Russian and Kazakh literature.*

*Description of city life has been continued since ancient literature. As we know that special research of this theme has started since the time of ancient Greek thinkers and al-Farabi. However, we have to mark that this is not an object of separate research in Kazakh literature yet. Because*

*description of city life in Russian literature became a core for the works of F. Dostoevskiy, A. Pushkin, L. Tolstoy and others, and research of the theme of «city prose» started from 60-s of XX century. However, Kazakh writers accepted this theme as a core in their works the research of, the theme has just started in Kazakh literature.*

SRSTI 10.01.00

**A. K. Asan**

PhD student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, 010008, Republic of Kazakhstan  
e-mail: akzhauyn@gmail.ru

**MAGICAL REALISM: JUSTIFICATION OF THE TERM AND FEATURES OF DEVELOPMENT**

*This article presents issues related to the study of development. The author draws attention to the evolutionary nature of the term, which became quite popular at the turn of the XX and XXI centuries. Particular attention is paid to the issues of the term, which affect issues of the theory of genre, artistic direction or flow. As an example, some works of Russian literature can be cited. The prose of the 20th century, both in Russia and in the West, is undergoing an active influence of mass culture. Many writers refer to mass culture, such popular genres as fantasy, science fiction, a sentimental novel, an adventure novel, etc. All of the above mentioned genres are similar in their features to magical realism and have points of contact to varying degrees.*

*Keywords: literature, magical realism, theory of literature, novel, prose, method.*

**INTRODUCTION**

The terminological nature of magical realism as a direction or method can be considered from different points of view. The first, and probably the most popular, is the theory of the emergence of magical realism based on Latin American prose of the early 20th century. This direction is mainly attributed to works of Gabriel Marquez, Cortazar, Borges, who created neo-realism with their oeuvre. For the first time the term «magical realism» in relation to painting is used in a work of the German critic Franz Roch. Although the current understanding of this term is significantly different from his vision. Nevertheless, it is important to note that, in the classical sense, «magical realism» as a direction is justified on the basis of the Latin American «boom» of the 20th century. And what are the components of the poetics of magical realism? What distinguishes this trend from metaphysical, philosophical prose, fantasy or fiction? Is it possible to justify the independence or even the necessity of existence of this direction in the literary terminology? Often, the search for answers to the above questions leads us to classical works of Latin American prose of the 20th century.

Before turning to literary texts, let us recall the terminological justification of the concept «realism» in literature. According to The Brockhaus and Efron Encyclopedic Dictionary, realism in art is set against idealism, as an opposition to a faithful representation of reality and «replenishment of reality». Thus, realism in literature, as well as in general in art, is the most correct reproduction of reality. This formulation successfully reflects the essence of one of the basic principles of aesthetics called mimesis. The Polish philosopher Vladislav Tatarkevich gives four different definitions of the mimesis: the first is a rite (the primary concept), the second is imitation of nature (Democritus), the third is copying (Plato) and the fourth is creative reproduction (Aristotle) [1]. We have not in vain created a loop around this theory, because it is precisely the mimesis that makes up a good ground for the justification of the theory of realism. Diderot speaking about the theory of imitation, argues that good art recreates the present reality, rather than the beautiful. Hence comes the opposition of the real and beautiful (embellished, superb, very colorful) – realism and idealism. There are a number of researchers who note the history of the development of realism starting with ancient literature as follows: «antique realism», «realism of the Renaissance», «realism of the XVIII–XIX centuries» and «neo-realism», the latter of which is attributed to the literature of the 20th century. But how did it happen that one of the most common, and perhaps even the most fashionable terms today, magical realism, combines initially oppositional concepts «realism» and «idealism» in literary studies?

#### MAIN PART

The most actual motive for the investigated direction is a «miracle». For more justified reasoning, we will pay attention to a classical text, which many readers and writers attribute to this direction. «One Hundred Years of Solitude» by G. G. Marquez tells about the formation and existence of a fictional town Macondo and the Buendia family. Despite the fiction, the plot of the story mirrors historical events in Colombia, for example, a civil war or the massacre of workers in banana fields. The founder of Macondo is José Arcadio Buendia, who can be conditionally called as a main character. Why conditionally? In this work particularities of the development of all characters with the help of the repetition of names and belonging to the same clan form a cyclic circle, where the plot is locked by repetition. Thus, in the poetics of the novel, characters are deprived by individualism, which leads to a generalized image of human loneliness. Artistic reality, despite the activity of miraculous and magical elements, is built on the basis of geographical and anthropological features of the Colombian people. The novel actively uses the mythical worldview of Colombia. But the most important thing is the definition of how the motive of the miraculous is realized in the poetics of this work. And this motive is the main one for different genres of folklore [2].

The poetics of magical realism is based on a unique combination of motives of miracle and everyday life. In other words, miraculous or magical in such works is achieved through a realistic description of everyday life. Let's pay attention to the movement in the novel «One Hundred Years of Solitude». Narrative and descriptive types of speech of the novel resembles ordinary chronicles of one family life. The family of Buendia exists for seven generations, and each of them is haunted by the karma of loneliness. Wherein, each of the characters from birth until death looks for the meaning of life, which is transmitted through the prism of family relations. The movement is realized cyclically, repeatedly. This is greatly influenced by subjective representation of time. Artistic time does not correspond to the real, it is even unreal: the life expectancy of inhabitants of Macondo (150–200 years), the duration of natural phenomena (rain that lasted 100 years, drought, etc.). But the motive of routine and everyday life neutralizes the magical manifestation of the category of time. Thus, the category of time in the poetics of magical realism is subjective or unreal, but not fantastic.

Another motive of magical realism brings it closer to such a direction as metarealism. This direction actively develops in Russian poetry of the late 20th century. In metarealism, poets sought the reality hidden in metaphors. The metaphorical reproduction of reality indicates the philosophical load of a text. Authors manifest themselves not just as writers or poets, but mostly as philosophers. The same formulation is suitable for determining the position of authors of magical realism. Above we pointed out a peculiar synthesis of realism and idealism in magical realism. However, it is also important to note that magical realism as a trend or direction is one of the forms of the transfiguration of a philosophical novel. Thus, often in the poetics of magical realism, allusions and reminiscences related to religious, esoteric and mythical motives are used and primarily perform a cognitive function.

#### CONCLUSION

The prose of the 20th century, both in Russia and in the West, is undergoing an active influence of mass culture. Many writers refer to mass culture such popular genres as fantasy, science fiction, a sentimental novel, an adventure novel, etc. All of the above mentioned genres are similar in their features to magical realism and have points of contact to varying degrees. Jose Ortega y Gasset in the book «The Revolt of the Masses» speaks of the special influence of the masses on the course of historical events, including literature. We assume that the development of magical realism was influenced by the tendencies of the second culture [3].

If literary traditions of the 20th century strengthened the natural development of magical realism, the beginning of the 21st century, on the basis of good soil, transforms this direction into a separate genre. We can pay attention to such



modern authors as Ursula Le Guin, Kazuo Ishiguro (Nobel Prize winner-2017), Neil Gaiman, etc.

Thus, it is important to note that magical realism, despite the form of direction, method or genre, is one of the successful syntheses of realism and idealism and in the system of genres of art, along with such trends as surrealism, impressionism, metarealism, has a separate place, which is distinguished by the prospect of evolutionary development.

## REFERENCES

- 1 **Marquez, G. G.** Sto let odinochestva [One Hundred Years of Solitude] / G. Garcia Marquez; per. s isp. M. I. Bylinkinoy. – SPb. : Azbuka, 1999.
- 2 **Tatarkevich, V.** Istorija shesti ponjatij [The history of six concepts] / Per. s pol'skogo Borisa Dombrovskogo. – M. : Dom intellektual'noj knigi, 2003.
- 3 **Ortega y Gasset X.** Vosstanie mass [Revolt of the masses]. – M., 1991. – S. 17.

Material received on 12.08.19.

*А. Қ. Асан*

**Магиялық реализм: терминнің негіздемесі мен даму ерекшеліктері**

Л. Н. Гумилёв атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., 010008, Қазақстан Республикасы.  
Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*А. К. Асан*

**Магический реализм: обоснование термина и особенности его развития**

Евразийский национальный университет  
имени Л. Н. Гумилёва,  
г. Нур-Султан, 010008, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*Бұл мақала Батыс әдебиеттану ғылымында кеңінен таралған, орыс және қазақ әдебиетінде де орын алған «магиялық реализм» терминінің табиғи ерекшеліктерін зерделеуге арналған. Магиялық реализм терминінің әдеби-көркем бағыт, ағым, көркем тәсіл немесе әдеби жанр салаларындағы негіздемелеріне аса назар аударылады. Аталмыш терминді әдеби-көркем тәсіл ретінде талдаудың тиімді тұстары анықталып отыр. Автор батыс, орыс және қазақ*

*әдебиетіндегі магиялық реализмге тән құбылыстарды тілге тиек ете отырып, бұл терминнің әртүрлі ұлт әдебиеттерінде түрленетініне назар аударған. Сонымен қатар, магиялық реализмнің толғамалық қасиетіне байланысты тұжырымдамалар ұсынылып отыр.*

*В данной статье рассматривается проблема обоснования и развития литературоведческого термина «магический реализм». На основе разных источников, автор предлагает попытку объяснить законную эволюцию магического реализма, как, во-первых, традиционное явление ирреализма (фольклор, мифопоэтика), во-вторых, трансформации самого метода реализма. Для этого исследователь предлагает обратить внимание на зарубежную, русскую, казахскую прозу второй половины XX века. Также в статье особое внимание уделяется на общую поэтику магического реализма, который включает в себе целый комплекс художественных методов, которые требуют исследования в перспективе.*

**Б. К. Аялбергенов**

к.ф.н., Гуманитарный факультет, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан  
e-mail: bulat0306@mail.ru

**ОСНОВНЫЕ ЧЕРТЫ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
КАК СЕМИОТИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА**

*В статье рассматриваются основные черты речевой деятельности, которая имеет три стороны – мотивационную, целевую, исполнительную. Описываются четыре этапа речевой деятельности: ориентировочный (побудительно-мотивационный), планирования, исполнения и контроля. Также подробно анализируются две основные формы речевой деятельности – устная и письменная. Эти формы существования национального литературного языка тесно взаимосвязаны, и перекодирование семиотических сигналов в речевой деятельности носителя языка происходит автоматически. Связь между двумя формами речи диалектична и коммуникативно обусловлена. Обе формы обладают определенными преимуществами, устная обладает правом «первородства», а письменная – более изучена и кодифицирована. Также в работе обосновывается взаимосвязь понятия «речевая деятельность» и понятия «речевое поведение». Понятие «речевая деятельность» выступает как информационный и вместе с тем знаковый, семиотический процесс.*

*Ключевые слова: речевая деятельность, устная форма, письменная форма, речевое поведение, семиотический процесс.*

**ВВЕДЕНИЕ**

Речевая деятельность является непосредственным воплощением мыслительных процессов, мышления. Как говорил Л. С. Выготский, мысль не воплощается в слове, а мысль совершается в нем. Соединение логического и эмоционального очень характерно для речевой деятельности, причем, пропорции логического и эмоционального в речевой деятельности весьма подвижны, что и позволяет создавать в процессе речевой деятельности как лирические стихотворения, так и математические трактаты, в то время как в математических формулах явно преобладает логика, а в лирике – эмоции» [1, 62]. Главная особенность, отличающая речевую деятельность от других видов человеческой деятельности, состоит в том, что она направлена на

речеобщение, соответствует коммуникативным потребностям человека и естественным образом сочетается с другими видами человеческой деятельности.

**ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

По теории речевых актов, целенаправленное речевое действие, совершаемое в соответствии с принципами и правилами речевого поведения, существующими в данном обществе, – это и есть тот речевой акт, под которым мы понимаем минимальную реализацию речевого общения [2]. А если исходить из этого, то речевую деятельность составляет совокупность речевых актов. Именно в процессе речевого акта осуществляется передача речевого сообщения от одного или нескольких участников общения другому/ другим участникам общения. В этом состоит коммуникативная природа речевого акта, сущность которого в передаче информации, во взаимобмене ею.

По мнению У. Матураны «обмен информацией» – это всего лишь неудачная метафора, на самом деле ‘обмена’ и ‘передачи’ не происходит» в речи [3]. Происходит только лишь воспроизведение деятельности в схемах совместного действия в консенсуальной сфере коммуникантов.

Речевой акт определяется обычно как высказывание или совокупность высказываний, совершаемых одним говорящим с учетом другого. Высказывание индивидуально по своей природе, оно не повторяется, но происходит каждый раз как бы заново. М. М. Бахтин отмечает, что «всякое высказывание <...> на что-то отвечает и установлено на какой-то ответ. Оно лишь звено в единой цепи речевых выступлений» [4, 79]. По его мнению, «речевой акт или, точнее, его продукт – высказывание, не может быть признано индивидуальным явлением в точном смысле этого слова. Высказывание – социально» [4, 90].

Сама речевая деятельность имеет три стороны – мотивационную, целевую, исполнительную: мы ощущаем потребность в деятельности, планируем её, определяем и уточняем средства исполнения и осуществления своего замысла. Обычно выделяют четыре этапа речевой деятельности:

– ориентировочный (побудительно-мотивационный). На этом этапе происходит осознание потребности, мотива речевой деятельности в данной ситуации общения: для чего? с какой целью? кто мой собеседник? почему избран этот вид общения?

– планирования. Его назначение и содержание – выработка коммуникативной стратегии: выбор типа общения (не конкретного способа, а формы воздействия: мягко – требовательно и т.п.); определение желательного конечного результата; внутреннее программирование речевой деятельности;

– исполнения. Происходит главное действие: а) порождение речи в устной или письменной форме, или б) её восприятие и понимание; дополнительное действие: коррекция речи с учетом обратной связи;

– контроля. Назначение этого этапа – оценка результата, обращение к возможным формам проверки: достигнута ли цель общения?

Речевая деятельность протекает в двух основных формах – устной и письменной. Эти формы существования национального литературного языка тесно взаимосвязаны, и перекодирование семиотических сигналов в речевой деятельности носителя языка происходит автоматически. Сигналы звукового (акустического) кода развиваются во времени, сигналы буквенного (графического) кода – в пространстве. При перекодировании изменяющиеся звуки речи легко заменяются неизменными буквами: «в аспекте семиотическом фонема тождественна букве» [5]. Взаимосвязь между двумя формами речи диалектична и коммуникативно обусловлена: «Без устной речи не могла бы появиться речь письменная, а без письменной устная не могла бы совершенствовать коммуникацию, т.к. не хватило бы памяти для сохранения найденной человеком информации, которую надо фиксировать письменно и все время сохранять» [5, 13].

Письменная речь фиксируется в письменных текстах. Устная – создается в момент говорения и «рассчитана на смысловое восприятие произносимой речи, создаваемой в момент говорения» [6, 267]. Нельзя говорить о приоритетности одной из них: обе обладают определенными преимуществами, причем устная обладает правом «первородства», а письменная – более изучена и кодифицирована. Назовем наиболее отличительные черты каждой из форм речи.

Обязательное условие устной речи – непосредственный контакт участников общения. Основной канал устного общения – звуковой, канал зачастую обогащается возможностями зрительного канала: говорящий и слушающий не только слышат, но и видят друг друга. Речь рассчитана на слуховое восприятие, но невербально выраженная реакция слушателя позволяет говорящему корректировать речь, смягчать, а если это необходимо, усиливать ее воздействие. Слушающий многое получает и интерпретирует по интонации говорящего. Так находит выражение эффект обратной связи, являющийся главным достоинством устной речи. Умелое интонирование устной речи позволяет адресанту (с помощью пауз, логического ударения, повышения/ понижения голоса и т.п.) интонационно членить речевой поток, выделять главное, обозначать отступления от темы (что обычно соответствует абзацам, знакам препинания и выделениям шрифтом в письменном тексте).

С другой стороны, можно назвать характеристики устной речи, обуславливающие некоторые сложности ее восприятия. Устная речь

неповторима, необратима во времени. Говорящий должен говорить без «черновика», «набело». Исправления в устной речи возможны, но в действительности допускаются редко: они мешают целостному восприятию/ пониманию высказывания. Слушающий, не поняв или недопоняв, или ошибочно поняв то или иное высказывание, не может услышать тоочное дословное повторение, отсутствует время для того, чтобы дополнительно подумать над принятой информацией, ибо говорящий продолжает свою речь, развивая мысли дальше, значит, нельзя «отставать» от него. В итоге может иметь место неадекватное понимание. Достоинством речи устной может быть и ее спонтанность. Здесь следует добавить, что понятия «спонтанность» и «неподготовленность» речи не синонимичны. Речь может различаться степенью подготовленности, которая зависит от ситуации общения и личностных особенностей говорящего, к примеру, уровнем его речевых умений. Спонтанность устной речи, как отмечают ученые, способствует проявлению таких недостатков звучащего текста, как излишний лаконизм (преувеличены возможности слушателя – допускаются пропуски в доказательствах) и избыточность (говорящий не успевает отрабатывать вербальную форму мысли – возникают повторы, уточнения, в которых нет необходимости). Это результат несинхронности мышления и вербального «формулирования мысли». Спонтанность устной речи требует от говорящего достаточной жесткости самоконтроля [7]. Устная речь отличается меньшей нормированностью, чем письменная, здесь «менее жесткие правила оформления, более активное проявление эмоционально-волевого «Я» говорящего (прежде всего – через невербальные средства общения) [7, 50].

В отличие от устной речи письменная речь позволяет фиксировать высказывание, включать в текст различные средства передачи информации. Письменная форма – лучший способ хранения информации/ сообщения. Пишущий не видит адресата и может ориентироваться только на общее представление о нем. Но письменная речь дает возможность возврата к написанному/ сказанному и для пишущего/ говорящего, и для его адресата. Важно и то, что «в письменном варианте возможно изложение значительно более сложных мыслей, понимание которых контролируется пишущим (редактирование) и может быть уточнено читающим, например, через повторное чтение.

Можно сделать вывод о том, что «устная и письменная формы речевой деятельности взаимно дополняют друг друга, при этом самым важным коммуникативным преимуществом остается взаимообратимость этих форм: возможность записать устное сообщение или прочитать вслух текст сообщения письменного» [7, 52].

С понятием «речевая деятельность» органично связано понятие «речевое поведение». Термин «речевая деятельность», несмотря на некоторую

диффузность содержательного наполнения, «предусматривает определённый ракурс рассмотрения процесса актуализации языковой способности человека: фокусируя внимание на исключительных качествах человека как существа, снабжённого определёнными априорными категориями, способностями (например, языковой способностью), отделяющими его от других живых существ (Декарт, Кант), сочетание «речевая деятельность» предполагает наличие только одного «центра притяжения», одного активного и доминирующего субъекта – говорящего/слушающего, действующего при помощи языка, руководствуясь своими собственными целями и мотивами» [8].

Сам факт одного «центра притяжения», под которым понимается как говорящий, так и слушающий, позволяет не выделять деятельность кого-то из них как первостепенно важную: в реальности их «общая» речевая деятельность очень глубоко взаимно переплетается. Говорящий, выбирая средства выражения своих интенций/намерений, «моделирует возможное понимание адресатом тех или иных вариантов выбора». Слушающий также предпринимает определенные действия для достижения адекватной интерпретации: «пытается представить действия говорящего, чтобы полнее восстановить его намерения.

Как показывает развитие современных гуманитарных и естественных наук, нельзя забывать о том, что человек – это биологический организм, существование которого тесно связано с окружающей био-социо-культурной средой, к которой человек, как и любой другой организм, должен адаптироваться, гибко реагируя на те её изменения, которые существенны для его жизнедеятельности. А «развитие в XX веке биосемиотики, теории самоорганизующихся систем, теории автопойезиса способствует смещению исследовательского интереса с процессов действия человека в мире на процессы взаимодействия человека с этим миром, где языковая способность приобретает статус важнейшего адаптивного механизма, поскольку позволяет homo loquens выйти за пределы своего собственного когнитивного опыта, образа своей субъективной реальности, для того, чтобы моделировать общий мир с другими членами сообщества, мир, в котором можно сосуществовать и иметь взаимный доступ» [3, 7]. Не случаен тот факт, что в научный дискурс был введён термин «речевое поведение», предусматривающий рассмотрение речевой активности человека через призму двух ключевых понятий: взаимодействие и выбор.

Под речевым поведением понимается стереотипичное и индивидуальное проявление заавтоматизированного, неосознаваемого, интуитивного выбора отправителем текста речевых сигналов актуализации скрытых нюансов смысла, словесно выраженная часть эмпирически наблюдаемого и воспринимаемого адресатом внешнего проявления коммуникативной деятельности, последовательность речевых поступков [9].

Анализ научных источников по затронутой проблеме также показал, что существует тесная связь речевого поведения, речевой деятельности и речевого общения. Вместе с тем, можно увидеть, насколько различны даваемые исследователями определения названных понятий. Наиболее общим пониманием деятельности является ее трактовка как способа существования, бытия человека (А. А. Леонтьев, Л. П. Буева, И. А. Зимняя). Такое понимание деятельности позволяет говорить о взаимосвязи человека с окружающим миром в процессе осуществления деятельности.

Рассмотрение деятельности как специфической человеческой активности, направленной на достижение конкретной цели, характерно для исследований В. Д. Шадрикова, А. В. Маргулиса, А. Н. Леонтьева, Д. Ю. Панова, А. С. Золотняковой, М. В. Демина. Еще один важный аспект рассмотрения деятельности – ее социальная обусловленность (А. В. Маргулис, Л. П. Буева, А. А. Леонтьев, В. Д. Шадриков, Л. А. Радзиховский, В. В. Давыдов). В исследованиях названных авторов деятельность в общем виде предстает как способ бытия социальной действительности, направленный на достижение общественно-значимых целей и преобразование социальной действительности, подчиненный общественным нормам.

В целом, большинство представлений о деятельности человека сводится к пониманию ее как процесса создания условий для существования и развития индивида в соответствии с его потребностями, целями и задачами; или как такой активности субъекта, которая состоит из системы сознательных действий, направленных на достижение некоторой цели для осуществления взаимодействия с миром, его целесообразного изменения и преобразования.

О речевом поведении как о виде человеческого поведения очень лаконично пишет исследователь: «Язык есть разновидность человеческого поведения. Человеческое поведение есть факт психологический, ...как проявление человеческого организма, и факт социологический, как такое проявление, которое зависит от совместной жизни этого организма с другими организмами в условиях взаимодействия [10, 17].

Речевое поведение обусловлено социальной ситуацией, задачей и условиями общения, коммуникативными потребностями, национально-культурной спецификой поведения говорящего, то есть очевидно, что речевое поведение носит психосоциологический, а раз оно выражается в языке, то – психолингвосоциологический характер. Речевое поведение – это поведение, принятое в данной лингвокультурной общности и соблюдаемое в стандартных коммуникативных ситуациях большей частью языкового коллектива. Важно помнить о психологической и социальной обусловленности речевого поведения. Что касается факторов социологического порядка, то они могут быть классифицированы следующим образом: во-первых,

должны быть приняты во внимание условия общения в привычной среде... и взаимодействия с непривычной средой..., во-вторых, формы общения: непосредственные и посредственные, односторонние и перебегающие...; в-третьих, цели общения...: практические и художественные; безразличные и убеждающие (внушающие), причем в последнем случае интеллектуально и эмоционально убеждающие» [10, 18].

### ВЫВОДЫ

Таким образом, речевая деятельность направлена на общение, соответствует коммуникативным потребностям человека и естественным образом сочетается, «софункционирует» с другими видами человеческой деятельности. Она протекает в двух основных формах – устной и письменной. Связь между двумя формами речи диалектична и коммуникативно обусловлена.

Речевая деятельность включает в себя все проявления речевого поведения. Человеческое поведение понимается как форма взаимодействия человека с социальной средой, а речевое поведение как часть поведения человека, как одна из его значимых сторон представляет собой форму взаимодействия человека с социальной средой, выраженной в речи. Речевое поведение носит психолингвосоциологический характер. В норме речевое поведение – это поведение, принятое в данной лингвокультурной общности и соблюдаемое в стандартных коммуникативных ситуациях.

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Супрун, А. Е. Лекции по теории речевой деятельности. – Минск, 1996. – 185 с.
- 2 Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В. Н. Ярцева. – М. : Советская энциклопедия, 1990.
- 3 Кухаренко, В. А. Интерпретация текста. – М. : Просвещение, 1988. – 190 с.
- 4 Волошинов, В. Н. Марксизм и философия языка: Основные проблемы социологического метода в науке о языке. – М. : Лабиринт, 1993. – 157 с.
In pounded of Mashkhur Zhussip Kopeev XIX century combined with rich descriptions of the last: Art the materialization of the inaccuracy of the use of the conditional action, etc. a master of the small lyrical epic genre feature increased coverage of a wide range of skills truth. This is the end of the XIX century and at the beginning of the XX century, live, Volumes 25–30 on the back of the great art treasures Mashkhur Zhussip Kopeev poetic way to describe the need for a thorough study of its approach, as a jeweler for his contributions to the Kazakh literature development proof [2].

## REFERENCES

- 1 **Копеев, М. Ж.** Таңдамалы. Екі томдық. 1-т. – Алматы : Ғылым, 1990. – 273 б.
- 2 **Жүсіп, Қ. П.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар : Павлодар университеті баспасы, 1999. – 384 б.

Material received on 12.08.19.

*Қ. П. Жүсіп<sup>1</sup>, Н. Қ. Жүсіпов<sup>2</sup>, М. Н. Баратова<sup>3</sup>*

**Мәшһүр Жүсіп және шығыс әдебиеті**

<sup>1,2,3</sup>Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,

Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*К. П. Жүсіп<sup>1</sup>, Н. К. Жүсіпов<sup>2</sup>, М. Н. Баратова<sup>3</sup>*

**Машхур Жусип и восточная литература**

<sup>1,2,3</sup>Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

Бұл мақалада қазақтың белгілі ақыны, философы, фольклортанушысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және шығыс әдебиеті жан-жақты қарастырылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соңғы ширегінде – ақ суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шартты әрекетті қолдану, дерексізді заттандыру т.т. шебер пайдалану арқасында шағын жанр лирикаға эпос мүмкіндігіндегі жүк артып, шындықты кең қамту шеберлігін көрсетті. Мұның бәрі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, артына 25–30 томдай мол қазына қалдырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ақындық шеберлігін кең ізерлеп зерттеу қажеттігін, оның суреттеу амал – тәсілдерінің түрлішелігін, сөз зергері ретінде қазақ әдебиеті кемелденуіне көп үлес қосқанын дәлелдейді.

В данной статье подробно рассматривается восточная литература и известный казахский поэт Машхур Жусип Копеев.

Машхур Жусип Копеев в последней четверти XIX века использовал богатые подходы к иллюстрации: коллекция произведений искусства, абстрактный анализ и т.д. Благодаря его мастерскому использованию жанра он продемонстрировал способность расширять правду, расширяя нагрузку от эпоса до лирики. Все это доказывает необходимость проведения обширных исследований поэтического мастерства Машхур Жусип Копеева, который жил в конце XIX и в начале XX века и оставил за собой наследие в 25–30 т., также внес вклад в развитие казахской литературы.

FTAMP 17.82.30

**Ж. Т. Қадыров<sup>1</sup>, Б. Б. Тағудретова<sup>2</sup>, Г. К. Синбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ғылым магистрі, оқытушы, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>ғылым магистрі, аға оқытушы, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы

e-mail: zhkadyrov\_777@mail.ru

## **ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚҰБЫЛТУ ТҮРЛЕРІНІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ**

Мақалада Қожаберген жырау шығармаларында жасі кездесетін құбылтудың түрлері ақын өлеңдерін жанрлық-мазмұны жағынан әсерлі етіп жеткізудің бір құралы ретінде зерттеледі. Стильдік ерекшелік, соны бір өзге үзеңгілес жырауларда кездеспейтін тілдік құралдарды пайдалануы – таным дүниесін нақтылап, даралық, өзіндік өрнек жасауға қызмет етеді. Сөздерді құбылтып пайдалануда тосын теңеулер, ерекше эпитеттер, келісімді қайталаулар, мінсіз метафоралар сол бір замана келбетін танытып, болып жатқан оқиғалар сипатын көз алдымызға елестетіп, сипаттау жолында өзгеше қызмет атқарады. Жырау жырлаған дастан-өлеңдер жауынгерлік сипатта, ерлікті, батырлықты насихаттау бағытында болғандықтан эпитет, метафораларды актив түрде пайдаланғаны айқындалады. Әр халықтың өзін-өзі тануының бірден-бір құралы – тіл десек, өмірін сөзбен егіз деп қараған дарын иесінің өзіндік тілдік тұлғасын анықтауда көркемдік құралдар аса бір шеберлікпен қиоласып жатқандығын көруге болады.

Кілтті сөздер: құбылту түрлері, тілдік бірліктер, метафоралы тіркес, замана келбеті, анафоралық, эпифоралық қайталаулар, тіл білімі, әдебиеттану.

### КІРІСПЕ

Қожаберген жырау поэтикасының мәнін терең түсіну үшін оның шығармаларындағы жанрлық-мазмұндық жүйесімен байланысты қаралатын



тілдік-эстетикалық қырлары шешуші рөл атқарады. Өз ойын тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізудің сан түрлі әдістері мен тәсілдерін биік өлшеммен саралай білген. Сөздерді құбылтып пайдалануда тосын теңеулер, ерекше эпитеттер, келісімді қайталаулар, мінсіз метафоралар өзіндік өрнек жасауға қызмет етеді.

Қожаберген жырау шығармалары қанық та айқын бояуымен, сан құбылған сөз сиқырымен ерекшеленіп тұрады. Жырау поэзиясын оқыған әр оқырман ондағы тақырыптардың үндестігін, ой орамдарының ұқсастығын аңғарады. Ақ нөсердей төгілген жыр жолдарында өнерпаздың өзіндік жүріп өткен жолы, өмір сүрген жылдары, таным дүниесі нақтыланып, даралық сипатқа ие болып тұрады.

Көркемдегіш құралдардың ішінде ең айшықтысы, ең ұтымды, өткір пайдалануға болатыны – эпитет. Эпитет арқылы жырау заман келбетін танытқысы келді, сөздің әсерін арттырып, оқырмандарының жүрегіне жол тартты. Шындықты бұрмаламай жеткізді. Жан алар әзірейілдей боп келген қалмақтардың қазақ тарихында адам айтқысыз соғыс орнатып, тиыш жатқан заманның қас дұшпандай, қанға боялған кейіпін шебер суреттеді.

Боларын *қырғын соғыс* болжап кетті,  
Көбейіп әр аймақта *жойқын ұрыс*,  
Жарқылдап басты кесіп *алмас қылыш*,

Басталып қырғын соғыс қиын болды, – деген өлең жолдарынан қалмақ пен қазақ арасындағы адуынды соғыстың басталып жатқанын *қырғын соғыс*, *жойқын ұрыс*, жарқылдап басты кесіп алардай болып көрінген *алмас қылыш* сияқты сөздермен өткір сипаттай білді. Сонымен бірге: қанды ұрыс, дұшпан заман, мыстан заман, қайғы заман, құйын заман, долы заман... секілді эпитеттерді тізбектеп, бір өлең жолдарына сыйдыра төгілті. Заманды *мыстан*, *қайғы*, *құйын*, *долы* секілді жағымсыз құбылтулармен көрсетті.

Шынымен, ақын өзінің асқақ арманын, сезімін эпитетсіз жеткізе алмас еді. Сол өрнекпен қазақ жұртының жан-күйін, болып жатқан оқиғалар сипатын көз алдымызға елестетіп, сипаттау барысында шебер қолданды.

Ит қалмақ оқ боратып, салды ылаң,  
Жасанып жарақтанған қанқұйлы жау.  
Дін ордасын былғады сасық қалмақ,

Қазақтан сасық жоңғар озған заман, – деп қастарына деген ашу, кегін *қанқұйлы*, *ит*, *сасық* деген сөздер арқылы жеткізеді. *Соғыс*, *заман* сөздерінің эпитеттері жыраудың ерекше бір күйінішін, ішкі сезімін көрсетуде орасан зор көмегін тигізеді.

Өмір бар жерде өлім бар дегендей, сөзі бал, тілі тәтті жырау жастықты көрген түстей өте шыққан алдамшы екеніне көзі жетіп, қартайған шағында жастықты есіл, өзін *кәрі тарлан*, *ақ бас бурамын*, ажалы жеткен күні *қара жердің* қойнына кіретінін анық деп толғайды.

Жыл салып әрқайсының арасына,  
*Қара жер* құшағына алып кетті.  
Өттің *беесіл жастық* көрген түстей,  
Төріндекәрі *тарлан* жатты дерсін.  
Өткенді ертегі-жыр, қазына ғып,  
Кәрілік аяқ-қол мен көзден алды.

Мен болдым зорға жүрер *ақбас бура* [1, 222 б.].

Жоғарыдағы әр мысал заманына қарай өзгерген адамның болмысын танытып тұрғанын байқау қиын емес. Әрине, бүгінгі күн көзімен қарағанда сан қайталанып, үйреншікті тіркес түрінде қабылданатын бұл сөздер Қожаберген дәуірі биігінен көз салсақ, әдейі іздеп табылған жаңа сурет, жаңа бейнекеңі бірден көзге шалынады. Әр эпитет өзі тұрған жерге неерекше түр, не өзгеше сыр үстейтіндей. Эпитет жалпы көркем туындыларда сөздің мағыналылығын, әсерлілігін, суреттілігін күшейтуге қызмет етеді. Сондықтан да әрбір суреткер эпитетті шығарманың көркемді шырайын арттырудың тиімді құрал-тәсілінің бірі деп есептейді.

Ғалым Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті мен тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде эпитеттің бірнеше түрін көрсетеді:

- 1) Сын есім арқылы жасалған эпитет;
- 2) Көсемше және өткен шақтың есімше арқылы жасалған эпитет;
- 3) Тұрақты эпитет.

Қожаберген жырау шығармаларында аталған түрлердің алғашқысы мен соңғысы жиі кездеседі [2, 45 б.]. Мысалы, жыраудың «Едіге биге айтқаны» өлеңінде сын есім арқылы жасалған «асыл сөз», «ақ ниет», «сұм ажал», әсіресе ерлік пен батырлықты танытатын «желекті найза», «жебелі садақ» тіркестері ерекше мәнге ие:

Адам атадан бері қарай өлі мирас,  
*Сұм ажал* тегіс жетер кәрі -жасқа.  
Өзің айтсаң, аз сөйле, көп ұғып ал,  
*Желекті найза* қолғаалған,  
*Жебелі садақ* қолғаалған...  
*Асыл* сөз қасиетінді кетпес ұрлап.  
Қазағым, *ақ ниетті* қайран елім...

Тұрақты эпитет:

Көңілім жер аралап болмады тоқ,  
Бұрынғы *ақ үйлі* ауыл орнында жоқ,  
*Даланың ерке ұланы*,  
Бабамыз қазақ атанған.  
*Ақ* патша дәуірінде сардар болып,  
Ту ұстап, тұлпар мініп, қол басқарғам.

Жырау жырлаған дастан-өлеңдер жауынгерлік сипатта, ерлікті, батырлықты насихаттау бағытында болғандықтан, батырдың ерлігін, қару-жарактың батыр үшін маңызын, қадір-қасиетін айқын етіп көрсетуде эпитеттердің рөлі ерекше. Осы орайда, «Елім-ай» жырынан сұрыпталған мысалдар бойынша эпитеттерді төмендегіше топтастырдық:

1) Киім атауларына байланысты эпитеттер. Жырда кездесетін, *айыр қалпақ, алтын қалпақ дулыға, ақ сауыт, ақ берен* т.б. киім атауларына байланысты эпитеттер әр түрлі сипатта көрініс тапқан. Мысалы, *Ақ сауыт* – көз-көз етіп темір сымнан тоқылатын батырлар киетін киім. Ақ сауыт – асыл, таза, қоспасыз (болат, құрыш, алмас т.б. металл жайында).

Мың рет орансаңдақ беренмен,  
Кірерсің жер қойнына денеңмен.  
Айрылды тұлпар атым тағасынан,  
Тозып ақ сауытым жағасынан.

Жырдағы *ақ сауыттың* түсін емес, оның *тазалығы мен асылдығына*ңғартады.

2) Қару-жаракқа байланысты эпитеттер – *көк найза, көк семсер, болат алдаспан, толғамалы ақ сұңгі, жалаулы найза, ала ту, болат найза, алтын құлаш, ақ семсер* т.б. Мысалмен көрсететін болсақ:

Қайралған қайқы болат алдаспаным,  
Боялды қызыл қанға сағасынан.  
Қоршау бұзып шығардакөк семсермен,  
Арпалысқан жаулардың басын шаптық.

Жырда *Толғамалы ақ сұңгі эпитетінде толғамалы сөзі* «орау» мағынасында қолданылған. *Найза, алдаспан, айбалта* тәрізді соғыс қаруларын пайдаланған кезде, олардың сабы сусып, жылжып кетпес үшін *былғары, қайыс, жіп* т.б. сияқтылармен орап тастайтын болған немесе олардың ағаш саптарын орама түрінде кертіп қоятын болған Сондықтан оларда *толғамалы* (сабы оралған) деген эпитет пайда болған.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қожаберген ақынның тілдік бейнелеу құралдарының ішінде көзімізге түсетіні – метафора. Қазақ тіл білімі ғылымында да көркем әдебиеттің тілі мен стилін, сөз зергерлерінің шеберлігі сөз болғанда метафораға соқпай кетпейді, көптеген ақын-жазушының шығармашылық мәнерін сөз еткенде, метафораның түрлі тілдік қызметіндегі қасиеті мен ерекшеліктерін талдайды. «Метафора – дүниені, болмысты танудың көзі». Кез келген метафора танымдық қызмет атқарады деуге болады. Оның бейнелілік, көркемдік сияқты қасиеттері мен қызметтерінен гөрі адам ойлауы мен тілінде танымдық қызметінің үлес салмағы басым» [3, 54 б.].

Ақындық қиялдың ұшқырлығын танытатын тілдік амалдың бірі. Бір заттың я құбылыстың ерекшелігін асқан дәлдікпен көрсету мақсатында соған ұқсас екінші бір нәрсенің табиғатын нақты тану ғана шынайы сөз үлгісінің тууына жол ашады. Қазақ әдеби тіліндегі метафораларды құрылысына байланысты Қ. Жұмалиев бес түрге бөледі: 1) метафораның жай түрі; 2) жалғаулар арқылы жасалатын метафора; 3) көмекші етістік арқылы жасалған метафора; 4) күрделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрі; 5) метафораның «бейне бір», «тең» деген сөздердің көмегімен жасалған түрі [2, 364 б.]. Осы топтама негізінде Қожаберген жырау жырында кездесетін метафоралардың жалғаулар арқылы, көмекші етістік арқылы жасалған түрлері мейлінше мол.

Адамдар бұл дүниеде құдайдың барына сеніп, иланып, тәңірден тек жақсы тілек тілеп, барға қанағат тұтып, тәубесіне келіп отырған. Қазақ халқының бар өмірі өткен Сарыарқа жерінің тыныштығын ойлайды. Себебі, кіндік қаны тамып, өскен ел, өскен жер кімге де болса қымбат! Сондықтан елім, жерім деп тер төккен ақынның ғажап үні:

«Адамның басы – алланың добы» деген,  
Тәңірден тілек тілеп, шүкірлік қыл!  
...*Сарыарқа – қазақ жері кіндігі* деп,  
Атаның мүлкі болсын жигандарың, – деген жолдардан сезіледі.

Не болмаса:

Құс төресі – аққу құс секілденген,  
Жұртымның қыз-келіні алтын еді  
Насихат айтып халқыма,  
Шығып *жарқын үндерім*  
Бұл кезде жасым жетіп,

*Тәнім тозды*, – дейді [1, 52 б.]. Жалғаулар ішінде тәуелдік жалғауы арқылы жасалған метафораның бұл түрі бейнелеу құралы ретінде ерекше қызмет етіп тұр.

Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі – бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал, ғылыми, кеңсе, ресми іс қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді. Бұл, әрине, көркем әдебиеттің тілдік табиғатымен тікелей байланысты. Метафоралану (метафоризация) көркем шығармашылыққа шексіз мүмкіндік береді, бір сөзбен айтқанда, метафора-көркем шығарманың негізгі азығы. Е көмекші етістігінен тараған «*еді*», «*едім*», «*едің*», «*ем*», «*ең*» варианттарының барлығы да метафоралы тіркестерде кездеседі. Яғни метафора толық лексикалық мағынасы жоқ, тек грамматикалық мағынаға ғана ие сөздердің өзіне белгілі бір образдылық жүктеп, эмоционалды-экспрессивті сөздердің қатарына шығарады.

Көмекші етістіктер арқылы жасалған метафораларды Қожаберген жырау өз өлеңдерінде ерекше стилистикалық құрал ретінде пайдаланады.

Көмекші етістіктердің саны аз болғанымен, тілімізде орасан зор қызмет атқарады. Олардың көмегі арқылы мағыналары олқы, сөздерді үстіне нәзік семантикалық реңктер жамалады, үстемеленеді. Сондай-ақ метафоралы тіркес жасауда да айрықша рөлі бары байқалады.

Көмекші етістіктер баланып тұрған екі сөзге, сөйлемге түс беріп, олардың метафоралық мәнін толықтыруда ерекше орын алады. Ауыз әдебиетінде болсын, жазба әдебиетінде болсын бұл метафораның көп кездесетін түрі.

Бұла боп басты ордада өскен едім,  
Жасымнан халық қамын жескен едім.  
Жиырма ұлдың көкжал туған кенжесі едім,  
Басқұрау мәселесін шешкен едім.  
Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,  
Сынаққа қамал бұзып түскен едім.  
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке,  
Найзалап жау өкпесін тескен едім.

Ақын тілінен келтірілген метафораның көмекші етістік көмегімен жасалған бұл түрі бірінші жақтан айтылып, ақындық менді көрсетеді. Өлең жолдарынан ақынның үйіндегі кішісі екенін, жас бола тұра, үлкен іске бас бола білетін, жастайынан ел қамын жеген нағыз ер азамат екенін көреміз. Қожаберген жырау метафоралы түзіліс жасай отырып, бірінші жақтан өзінің айналаға, өмірге деген талпынысын, образды ойын білдіріп отырады. Ақын қай тақырыпты жырламасын, метафораларды қисынын тауып қиыстыра алған. Қожаберген жырау поэзиясын жандандыра түсуге көмектескен деп толық айтуға болады. Оның нақты контекстке қосқан семантикалық үлесі де, түрлену жүйесі мен сипаттары да әр алуан екендігі ақын өлеңдерінен анық көрінеді. Метафораға негіз болған бұл сөздер көмекшілік қызметімен-ақ айрықша стилистикалық сипатқа ие болып тұр дей аламыз.

Қожаберген жырау шығармаларында теңеулердің қолданысы ерекше. Поэзиясында теңеулік сипатта қолданылып тұрған сөздерді шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Ойды дәл, нақты, әсерлі жеткізу мақсатында алуан түрлі затқа тән қасиеттерді дөп басып, образды бейнеге айналдырады. Оның өзі оралымы орынды тіркес құрап тұрады [4, 89 б.]. Мәселен, адам характерін дәл сомдау үшін билік еткен хандардың бірі Әбілмәмбет сұлтанды:

Әбілмәмбет солқылдақ,  
Ақ балықша борпылдақ.  
Келіспейді ерлермен,

*Қабандарша* қорсылдап, – деп сұлтанның ұнамсыз бейнесін жасауда *борпылдақ балыққа*, *қорсылдақ қабандарға* теңеп, оны адам мінезімен шендестіреді.

Келімсектердің табанында тапталуы жыраудың жанына жай таптырмайды. Заманына қарап:

Байқап тұрсам заманға –  
Көрші елдер ұқсайды *қабанға*,  
Татулық жоқ, мейірім жоқ,  
Жау болды адам адамға.  
Мінетін тым болмаса өгіз болмай,  
Азамат жаяу қалды *ортаң қолдай*.  
Шабуылдады сұм қалмақ,

*Қасқырша* шапшып құтырған... дейді. Негізінен, Қожаберген жырау тілінде аң-құсқа теңеу жиі кездесіп жатады. Оның да себебі анық секілді, себебі сол замандағы жағдай даланың тағыларындай жүйткіген, асау, құрау салдырмастай еді. Аң патшасы – арыстаннан бастап, қорқақ қоянға дейін, оның арасында қасқыр, қабан да жырау шығармаларында жарасымды ой желісін құрайды. *Қасқыр*, *қабан* бейнесі арқылы заман келбетін танытса, қанша дегенмен *нар түйе мен арыстан* тегеурінді, алып, қайратты жануар болса да кей сәтте дәрменсіз дейді.

Майданда *нар түйедей* бақырғанмен,  
Айбарлы арыстандай ақырғанмен.  
Қорғасын оқты мылтықсыз күнің қараң,  
Ұрандап жұртты ұрысқа шақырғанмен [1, 161 б.].

Теңеу сипатындағы енді бірқатар сөздер төрт түліктің мінез-қылығымен жымдасып тұр. Мейлінше таныс, мейлінше жақын ұғымдар Қожабергеннің таңғажайып зергерлігін жаңа бір қырынан қамтиды. Төрт түлікке тән белгілерге қарай өлең өру бұрынғы да, кейінгі де сөз сүлейлерінде мол. Онда нар түйе де, ойнақшыған бота да, үріккен қой да бар. Оның әрқайсысы талауға түскен жерден опа табаалмай сенделген қалың тобырдың алуан түрлі жай-күйін бедерлі тілмен жеткізуде маңызды рөл атқарып тұр. Тарихпен байланыстырған да дұрыс. Яғни қолында қару-жарағы жоқ қазақтың дәрменсіздігін көрсеткен. Қазақтың жаумен соғысудағы әлсіздігін жырлаған. Тарихи себебі, салдары, күйініші беріледі. Әйтсе де Қожаберген оларды өзінше дәйектілікпен дәл қолданады.

Жырау жау бойындағы ерекше серпілісті, соғыстың қаншалықты ауыр түрде өтіп жатқанын, халыққа қаншалықты ауыр тиіп жатқанын су, жаңбыр, бұршақ, боран т.б. секілді аяусыз жауып, күннің ашық-жабығына қарамай тосыннан құяр жаңбырға, соғар бұршаққа теңеп, табиғат құбылыстарына қатысты теңеу сөздерді іріктеп, талғампаздықпен пайдаланған.

Айналды зор шайқасқа ұрыс соңы,  
*Жаңбырша* жауып кетті қалмақ оғы...  
*Бұршақша* қорғасын оқ жаудырды олар,  
 Қоярдай қалған елді бірден жалмап.  
 Сұм қалмақ Үш жүз қанын *судай шашты*,  
 Мылтығы көп болған соң күші асты [1, 54 б.].

Енді бірде, қамыққан көңілге медет табу үшін өткен жақсы да жайсаң, бейбіт күнді ескеалады, еш уақытта үміттің үзілмеуін тілейді. Қайранда өткен кездерді: жайнаған гүлге, бәйшешекке, балғын сазанға, жарқылдаған алмасқа, жаңа өскен жас шөпке теңейді. Мұның астарында жап-жасыл болып жаңа бүршік жарып, жайқалып, өсіп-өніп келе жатқан елін қорғар нағыз ер азаматқаартылған сенім жатыр.

Әр халықтың өзін-өзі тануының бірден-бір құралы – тіл десек, ол халық тарихындағы дарынды тұлғалардың, әсіресе, өмірін сөзбен егіз деп қараған біртуар өнер иелерінің тапқыр да тағылымды, өрнекті орамдары арқылы байып, толығып, жетіліп отыратыны белгілі. Міне, осындай ойы терең қазына, ақылы дария сөз көсемі – Қожаберген жырау шығармашылығын зерделегенде, бұл түйіннің растығына тағы да бір көз жеткізуге әбден болады.

Жырау қолданысындағы қайталамалар жырдың мазмұны мен мәнін ашып, айтып болған ойын сан жаққа жіктеп, сонымен қатар композициялық құрылымын айқындауда дәрекешеорын алады десек қателеспейміз. Өзі өмір сүріп жатқан кезеңнің өзгергендігін, бұзылғандығын көрсету барысында эпифора тәсілін жиі қолданып отырған. Мысалы,

Бұл заман, қай-қай заман, бағзы заман,  
 Болар ма баяғыдай тағы заман.

Немесе:

Бұл заман қай-қай заман – қасқыр заман,  
 Көрші ел жоқ қазақтарға қас қылмаған.

Қайталау асқақ арман, бірде жауға жапқан қасқырдай, дала тағысындай болып өрістейді. Жырау қайталамаларды қолданғанда тыңдаушы назарын ерекше өзіне аударып алады да, кейін барып бірден заманын жырлай бастайды. Ол бұрыннан аты аңызға айналған Асан Қайғы, Бұқар жырау, Ақтамберді секілді от ауызды, орақ тілді бабаларымыздың өлең өрнегімен ұқсас болып келеді. Мысалы: Бұқар жыраудың «Ей-заман-ай, заман-ай», Асан Қайғының «Ұсар ма билер, ұсар ма?», Ақтамберді жыраудың «Бұлан да бұлан, бұлан сан» т.б. өлеңдері.

Ақын өлеңдеріндегі анафоралық, эпифоралық қайталаулар өз кезегінде шығарманың идеялық мазмұнына, интонациясына әсер етеді. Мәселен, еліне қорған болған батырларын, сарбаздарын елін, жерін аянбай қорғауға шақырған жырау «Елім-айдың» бастауынан-ақ эпифораны қолданған.

Ассалаумағалейкүм, сардарларым,  
 Жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым.  
 Кеңесіп дұшпандардан ел қорғандар,  
 Кетпесін жау қолында мал-жандарың. Халқын бірлікке, ізгілікке, қазақ деген халықты құрметтеуге үндейді. Осы шумақтаақын айтатын ойын бекітіп, тұрақтандыра түседі. Өлеңнің соңғы тармақтарындағы «сардарларым», «манғаздарым» ақынның ойына ырғақ үстеп тұр. Жыраудың «Білерсің» атты өлеңінде:

Көсемдердің *қадірін*,  
 Ел тозғанда *білерсің*.  
 Шешендердің *қадірін*,  
 Дау алғанда *білерсің*... [1, 236 б.].

«Қадірін, білерсің» сөзін эпифора түрінде алған автор барлық түйінді себепті осы сөздерге «байлап» қойған, әрі жырау өз әсерін күшейту мақсатында негізгі ойын тыңдаушы назарына салу үшін қолданған.

Негізінде, жырау дастандарында анафора ретінде жеке әріпті (дыбыс) да еркін пайдаланған. «Елім-ай» жырында қ әріпі ерекше қолданысқа ие болса, «Үш би» атты өлеңде ж әріпі ерекше сипатқа ие. Бұл аллитерацияның да мысалы болатынын білсек те, қайталаудың да бір ұтымды түрі екендігі даусыз. Мысалы:

Жеңіс жоқ соғыстарда шабандарға,  
 Жағдай жоқ тағат қылып амалдарға,  
 Жеңіске жету үшін қайрат қылып... деген өлең жолдарындағы ж дыбысы белгілі бір мақсатта, қоғамдағы құбылысты айрықша көрсету үшін пайдаланылған.

Қара жер боздақтарды жұтып жатты,  
 Қыз алып, қыз берісіп, құда болып,  
 Қалмаққа төре, қожа жұртты сатты [1, 66 б.], – дей отыра сұм соғыстың қазаққа жаман батқандығын, қалмақ пен қазақ арасындағы алауыздықты көрсетеді.

Немесе:

Құдаға Қазақ, Ноғай жарамай ма,  
 Қыздары төреге жар болаалмай ма?  
 Қыздарын Қожа, Төре ала алмай ма? деген өлең жолдары арқылы қайталау жасаса, келесі бір жағынан жарамай ма? алмай ма? сұрақ мәнде риторикалық сұрауды өте шебер пайдалана білген.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қожаберген жырау поэзиясының көркемдік ерекшелігін талдай келе, ақынның тілдегі көркемдегіш құралдарды шебер пайдалана білуі, метафора,

теңеу, эпитет, анафора, эпифора секілді образдық-бейнелі сөздердің өзара үндесіп, дүниетанымдық негіздерге орайласа келуінің нәтижесінде ақын өлеңдерінің көркемдік сипатының арта түсетіндігі тұжырымдалды. Осынау образдылық, бейнелілік жүйесінде сөз құбылту, қайталау, сөз мағынасын ашу секілді амал-тәсілдердің сөздердің сымбат – көркін ашудағы алатын орны белгіленген.

Қожаберген жыраудың тілдік тұлғасы, көркемдігі жағынан болсын, әрқайсысы өзінше өрнекті, өзінше дара. Тіл білімі дегенде ойға оралатын лексика, грамматика, әдебиет салаларына да жемісті еңбек еткен. Түрлі салыстырулар, эпитет, метафора, қайталау түрлері, арнау сияқты тілдік – көркемдік құралдар шеберлікпен қиюласып жатыр. Қожаберген жырау – қазақ әдебиетінде өзіне дейінгі жыраулық дәстүрді ақындық өнермен ұштастырған, көркем сөздегі абстрактылық пен жалпылықты нақтылыққа бейімдеген, жаңа жол тапқан суреткер. Ол – өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруда жаңа жол тапқан қазақ сөзінің құдіретін қисынды орамдармен байытқан туындыгер. Халқының қасиеті мен құдіретін, мерейі мен мұңын, асылы мен жасығын жарыстыра, жалғастыра, салыстыра, салғастыра отырып өткеннің өнегесін өлшем етіп ұстанған, өз бүгінінің баянсыз бейнесінен ой түйіп, келешегінің көмескі боларын алыстан андаған ақын сезімінің ақиқатқа айналуы – кемеңгер көрегенділігінің куәсі.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Дауылпаз баба – Қожаберген жырау (шығармалар жинағы мен зерттеулер). – Алматы : Мектеп, 2011. – 464 б.

2 **Жұмалиев, Қ.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы : 1960. – 250 б.

3 **Ахметов, З.** Поэзия шыңы – даналық. – Астана : Фолиант, 2002. – 408 б.

4 **Раев, Қ. М.** Дулат Бабатайұлы шығармаларының поэтикасы. – Алматы : 2002. – 131 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Ж. Т. Қадыров<sup>1</sup>, Б. Б. Тағудретова<sup>2</sup>, Г. К. Синбаева<sup>3</sup>*

**Пути передачи видов троп в произведениях Кожабержена жырау**

<sup>1,2,3</sup>Институт языка и литературы,  
Северо-Казахстанский государственный университет  
имени М. Козыбаева,

г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*Zh. T. Kadyrov<sup>1</sup>, B. B. Tagudretova<sup>2</sup>, G. K. Sinbaeva<sup>3</sup>*

**The ways of transmission of trails types in the works of Kozhabergen zhyrau**

<sup>1,2,3</sup>Institute of Language and Literature,  
North-Kazakhstan State University named after M. Kozymbayev,  
Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье изучаются наиболее часто встречающиеся виды тропа в произведениях Кожабержена жырау, как инструмент эффективного исполнения стихотворений поэта. Стилистическая особенность, одна из которых – использование языковых средств, не встречающихся в других каналах, служит конкретизирующим и своеобразным выражением в познании мира. Использование тропа, сравнения, эпитеты, повторения, метафоры ярко выражают жизнь той эпохи и дает возможность представить себе быт тех времен. Жырау, воспевший былины, имеет боевой характер, можно отметить активное использование эпитетов, метафор, направленную на пропаганду героизма и патриотизма. У каждого народа единственным инструментом признания считается – язык, можно заметить, что художественные инструменты в определении своей языковой личности дарителя, живущего в словах близнецами, сочетаются с большим мастерством.*

*The article studies the most common types of tropes in the works of Kozhabergen Zhyrau as an instrument of effective execution of the poet's poems. The stylistic feature, one of which is the use of linguistic means not found in other channels, serves as a concretizing and peculiar expression in the knowledge of the world. The use of the trope, comparison, epithets, repetition, metaphors vividly express the life of that era and makes it possible to imagine the life of those times. Zhyrau, who sang the epics, has a combat character, it can be noted the active use of epithets, metaphors, aimed at promoting heroism and patriotism. Each nation's only instrument of recognition is considered – the language, you can see that the artistic tools in determining their linguistic identity donor living in the words of the twins, combined with great skill.*



**С. Ф. Қанапина<sup>1</sup>, К. Қ. Есіркепова<sup>2</sup>, Б. М. Қадырова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>kanarina.71@mail.ru; <sup>2</sup>kenzhe.1810@mail.ru

**ДӘСТҮРЛІ КӨРКЕМДІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ  
ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ БЕЛГІСІ**

*Мақалада мақал-мәтелдердегі теңеулердің қызметі, сөз қолданыстарындағы орнықтылығы, өмірді, дүниені танып білуге, философиялық терең ойды тұжырымдау, оны жан-жақты саралау мағынасында жұмсалуды анықталды. Сонымен қатар мақал-мәтелдердегі теңеулер өз алдына бір көркемдік танытып, белгілі бір стильдік мақсат үшін жұмсалып, дүниедегі заттар мен құбылыстарды көркемдік тұрғыдан танып білудегі қызметі қарастырылған.*

*Кілтті сөздер: халық қазынасы, бейнелі сөздер, теңеу, көркем мәтін.*

**КІРІСПЕ**

Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыстық-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Қандай мақалды алсақ та, оның шығуына үлкен уақиға, мәнді әңгіме себеп болған. Мақал соларға берілген баға, жасалған қорытынды, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» есебінде жүреді. Мақал мен мәтел құрылысы 'түрі' сөз саптасы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас келеді. Бірақ өзара айырмашылығы да бар. Басты айырмашылық – бұлардың мазмұнында. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы («Көппен көрген ұлы той», «Құрыққа сырық жалғап», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» 'Тілге тиек жасап», «Ханнан қазық' биден тоқпақ» т.б.) ретінде

қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Мәтел айтайын деген ойын турасынан білдірмей 'жанама түрінде, әр түрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізуді, кейбір сөздерін тыңдаушының өзі аңғарып түсінер деген оймен әдейі қалдырып кетеді. Бұл мәтелдің өзіне тән ерекшелігінің бірі болып табылады.

Көркем әдебиетке, соның ішінде поэтикалық туындыларға тән көркемдегіш құралдардың баршасы дерлік мақал-мәтелдерге тән болып келеді. Мақал-мәтелдер сол себепті де әсерлі, тартымды, сол себепті де сезімді селт еткізіп, ақыл-ойға сәуле шашады. Сап алтындай таза, қоспасыз асыл сөздер. Ықшамдығы мен өткірлігі, көркемдік және идеялық тұтастығы арқасында тез жатталады, адамның жадында ұмытылмай сақталады. Бұл барша халықтардың шынайы мақал-мәтелдерінің тозбас қасиеті.

Сөздерді тура төл мағынасында пайдаланбай, ауыстырмалы мағынасында қолдануды троп дейді. Солардың мақал-мәтелдерде кездесетін елеулі-елеулі түрлеріне тоқталайық.

«Троп жүйесі мақал-мәтелдердің табиғатын тануымызға, сол тапқыр сөздерді аударғанда троп шарттарын ескеріп отыруымызға көптеген себін тигізетіні даусыз» М. Әлімбаев [1, 69 б.].

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Мақал-мәтелдерде қолданылатын салыстырма мен теңеу бір-бірінен былай қарағанда онша айрыла қоймайтын да сияқты. Бірақ бұлардың өзгешелігі тұлғасында болса керек. Поэтикалық тілде троп ретінде қолданылатын теңеудің аясы салыстырмаға көбіне тең-бірдей, артық-кем, жақсы-жаман, биік-аласа, бетер тәрізді сөздердің есім сөздерге тіркелуі арқылы немесе зат есімге –ша, -ше жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мың «сіз», «бізден» бір «шыж-быж» артық.

Қонағынды сөзбен алдарқатқаннан күйдірген-пісірген дәм-тұзыңмен сыйлағанын жақсы деп салыстырады халық.

*«Көп еңбегі көлмен тең»; «Палуанға оң, терісі бірдей»*

*«Қорқақтың қатыны болғаниша, батырдың жесірі бол».*

Бұл теңдестіру әдісі арқылы жасалған салыстырма.

*«Высокие горы, а надежда человека еще выше», «Тау биік, талап таудан да биік». Монгол халқы «Грязная душа хуже грязного тела» десе, қазақшасында әдейі салыстырма сипаты жасалған: «Тәні қарадан жаны қара жаман» деп ішкі ұйқаспен айтылған. Жоғарыда мысалдар салыстырма болса теңеудің жасалу жолы өзгеректеу.*

Сөздердің реңкін кіргізіп ажарлап, айшықтап көркемдік үйлесімге келтірудің бірнеше түрлері бар. Сол көркемдегіш амал-тәсілдің бірі –

теңеу. Профессор Т. Қоңыров теңеуге төмендегідей анықтама берді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтика тұрғысынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [2, 85 б.].

Теңеу-бейнелі сөздің ең бір көп тараған түрі. Жалпы көркем әдебиеттегідей, мақал-мәтелде де бір нәрсені әсерлі, айшықты суреттеу үшін, соның түр-тұрғасын көзге елестету үшін екінші бір нәрсеге ұқсастырып, баламалай айту теңеу болмақ. «*Оқу – инемен құдық қазғандай*». *Білім алу үшін арып-ашып қиналасың, төзім мен қажыр керек дейді, одан безіндірмей, қайта қайрап, жұмылдыра түсу мақсатымен, халық ұшан-теңіз азап-мехнатты осындай тың теңеу арқылы көзге көлбеңдетеді.*

«*Жақсы – ай мен күндей, әмбеге бірдей*». Кемеңгер жандар бүкіл адам баласына ортақ деген өнегелі ойды беру үшін жер бетіне бірдей нұрын шашатын күн күдіреті, күн бейнесі символ ретінде алынған.

Мақал-мәтелдердегі теңеулердің –дай, –дей; –тай, –тей жұрнағы арқылы жасалған лексика-грамматикалық моделі өзінің құнарлығымен де, өнімділігімен де ерекше көзге түскенін, мақал мәтелдерде мол кездесетіні анықталды, мысалы: «*Құдағиың құрдасыңдай болсын, құдаң шын досыңдай болсын*»; «*Екі тентек қосылса, саудай болар. Екі ақылды қосылса, таудай болар*»; «*Жаманның сөзі түйеден түскендей, жақсының сөзі – диірменнен шыққандай*», «*Жақсылардың үлгісі, жанып тұрған шамдай, шешендердің сөздері ағып тұрған балдай*», «*Талапты бала – талпынған құстай*», «*Баланың сөзі батпандай, келіннің сөзі кетпендей*». Осы мақал-мәтелдердегі –дай, –дей; –тай, –тей тұлғасындағы тұрған сөздердің мақал-мәтел объектілеріне де, олардың баламаларына да тікелей емес, жанама түрде ғана қатысты. Шынында да «құдағи мен құрдастың», «құда мен достың», «тентек пен саудың», «ақылды мен таудың», «түйе мен диірменнің», «шам мен балдың», «бала мен құстың» бір қарағанда ешқандай байланысы жоқ сияқты. Алайда біз өзіміздің ұлттық дүниетанымымызға тән түсінік арқылы, ұлттық менталитет бойынша бұлардың арасында да белгілі бір ұқсастықтың барлығын, сыртқы көрінісі мен сын-сымбатының сәйкестігін аңғарамыз. Сондықтан, мақал-мәтел мақсатына қарай әр түрлі заттарды салыстырады.

Бұл мәселенің бір жағы. Екінші жағы –дай, –дей; –тай, –тей тұлғасында қолданған сөздердің білдірейін деп тұрған мағынасының өзі біз үшін бір сабақ болса, екінші мақал-мәтел сол мағына-символ арқылы мақал объектісінің бейнесін, кескінін, көзге елестете алуымызда. Мәселенің жоғарыдағы –дай, –дей; –тай, –тей тұлғалы сөздердің сыртында жасырын тұрған бір емес, бірнеше сипаттама мағынасы болуы мүмкін. Айталық, «*Құрдасыңдай*» дегенде қазақтың ұлттық танымында құрдасқа тән қасиеттерді (сыйластық,

қазақы қарапайымдылық т.б.) «*Досыңдай*» дегенде (сырласың, тірегің, көмекшің ретінде болатынын айтады) «*саудай*» (екі тентек қосылса тоқтамайтын, күш жеткізбейтін қиын нәрсе екендігін баяндайды) «*таудай*» дегенде (екі ақылды қосылса мықты «үлкен» биік таудай болатындығын білдіреді) «*түйеден түскендей*» дегенде қазақ танымында (үлкендігі, арбаған көрінісі, қос өркеші, ауыр жүрісі, тұрғысы, биіктігі) бірден елестеуі мүмкін, сондықтан жаманның сөзі сол биік, ауыр түйеден түскендей адамға ауыр, қатты тиетіндігін білдіреді, «*талпынған құстай*» (талапты баланы құсқа теңеп бір орнында отырмай еңбектеніп, оқып, тоқып ізденетіндігін білдіреді). Нақтылап айтқанда: «*Құдағиың құрдасыңдай болсын, құдаң шын досыңдай болсын*», «*Жаманның сөзі – түйеден түскендей, жақсының сөзі – диірменнен шыққандай*» – деп мазмұнын аңғартып, астарлап, салыстыру арқылы түсіндіріп тұр. Осы ұқсастықты логикалық ассоциативтік салыстыру, теңеу арқылы, ұлттық дәстүр негізінде түсінген адам ғана аталмыш мақал-мәтелдерді түсінуі мүмкін.

Мақал-мәтел құрамында теңеулердің «қандай» деген сұраққа жауап болып тұратын басқа бір түрі де көп қолданылады. Мысалы:

*Өнерлі жігіт – өрге озар,*

*Өнерсіз жігіт – жер соғар*

*Жаман ерден жайдағым жақсы,*

*Жаман қатыннан бойдағым жақсы.*

*Білекті бірді жығар,*

*Білімді мыңды жығар.*

Көріп отырғанымыздай мұнда да екі істі салыстыра теңеу бар. Бұл тәсіл мақал-мәтел үшін өте маңызды болып табылады.

Халқымыз ғасырлар бойы образды теңеулердің сан алуан түрін тудырған мақал-мәтелдерде сол асыл мұраны өздері де үздіксіз толықтыра отырып, өнімді қолданады. Мақал-мәтелдердегі теңеулердің барлығы да халық әдебиетінде қалыптасқан үлгі форма бойынша жасалған теңеулерде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, ата кәсіптері көрініс беріп отырады. Мақал-мәтелдердегі теңеулердің қызметі әр түрлі реңк үстейді, сөз қолданыстарындағы орнықтылықты көрсетеді. Жалпы өмірді әр түрлі құбылыс арқылы ғана оның қыры мен сырын танып білуге болады. Сондықтан да мақал-мәтелдер өмірді, дүниені танып білуге, философиялық терең ойды тұжырымдау, оны жан-жақты саралау мағынасында жұмсалады. Алдыңғы мысалдардағы теңеулердің басым көпшілігі әр түрлі, олардың структуралық құрылымы сан алуан болады да, күрделі ойларды білдіріп, бейнелі суреттер жасау құралы ретінде қызмет атқарады. Мақал-мәтелдердегі теңеулер өз алдына бір көркемдік танытып, белгілі бір стильдік мақсат үшін жұмсалып, дүниедегі заттар мен құбылыстарды көркемдік тұрғыдан танып білуде едәуір қызмет

атқарады. Адам жан-дүниесінің суреті, күйініші, сүйініші, эмоционалды-экспрессивті әсері күшті ойды білдіреді. Мысалы, «*Ұл тарақтай болса да, ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болса да, ата қоныс ел қымбат*». Мұндағы –тай, –дей түрінде келген теңеулер «ұлт тарақтай», «ат төбеліндей» дала, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, қабырғасы қайысу, қуану, аз болса туған жердің қасиетін көрсету арқылы, эмоционалды-экспрессивті мәнде жұмсалған. Танымдық, тәрбиелік мәнде жұмсалған мақал-мәтелдердегі теңеулер тіл элементтерінің стильдік ерекшеліктерін ашып көрсетіп, көркем бейнеліктің эмоционалдық белгісін танытады. Мақал-мәтелдердегі теңеулерде ассоциациялық топта объекті мен белгі біреу болады да, образдар әр алуан болып келеді, яғни белгілі бір затты немесе құбылысты бейнелеу барысында түрлі теңеулерді қолданылады. Мақал-мәтелдердегі теңеулердің семантика стилистикалық белгілері арқылы әр түрлі топтарға бөлінуі, олардың бейнелі сөз ретінде тілдің басқа да осындай көркемдік құралдарымен, лексикалық бірліктерімен байланысу мүмкіндіктің мол екендігін байқатады, сондай-ақ стилистикалық қызметін аша түсетіні сөзсіз. Мұндағы теңеулердің негізі лексикалық зат есімдерден жасалған, басым көпшілігі күрделі теңеулер –дай, -дей; -тай, -тей; –ша, -ше жұрнақтары мақал-мәтелдерде тіл элементтерінің стильдік ерекшеліктерін ашып көрсетуде халық танымын нақтылап тұр.

Мақал-мәтелдердегі теңеулер күрделі ұғымды береді де, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделіп, шынайы суретке құрылып, эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті теңеулер образдармен берілген.

Осындай күрделі ұғымның нәтижесінде жаңа заттар мен құбылыстар былай қойғанда, бұрыннан белгілі заттар мен құбылыстардың өздері жаңа сипатқа ие болып, жаңа қырларынан көрінеді.

Сонымен қатар мақал-мәтелдерде кездесетін теңеулер табиғат құбылыстарының күштілігімен, айбынымен салыстырылып беріледі.

Мысалы: «*Пайдасы мол жігіттер – дария шалқар көлмен тең, Пайдасы жоқ жігіттер – ел қонбаған шөлмен тең*».

Бұл мақал-мәтелде адам іс-әрекетінің шамасы, жетістігі табиғат құбылыстарының алып күшімен теңеліп, табиғат бейнесін салыстыра көрсету арқылы эмоционалды-экспрессивті бейнелілік сипатын берген. Мұндай теңеулер кез-келген адамның сезім дүниесіне, ұлттық танымына көркемдік нұрын түсіреді.

Жазушы С. Мұқанов та теңеу арқылы берілген мақалды өте ұтымды қолданған: «*Ертең осы институтқа тазалау жүрсінші, – ең алдымен, сен ұшасың!*

*Сонда не қыл дейсіз маған?*

*Ешнәрсе де қыл демеймін. Бұған дейінгі тентектік істеріңді бойыңнан құрт. Енді оның бәрін қой да, ынтаңды оқуға сал. «Тек жүрген тоқ жүреді»*

*дейді қазақ; «үндемеген үйдей бәледен құтылады» дейді. Артыңда «тегің жаттық» қоңырауың салдырлап жүріп, белсенділік жасаймын дегенді қой енді!» («Мөлдір махаббат» 497 б.).*

Мақал-мәтелдердегі теңеулердің молдығы – мақалдың сөзді астарлап, бейнелеп қолданудағы қазақ әдеби тілінің ұлттық белгісінің бірі деп айтып, бұрыннан қолданылып келе жатқан дайын образдарды орнымен жұмсай білуіндегі солардың қалыбын (моделін) пайдаланып келе жатқандығын айтуға болады.

*Қайрақбай мен Текебайды әкесі Бүркітке жібергенде Қайрақбайдың Бүркітке айтқан сөзінен теңеудің ұтымды берілгендігін байқаймыз:*

*«Ағаш бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан, найза бойы қан жауса, шыдамайды туысқан» – деген екен бұрынғылар (428 б). «Қой асығы деменіз, қолға жақсы сақадай, жасы кіші деменіз, ақылы жетсе атадай» – деп бұрынғылар айтқандай, кішкене күніңнен-ақ, «осыдан бірдеме шығар» – деп дәмеленген едім де, жігіттік жасқа жеткеннен, қасыңда сұрқылтайың болуға бекінген ем, – деді Қайрақбай ауыр күрсініп, – ол үмітім қазір бұлдырланып мен жүрмейтін жолға түсіп кеттің!» («Мөлдір махаббат» 429 б.). Қазақ халқының талай ғасырлар бойы көшіп – қонып жүріп, табиғаттың тылсым сұлулығын жан дүниесімен сезіне білгенінің нәтижесінде өмірге образды теңеулер жасалды. Әдетте, теңеу туралы сөз болғанда салыстыру үшін не нәрсе алынады, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі. Ал көркем мәтіндегі мақал-мәтелдерде бейнелі, өрнекті сөздер әлдеқандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен туады деп ұғынбауымыз керек. Ол эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені суреткерше қабылдаудан туары хақ.*

## ҚОРЫТЫНДЫ

Өткен дәуірлерде өмір сүрген ата – бабаларымыздың күнделікті тұтынатын, ұстанатын, қарым-қатынаста болатын нәрселерінен салыстыруға жарайтын қажеттісін таңдап-талғап ала білу, оны қазіргі дәуірдегі замандастарына да тосын тимейтіндей, түрпідей естілмейтіндей етіп ұсына білуі-шеберлік. Адам баласы мәдениет саласына көтеріліп, ой-сана ілгеріленген сайын өмір құбылысын терең түсініп, бір нәрсенің қасиетін, ерекшелігін әр түрлі жақтарынан тани бастайтыны мәлім нәрсе десек, бұл жалпы көркем тілдің тәсілдерін талдағанда айрықша көзге түседі.

Теңеу мәнді сөздердің мазмұндылығын, өзгешелігін тереңірек түсініп, білу үшін қолданылатын көркемдік тәсілдің бірі. Көркем мәтінде мақал-мәтелдерді едәуір келтіру және оларды бұзбай, мейлінше дұрыс нұсқаларын ұсыну көзделеді. Кейбір авторлық дүниелер болуы мүмкін, бірақ олар да жасалуы мен логикасы жағынан халықтық мақал-мәтелдерден бөлектенбейді.

Халық қазынасынан алынсын, не олардың моделімен өзі жасасын қайткен күнде де көркем әдебиет тілінде кездесетін баба сөздері мен дана сөздер, яғни мақал-мәтелдер шығарма мәтініне тігісі жатық түскен, әрі әсерлі, әрі орынды тілдік– стильдік құралдардың бірі болып табылады.

Көркем мәтінде мақал-мәтелдерді қолдану жазушының көріктеу тәсілінің ең басты амалының бірі болып табылады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әлімбаев, М.** Өрнекті сөз-ортақ қазына. – Алматы : Қазақстан, 1967. – 18 б, 33 б, 69–70 бб.
- 2 **Қоңыров, Т.** Қазақ тенеулері. – Алматы : Мектеп, 1985. – 198 б.
- 3 **Қайдар, Ә.** Халық даналығы. – Алматы : Толғанай, 2004. – 560 б.
- Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1995. – 172 б.
- 4 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. – Алматы, 1991. – 170 б.
- 5 **Болғанбаев, Ә., Қалиев, Ғ.** Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : Санат, 1997. – 127 б. 4.
- 6 **Мұқанов, С.** Таңдамалы шығармалар жинағы «Сырдария». – Алматы : Жазушы, 1980.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*С. Ғ. Қанатина<sup>1</sup>, К. Қ. Есіркепова<sup>2</sup>, Б. М. Қадырова<sup>3</sup>*

### **Национальный познавательный знак традиционных художественных элементов**

<sup>1,2</sup>Костанайский государственный педагогический институт,  
г. Костанай, Республика Казахстан;

<sup>3</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,  
г. Павлодар, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*S. G. Kanapina<sup>1</sup>, K. K. Esirkepova<sup>2</sup>, B. M. Kadyrova<sup>3</sup>*

### **National cognitive sign of traditional artistic elements**

<sup>1,2</sup>Kostanai State Pedagogical University,  
Kostanai, 110000, Republic of Kazakhstan;

<sup>3</sup>S. Toraihyrov Pavlodar State University,  
Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье рассматриваются стилистические особенности сравнений в пословицах и поговорках, стабильность их в использовании, которые передают глубокую философскую мысль в миропознании. А также рассматривается роль сравнений в познании явлений в мире, как художественное выражение слова.*

*The article deals with the activities of comparisons in proverbs and sayings, stability in the use of words, formulate a deep philosophical thought in the cognition of the world and life, and make an all-round analysis. The activity of the relations is considered as an artistic expression of things and phenomena in the world.*



**С. Ф. Қанапина<sup>1</sup>, К. Қ. Есіркепова<sup>2</sup>, Б. М. Қадырова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>kanarina.71@mail.ru; <sup>2</sup>kenzhe.1810@mail.ru

**ҒАЛАМДЫҚ ТІЛДІК БЕЙНЕНІҢ ҚАЗАҚ  
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

*Мақалада қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі, ұлттық танымдық құрылымдар негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдер ғаламдық тілдік бейнесінде этнос болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының көріністерін беретіндігі және тіл қазынасында сақталатындығы қарастырылған.*

*Кілтті сөздер: ғаламдық бейне, мақал-мәтел, концепт, тіл мен этнос.*

**КІРІСПЕ**

Жалпы, «ғаламдық бейне» адамның өзі тәрізді өте көнеден келе жатқан түсінік екендігі белгілі. Яғни, адам баласының дүние, ғалам туралы түсініктерді құрастыра бастауы, ғалам бейнесін жасауы уақыт жағынан антропогенездік процеспен сәйкес келеді. Түркі әлемінде ол Күлтегін ескерткіштерінде–ақ берілген. Ал термин ретінде «ғаламдық бейне» ғылымға XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде ене бастады. Орыс ғалымы В. С. Швыревтың мына тұжырымын көрсетуге болады: «Под научной картиной мира понимают систему наиболее общих представлений о мире, вырабатываемых в науке и выражаемых с помощью фундаментальных понятий и принципов этой науки из которых дедуктивно выводятся основные положения данной науки. С картиной мира связывают исходные предпосылки рассмотрения мира, содержательно-онтологические построения научного знания, глубинные структуры, лежащие в основании научно-познавательной деятельности» [1, 38 б.]. Бұл анықтама авторының ғаламдық бейненің мәнін адамның ғылыми танымдық қызметінің негізінде жатқан терең де күрделі құрылымдармен байланыстыруын өте орынды деп білеміз.

Ал лингвистикада бұл проблемамен айналысудың қажеттігі ғаламның ежелгі құрылымдық бейнесін қалпына келтіру, мәтін семантикасын реконструкциялау, семантика мәселелерін шешуде өзінен-өзі келіп туындайды. Ғылымда, ғалам моделін дүниежүзінің халықтарына ортақ, универсал қасиетке ие семантикалық қарама-қарсылықтар тобы арқылы бейнелеуге болады деген пікір қалыптасқан. Мысалы, орыс тіл біліміндегі этнолингвист-ғалымдар В. В. Иванов және В. Н. Топоров ежелгі дәуірдегі славяндардың ғалам туралы түсінігін, ғаламдық моделін мынандай семантикалық оппозициялар арқылы көрсетеді: белый – черный, бессмертие – смерть, близкий – далёкий, весна (лето) – зима, день – ночь, жизнь – смерть, свой – чужой, мужской – женский, счастье – несчастье, человеческий – звериный, чистый – нечистый и т.д. [2, 6 б.]. Келтірілген мысалдарға зейін қойып қарасақ, мұнда уақыт пен кеңістік аралығында өмір сүретін дүниенің әр түрлі бөлшектері берілген. Авторлардың анықтаған осы өлшемдері ғаламдық бейнені әр қырынан анықтап, дүниедегі болып жатқан барлық құбылыстарды адам баласының таным көзімен бағалауға мүмкіндік береді. Жалпыға ортақ ғаламдық бейне жеке адамдардың бір-бірімен түсінісуіне, пікір алмасуына, қауым болып өмір сүруіне жағдай жасайды. Әрбір жеке адамның ойы таным-дәрежесіне сай ғаламдық бейнесі де әр түрлі болады. Бірақ соған қарамастан жеке адамдар бір-бірімен тіл арқылы табысып, ортақ шындыққа көз жеткізіп жатады. Себебі жеке адамдардың дүниетанымы жоғарыда айтылып кеткен жалпыға ортақ ғаламдық бейне негізінде қалыптасады. Бұл қатынастар ғаламның тілдік бейнесі арқылы жүзеге асады. Тіл мен ойлау және тілдік қатынас туралы ғалым Ф. Ш. Оразбаева: «Тіл – табиғатпен тығыз байланыста жаратылған ерекше құбылыс. Ол өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары тұрғысынан табиғат пен қоғамның қалыптасуына, дамуына әсер етеді. Тілдің өзіне ғана тән әлеуметтік, қоғамдық сипаты бола тұра, ол жалпы табиғи процестерден, табиғат пен қоғамнан тыс қарастырылмайды, қайта сол жалпы заңдылықтармен тығыз бірлікте қарастырылады. Тілдің қатысымдық қасиеті – оның барлық ерекшеліктерінің ішіндегі ең маңыздысы және ең бастысы. Сондықтан лингвистер тілдің мәнін айқындауда оның әр түрлі жақтарын сөз ете келіп, соның ең қажеттісін жіктеп шығаруға тырысады. Тілді анықтау, оның негізгі белгілерін көрсету, кейде шартты ұғымдар арқылы іске аспайды. Оның оймен, санамен байланысты қарастырылуының өзі тілдің ерекшелігін аңғартады» [3, 99–101 б.].

Тіл өзін – өзі тудырушы, ұйымдастырушы, реттеуші, дамытушы қабілетке ие. Тілдің бұл сипаты кездейсоқтыққа жол бермейді. Адам санасында туындайтын тіл сана арқылы жасампаздыққа ие бола тұрып сананы құруға қатысады. Бұлар бір – бірінсіз мүмкін емес.

Когнитивтік семантикада мағынаның онтологиялық, концептуалды, контекстуалды, коммуникативті негіздері тоғыса қарастырылады. Мағына



– шындықты құрушы, оның көрінісі және тасымалдаушысы. Сөздің өзінің тәуелсіз мағынасы мен оның әрбір жеке қолданысының әр түрлі контекстегі қайта жасалуындағы мән өзгерісінің түсіндірілуі, концептуалды білім құрудағы сананың болмысына, қабылдау деңгейі мен дүниені түсіну тәсілдерінің артында жасырын тұрған түрлі факторларға, өзі қатысты этникалық мәдени дәстүр мен әлеуметтік жағдайға тікелей қатысты болады.

Шындықтың концептуалдану тәсілдері мейлінше күрделі лингвистикалық әрекеттер деңгейінде орындалады. Мұнда объективті сыртқы дүние бейнесінің танымдық тұрғыдан когнитивтік игерілуі ғана емес, адам санасының креативтік қызметінің негізінде пайда болған екінші шындық – идеалды мазмұнды мағына қорының когнитивтік өңделуі, қолданылуы ескерілуі қажет.

Зерттеу нысанасы тіл мен мәдениет болып табылатын салалардың қатарына «лингвоәлеттану», «лингвоәлеттаным», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика» жататыны мәлім.

Е. Жанпейісов М. О. Әуезовтың 20 томдық шығармаларының толық жинағы негізінде қазақ тілінің этномәдениеттік лексикасына тарихи-семантикалық және этимологиялық талдау жасаған. Сонымен қатар, қазақ тілінің этномәдени лексикасының негізгі семантикалық топтарын көрсетіп, оларды фонемалық, морфемалық, лексикалық деңгейде жан-жақты ғылыми тұрғыда қарастырған [4, 266 б.]. Р. Иманалиева өз еңбегінде қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің этнолингвистикалық кеңістікте орналасуын мифологиялық, этнопсихологиялық тұрғыдан түсіндірсе [5, 189 б.], Ә. С. Айқұлова зерттеу жұмысында қазақ әдеби прозасындағы символдар мен этнотұрмыстық белгілердің орыс тіліне аударылуын арқау етеді [6, 130 б.]. Ғалым Ж. А. Манкеева өз зерттеуінде қазақ ұлтының рухани өрісімен сабақтас қалыптасқан, материалдық өндірістік деңгейін белгілейтін, кумулятивтік қызмет арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан заттық мәдениетке қатысты сөз қазынасын ұлттық болмысқа, мазмұнға қатысты анықтауды мақсат еткен [7, 282 б.]. Ғалым Г. Ж. Снасапова өз зерттеуінде шығармадағы әрбір лингвомәдени бірлікті дүниенің тілдік бейнесін айқындаушы лингвомәдени көрсеткіш ретінде қарастырады [8, 54 б.]. Ал ғалым Ш. М. Елемесова [9, 54 б.]. көркем мәтіннің тілдік ерекшеліктерін лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық талдауларын психоллингвистикалық негізбен байланысты қарастырған [9, 31 б.].

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мағынаның концептуалды теориясына сай сөз мағынасы оның ұғымы да болып табылады. Мағына – шындықты құрушы, оның көрінісі және тасымалдаушысы. Сөздің өзінің тәуелсіз мағынасы мен оның әрбір жеке

қолданысының әр түрлі контекстегі қайта жасалуындағы мән өзгерісінің түсіндірілуі, концептуалды білім құрудағы сананың болмысына, қабылдау деңгейі мен дүниені түсіну тәсілдерінің артында жасырын тұрған түрлі факторларға, өзі қатысты этникалық мәдени дәстүр мен әлеуметтік жағдайға тікелей қатысты болады. Этнолингвистиканың, елтанудың, лингвомәдениеттанудың пән ретіндегі ортақ мақсаттары мен міндеттеріне – ұлт тілі мен мәдениетін оның ақыл-ойын байланыстыра отырып, зерттеу жатады.

Сондықтан «Тіл мен этнос», «Тіл мен мәдениет» сабақтастығы, олардың өзара байланысы тұрғысынан қарастырылғаны дұрыс. Осы жағдайда ғана дүниенің тілдік бейнесі неғұрлым толығырақ түседі деп ойлаймыз.

«Тіл мен этнос» мәселесі қазақ тіл білімінде жаңа қырынан ғалым Ә. Қайдардан бастау алып, мақал-мәтелдер ұлттық мәдениет, ұлттық таным тұрғысынан зерделенді. «Ұлттық танымдық құрылымдар негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдер этнос болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының көріністері. Ал «этнос» ұғымы «ұлт» ұғымына қарағанда тереңірек уақытты қамтиды. Атап айтқанда, ол сатылап даму барысында **аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық** та дәуірлерді басынан кешірген адамдар қауымдастығын танытады. Олай болса, этностың басынан кешірген жоғарыда көрсетілген барлық кезеңінен толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады» [10].

Ұлтқа ғана тән мәдени концептілер туралы В. Н. Телия: «Это в самом общем виде интерпретация денотативного или образно-мотивированного, квазиденотативного аспектов значения в категориях культуры» деуі осының айғағы [11, 288 б.].

Осыған байланысты «тіл әлемі» – этностың өзін танып білудің қайнар көзі. Осы кезеңге тән ғаламды танудың, ойлау жүйесінің түрі ұлттық танымның мазмұндық межесі деп бағаласақ, оны бейнелеудің, тілде сақтаудың және қолданудың тұрпаттық межесі (план выражения) – тілдегі мақал-мәтелдер. Ғалым Ислам Айбарша: «Дүниенің тілдік суреті дегенімізді біз тілде көрініс тапқан жалпы ұлт өкілдеріне ортақ ұжымдық ұлттық мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім жүйесі. Дүниенің тілдік суреті феномені тіл мен ойлаудың өзара қатынасын танымдық (когнитивтік) ғылымы шеңберінде қарастыру қажеттігін туындатады» – деген тұжырым жасайды [12, 13 б.].

Тіл білімінде пікірталас туындатқан «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. «Концептің» «ұғымнан» басты айырмашылығы соңғысында энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни «концепт» «ұғымнан» кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, «концепт» сөздіктегі мағынамен қатар,

«алғашқы формасы (этимологиясы), басты тарихи белгілерін ғана қалдырып өте ықшам формасын, қазіргі заман ассоциациясын, бағалау модусын» жинақтаған көпқабатты құрылым. Демек, концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді.

Лингвомәдениеттануда «концепт» жалпы белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп танылады. Концептің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым.

Мәдени концептілердің ұлттық үлгілеріне тән ортақ және ерекше белгілерін айқындау үшін олардың тілдік көрінісін, қандай да болмасын ұғымды білдіретін сөздің этимологиясы, синонимиясы мен антонимиясы, тіркесу, контекстік қолдануы, семантикалық аялары, образды ассоциациясы, модустік бағалануы, фразеология және тілдік шаблондар құрамында берілуі – бұның барлығы әрбір ұғымды білдіретін басты концептілердің өзіндік «тілін», оларды қайта өңдеуге (реконструкция жасауға), адам санасындағы алатын орнын айқындауға мүмкіндік береді. Міне, осындай сараптама, өмірлік мәні бар дүниетанымдық концептілердің шынайы мәнін ашады.

Мақал-мәтелде кездесетін әр концептің ерекшелігіне тоқталайық. Барлық адамзат, соның ішінде қазақ дүниетанымның «қазығы» боларлық «тағдыр», «уақыт», «бақ», «өмір», «өлім» концептілеріне, сонымен бірге оларды жете танып түсінудегі қазақтың ұлттық дүниетаным ерекшеліктері қарастырылады.

«Тағдыр» концептісі қандай да болмасын халықтың мәдени мәні бар концептілердің бірі, әрі қазақ дүниетанымында да басты орын алады. Ол өзінің абстракциялы сипаттамасы бойынша өте күрделі. Жалпы, бұл концептіні теологтар мен философтар белгілі бір дәрежеде зерттеген. Біз өз тарапымыздан осы концепті түсінудегі қазақтардың дүниетанымдық түсінігінің дүниенің тілдік суретіндегі мақал-мәтелдегі ұлттық танымдық көрінісі сөз етіледі.

Ислам бойынша «тағдыр» Алланың жазмышы, яғни алдын ала белгілеп қоюы, оған мұсылман адам күнделікті санада ешбір қарсылықсыз, шыдамдылықпен көнеді. Адамның шыдамдылық, сабыр еткені, қанағат тұтып шүкіршілік еткені үшін Құдірет сый көрсетеді деген ұғым орын алады. Бәлкім осындай түсінік негізінде құдайға сенуші жалғаннан – өмірден түнілмей, оның сәтті де, бақытты кезеңдерін күтіп, «тағдырдың» келеңсіздіктерін

шыдамдылықпен, мойымай басынан өткізеді. Түркі халықтарында, соның ішінде қазақтарда осы концептіні түсінуде тағдырға көнумен қатар, оның алдында дәрменсіздігі жазушы Ғ. Мұстафиннің шығармасында мынадай мақал-мәтелдерде көрініс тапқан: «Жақсы келдің, Мейрамжан, бір жасадым. Әкең марқұмның еті тірі жігіт еді. Кәсіп іздеп олай-бұлай өткенде соқпай кетпейтін. «Әкең өлсе өлсін, әкеңді көрген өлмесін». Біздей шалдың тірі отырғаны да сенің бағың. Сұрап, біліп қал.

Талай жасқа келдіңіз, талайды көрдіңіз. Енді не көргіңіз келеді?

Соның бәрі бір күндей болған жоқ. Таусылмас үмітті тауысатын бір ғана нәрсе бар екен. Балам өлді, белім сынғандай шойырылып жаттым. Бірақ, баладан үміт кесілмеді. Әйелім өлді. Үйдің иесіз қалғаны – дүние иесіз қалғандай көрінді. Бірақ, әйелден үміт кесілмеді. Жан мұрын ұшына келе ұш рет ауырдым. Тіршіліктен үміт кесілмеді. Қабырғамды қайыстыра қайғы шіркін басқанда, үміт ылғи демей берді. Сол мойымас үмітті кәрілік құртты. «Жасарам» деп селт етпейді көңіл. Тереңге шым батып барам. Қайта шығар дәрмен бар ма! Дәрменсізден жаман бар ма!

Мейрам блакнотын алып жазып қойды:

«Тағдыр менің қолымда болса – осындай жақсы шалдарды жиырма беске қайта келтіріп, жиырма бестегі кейбір берекесіз жігіттерді сексен беске бір-ақ көтерер едім» («Қарағанды» 330–331 бб.).

Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

«Өмір» мен «өлім» концептілерінің жалпыхалықтық мақал-мәтелдердегі: көрінісі мынадай: «Туғанға жыламаймын, өлгенге жылаймын»; «Ажал ажарыңа да қарамайды, базарыңа да қарамайды»; «Біреудің ажалы оттан, біреудің ажалы судан»; «Дүниенің қадірін берерде білерсің, жанның қадірін өлерде білерсің»; «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ»; «Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес»; «Өзгеге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле»; «Өмір озады, ажал тозады»; «Өзен ағысын бөлеуге болады, өмір ағысын бөгеуге болмайды»; «Өлім байдың малын шашады, жоқтың артын ашады»; «Өлімсіз дүние болмайды, өткелсіз кешу болмайды» т.б. Жазушы С. Мұқановта да «өлім» концептісі осындай сипатқа ие:

Бүркітбайдың елінен келген ағасы Серікбай: «**Өлген артынан өлмек жоқ**». Тірі кісіге тіршілік керек. Бұл қыс аяғы шұбалаңқылау. Ауылдағы қарақұраның азығы да таусылуға жақын шығар. Біз енді, аманшылық болса елге қайтамыз, сен қайтесің, шырағым?– деді Ботагөзге. («Ботагөз» 351 б.).

«Тағдыр» концептісі қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың даму дәрежесіне қарамастан, өзінің түп негізінде философиялық танымдық концепт болып қала береді. Өйткені оның философиялық танымдық тамырын дұрыс түсінбеген күнде де ол басқа дүниетанымдық концептілердің, жалпы шындық болмыстың ұйтқысы болмас еді. Бұл концепт ешбір өзгеріске ұшырамай, өзінің абсолюттілігі мен тәуелсіздігін сақтай отырып, прагматикалық және басқа да құбылыстардан жоғары тұрады, осы айтылғанға мына мысал дәлел:

«Мен он үштен он төртке қарағанда, шешем қайтыс болды. Оның қырқын беріп жатқанда, көкемнің жанына балаған жалғыз құласы жамандатып өлді. Көкем көпке дейін үйден шықпай отырып қалды. Бір күні даладан кірсем, домбыраға қосып, баяулатып, жаңағы әнді айтып отыр екен. Көкейіме құйылып кетті. Егер біреу айт десе, дәл сол арада айтып жіберуге дайын тұрмын. Осы әнді естіп, көкемнің жақсы көретін құрбысы Дәурен ара қонып келді. Көксандық дейтін өзі мініп жүрген жақсы атын жетелей келіпті. Екеуінің әңгімесінен есімде қалған көп нәрселер әлі сақтаулы. Дәурен шешен, тақпақтап сөйлейтін кісі екен. Белбеуін шешіне отырып айтты мына сөзді: **«Ат – ердің қанаты деуші еді, қанатың сыныпты. Әйел – үйдің тұлғасы» деуші еді тұлғаң жығылыпты. «Жатырмын жүгім ауып терең сайда» деген дауысыңды естіп, шыдай алмадым. Көксандыққа еріңді сал. Ел ішіне көзіңді сал. Жетімсіретпе балаларды. «Балаға ана керек. Анасындай әйел әкел!».**

*Көкем Көксандыққа мінген соң, ел аралап жүріп, бізге ана тауып әкеп берді» («Дауылдан кейін» 100 б.).*

Славян халықтары дүниетанымында «судьба» – құдіреттің өмірді басқарып, бағыттап отырар күші. Орыс тіліндегі бұл сөздің этимологиясы да осыны айғақтағандай: түбірі – «суд» – «Божий суд» (құдайдың әмірі) – «чему быть, тому не миновать»; «не судьба». Бұл концептің семантикалық аясында тағдырды Құдайдың жазмышы хақында түсінетінін көрсететін «доля», «участь», «суждение» лексемалары бар.

Сараптама нысаны болып отырған «тағдыр» концептісінің түркілік лексикалық формасына келетін болсақ, ол тіліміздегі «талай» сөзімен беріледі.

Келесі басты концепт – «бақтың» түркілік формасын ежелгі түркі жазбаларында «құт» – жаратушының берер бақыты ретінде танылған формасы деп білеміз.

Ж. П. Рудың пайымдауынша ежелгі түрік заманында «Құт» сөзі «жан» мағынасында қолданылған. Қазақ тіліндегі «Құты қашты», «қатты қорықты» сөз тіркесі бұл пікірді қуаттағандай. Бертін келе семантикалық өзгеріске ұшырап, біртіндеп малға трансформацияланғанға ұқсайды: «құт» малдың төлділігімен ассоциация түзеп, малдың қорғаныш мағынасына ие болады.

Бұл қазақ ою-өрнегінде қошқар мүйіз формасында көрініс тапқан. Қазіргі қазақ тілінде бұл лексика семантикалық өзгеріске ұшырағанын байқаймыз: «құт» «байлық, береке» мағынасында қолданылады. Мысалы, *«Құтты қонақ келсе, қой егіз табар» («Көз көрген» 93 б.).*

*«Қонғаниша қонақ ұялады, қонғасын үй иесі ұялады» дейді. Қолөнерімен ғана күн көріп отырған адамбыз! Күнде келетін жігіт емессің. Бабың болмады, қонағым! Біқыласыма ғана риза болмасаң.*

*Айта көрмеңіз! Дәм таттым, сынайтын кісі мен емес, тауықты да бекер сойғансың, ағай!*

*Тауықтың етін Айбаланың пісіруі, тоқтының етіне тұрарлықтай екен. Табақ алдына келгенде Асқар көзін салса, майын шылқылдатып қаймаққа қуырыпты. Табаққа қуырдақты төккеннен кейін, әр жерінен аршыған он шақты жұмыртқа қойыпты. Табақтың шетіне бір-бір ағаш қасық салыпты» («Ботагөз» 18 б.).*

Қазақ тілі мен мәдениетінің иесі екеуі де тұрлаусыз болғанымен «Бақыттан» гөрі «Бақ» концептісіне көп мағына берген: «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған **бақ та, бақыт** та қонбайды» (Баласағұн). Әйтсе де, екіншісі біріншісіне қарағанда ұзағырақ та, баяндырақ.

Ұлттық дүниетанымда бармақтай ғана «бақ» адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті: «Бармақтай бақ берсін» деген бата тілек осыны көрсетеді.

«Бақ» жаратушының адамның белгілі бір іс-әрекетіне қарай немесе жайдан-жай беріле салынады деген түсінік бар. *Адам жаратушыға жалынып бақ сұрайтыны да содан: «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер», «Бақ қонған жеріне қонады, мал біткен жеріне бімеді» («Көз көрген» 200 б.).*

«Бақыт-қолға қонған құс, Байлық-қолға ұстаған мұз» деген мақалда адам басына келіп-кетіп тұратын бақыт пен байлықтың тұрақсыз, аумалы-төкпелі құбылыс екенін, яғни бақыт кей адамдардың қолына анда-санда бір қонатын, сондай-ақ ұшып кететін құс тәрізді тұрақсыздығын, байлық болса, ол да бірде бар, бірде жоқ, жылы қолда еріп кете беретін мұз сияқты, тұрақсыз нәрсе екендігін аңғартады. Ауыспалы мағынада, адамның басына қонған бақыт пен байлық-тұрақсыз құбылыстар, ұстай білмесең, күте білмесең-құс сияқты ұшып кететін, мұз сияқты еріп кететін құбылыс. Күте білген, бағалай білген адамның басында тұрақтап, баянды болуын аңғартады.

«Бақ» пен «бақыт» концептісіне қатысты жалпыхалықтық мақал-мәтелдер: *«Басына бақ қонатын жігіттің, ұлы етті, қызы көрікті болады»; «Дарияны теріс ағызған ақылдан, бармақтай бақ ілгері»; «Жақсы әйел, жігітке біткен бақ, жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ»; «Батыр ортақ, бақ жалқы»; «Бақ келді деп таспа, жау келді деп саспа»; «Бассыз*

*берген мал мазаң, бақсыз берген тіл мазаң»; «Өзің жеңіп алмасаң, бақыт келмес әрқашан» т.б.*

Әсіресе «бақ» көбінесе қыз балаға, әйел адамға бағышталатынын байқауға болады. Оның прагматикалық интенциясы әйел бағының тұрмыс құруымен, бала сүюімен айқындалады. «Бала-артта қалған із, Бақыт-ұзатылған қыз» деген мақал әрбір адамның бағып-қағып, өсіріп, адам қатарына қосқан баласы, оның артында қалдырған ізі, өмірінің жалғасы. Баланың бірі бой жетіп, ұзатылған қызы сол өмірінің бір бақытты сәті, қуанышы. Өйткені, «Ұл туса-ұланың, Қыз туса-өрісін» дегендей, дүниеге келген ұлы мен қызын бірі-өмір жалғасы болса, бірі-өрісінді кеңейткен қуаныштың дегенді білдіріп тұр. «Баланың өзі-өзі, әдебі одан да-әзіз» деген мақал бала туған туыстары, ата-анасы үшін қымбат та сүйікті жан, отбасының қуанышы. Егер ол бала әрі тәлімді-тәрбиелі, қылықты да әдепті болса, одан да сүйкімді, қадірлі болатынын меңзейді. Той жоралғыларында үлкен жастағылардың жас жұбайларды маңдайынан сүйіп, бақ тілеуі бақ маңдайда жазылады деген түсінікпен ұштасып жатыр: «маңдайы ашылу», «маңдайының ырысы бес елі», «маңдайына біткен» – бақытты болу, «маңдайына сыймау» – бақытсыздыққа ұшырау дегенді білдіреді.

Мұндай түсінік көптеген халықтардың дүниетанымына тән. Халық арасындағы маңдайға түсіп тұрған кекілдің әйелдің көп ұзамай жесір болатынының белгісі деген таным түсінігінің айғағы. Бұл тұста жалпы шаштың өзіндік символикалық мәдени танымдық мәні де бар екенін көреміз. Түркі халықтарында шаш өмірлік мәнге ие символдардың бірі ретінде қарастырылады. Алтайлықтар, жалпы түркі халықтары шөпті жердің шашы деп түсініп, оны тамырымен жұлмаған. Ол өсу, даму, ұрпақ жалғастығының символдық белгісі болған.

Парсы тілінен енген пешене (парсы: «пишани») сөзі 1. маңдай; 2. Тағдыр дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі «пешенесіне/ маңдайына жазылған» сөз тіркесі бағы бар немесе тағдыры жөнінде айтылады. Халықтық танымда маңдай «бақ» қонар жер болуға тиіс, сондықтан да оны жабуға болмайды деген түсінік болғанға ұқсайды: «маңдайының ырысы бес елі». Қарама-қарсы мағынадағы сор (парсы: «шур») 1. тұзды; 2. бақытсыздық та маңдайда орналасады деп түсінген: «маңдайының соры бес елі», «сор маңдай» – бақытсыз дегенді білдіреді.

«Бақ-дәулет» сөз тіркесі бақты байлықта, дәулетте деген түсініктің орын алатынын көрсетеді. Әйтсе де, «бақ» концептісінің ішкі коннотациясында материалдық байлық, екінші қосалқы мәнге ие: «Ішпей-жемей, киместен кетеді өліп, кей жаман мал бітсе де бақ қонбаған» (Шал ақын).

«Бақ» концептісінің семантикалық аясында жоғарыда көрсетілген «Бақ – бақыт (бақ-дәулеттен)» басқа «нәсіп-сыбаға» (насибун) нәсіп: 1. Сыбаға, үлес,

бөлік; 2. тағдыр лексемаларын айқындауға болады. «Нәсіп» те жаратушының берген сыйы ретінде қабылданады. Оны түсінудегі бір ерекшелік адамның оң іс-әрекетімен байланысты, соған орай түрлі тыйымдар пайда болған. Қазақ мәдениетінде құдайы қонақтың ішкі мәдени коннотациясы осы «нәсіппен» ұштасып жатыр: «Қонақ – атаңнан да үлкен», «Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал», «Қонақтың алдына ас қой, екі қолын бос қой» деген мақалдар дәлел.

Егер киіз үй құрылымын – көшпенділердің дүниетанымы жүйесі ретінде қарастыратын болсақ, **төр** мен **босаға** маңызды бинарлық қарама-қайшылықтағы біртұтастықты білдіреді: «Жаман әйел жақсы еркектің төрдегі басын есікке сүйрейді, жақсы әйел жаман еркектің есіктегі басын төрге сүйрейді». Осы мақал «**төр**» символымен ұштасып жатыр.

Қазақ социумында төрге байланысты белгілі бір этикеттік нормалар қалыптасқан. Оның еуропалық мәдениетке қарағанда ерекше екендігі де белгілі. Төрдің сакралдылығын қазіргі заман мәдениет иелері әлі сақтайды деуге болады.

Жалпы, «**төр**» мен «**босағаны**» қарама-қайшылықта қарастыру жоғары-төмен моделі бойынша динамикалық дамуды – жас мөлшеріне байланысты өмір жолы. Балалар төменде, ал үлкендер жоғарыда – төрде орналасу моделін көрсетеді. **Төр** – құрмет символы мен **көр** – адамның соңғы барар жерімен қарама-қайшылық белгілері негізінде, яғни, «**өмір**» мен «**өлім**» макрофреймін құрағандай: «Тәрбие туған күннен басталып, **көрге** кіргенде гана бітеді», «Бір аяғы жерде, бір аяғы **көрде**», «Адам үш күннен кейін **көрге** де үйренеді». Жалпы «**есік**» пен «**босаға**» сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі берекелік пен тыныштықты сақтауыш ретінде танылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Өйткені, қазақ мақал-мәтелдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады. Сондықтан да мақал-мәтелдерде астарлы ой, символдық мағына, көркемдік таным үлгілері басым. Лингвомәдени бірліктерді ұлт менталитетін айқындайтын, ұлт дүниесінің тілдік бейнесін жасаушы мақал-мәтелдерді қарастыра отырып, Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов прозасындағы дүниенің тілдік бейнесін айғақтаушы лингвомәдени бірліктер тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық таным, өркениет уәждерінің өзара байланысы арқылы танылғанын байқауға болады.

Мақал-мәтелдер дүниенің тілдік бейнесін беруде өзіндік ерекшеліктері бар екені байқалды. Дүниенің тілдік бейнесінде образдылық айнала қоршаған болмыс жайлы шындықты түсіндіруге ықпал жасайды. Сондықтан да дүниені мақал-мәтел көмегімен танып-білудің маңызы зор. Өйткені дүниенің



тілдік бейнесі ұлт өкілдерінің ғасырдан-ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге көзқарастарынан тұрады. Ал мақал-мәтелдерде халық даналығы, құндылықтар жүйесі, қоғамдық мораль, ұлттың дүниеге, адамдарға және басқа ұлттарға деген қарым-қатынасы тәрізді маңызды ақпараттар жинақталған.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Швырев, В. С.** Научное познание как деятельность. – Москва, Наука, 1984, – 238 с.
- 2 **Иванов, В. В., Топоров, В. Н.** Славянские языковые моделирующие семиотические системы (древний период). – Москва, 1965. – 256 с.
- 3 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1996, – 314 б.
- 4 **Жанпейісов, Е. Н.** Этнокультурная лексика казахского языка. Фил. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1991, – 296 б.
- 5 **Иманалиева, Р.** Этнолингвистические вопросы изучения средств выражения пространственной ориентации в казахском языке. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1989, – 143 б.
- 6 **Айқулова, А. С.** Проблемы перевода казахских символов и этно-бытовых знаков на русский язык. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1999, – 137 б.
- 7 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы. Фил. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1997, – 314 б.
- 8 **Снасапова, Г. Ж. Ғ.** Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003, – 141 б.
- 9 **Елемесова, Ш. М.** Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша). Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003, – 127 б.
- 10 **Қайдар, Ә.** Халық даналығы. – Алматы : Толғанай, 2004. – 560 б.
- 11 **Телия, В. Н.** Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва : Школа языка и русской культуры, 1996. – 288 с.
- 12 **Ислам Айбарша.** Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004, – 251 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*С. Ф. Қанатина<sup>1</sup>, К. Қ. Есіркепова<sup>2</sup>, Б. М. Қадырова<sup>3</sup>*

**Казахские пословицы и поговорки - это проявление глобальных языковых картин мира**

<sup>1,2</sup>Костанайский государственный педагогический институт,  
г. Костанай, Республика Казахстан;

<sup>3</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,  
г. Павлодар, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*S. G. Kanapina<sup>1</sup>, K. K. Esirkepova<sup>2</sup>, B. M. Kadyrova<sup>3</sup>*

**Kazakh proverbs and sayings in the manifestation of the linguistic picture of the world**

<sup>1,2</sup>Kostanai State Pedagogical University,  
Kostanai, 110000, Republic of Kazakhstan;

<sup>3</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University,  
Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье рассматривается культура казахского народа, языковая картина мира в этнической образности пословиц и поговорок, сформированных на основе национальных когнитивных структур. Пословицы и поговорки в лингвистическом контексте обеспечивают проявления духовного мировоззрения этноса, культуры и языковых сокровищ нации.*

*The article examines the culture of the Kazakh people, the picture of the ethnos in the global image of proverbs and sayings, formed on the basis of national cognitive structures. Proverbs and sayings in a global linguistic context provide manifestations of the spiritual worldview of an ethnos, culture and linguistic treasures.*



**М. Е. Какимова<sup>1</sup>, Ж. Т. Қадыров<sup>2</sup>, Т. А. Ахметова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>п.ғ.к., доцент, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы

e-mail: [2zhkadyrov\\_777@mail.ru](mailto:2zhkadyrov_777@mail.ru)

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЫПАЙЫЛЫҚ  
ҰҒЫМЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ**

*Мақалада қазақ тіліндегі сыпайылық ұғымының мағынасы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылып зерттелген. Осы ұғымның мағынасы психологиялық, философиялық, тілі білімі тұрғысынан да сипатталған. Сыпайы тілдік бірліктердің дайын күйінде қолданылуы әдеби тіл үшін де, ауызекі сөйлеу тілі үшін де, көркем шығарма тілі үшін де норма болып саналады. Қазақ тіліндегі бұл құбылыс қазақ халқымыздың стильдік сөйлеу дәстүрі болып ертеден қалыптасып қалған болатын. Әлемдік тіл ғылымында тіл мәдениетіндегі сыпайылық «сөйлеудің тиімділік теориясы» болып аталып, екі адамның арасындағы қарым-қатынас айқындаушысы ретінде қызмет атқарады. Қазақ тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапаларға дұрыстық, дәлдік, логика, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық жататындығын айқындауға болады. Осы басты көрсеткіштерді сақтай отыра гана қазақ тілінде неғұрлым сыпайы қарым-қатынас жасауға болады.*

*Кілтті сөздер: сыпайылық, тіл білімі, тілдік бірліктер, стильдік сөйлеу дәстүрі, тіл мәдениеті, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы.*

**КІРІСПЕ**

Сыпайылық ұғымы жақсы әдеттердің көрінісі негізінде осы құбылыстың ішкі және сыртқы жақтарын зерттейді. Бірақ та, жақсы әдеттер төмен деңгейдегі мақсаттар мен адамға қатысты құрметтің жоқтығымен қатар

жүруі мүмкін. Осындай қарама-қайшылық «polite» және «courteous» сияқты ағылшын ұғымдарымен түсіндіріледі. Ең алдымен, ұғым адамның мінез-құлқының сыртқы көрсеткіштеріне қатысты. Екіншіден, сыртқы көрініс пен адамға деген жылы қарым-қатынастың үйлесуін білдіреді. Сыпайылық қоғамның әлеуметтік-мәдени ұйымымен анықталатын, сөз болып жатқан сөйлеуші, тыңдаушы және адамдар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты білдіретін күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс болып табылады [1, 76 б.].

Дәлірек айтқанда, сыпайылық категориясының формалары дербес жүйе болып саналмайды. Олар өзгермелі және тарихи уақытты қолданудың әлеуметтік мәртебесін білдіреді. Сыпайылық категориясының формалары қандай да бір қарым-қатынастың ресми және бейресми жағдайына байланысты қолданылады [2, 9 б.].

Сыпайылық категориясы жөніндегі мәселені мәдениетаралық жүйеде қарастыру кезінде ең алдымен, сыпайылық, сыйластық, ықылас, құрмет сияқты әмбебап ұғымдар әртүрлі тілдер мен мәдениеттегі әр салада сан алуан мағынаға ие болатынын білу жөн. Бір-бірін дұрыс танымайтын адамдар арасында әлеуметтік қашықтық нақты байқалады. Мұнда рөлдік мінез-құлық өзара ортақ сақтықпен және формальдылықпен сипатталады. Әлеуметтік арақашықтықтағы сыпайылық формальды көрініске ие болады. Істің шынайы жағдайын жасыратын, әңгімені жорта бұру үдерісі жүзеге асырылады. Әлеуметтік арақашықтықта сөйлеушінің тыңдаушыға қарым-қатынасы жанама түрде жүзеге асатындығы сезіледі [3, 310 б.].

Нұргелді Мақажанұлы Уәлиев сөйлеу әдебіне келгенде, оның ойды білдіру кезіндегі сөз сөйлеу қағидаларынан және әдеби нормалардан құрылатындығын өзінің жазған еңбегінде дәлірек талқылаған [4, 68 б.].

Яғни, бұл әдептің түрі сыпайылықты көрсететін жалғаулардан не болмаса тіркеуші сөздерден жасалуы ықтимал. Мұндай тілде қолданылатын құрылымдар әр түрлі қазақ тіліндегі жүйелерде қолданылады. Оларға қаратпа сөздерді, сәлемдесуді, танысуды, қоштасуды, құттықтауды, тілек білдіруді, алғыс айтуды, кешірім сұрауды, өтініш айтуды, шақыруды, кеңес беруді, көңіл айтуды, жұбатуды, құптауды және марапаттауды жатқызуға болады. Бұл тілдік көрсеткіштер әдеби жүйелерді сақтай отыра ойды білдіретін құрылымдарда қарым-қатынас жасаушылардың қоғамдағы алатын орнына, жыныстық белгілеріне, жасына, қоғамдағы алатын орнына және атқаратын қызметіне байланысты тілдің көптеген функцияларының қолданылуын айқындайды.

Танымал психолог, ғалым Мәжит Мұқанов тілдік емес амалдарды ең алғаш рет жүйке жүйесін зерттейтін ғылыммен байланыстыра отырып, оның ежелгі қазақ халқымыздың тұрмыстық қағидаларын білдіретіндігін пайымдаған. Оның тұжырымдауы бойынша тілдік емес амалдардың

жиырма сегіз түрі бар және олар бірнеше топтарға жіктеледі. Бірінші тобына сәлемдесу амалдары кіреді және оған көрісу я сәлем беру кіреді. Алғыс айтудың амал-тәсілдеріне ас қайыруды, сарқыт беруді және ақ бата беруді жатқызуға болады. Ең маңызды топтың бірі болып үлкендер мен қарияларды не болмаса ардақты адамдарды қошеметтеу амал-тәсілдері есептеледі. Ал келесі ауқымды топқа бата беру жатып ол тілек амалына ұласады. Бұл топтардың ішінде жағымсыз тілдік амалдар бар және оларға кемсіту немесе қорлау амалдары, яғни теріс бата беру, келген кісіні табалдырықта қабылдау, келген адамға ішек-қарын беру жатады. Мұңайғанның белгісі болып қайғы амалдары есептеледі және де ол топқа жылау, не болмаса өкіріп жылау кіреді. Ата-бабамыз ертеден салт-дәстүрді көрсететін түр-түрлі амалдарға, соның ішінде ерулікке, із келсе шығарып салуға аса көңіл бөлген. Сан алуан бұл топтардың құрамында бетім-ай сияқты таңғалу амалдары бар. Өтініш сұрау амалдарына кіндік шешенің құттықтауы жатады [5, 67 б.].

Ал Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар халқымыздың түрлі тілдік емес әрекеттеріне мән беріп, оларға сыпайылық көрсеткіші болатын қол шапалақтауды, сақал сипауды, жұдырық түюді, тізе бүгуді жатқыза отыра, бұндай әр тілдік амалдың өзіндік мағынасы бар екендігіне сенген [6, 88 б.].

Әр кісі белгілі бір қоғамның, мемлекеттің, этностың, ұжымның мүшесі ретінде қоғамдасып, бір-бірімен тығыз байланыста, экономикалық, мәдени, саяси сан алуан қарым-қатынаста өмір сүреді. Кез-келген адам өміріндегі осы бір алуан қырлы, күрделі қарым-қатынасты жүзеге асырудың аса маңызды таптырмас құралы тіл екені барлығына мәлім. Адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынасының қайталануының барысында, әрдайым қолданылуының нәтижесінде мықтап орныққан, әбден қалыптасып, стереотипке айналған іс-әрекеттер кездеседі. Олардың ішінен амандасу амалдарын, қоштасуды, кешірім сұрауды, құттықтауды, рахмет айтуды, ризашылық білдіруді, тілек айтуды, жұбатуды, көңіл айтуды ерекшелеуге болады [7, 102 б.].

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қоғам мүшелерінің қарым-қатынасуына байланысты қалыптасқан әдеп ережелерінің жиынтығы ғылымда «этикет» деген арнайы терминмен айтылады. Осы әдеп ережелерінің тіл арқылы жүзеге асатын жағы «сөз этикеті» деген арнайы атпен ерекшеленіп атала бастаған. Кез келген адамның сыпайылығы сол адамның сыртқы тұрпатынан және айтқан сөзінен көрінеді. Сол себептен жағымды және иманды адамдар басқаларға неғұрлым жақсы болып көрінеді [8, 93 б.].

Біздің, яғни қазақ халқымыздың сөздік қорындағы «Сіз» көрсеткіші адамдардың сыпайылығын білдіреді. Мұның мағынасы айтылған адамға

қатысты құрметті және сыйласымдықты көрсетед. Ал егер де мұндай көрсеткіш тәуелденетін болса, онда қолданылатын етістікке «-ыңыз», «-іңіз» жалғаулары жалғанады. Осылайша сыпайылықтың қасиеті екі есе арта түседі. Мысалға келтіретін болсақ, «астан алыңыз» деген сөз тіркесі үстел басында қолданылады және де «төрге шығыңыз» деген тіркес сөз үй иесінің қонаққа деген құрметін көрсетеді. Біздің менталитетімізде жасы үлкен кісілерді сыйлап немесе бұрындары кездеспеген адамдарды да құрметтеп, оларға сіз формасын қолданып сөйлеу қанымызға сіңіп кеткен. Әр адам өмір сүргенде қателесіп кемшіліктер жасау мүмкін. Бұл аңғалдықтар келесі бір кісіні ренжетуі ықтимал. Бұл уақытта «кешіріңіз», «ғапу етіңіз» сияқты сөздерді айта отырып өзінің сыпайылығын білдіреді. Ал оған жауап ретінде «оқасы жоқ» секілді сыпайылық көрсеткіші қолданылады [9, 16 б.]. Қоғам қабылдаған сыпайылықтың тағы бір көрсеткіштеріне әдептілікті айқындайтын құрметтеуді, оған қоса ардақтау мен бағалауды жатқызуға болады. Мысал ретінде келтіретін болсақ: «Аса құрметті ағамыз, біз, Сізден тараған ұрпақтарыңыз, Сіздің тоқсан жылдық торқалы тойыңызды зор құрметпен тойлағалы отырмыз!», «Ардақты анамыз, аялап өсірген балаларыңыз Сіздің ақ сүтіңізді ақтау үшін өзіңізге өмір бақи ризашылықпен қызмет етеді!». Яғни, мұндай аса құрметті сөйлемдерден кейін жасы үлкен адамдар өздерінің ақ баталарын беріп ақ тілектерін білдіреді. Сыпайылық көрсеткіштеріне теңеуді, балау сөздерін кіргізуге болады. Мысалға, ағасы інісіне де, қарындасына да «жаным», «күнім», «айым», «алтыным» деп айтса, әкесі немесе анасы, ағасы жас балаға «ботам», «құлыным» деп көңілін қаратады, бала атасына «аташым», апасына «апатайым», ағасына «ағатайым» дей отыра олардың құрметті адамдар екендігін мойындайды. Егер адамдар бір біріне қандай да бір жақсылық жасайтын болса, онда олар «рақмет» деген нағыз сыпайы сөзді қолданады. Бұған сөйлесуші адам міндетті түрде жағымды леп білдіріп «денсаулығыңызға бұйырсын», «көңіліңіз қош болсын» сияқты сөз тіркестерін айтады. Ал егер де айтылған сыпайы сөзге адамдар ешнәрсе айтпаса, онда бұл әдепсіздіктің көрсеткіші болып табылады [10, 156–163 бб.].

Тіл білімі саласында зерттеу жүргізген Д. А. Әлкебаева қазақ халқымыздың ең басты сыпайылығының белгісі болып үлкен адамдарды сыйлау есептеледі деп айтқан болатын. Осы себептен жасы үлкен кісілермен сөйлесу алдында олардан рұқсат алады: «рұқсат етіңіз», «мүмкін бе?», «мархабат етіңіз», «мүмкін болса», «ренжімесеңіз». Мұндай зор құрметке лайық ардақты адамдар алдында ешбір дөрекі сөз не болмаса қимыл жасалынбайды және жасалынған кезде дөрекілікті, яғни, әдепсіздікті білдіреді. Ал қазақ халқымызда бұл жағымсыз сөз «ақымақтық, нақұрыстық» секілді сөздерге пара-пар келеді. Біздің елімізде әдепті және сыпайы

адамдарды аса жоғары бағалайды да, оларды бақыттылар деп есептеген. Себебі тек сыпайы құрылымдарды қолдана білген адам ғана өмірінде үлкен жетістіктерге жете алады [11, 110 б.].

Сөз этикетіне келетін болсақ, оның адамдардың өзара қарым-қатынасын реттеп отыратын, олардың өзара байланыс орнатуына ұйтық болатын арнаулы қызметі болады. Осылайша, қоғамның, ұжымның, жеке адамдардың рухани ахуалының сау-саламат болуына сөз септігін тигізіп отырады. Тәуелсіздігімізге жетіп, егемен ел болып жатқан осы бір кезеңде республика жұртшылығының рухани ахуалының сау болуы, қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынастың оң бағытта дамуы біздің мемлекет болып қалыптасуымызға аса қажетті болып табылады [11, 113 б.].

Егер ғылыми тұрғыдан зерттейтін болсақ, сөз этикеті негізінен фатикалық, аппелятивтік, конативтік, эмотивтік, волонтеративтік, регулятивтік қызметтер атқарады. Бұл құбылыстар арқылы халықтың болмысын, сана-сезімін, дүниеге деген көзқарасын түсінуге болады. Бүгінгі ғылым үшін тілдік қарым-қатынас кезінде жұмсалатын, этикеттік мәнге ие болатын сөздер мен сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды, олардың құрылымдық, семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеудің маңызы ерекше болып тұр [12, 7 б.].

Бұл ұғым өз бастауын мораль мәселелерін зерттейтін философиялық ғылым этикадан алады. Этика моральдің қоғамдағы орнын, оның шығу тарихы мен мәнін т.б. мәселелерін зерттейді. Этика, мораль сөздерінің мағынасы қазақ тіліндегі адамгершілік ұғымына келіп саяды. Этиканың міндеті адам өмірінде кездесетін іс-әрекеттерді адамгершілік тұрғыда шешу мәселелерімен айналысу. Ал этикет болса, этика ғылымы зерттейтін мораль ережелерінің бір бөлігі болып саналады [13, 14 б.].

Этикет ұғымына адамдар өздерінің түрлі көзқарастарын білдіріп жатады. Кейбір этикетті қолдамайтындар әдепті көріну үшін ғана өздерін сыпайы ұстайды. Адамның ішкі жан дүниесі таза болса болды, ал сыртқы дүние көбінесе алдамшы келеді. Ал этикетті жақтаушылар былай дейді: «Барлық өтірікшілер, екіжүзділер сыпайы көрінеді. Бірақ, бұл нені дәлелдейді? Бес саусақ бірдей емес дегендей, сыпайы адамдардың барлығы өтірікшілер емес қой. Ал өтірік айтушылар, екіжүзділер сыпайылық өте керемет қасиет болғандықтан соның ығына тығылады» [14, 86 б.].

Қазақ тіліндегі сөйлеу этикасы бұл әр түрлі қарым-қатынас жағдайларындағы сөйлеу тәртібінің ережесі және этикалық нормалардың жиынтығы. Сөйлеу этикасы риторикалық этика деп те айтылуы мүмкін. Сөйлеу этикасы жалпы адамзаттың этикалық құндылықтарын, ұлттың этикалық алғышарттарын, жеке тұлғаның этикасының байлығын өзіне тірек ете алады [15, 27 б.]. Сөйлеу тәртібі ұлттық мәдениет, әдет-ғұрып, салт жоралғылармен,

жеке тұлғаның тілді қолдану тәрбиесімен, тұрақты тәжірибесімен тікелей байланысты екендігі анық. Сөз этикетіндегі негізгі ерекшеліктің бірі болып кез-келген тілдегі этикет тілдік бірліктердің белгілі бір дәрежеде жүйеге келуі. Кез келген тілде амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, ризашылық білдіру, алғыс айту, жұбату, рахмет айтудың қалыптасқан стандарт түрлері бар. Оларды жас, жыныс ерекшелігіне қарай белгілі бір формасын қолданғанмен әр адам амандасу, қоштасу немесе рахмет айту формаларын өздері ойлап таппайды. Көркем шығарма мәтіндерде де, ауызекі сөйлеу тілінде де белгілі бір этикет сөз, сөз тіркесі, сөйлем дайын тілдік бірлік ретінде қолданылысқа ие [16, 19 б.].

Сыпайы тілдік бірліктердің дайын күйінде қолданылуы әдеби тіл үшін де, ауызекі сөйлеу тілі үшін де, көркем шығарма тілі үшін де норма болып саналады. Ал сөз этикетіндегі стандарт тілдік бірліктердің негізгі белгілері, дәлірек айтқанда, құрамының тұрақтылығы, үнемділігі, дыбысталуының үйреншіктілігі, мазмұнының көпшілікке түсініктілігі, қолданысқа икемділігі, дайын тілдік бірлік ретінде қолданылуы. Қазақ тіліндегі сөз этикетіндегі стандарттылық кездейсоқ пайда болған құбылыс емес, ұзақ уақытқа созылған тіл тәжірибесінің нәтижесі. Стандарт тілдік бірліктердің туып, қалыптасуына әсер ететін бірнеше жағдаяттарды атауға болады. Оның бірі болып күш-жігерді үнемдеу заңы негізінде пайда болған тілдік экономия есептеледі. Қарым-қатынас негізінде сөйлеу этикеті маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Сонымен, сөз этикеті дегеніміз, қорыта айтқанда, адамдар арасында байланыс орнату үшін жұмсалатын, сол байланысты жалғастыра беру мақсатында қолданылатын ұлттық ерекшелігі бар стереотипке айналған сөздер мен тұрақты сөз орамдары [17, 31 б.].

Қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынас кезінде қайталанып отыратын біртектес, қалыптасқан жағдайлар мен ұғымдар сыртқы лингвистикалық көрсеткіш ретінде сөз этикетіндегі стандарт тілдік бірліктерді тудырады. Осының нәтижесінде тұрақты тілдік стереотип қалыптасады. Қалыптасқан тілдік бірліктердің негізгі қасиеті олардың құрылымы мен семантикасының тұрақтылығы, өзгермеген, яғни, дайын күйінде қолданылуы болып саналады. Дәлірек, сөз этикетіне қаратпа сөздер, сәлемдесу, танысу, қоштасу, құттықтау, тілек білдіру, алғыс айту, өтініш айту, кешірім сұрау, шақыру, кеңес беру, көңіл айту, жұбату, құптау, марапаттау формалары және құрылымдар жатады. Мұндай құрылымдар мән-мазмұны мен қолданыс ерекшелігіне қарай тілдің бірнеше қызметін анықтап, атқарып отырады. Сөз этикетінің тыңдаушы назарын аудару, байланыс орнату, сыпайылық таныту, тыңдаушының көңілін аулау, ерік білдіру, түрлі көрсеткіштерге байланысты коммуниканттарды жіктеу қызметтері атқарылады. Есте боларлық ерекшелік болып сөз этикетінің қызметтері жеке дара, дербес күйде емес, бір-бірімен жанаса, жарыса жүзеге асырылуында [18, 23 б.].

Қарым-қатынас жасаушылар арасында жүретін қаратпалар ұлттық этикетпен тығыз байланысты болып табылады. Қарым-қатынас процесінде ер адамдар қатынастағы адамының жасын, жынысын, әлеуметтік орнын жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық сөйлеу этикетін сақтай келіп, өз жөнімен, айту жолымен жалпы есімді немесе қаратпа сөздерді теріп қолданады. Қаратпа сөздерді қолдану арқылы ерлер коммуникативтік қатынастағы адамын эмоциясыз өзіне көңілін аудартады. Әйелдер мен ерлердің қолданысында қаратпалар айтылу мақсатына қарай кездеседі. Ұлттық этикет бойынша ерлер мен әйелдер салт-дәстүрлердің тәртіптеріне бағынған. Әйелдердің сөйлеу этикетіндегі ат тергеу де қарым-қатынас орнатудың ұлттық белгісі, тәртібі болып саналады. Ат тергеу салты арқылы әйелдер біріншіден, қатынастағы адамын өзіне қаратады, екінші ден, онымен дұрыс қатынас орнатады, үшіншіден, жалпыға ортақ ұлттық дәстүрдің негізін ұстайды [19, 15 б.].

Қазақ тілінің тіл болып қалыптасу барысының қай кезеңінде болса да сөз иесінің сыпайылығын білдіретін тілдік қарым-қатынас әрқашан адамдардың назарын аударып халқымыздың сауаттылығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Қазақ тіліндегі бұл құбылысты зерттеу барысында орыс лингвисті Лев Петрович Якубинский қазақ халқының күнделікті тұрмысында қолданылатын қалыпты ауызекі сөзді айқындаған болатын. Мысалға, «Мейрамыңыз құтты болсын!» деген құттықтау сөзіне кез келген әдепті адам «Рахмет» деп жауап беред. Тағыда бір мысал келтірсек, «Нәрестенің бауы берік болсын!» деген жылы сөзге «Айтқаныңыз келсін» деп өзінің сыпайылығын білдіреді. Осылайша қарапайым халық сыпайы сөз тіркестері мен тілдік бірліктерді жадында сақтап, сәті түскенде тиімді қолданып отырады.

Мұндай өзара құрмет негізінде қалыптасқан қарым-қатынас сәтті қадамға жол бастырады және сол адамдар арасындағы мідениетті ара қатынастың орнауына септігін тигізеді. Осындай қалыптасқан тұрақты сөз байламдар сөйлеу этикетінің бірліктерінің кішкене бөлігін негіздейді. Бұл этикет түрінің тілдік құбылыс екендігіне арнайы көңіл бөліп жан-жақты зерттеген лингвистердің түрлі еңбектері мен жазылған кітаптары санаулы болса да, мүлден жоқ деп айта алмаймын. Қазақстандық зерттеушілер де осы салаға өздерінің үлестерін қосу үшін ат салысқан болатын.

Байырғы заманнан бері дана ата-бабаларымыздан асыл мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа таралып келе жатқан бата-тілектер қашан да қазақ халқымыздың сыпайылығының яки мідениетінің маңызды бір бөлшегі ретінде қазақ халқымыздың жадында сақталып, өшпестей болып қадыптасқан. Әр айтылған батаның өзінің мақсаты мен алдына қойылған міндеттерді атқаратын қызметтері болады және де олар әр түрлі жағдайларға не

болмаса сан алуан тойларға байланысты қолданылады. Егер де бата-тілектің лингвистикалық белгілерінің бірі семантикасына не болмаса мағыналық құрылымына жүгінетін болсақ, бағалауыштық көрсеткішті аңғаруға болады. Мысалға алатын болсақ, қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш сөздері белгілі бір адаммен кездесу немесе көрісу барысында айтылады. Ал енді қоштасу кезінде жолың болсын, кездескенше күн жақсы болсын сияқты жылы және шырайлы сөздер қолданылады. Тағыда бір мысал, аспаның ашық болсын, денің сау болсын сияқты құттықтау тілектер тойлардың арқауына айналған болатын. Жоғарыда келтіргеніміздей, әр айтылған тілектің белгілі бір мақсаты болады және ол сол мақсатты орындау үшін жұртшылық алдында айтылады [20, 83 б.]. Қазақ тіліндегі сыпайылықтың бір көрсеткіші болып табылатын тілектердің баталардың бір ерекшелігі, тілек айтуда айтатын адамның жасына, жынысына не болмаса лауазымына еш мән бермейді. Және де мұндай тілектер көбінесе, тіпті барлық жағдайларда монолог ретінде айтылады да, негізінен жағымды нәрселерді тілеу үшін той иесіне арналады. Бірақ та осындай бата-тілектер көптеген жағдайларда өлең шумақтарымен білдіріледі. Мысалға:

Е, құдайым оңдасын,  
Қыдыр келіп қолдасын.  
Бас аман, мал түгел болып,  
Береке, бірлік орнасын!

Бұл тақырыпты жақынырақ қарастыратын болсақ, қазақ тіліндегі түрлі тілектер той иесіне деген жақсы қарым-қатынас пен жағымды сезімнің негізінде туындағанын көре аламыз. Ал тілке білдіру кезінде әр адамның көңіл-күйінің түрлі өзгерушіліктерге сезімтал болуы мен шабыттануы арқасында дауыс ырғағының өзгеруі ықтимал. «Тілек-баталардың прагматикалық бағыты риза болу, сүйіну, көңіл білдіру, ықылас таныту, қуану сияқты көңіл-күйлермен ұштасып жатса, қарғыстарда табалау, сөгіс білдіру, жақтырмау, мұқату сезімдері қабат келіп жатады. Мұндай көңіл-күйлерге толы сөздердің адам психикасына әсері мол» [20, 85 б.].

Қазақ тіліндегі бұл құбылыс қазақ халқымыздың стильдік сөйлеу дәстүрі болып ертеден қалыптасып қалған болатын. «Бата біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батағөй шалдар басы бар табақты тартуға алып келгенде, жеп болғанда бата қылады», – деп қазақ халқымыздың данасы Ахмет Байтұрсынұлы айтқан болатын [21, 23 б.].

Оның айтқан сөзінен батаның тек қана саналы, иманды, парасатты да данышпан адам ғана айта алатындығын көз жеткізуге болады. Мысал ретінде даланың батыл да батыр ұлы Кебекке Абыз бабаның берген батасын алдық:



Кебек: *Бағымды ашсын, батаңды бер, әз аға...*

*Ақбас құндыз алдымды ашсын, бата бер.*

*Абыз:*

*Адалдан бер, ақтан бер!*

*Бәлекетін жатқа бер,*

*Ер маңдайын баққа бер!*

*Абыройасаржаққа бер!*

*Қара түндей қазаны*

*Қас ойлаған жаққа бер!*

*Сөнбес күндей шат көңіл*

*Жазығы жоқ жасқа бер!*

*Адалжолдыаққа бер*

*Мерейі асқан өренім*

*Кебексындытаққа бер!* [22, 185 б.].

Бұдан байқайтынымыз, батаның прагматикалық не болмаса келешекке бағытталған және соған арқау болатын бояулары бар. Нақтылай келгенде, батаның гибратты, дидактикалық және коммуникативті қызметін басқа да тілдік бірліктердің қолдануынан байқауға болады. «Бата сөзі, бір жағынан, халық шығармаларына жататын тілі көркем, мазмұны келісті сөз үлгісі болса, екіншіден, тәлім-тәрбиелік мәні айрықша байырғы мұрағаттардың бірі. Халқымыздың бата беру, ізгі тілек айту салты, үшіншіден, сөз әдебі немесе, ғылым тілімен айтқанда, сөз этикеті деген аса мәнді «ережеге жатады»» [17, 16 б.]

Осы тұста, белгілі бір коммуникативті интенциямен жұмсалакелген тілдік бірліктердің қызметіне бағытталған дайын жауаптардың да бар екенін айта кеткен жөн. Мысалға алатын болсақ, «Ораза қабыл болсын!» деген сыпайы сөзге «Айтқаныңыз келсін!» деген сыпайы жауап қацтарылады. Ал енді «Сапарыңыз сәтті болсын!» деген ақ ниетке «Айтсын!» деген жауап қайтарылады. Одан әрі «Жолың болсын!» деп айтқан жағдайда «Аумин!» деген жауап қайтарылады. Қазақ пен қазақ кездескенде алғашқы айтылатын сыпайылық көрсеткішінің белгісі «Үй-іші тегіс аман ба?» сияқты сұрақ болып табылады да оған «(Құдайға) шүкір» деген жауап қайтарылады. Егер қарым-қатынас жасаушы адам «Ертең кездесеміз ғой.» деп айтатын болса, онда «(Құдай) бұйыртса (қаласа)» деген арнайы сыпайы жауап қайтарылады.

Сөз бен сөз арасында айтылатын мұндай сыпайылық белгісінен адамдар арасындағы сыпайылықтың қандай деңгейде екендігімен қоса ара қатынастың сан алуан түрлілігін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі сөйлеу іс-әрекеті де басқа тілдердегі сияқты қалыптасқан жүйелер мен тілдік нормалардан тұрады. Мысалы, төмендегі стимул-репликаларға бағытталатын дайын жауаптардың ерекше түрлері бар: «Армысыз, әз аға! Асыл аға!» – «Бар бол, немен жүрсің, жарқыным?»:

*Ассалаумағалайкум, Балта аға! Келдіңдер ме кешікпей... Ақанбысың, әліксалам... Аманбысың, жарқыным (Құшақтасып әлемдеседі)*

*Күйлі, қуаттымысыңдар, шешелерім! Шүкір, қарағым...*

*Көбеймісің, жарқыным? Аз ауылТобықтың не күйде? Елің, ерің аман ба, ұлдарым? Ел тыныш, ер аман, баба!* [22, 8 б.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тіліндегі назарға алынған бұл тілдік көрсеткіштер тек тілдің лингвистикалық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының басқа халықтардан өзге салт-дәстүрлердің болуын және оның тілге айрықша әсер етуін байқауға болады.

Жалпы, тілдің сыпайылық көріністері көптеген зерттеушілердің назарын аудартса да, біздің дипломдық жұмысқа арқау болған қазақ тіліндегі сыпайылық феноменін ағылшын тіліндегі сыпайылықпен жан-жақты зерттеу өзіндік ерекшелігімен анықталады. Қазіргі уақыт талабына сай, сондай-ақ, әлемдік тіл ғылымында тіл мәдениетіндегі сыпайылық «сөйлеудің тиімділік теориясы» болып аталып, екі адамның арасындағы қарым-қатынас айқындаушысы ретінде қызмет атқарады. Тілдегі сыпайылық жүйелердің сақталынуы қарым-қатынас барысында айқындалып сөйлеушіге белгілі бір түрде ықпал ету үшін орындалады. Дәлірек айтқанда, бұл кезде тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуіне көңіл аударылады. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында сыпайылықтың болуының қажеттілігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның, әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасында емес, сонымен қатар, тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан қазақ тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапаларға дұрыстық, дәлдік, логика, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық жататындығын айқындауға болады. Осы басты көрсеткіштерді сақтай отыра ғана қазақ тілінде неғұрлым сыпайы қарым-қатынас жасауға болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Сөз және оның мәдени ұлттық мазмұны // М. Әуезовтің қазақ тілін дамытудағы рөлі. – Алматы : 1997. – 78 б.

2 **Сейсенова, А.** Сыпайылық категориясы//Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: 1996.

3 **Шакуздаулы, Н., Ергалиева, Ж.** Әдептілік қағидалары. – Алматы : Өнер, Katev, 2000. – 320 б.



- 4 **Уәлиев, Н.** Сөз мәдениеті. – Алматы : Мектеп, 1984. – 107 б.
- 5 **Мұқанов, М.** Ойды этно және лингвopsихология тұрғысынан дәлелдеу. – Алматы : 2008. – 145 б.
- 6 **Қайдар, Ә. Т.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : 1998.
- 7 **Ошанова, О. Ж.** Сөйлеу мәдениетінің негіздері: оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2012. – 186 б.
- 8 Ақаң жинаған асыл сөз // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы : 1991.
- 9 **Шадқам, З.** Қазақ және түрік тілдеріндегі сөз этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері. – Алматы : 2005. – 147 б.
- 10 Қазақ тілі – қандай тіл? // Тілтаным. – Алматы : 2004. N3. – 156 б.
- 11 **Әлкебаева, Д. А.** Сөз мәдениеті. – Алматы : 2011. – 196 б.
- 12 **Формановская, Н. И.** Речевой этикет и культура общения. – М. : Высшая школа, 1989.
- 13 Қазақ және түрік тілдеріндегі сөз этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері. – Алматы : 2005. – 147 б.
- 14 **Сыздық, Р.** Дұрыс сөйлеу мәдениеті//Қазақстан үгітшісі, 1974. – 102 б.
- 15 **Балақаев, М.** Қазақ тілінің мәдениеті. 2-бас. – Алматы : 1971.
- 16 **Ашкеева, Қ.** «Сөз өнерінің атасы» // № 4. Ақиқат. – Алматы : 2003.
- 17 **Қобланова, А.** Қазақ сөз этикеті. Филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы : 1993. – 151 б.
- 18 **Сыздық, Р.** Тіл мәдениеті және оның проблемалары. //Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана : Елорда, 2001. – 230 б.
- 19 **Егіншібаева, Н. Ә.** Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар. – Алматы : 1997. – 25 б.
- 20 **Машимбаева, А. Ж.** Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы. – Алматы : Арда, 2009. – 124 б.
- 21 **Байтұрсынұлы, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Білім, 1992. – 28 б.
- 22 Қазақ пьесалары. – Алматы : Өнер, 1957. – 256 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*М. Е. Какимова<sup>1</sup>, Ж. Т. Кадыров<sup>2</sup>, Т. А. Ахметова<sup>3</sup>*

### **Значение категории вежливости в казахском языке**

<sup>1,2,3</sup>Институт языка и литературы,  
Северо-Казахстанский государственный университет  
имени М. Козыбаева,  
г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*М. Е. Какимова<sup>1</sup>, Ж. Т. Кадыров<sup>2</sup>, Т. А. Ахметова<sup>3</sup>*

### **The meaning of the category of politeness in Kazakh language**

<sup>1,2,3</sup>Institute of Language and Literature,  
M. Kozybayev North-Kazakhstan State University,  
Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 12.08.19.

*В статье понятие «вежливость» рассматривается как социально-культурное явление. Значение этого понятия также исследуется и с точки зрения психологии, философии и языкознания. Вежливость, как языковая единица, является нормой для литературного языка, для разговорного языка и для языка художественных произведений. В казахском языке данное явление существует как стиль общения казахского народа. В мировом языкознании «вежливость» трактуется как «эффективная теория общения», играет роль катализатора отношений между говорящими. В культуре казахского народа это понятие ассоциируется с точностью, правильностью, логичностью, чистотой, манерой, многообразием. Сохранение этих главных признаков позволяют соблюдать нормы вежливости во взаимоотношениях.*

*In the given article, the concept of «politeness» is regarded as a socio-cultural phenomenon. This notion is also being discussed from psychological, philosophical and linguistic points of view. Politeness as a linguistic unit is the norm for the literary language for the spoken language and for the language of fiction as well. In the Kazakh language, this phenomenon exists in the process of communication. From linguistic point of view 'politeness' is interpreted as an «effective theory of communication», which plays the role of a catalyst among speakers. In the culture of the Kazakh people, this concept is associated with accuracy, correctness, logic, purity, style, diversity. The preservation of these main features requires compliance with the norms of politeness in the relationship.*

**Б. Қ. Қапасова, С. Т. Елікпаев**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>karasova1970@mail.ru; <sup>2</sup>serik.elikbay@mail.ru

**ҰЛТТЫҚ ТІЛ: ТАНЫМ МЕН ТАБИҒИ ОРТА**

*Мақалада қазіргі қазақ тілінің ұлттық тіл ретіндегі сақталуының басты шарттарының негізгісі халықтың танымы мен табиғи ортасының әсері талданады. Ұлттық тілдің танымды жасаудағы әсері анықталады. Сонымен бірге табиғи ортасының ықпалы мен соның негізіндегі тілдің экологиялық белгілері, тіл мәдениеті сақталуының шарты ретінде қарастырылады.*

*Тіл – қарым-қатынас құралы. Ендеше материалдық құндылықтарды да белгілейді.*

*Тіл – рухани құндылықтарды сақтаушы. Бұл екі қасиеті біртұтас жүйеде болғанда ғана тіл қоғамда толығымен қызмет атқара алады. Егер бір қызметі тоқталса, тілдің екінші қызметі тек әлсіреп қоймайды, тектік қалпын жоғалтады.*

*Тілдік орта лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы ретіндегі орны ашылады.*

*Кілтті сөздер: тіл, рухани, сөз, ұлт.*

**КІРІСПЕ**

Бүгінде әлем тілдері арасында тілді сақтау, әр халықтық алғашқы тілдік қалыптарын қалпына келтіру мен қорғау мәселелері негізгі күн тәртібіне қойылғаны белгілі. Осы тұста қазіргі қазақ тілі де әлемдегі басқа тілдер сияқты жаһандық тұтасулар мен бірігулер кезінде өзіне қатысты бірнеше мәселелерді шешуі қажет.

1 Ұлт тілінің сипаттарын орнықтыру.

2 Тілді ұлттық ерекшеліктерге сәйкес келмейтін тілдік бөлшектерден тазарту.

3 Қазақ тілінің түркілік сипатына азар сала отырып, басқа да туысқан түркі тілдерінің сақталуына ықпал ету.

4 Тілді бүгінгі демографиялық ауысулардан қорғау.

5 Әлеуметтік топтардың тілді өз ыңғайларына қолдануына тосқауыл қою.

6 Жаңа мәдениет пен өркениет белгілерін тілге енгізе отырып, тілдің өз табиғи болмысының негізі қалуына жағдай жасау.

Осы аталған негізгі мәселелер бүгінгі күні жер шарындағы барша тілдер үшін қауіпті тұсқа айналып отыр. Әлем тілдерін бұрынғы «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» терминдері аясында қарастырып, оны сақтау үшін жүргізілетін іс-шаралар жетімсіздігін танытып отыр. Жер шарындағы түрлі жаңа технологиялар мен ғылымның дамуы адамзат үшін игі жетістіктер болғанымен де бірнеше проблемелерді шешуді де талап етуде. Бұл материалдық игіліктерден рухани құндылықтарды қорғау мәселесін тудырып отыр. Осы мақсатты ерте анықтаған шет ел ғалымдары тілге экологиялық зерттеулер қажеттігін айтады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Жаратылыстану ғылымдарына жататын «ecological» – қоршаған ортаны қорғау туралы ғылым. Осы ғылымды тіл біліміне әкелу тілге жаңа зерттеу бағыттарын пайдалану қажеттілігінен туындап отыр. Қазақ тіл білімінде «эколингвистика» – жаңа ғылым саласы. Бұның қажеттілігі тілді мәдениет ықпалымен қорғау, сөз мәдениеті нормалы қалпында ұстаудың аясының тарылып бара жатқандығымен анықталады.

Қазіргі тіл біліміндегі эколингвистикалық зерттеулердің қажеттілігін төмендегі мәселелер анықтайды.

1 Тіл мәдениеті бір тілдің ішіндегі мәселелерді, тіл ішіндегі заңдылықтардың сақталуын қарастырады.

2 Бүгінгі тілдерге тіл ішіндегі өзгерістерден гөрі сыртқы қауіптердің молдығы анық сезілуде.

3 Кез келген тіл сақталуы үшін ол жеке өзінің нысандарын ғана қорғап қала алмайды. Оның нысандарының сақталуы үшін көршілес тілдердің сақталуы, тектік тілдердің бірлігі қажет.

4 Генеологиялық тұтастық тілдерді сақтаудың негізі болуы шарт деген теорияны ұстана отырып, тілді сақтауда тектік бірлікті сақтау нысан етілуі керек.

5 Тілдердің сақталуы үшін шекаралық, аймақтық сипаттар үнемі назарға ұсталынуы керек деген мәселелер көтерілуде.

6 Тілді сақтау үшін тек тілге қатысты рухани игіліктер ескеріліп қалмауы керек. Онда ұлттың тұтас этностық қалыптары зерттеуге алынуы тиіс.

7 Тілді сақтауда тек рухани құндылықтар емес, материалдық құндылықтар ескерілуі шарт. Халықтың тұрмысы мен шаруашылығына қатысты мәселелерге назар аудару, оларды жаңғырту арқылы ғана тілді сақтау мүмкіндігі туатындығын бүгінгі қоғам анықтап отыр.

«Эколингвистика» туралы ғылымының алғашқы пайда болуына түрткі болған – Г. Геккельдің көпжасушалылардың жасалуы туралы теориясы. Алғашқы тектік (генеологиялық) ағашты жасап, осыдан тарайтын бұтақтар арқылы келесі ұрпақты көрсетті. Геккельдің биогенетикалық теориясы бойынша жекелік даму организмнің қоршаған ортасына байланысты құрылады. Осы теорияны тілге салған шет ел ғалымдары бір кездері тілді биологиялық ғылымдар қатарына да жатқызған [1, 7].

Кеңестік тіл білімі ғылымы бұл теорияны бүтіндей қолдамады. Дегенмен бұл туралы пролетариат көсемдерінің бірі Ф. Энгельс «Анти-Дюрингте» де айтады.

«Табиғат диалектикасын» жазған Гегельдің еңбегі туралы айта келіп: «... Ол тұңғыш рет бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүниені процесс түріндегі нәрсе, яғни үнемі қозғалуда, өзгеруде, қайта құрылууда және дамуда деп таныды, сөйтіп осы қозғалу мен дамудың ішкі байланысын ашуға тырысты» [2, 27].

Гегельдің еңбегі тілдің өзін зерттеуде:

- а) табиғи үрдіс немесе организм;
- б) тарихи үрдіс (диахрониялы даму);
- в) рухани үрдіс (қоғамдағы құндылықтарды сақтаушы, жеткізуші т.б. қызметтері) деп алғандығын анықталады.

Сондықтан да кеңестік саясат түркі мемлекеттерін құртуды түркі тілдерін құрту негізінде жүргізді.

Қазақ тіл білімінде тілдің дамуы мен оның өзгеруі, ұлттық сипатын сақтауының қажеттілігін А.Байтұрсынов еңбектерінен кездестіреміз.

«Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған» [3, 396].

«Тіл болу үшін уақыт пен орынның бір болуы шарт. Мысалы, біз қазақ тілі жөнінде айтатын болсақ, белгілі – бір территориядағы белгілі – бір жылдарда тіршілік еткен белгілі – бір халықтың нақты тілі жайында айтқан боламыз. Өйткені тіл бас-аяғы шектеулі бір ғана заманда жасалмақ емес, ол талай замандарды басынан өткереді. Тілді синхроника (син-біргелік, хроника – заман) жолмен тексеру деген сөз бірнеше замандардың нәтижесін бір заманға әкеліп, сәйкестігін қарау болып табылады. Ал бір замандағы тіл фактысын қосып (жинақтап) аясақ, онда грамматика болады.

Историческая грамматика деген болмайды – мыс. өйткені барлық замандаға лайықты грамматика жоқ. Бір тілдің лексика арқылы білдіретін ұғымын екінші тіл грамматика арқылы білдіреді» [4, 19]. – деген пікір айтқан Қ. Жұбанов тілдің тарихилығына да назар аударта кетеді. Осы тұста тілдегі «формализмнен» сақтану керектігін ескертіп, осы жолдағы еңбектердің кемшіліктерін де талдайды.

Қазақ тіл біліміндегі қолданбалы теорияны жасаған К. Аханов «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде осы мәселеге өз пікірін білдірген.

«19-ғасырда ғылым атаулыда, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласында, соның ішінде тіл білімінде әр түрлі құбылыстардың өзгеруі, тарихи дамуы тұрғысынан қарастыратын көзқарас пайда болып, ғылыми зерттеулерде историзм принципі қолданыла бастады.

... Тіл білімі ғылымдарының осы аталған екі тобының (жаратылыс тану ғылымдары, қоғамдық ғылымдардың) қайсысына жатады? Бұл мәселе ғылым тарихында түрліше қаралып, түрліше шешіліп келеді» [5, 5–7].

Ғалым маркстік-лениндік таныммен жазғанымен де ойлы жанға назар салатындай пікірлерді сол кезде білдіре алған. Ғалым шетел ғалымдарының неміс лингвисті А. Шлейхердің тілді биологиялық құбылыс деп атауын мсынайды. Бірақ сол кез үшін осындай ойды оқулыққа кіргізудің ой салу мен пікірге шақыру сияқты да болғаны анық.

Тіл білімін жаратылыстану ғылымдарымен сабақтастыра зерттеуге кейінгі кезеңдердегі жаңа таным мен тың ой ықпал еткені белгілі. Қазақ тілінің зерттеуде әдіснамалық негіз етіп ұсталып келген «маркстік-лениндік» әдіснама тұрақтылықтан алынып, тәуелсіз ой, ұлттық таным шеңберіне салып зерделеу кейінгі кезеңдер жемісі.

Қазақ тіл білімінде лингвоэкологиялық зерттеулерді алғаш қолға алған – профессор Н. Уәли [6].

Лингвоэкология немесе эколингвистика саласын мүлдем жаңа бағыт деуге де келмейді. Шетелдік ғылымда зерттеу бағыттары мен тәсілдеріне қарай өзгерістер болғанымен қазақ тіл біліміндегі тілді әдеби дамуымен сабақтастықта зерттеу, тектік қалпында қарастыру, ұлттық тұрмыс, шаруашылығымен алу, ареальді ескеру, экожүйе негізінде байланыстыру, әлеуметтік фреймдермен жалғастыру Р. Сыздықтың [7; 8; 9] зерттеулерінде де бар болатын.

Ғылымда ономастика – тарих, география және тіл ғылымдарының тоғысқан жерінен пайда болса, ал эколингвистика термині ұғымын алғаш рет 1970 жылы американдық тілші Эйнар Хауген әлеуметтік лингвистика және психологиялық лингвистика ғылымдарының өзара әсерінен, яғни экологиялық [қоршаған орта (кеңістік)], әлеуметтік, психологиялық және тіл ғылымдарының негізінде пайда болғанын сөз етеді.

Эйнар Хаугеннің [10] зерттеуі бойынша эколлингвистика адам мен оның тіршілік ортасы туралы жаңа ғылыми бағыт болып қалыптасты. Бұл ғылым саласы қоршаған ортаның заңдары мен қағидалары, ережелері мен қалыптарына сәйкес адамның тілі мен таным қалыптасатынын белгіледі.

20-ғасырдың соңына қарай басталған эколлингвистика шетелдік және отандық тіл білімінде ономастика ғылымы аясында тілдік тұрғыдан қоршаған ортамен байланысына басты назар аударылып келген тіл саласы жаңа бағыттар мен міндет, мақсаттарды анықтады. Ал соңғы кезде орыс тіл білімінде эколлингвистика мәселесі туралы Е. В. Иванова [11], И. П. Кулясов [12], А. А. Кулясова т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері пайда болды.

Тілдік орта лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы.

Кез келген тілдің екі түрлі қызмет атқаратындығын дәлелдейді.

1 Тіл – қарым-қатынас құралы. Ендеше материалдық құндылықтарды да белгілейді.

2 Тіл – рухани құндылықтарды сақтаушы. Бұл екі қасиеті біртұтас жүйеде болғанда ғана тіл қоғамда толығымен қызмет атқара алады. Егер бір қызметі тоқталса, тілдің екінші қызметі тек әлсіреп қоймайды, тектік қалпын жоғалтады.

Тіл – адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның сау-саламаттылығына тікелей тәуелді.

1 Тіл – қоғамды біріктіруші.

2 Тіл – қоғамды ортақ мақсат, танымдарға жинақтаушы.

3 Тіл – белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік топтарды құрастырушы.

Тілдің осы аталған негізгі белгілері – қоршаған ортамен теп-теңдікті қажет етеді. Яғни жаратылыс заңдарындағы тепе-теңдік заңдылығы тіл арқылы да өлшенеді. Бұл тепе-теңдік ұлттың мәртебесін тікелей байланысты.

1 Ұлттық рухани құндылықтарды сақтай алуына қажетті шарттардың болуы.

2 Рухани сабақтастықты ұстап тұра алуы.

3 Қоршаған орта тепе-теңдігін сақтай білуі.

4 Қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси белсенділігі.

Бұл белгілер тілдің тек басты белгілері ғана емес, экологиялық сипаттарын анықтауы. Бұл келесі сатымен байланысты.

1 Ұлт тілінің сақталуы шаруашылығының сақталуымен байланысты.

2 Шаруашылығының өзгерісі ұлттың материалдық құндылықтарын өзгертеді. Бұл өзгерістер олардың тілдің тектік қалпынан бөлінуіне әкеледі.

3 Шаруашылықтың өзгеруі тұрмыстың өзгеруіне ықпал етеді.

Шаруашылық пен кеңестік, орта мен адам қатынастарының заңдылығы қоғаммен бірге шешілгені анық. Соның бірі тыйым сөздер қазақтың жазылмаған заңдары болып қалыптасты.

Тыйым сөздер адам мен қоршаған ортаның төмендегідей белгілері анықтады.

1 Адам мен табиғат заңдарын қадағалады.

2 Адам мен қоғамдық ортаның ережелерін реттеді.

3 Адам мен адам қатынастарын анықтап берді.

4 Адамның өзінің жеке рухани ішкі тепе-теңдігін сақтауды талап етті.

5 Адам мен оның материалдық игіліктерінің ара қатынасын ашты.

1. Үлкеннің алдын кеспе. 2. Жағыңды таянба. 3. Суға түкірме. 4. Тізенді құшақтама. 5. Бүйіріңді таянба. 6. Түнде суға барма. 7. Малды басқа ұрма. 8. Қу таяқ таянба. 9. Шашыңды жайма. 10. Сырт киімді желбегей жамылма. 11. Босағаны керме. 12. Саусағыңды шошайтпа. 13. Күлді баспа. 14. Таңдайыңды қақпа. 15. Табалдырықты баспа. 16. Ошақтағы отты өшірме. 17. Кір суды баспа. 18. Аяқ киімді төрге шығарма. 19. Бас киімді жерге тастама. 20. Бет – аузыңды қисандатпа. 21. Тіліңді шығарма. 22. Ерніңді шығарма. 23. Үлкеннің сөзін бөлме. 24. Көкті жұлма. 25. Көкті баспа. 26. Айға қолыңды шошайтпа. 27. Асты аттама. 28. Нанды баспа. 29. Басыңды шайқама. 30. Киімді теріс киме. 31. Отқа түкірме. 35. Кісіні аттама.

Қазақ тілінің эколлингвистикалық заңдылықтарды сақтаған тілдік танымдарын тіл тарихының әр кезеңдерінен, әр түрлерінен таба аламыз. Қазақ тілінің де тарихы тереңнен тамыр тартады. Есте жоқ ескі замандар ізін халық тілінен табамыз. Ендеше қазақ ұлты да өзінің бай қазынасы сақталған халық тілінің сыр-сазын танып, оны арғы, бергі, бүгінгі мұрамен, әдебиет, дәстүр, мәдениет, өнермен, сабақтастыра алғанда ғана әлемнің рухани құндылықтары қатарында өз қолтаңбамыз тарихты білу, оның бастау алар кезеңдеріне үңілу, бүгінгі күнге қажетін табуға ұмтылу – барлық халықтарға тән дәстүр. Әрі халықтың бақ-беделін, абыройын көтерумен бірге, мысалы, жоғарыдағы кестеге қарап қазіргі қазақ тіліндегі «ас», «сөз» сияқты сөздердің фонетикалық, лексикалық өзгеріс қалпын да тануымызға мүмкіндік туады.

«Ас» және «сөз» сөздері бүгінгі біздің талдап түсініп жүргеніміздей заттық мағынадағы бірі тамақ деген сөздің синонимі бірі, қатынасты жүзеге асырушы кіші бөлшек қана емес. Бұл – бірнеше тұрақты сөз тіркестерін құрастырып, қазақ тіліндегі ұлттық танымды анықтайды. Екіншіден, табу, эвфемизмдер, этнографизмдер қатарында қолданылып, ұлттық сипатты ашады.

Халық өз тарихын ертеден есте қалдырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп отырғанда қалады.

Тілдік ұқсастықтармен бірге қазақ тілінің, сондай-ақ, басқа да түркі тілдерінің әрбірінің өздеріне ғана тән ерекшеліктері де бар. Тілдің толып жатқан мәселесін экологиялық тұрғыдан қарастырудың мәні айрықша. Тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуде де лингвоэкологияның міндетіне жатады.

Тіл – адамзат қоғамындағы ортаны біріктіруші, ұйымдастырушы. Ендеше тілдің негізгі қызметі – қоғам мүшелерінің бір-бірімен сөйлесу, пікір алысу, арасын жалғастырушы қызметін, яғни қазіргі, бүгінгі, келешек арасына дәнекер болатынын да еске алатынымыз сөзсіз.

Тілдің, сөздің осындай қызметтерімен бірге халық жанында сөз киесі, сөз дауасы, сөз күдіретін, қасиетін құрмет тұтар тыным сөздер, мақал-мәтел, даналық ойлар, сөз тіркестерінің де қолданар орнына қарай өз ерекшеліктері сақталған.

Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Жақсы тілек, игі ой адамды бақытқа жеткізеді деген түсінікті ашады. Мақал-мәтелдер – осының айғағы. Жақсы сөз естіп, білгір жанмен әңгіме құрса, «бір жасап қалдым» деген.

Қазақ халқы бір-бірінің қуаныш пен қайғысына, шаттық пен мұңына ортақтасып отыруды парыз санаған. Қуанышқа құтты болсын айтып, қайғы –мұңды сөзбен, тіл күшімен сейілтуді дәстүр еткен.

Халықта барлық қызық пен қуаныш, қайғы мен зар сөзбен өрнектелсе, дау-дамай, ұрыс «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» шешілген.

Қазақ тіліндегі ұлттық дәстүр, тағылым, таным сипатындағы сөздер қоғамның түрлі сатысында алуан жағдай, жайға қарай үлкен қызметтер атқарған. «Айтылған сөз – атылған оқ» деген халық қағазға түспесе де, хатқа жазылып басылмаса да, кесімді уәжді, қорытылған тұжырымды заң деп қабылдаған. Тілдегі сөздің осындай ерекшеліктерін ескеріп, қоғамдық қызметін шартты түрде төмендегідей негізгі топтарға бөлуге болады.

• Дау-дамай, ұрыс, қақтығысты шешетін сөздер (шешендік сөздер, билер дауы)

• Сенім, күш, айбын болатын сөздер (сыйыну, табыну сөздері)

• Ем, дауа, тән жарасын жазар сөздер (аластау, бәдік, түрлі ауруларды емдеу кезінде айтылатын сөздер)

• Өткенді екшеп, болашақты болжар сөздер ( бал ашу, құмалақ салу, қобыз ойнау, т.б.)

• Тілек, жақсылыққа арналған сөздер (бата, тілек, алғыс)

• Тыным сөздер, қарғыс сөздер

• Жан жадыратып, көңіл қуаныш өсірер; қуаныш әкелер сөздер (қошемет, қоштау)

• Есе қайырып, кек қуып, намыс оятар сөздер (аруақ шақыру, ата-баба аруағына сыйыну)

• Қуаныш, қайғыға ортақтасар сөздер (құттықтау, көңіл айту)

Қызметтеріне қарай түрлі орындарда қолданылатын сөздер, көркемдік бояуымен, нақты, белгілі ортада қолдану өрісі, айтылу саз, әуенінің бөлектігімен айшықталады.

Қазақ халқы осы арқылы сөздің қоғамдық-әлеуметтік орнын белгілеп қана қоймай, психологиялық, философиялық, танымдық мәнін де ашқан. Бұл адам мен қоршаған ортаның сипатын анықтауға бағытталған мақсаттан туғаны анық.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі жаһандық өзгерістер қазақ тілі біліміндегі эколлингвистика – саласының мәнін, өз орнын айқындалуына негіз болды. Эколлингвистика – тіл білімінің жаңа саласы сонымен бірге бұған дейінгі тілді зерттеудегі ойлардың жалғасы да. Қазақ тіл білімін тектік, материалдық құндылықтар негізінде зерттеудің негізі – эколлингвистикалық әдіс-тәсілдермен де байланыстылығы шешілетін әдіс екендігін тілші – ғалымдар өз зерттеулерінде айқындап та берді. Экологиялық сана және эколлингвистика өзара байланысты түсініктер болғандықтан да ол қоғамдық санамен, тілдік санамен тығыз сабақтасады. Тілдік бірліктер және экологиялық белгілердің арақатынастары арқылы тілдегі фреймдердің орнына талдау жасау арқылы тілдің рухани және материалдық құндылық ретіндегі орны анықталады. Бұл лингвоэкологиялық дискур және эколлингвистикалық бірліктер ұғымдары – өзара байланысты және ерекшеліктері де бар ұғымдар болатындығын ашады.

Сондықтан да бүгінгі қазақ тіл білімі ғылымындағы тарихи лингвистика, тіл мәдениеті, этнолингвистика, эколлингвистика және жаратылыс ғылымдарынан экологиялық негізгі білімдерді байланыстыра зерттеу – қажеттілігін айқындап отыр. Қазақ тілінің құрылымы мен тегі, ортасы, қарым-қатынасушылардың әлеуметтік сапасы басқалардан бөлек болғандықтан да бұған ұлттық эколлингвистикалық әдіс-тәсілдер мен теориялық негіз керек екені анық.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Нурушева, Д. А.** Эколлингвистика как раздел языкознания // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 5–4. – С. 890–893.

2 **Энгельс, Ф.** Анти-Дюринг – Алматы : Ғылым, 1957, – 317 б.

3 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағлымы – Алматы : Ана тілі, 1992, – 426 б.

4 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы : Ғылым, 1999, – 476 б.



- 5 **Аханов, К.** Тіл біліміне кіріспе – Алматы : Санат, 1993, – 496 б.  
 6 **Уәли, Н.** Тілтанымдық зерттеулер – Алматы : Ғылым, 2000–2002 ж. ж.; 2003–2005 ж. ж. – 418 б., – 426 б.  
 7 **Сыздық, Р.** Сөз құдіреті – Алматы : Санат, 1997, – 224 б.  
 8 **Сыздық, Р.** Сөздер сөйлейді – Алматы : Арыс, 2004, – 231 б.  
 9 **Сыздық, Р.** Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар – Алматы : Арыс, 2009, – 272 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Б. К. Капасова<sup>1</sup>, С. Т. Еликпаев<sup>2</sup>*

**Национальный язык: познание и природная среда**

<sup>1,2</sup>Павлодарский государственный университет  
 имени С. Торайгырова,  
 г. Павлодар, 140008, Республики Казахстан.  
 Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*B. Kapasova<sup>1</sup>, S. Yelikpaev<sup>2</sup>*

**National language: cognition and the natural environment**

<sup>1,2</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University,  
 Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.  
 Material received on 12.08.19.

*В статье анализируются основные условия сохранения современного казахского языка как национального языка, влияние познания и природной среды населения. Определяется влияние национального языка на познание. При этом влияние природной среды и экологические признаки языка на ее основе рассматриваются как условия сохранения языковой культуры.*

*Язык – средство общения. А значит и материальные ценности. Язык – хранитель духовных ценностей. Только тогда, когда эти два качества находятся в единой системе, язык может полностью функционировать в обществе. Если одна функция остановилась, вторая функция языка не только ослабляет, но и теряет родовое положение.*

*Языковая среда раскрывается как совокупность экономических, идеологических, культурных, социально-психологических, этнопсихологических факторов, способствующих формированию языкового сознания членов общества, способствующего формированию языкового сознания, развитию и функционированию*

*языка в обществе, состояния языковой системы и общественно-языкового опыта использования этого языка.*

*The article analyzes the main conditions for the preservation of the modern Kazakh language as a national language, the influence of knowledge and the natural environment of the population. The influence of the national language on knowledge is determined. At the same time, the influence of the natural environment and environmental features of the language on its basis are considered as conditions for the preservation of language culture.*

*Language is a means of communication. And means and material values. Language is the guardian of spiritual values. Only when these two qualities are in a single system there language can fully function in society. If one function is stopped, the second function of the language not only weakens, but also loses its birth position.*

*The language environment is revealed as a set of economic, ideological, cultural, socio-psychological, ethnopsychological factors that contribute to the formation of linguistic consciousness of members of society, contributing to the formation of linguistic consciousness, the development and functioning of language in society, the state of the language system and socio-linguistic experience of using this language.*

**А. А. Көшекбаева**

ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: kosheikova71@mail.ru

## **ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ СУРЕТТЕЛЕТІН ЖЫЛҚЫ ОБРАЗЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Бұл мақалада тарихи жырлардағы жылқы образының суреттелетін өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Тарихи жырлардағы ат образы мен қаһармандық эпостағы ат бейнесі арасында генетикалық байланыс, сабақтастық бар екендігі нақты фактілер арқылы дәлелденген.*

*Кілтті сөздер: фольклор, эпос, поэтика, тарихи жыр, образ.*

### **КІРІСПЕ БӨЛІМ**

Фольклортану ғылымында тарихи жырлар мен тарихи өлеңдер қаһармандық эпостың аясында қаралады. «Тарихи өлеңдер (Б. Н. Путиловтың тарихи өлеңдер мен жырларды біріктіріп «тарихи өлең» терминін қолданғанын атап өту керек) классикалық эпостан дербес жанр ретінде бөлініп шыққан» [1, 179 б.]. Тарихи жырдың қаһармандық эпостың біраз белгілерін, соның ішінде өлең құрылысы мен бірқатар көркемдік бейнелеу үлгілерін сақтап қалғанына қарамастан едәуір өзіндік жанрлық ерекшеліктері бар. Соның ең бастысы тарихи жырлардың басым бөлігінің басты қаһармандарының реальді прототипі болады. Сондай-ақ сюжеттерінің тарихи негіздері, яғни бұрынғы дәуірлерде халық өмірінде болған айтулы оқиғалар бар. «Улигердің қаһарманы қалың көпшіліктің поэтикалық шығармашылығының нәтижесі болып, тарихи нақтылығы табылмайтын, жалпылау ретінде көрініс тапқан, ал Шоно – өткен дәуірдің нақты жағдайында өмір сүрген, өзінің іс-әрекетімен және ізгілікті қасиеттерімен халықтың жанына жақын болған, халық поэзияға айналдырған шынайы тарихи тұлға. Фольклорлық Шоно батордың образының негізінде өмірі тарихи құжаттар мен жылнамаларда бейнеленген белгілі прототип жатыр» деп жазады М. Тулохонов [2, 81 б.]. Қазақтың тарихи жырларының басты кейіпкерлері болған Абылайхан, Қабанбай, Бөгенбай сынды ұлы тұлғалар туралы да осыны айтуға болады.

Дегенмен, тарихи жырды тарихи оқиғаларды дәлме-дәл көрсетіп, баяндап отыратын жылнама ретінде қарауға болмайды. Тарихи жырда халық өмірінде болып өткен айтулы оқиғалар көркемдік тұрғыдан жалпыланып,

жинақталып, өңдеуден өтіп баяндалады. Қабанбай батыр туралы жырларды салыстыра келіп, Б. Абылқасым: «Ендеше ауызекі әдебиет материалдары мен тарихи дерек арасында қайшылық бар... «Қабанбай батыр» жырында уақыт бірлігі сақталмайды, сондықтан мерзім жағынан алшақ тарихи оқиғалардың жырда бірігіп, бүтін оқиғаға айналып кетуі мүмкін» деп жазады [3, 16 б.].

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қазақтың тарихи жырлары негізгі екі топқа бөліп қарастырылып жүр. Оның біріншісіне «Абылай хан», «Қабанбай батыр», «Бөгембай», «Мырзаш батыр», «Арқалық батыр», «Зуха батыр», «Ошағанның бүлігі», «Бүркітбай батыр», «Керей толқыны», «Көгедайдың өлімі», «Бекет батыр», «Демежан батыр» т.б. сияқты тарихи жырлар жатады. Бұларда негізінен – сыртқы жаулармен күрес, елді, жерді қорғау, елдің бірлігі мен бүтіндігі, ұлт-азаттық көтерілістер, халыққа қамқорлық жасау сияқты қаһармандық эпос көтеретін келелі үлкен тақырыптар жырланады.

Екінші топқа жастардың сүйіспеншілігі, әлеуметтік теңдік сияқты тақырыпты көтеретін «Шайқан – Күләш», «Ахмет – Кәшім», «Қасен – Жамила», «Маңыбай», «Қалима – Әбіл», т.б. сияқты жырлар жатады.

Қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан және өмірінің көбі ат үстінде өтіп, талас-тартысты оқиғаларының көбінде адамдар сәйгүлік мініп жүретіндіктен жоғарыда аталған тарихи жырлардың барлық түрлерінде ат бейнесі, оның шабысы, атпен қозғалыс үнемі кездесіп отырады. Қаһармандық эпостағы сияқты тарихи жырларда да ат бейнесі басты кейіпкердің (яғни, батырдың не ғашықтың) бейнесімен және баяндалатын оқиғаның сипатымен тығыз байланысты болады. Сонымен қатар, тарихи жырлардың басым бөлігі соңғы дәуірдің туындылары болғандықтан оларда мифтік дүниетанымның қалдықтары да, әсірелеу, ұлғайту да мейлінше аз кездеседі және мұндай жырларға шындықты реалистік бейнелеу тән болып келеді.

Керісінше, басты қаһарман сүйген қызы үшін күресуші ғашық жан болған жағдайда ат бейнесіне мән берілмей, ол екінші қатарға ығыстырылады, себебі оқиғаның басты арнасы – қаһармандықты, батырлықты суреттеу, елді-жерді қорғау тақырыбы емес, бірін-бірі сүйген жандардың қарым-қатынасы, көп жағдайда олардың әлеуметтік теңсіздігі, кедей не бай отбасынан шығуына байланысты болады.

«Тарихи жырлардағы тұлпардың бейнеленуі батырлық жырлардағыдан көп алысқа кетпейді. Бұндағы ең басты ерекшелік – аттың адамша тіл қатпауы. Қалған жағдайда көбінесе батырлық жырлардағы тұлпар бейнесінің сомдалуымен үндесіп жатады. Мәселен, тарихи жырларда да, батырлық жырларда да тұлпарлар батырға қауіптің төніп келе жатқанынан белгі беріп, сақтандырып отырады. Тек батырлық жырларда ат қиын жайдайдан құтқарып әкетуші күш немесе ақыл

беруші ретінде тереңдеп суреттелсе, тарихи жырларда тек белгі беруші ретінде ғана қалады» деп жазады Гауһар Рахымбаева [4, 55 б.]. Тарихи жырлардағы тұлпардың шабысын суреттеуде классикалық қаһармандық эпостардың үлкен ықпалын, баяндаушылық-сипаттаушылық дәстүрлерін байқауға болады. «Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында батырдың алыс сапарға жол тартуы:

Абыздан шығып Жәнібек,  
Қамшы басып шу деді.  
Асындағы тұлпардың  
Аяғы жерге тимеді,  
Ақ бөкендей гуледі.  
Қос құлағын қайшылап,  
Созып аяқ сермеді.  
Белес құрлы көрмеді...  
Таудың қия тастарын  
Саз балшықтай илейді.

Бұл үзіндіден аттың шабысы қаһармандық эпосқа тән дәстүрлі арнада суреттелгенін, ал «Аяғы жерге тимеді», «Саз балшықтай илейді» деген гиперболалық әсірелеушілікке құрылған жыр тармақтарының тікелей қаһармандық эпостан алынғанын («Қобыланды батыр» эпосы) байқауға болады. Мұндай әсірелеулер «Базар батыр» жырында да кездеседі:

Балшықтай болып иленді  
Ардагердің тұяғы  
Тисе таудың тасына [5, 42 б.].

Әсірелеушілік, ұлғайтып көрсетушілік тарихи жырларға да тән. Көп жағдайда атты суреттеуде, сипаттауда оның сырт бейнесін немесе ішкі ізгілікті қасиеттерін ашуға бағытталған дербес көркемдік-эстетикалық мақсаттар қойылмайды. «Олжабай батыр» тарихи жырындағы:

Сарыала туын жайнатып  
Бір кезеңнен Олжабай  
Шыға келді тұйғындай  
Айкөк атты ойнатып.  
Шақырлап сулық шайнатып,

– деген жыр жолдарында ат бейнесінің негізінен батырдың образын толықтыруға, ерекше қажыр-қайратын көрсетуге қызмет етіп тұрғанын байқаймыз.

Қазақтың атақты батырларының бірі Қабанбай батыр туралы жырдың оннан астам нұсқасы бар [6, 4 б.]. Осы жырларда батырдың мінген тұлпары Кубасқа арналған жыр тармақтары көп: «Басқа мал Кубас атқа ілесе алмас» [4, 74 б.] деп суреттеледі ол. Яғни, елде Кубас тұлпарға тең келетіндей ат жоқ екенін байқаймыз. Қабанбай батыр қартайып, ауырып, әл үстінде жатады.

Сол кезде батырдың ажал аузында жатқанын естіген қалмақ батыры Әтек Қабанбайдың көзі тірісінде елін шауып, кегімді қайтарам, өлмесінен бұрын менің еліне ойран салғанымды көріп, «Зердесі көкрегінде кетсін мұндар» деп қол жинайды. Мың қалмаққа бас болып Әтеке батырдың елді шабамын деп келіп тұрғанын естіген Қабанбай батыр Құдайдан медет сұрап, аруағын шақырып, бес қаруын асынып үйінен шығады. Кубас тұлпары «Ер-тоқымы сайланып» алдында тұрады, сол сәтте батыр атына арнап сөз сөйлейді. «Ей Кубасым, Кубасым, Жауға серік жолдасым» деп басталатын ұзақ арнау сөз 28 жыр тармағынан тұрады. Батыр атына соңғы рет жауға шапқалы тұрғанын айтып, болдырмауын, әлсіздік танытпауын тапсырып, серттескендей болады. Кубастың басқа жылқыдан артық екенін айтады («Басқа жылқы мінгенде, Мінгендей болушы ем өгізге»). Ер Тарғынның Тарлан тұлпарына айтқаны сияқты Кубастың тай, құнан, дөнен, бесті болған кездерін еске түсіріп өтеді. Бірақ, батырлар жырындағы сияқты Кубас тұлпарға тіл бітпейді, Қабанбай батырға жауап қайтармайды. Жырдың өн бойында Кубас тұлпардың бейнесі үлкен сүйіспеншілікпен суреттелгенін байқауға болады.

Даңқты батырдың есімімен аталған немесе ол болған жерлер еліміздің әр түрлі аймақтарында кездеседі. Қабанбай батырдың атымен аталған жермен бірге кейде оның мінген аты да ауызға алынып, аталады: «Шығыс Түркістанда «Қабанбай батыр», «Қабанбай ат байлаған» дейтін жерлер бар» деп жазады Б. Абылқасымов [6, 4 б.].

«Балуанияз» тарихи жырын осы жанрға тән типтік белгілерге ие шығарма ретінде қарауға болады [7, 162 б.]. Біріншіден жырдың көлемі батырлық эпосқа қарағанда едәуір қысқа, шағын. Екіншіден, ел өмірінде болған оқиға шыншыл реалистік тұрғыдан суреттеледі. Кейбір әсірелеулер басты қаһарманның – Балуанияз батырдың тұлғасын еректендіріп көрсету үшін, қазақ батырларының ерлігін бейнелеу үшін ғана қолданылып, жазба поэмаларға барынша жақын келеді. «Балуанияз» жырында қазақ ауылын екі жүз қаралы жаудың шауып алып, малдары мен жесірлерін алып кеткені, оның ізінен Балуанияз батыр бастаған алпыс шақты қазақтардың қуып шыққаны баяндалады. Балуанияз жаудың Бөрі батырын өлтіреді, бірақ қаһармандық эпостағыдай жалғыз өзі бүкіл жауды қырып салмайды. Балуаниязбен бірге келген алпыс кісі жаудың басым күшінен тайсалмай, елдің ары үшін, жаудан малмен жанды құтарып қалу үшін жан аямай шайқасады. Бас батыры өлгесін жау әскерінің рухы түседі, қазақтар жауды жеңіп, қырып салады.

«Балуанияз» тарихи жырындағы жаулар мен қазақтардың қозғалыс, әрекеттерінің бәрі ат үстінде өтеді. Бірақ, атқа байланысты кейбір эпизодтар болмаса тұлпар бейнесін арнайы суреттеуге арналған жыр тармақтары жоқ. Жаудың келгені туралы хабарды Балуаниязға жеткізген Тұрмамбет деген кісі жедел жүрем деп атын шалдықтырғаны туралы:

Ай, Көпірден шапқалы  
 Азар жеттім емініп  
 Болдырды атым шөл көріп.  
 Жалықпас еді жануар  
 Мезгілімен суғарып  
 Оттатпадым дем беріп,

– дейді, көріп отырғанымыздай, бұл шынайы өмірден алынған реалистік баяндау екені анық. Мұнда неше күн, неше түн шапса да қажып-талмауды білмейтін эпикалық тұлпар емес, кәдуілгі ат бейнеленген. Балуанияз батырдың жауға шапқан кезі:

Қамшы басып шу деді  
 Шу дегенде гуледі  
 Табаны тасқа тимеді,

– деп, қысқа ғана суреттелді.

Мұнда да аттың жауға шабысы батырлық эпостағыдай барынша кеңейтіліп, ұзағынан, әсіреленіп суреттелмеген, қысқа ғана қайырылған. Сонымен, тарихи жырларда оның тақырыптық, көркемдік-эстетикалық мақсаттарына сай аттың образы қаһармандық жырларға қарағанда солғындау, қысқалау суреттелетінін, тұлпардың сырт келбетін, сынын әспеттеп ұзақ сипаттаулардың кездеспейтінін атап өту керек.

Батырлық эпостан ауысқан кейбір әсірелеушілік жыр тармақтары болмаса, жалпы алғанда, тарихи жырларға ат бейнесін реалистік тұрғыдан суреттеу тән болып келеді. «Арқалық батыр» дастанында Арқалықтың жан серігі аттардың іс-әрекетінде жоғарыдағы өсіре суреттеу, үдете айту жағы жоқ, кәдімгі күнделікті көріп жүрген жүйрік, белді, қайратты аттардың өзі ғана көрсетілген» деп жазады Сұлтанғали Садырбайұлы [8, 166 б.].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Дегенмен, ат жалында өскен көшпелі елдің топырағында туындаған тарихи жырларда атқа арналған небір әдемі шумақтар, үлкен сүйіспеншілікпен жырланған, жоғары эстетикалық талғамға сай жыр жолдары көптеп кездеседі. Ержан Ахметов жырлаған «Арқалық батыр» жырында аттардың Ертіс өзенінен өткені:

Көкжалға келіп кетсе, жел жетпейді,  
 Дариға-ай, арманда боп кім өтпейді.  
 Сырылдап суды сүзіп келе жатыр,  
 Жануар шоктығынан бір кетпейді,

– деп суреттелді. Сөйлейтін тілі жоқ жануардың жағаға жан ұшыра ұмтылған кимылы, жалынан асып төгілген судың сылдыры осылай суреттеледі [9, 166 б.]. Сонымен, тарихи жырлардағы ат бейнесінен қаһармандық эпостан

қалған суреттеу әдістерімен қатар жаңа реалистік сипаттағы бейнелеу құралдарының қолданылғандығын байқаймыз.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Путилов, Б.** Типология фольклорного историзма // Типология народного эпоса. – М. : Наука, 1975. – 328 с.

2 **Тулохонов, М.** Историческая основа песен о Шоно баторе. – «Бурятский фольклор». («Труды Бурятского института общественных наук», вып. 8. Серия филологическая). – Улан-Удэ, 1968.

3 **Абылқасым, Б.** Қабанбай батыр. – Алматы : Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2005. – 107 б.

4 **Рахымбаева, Г.** Шығыс Қазақстандағы тарихи жырлар, (бұрын жарияланбаған жырлар негізінде) // филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 2005. – 129 б.

5 Базар батыр. Жырлаушысы – Б. Тұрсынбаев. – Алматы, ҚР ҒА ОҒК, 1941–1942, 358 бума, 5-дәптер. – 42 б.

6 **Абылқасымов, Б.** Қаракерей Қабанбай // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы : Ғылым, 1979.

7 **Досмұхамедұлы, Х.** Аламан. – Алматы : Ана тілі, 1991. 176 б.

8 **Садырбайұлы, С.** Фольклор және Жамбыл. – Алматы : Ана тілі, 1996. – 240 б.

9 **Азибаева, Б.** Казахский дастанный эпос. – Алматы : Ғылым, 1998. – 250 с.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*А. А. Кошекова*

#### **Особенности образа лошади, описываемого в исторических произведениях**

Казахский национальный женский педагогический университет,  
 г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.  
 Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*A. A. Kosheikova*

#### **Feature of the illustrated image of a horse in historical performances**

Kazakh National Women's Pedagogical University,  
 Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.  
 Material received on 12.08.19.

*В данной статье рассматриваются особенности изображения лошадей в исторических памятниках. Подтверждается факт наличия генетической связи и преемственности между изображением лошади в историческом псевдониме и изображением лошади в героическом эпосе.*

*This article discusses the features of the image of horses in historical monuments. The fact of a genetic connection and continuity between the image of a horse in a historical pseudonym and the image of a horse in a heroic epic is confirmed.*

FTAMP 16.31.41

**Ж. Ж. Манапбаева**

PhD докторант, Филология және әлем тілдері факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: zh.manapbayeva@gmail.com

### **ТҮЙЕ ТҮРЛЕРІ РЕАЛИЯЛАРЫНЫҢ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ БАРАБАРЛЫҒЫ (С. ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫ МЕН ОНЫҢ ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Берілген мақалада біртуар жазушы С. Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы түйе түрлері реалияларының орыс және ағылшын тіліндегі аудармаларының барабарлығы талданады. Автор аудармашылар қолданған аударма тәсілдерін анықтайды, әрі түйе түрлері реалияларының барабар аудармасын жасауға арналған кеңестер береді.*

*Кілтті сөздер: реалия, аударма, этномәдени ақпарат, барабарлық*

#### КІРІСПЕ

Қазіргі аударматану саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі – әрбір ұлтқа не этникалық топқа қатысты этномәдени ақпаратты өзге тілдерге аудару. Географиялық жағдайы, тұрмысы мен әлеуметтік-саяси құрылымдары сан қилы болғандықтан, бір ұлттың не этникалық топтың этномәдени бірліктеріне толық балама табу мүмкін емес. Осындай бірліктерге реалиялар жатады. Ғалым Ә. Тарақов реалиялардың аударылуына қатысты мынадай пікір жазады: «Реалия – түпнұсқаның ұлттық ерекшелігін таныту құралы, оған немқұрайлы қарауға болмайды. Оның мәтіндегі қолданылу мәнін терең түсіну қажет» [1, 69]. Ғалым реалия аудармасының маңызын осылайша атап көрсетеді.

Реалиялардың аударылуы туралы алғашқы толыққанды еңбектердің бірі – болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің «Непереводимое в переводе» атты жұмысы. Олардың пікірінше, «реалиялардың өзге сөздерден айрықша ерекшелігі – оның заттық мағынасында, яғни реалия атайтын заттың, түсініктің, құбылыстың, яғни референттің, бір жағынан, халықпен (мемлекетпен), тайпамен не қандай да бір әлеуметтік топпен немесе,



екінші жағынан, тарихи уақыт аралығымен тығыз байланысында» [2, 30]. Сәйкесінше, олардың белгілі бір ұлттық (жергілікті) және/немесе тарихи нақышы бар. Бұл ғалымдар реалияларға мынадай анықтама береді: «Біздің түсінігімізше, реалиялар дегеніміз белгілі халықтың өміріне (тұрмысына, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына) тән, ал өзге халыққа жат заттарды атайтын сөздер (сөз тіркестері)» [2, 47]. Реалиялардың белгілі бір топқа ғана тән екендігі оларды аударуда қиындық тудырады.

Реалиялардың аудармасын зерттеуші ғалымдардың барлығы дерлік оларды белгілі бір ұстанымға сәйкес топтастырады. Жоғарыда аталған С. Влахов пен С. Флорин реалиялардың тақырыптық, жергілікті және уақыттық классификациясын ұсынады. Тақырыптық реалияларға географиялық, тұрмыстық және әлеуметтік-саяси реалиялар жатады [2]. Осы мақалада қарастырылатын түйе түрлері реалиялары қазақ халқының мал шаруашылығына қатысты болғандықтан, оларды тұрмыстық реалияларға жатқызамыз.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

С. Елубайдың «Ақ боз үй» романында түйе шаруашылығына қатысты ұлттық реалиялар өте көп. Романдағы сюжет Қазақстанның батыс өңірінде, Үстіртте өрбиді. Үстірт мекені құмды жазық болғандықтан бұл алқап түйе шаруашылығына қолайлы. Көшпелі қазақ халқы түйе малын, негізінен, ауыр жұмыс күші ретінде көші-қонға пайдаланған, сондай-ақ, сүгін, етін ас ретінде, жүнін киімге, т.б. жаратқан. Шығармада түйе малының 12 түрі кездеседі: аруана, атан, бура, буыршын, жарбай, інген, құнанша, мая, нар, нарқоспақ, тайлақ, үлек.

Түйе түрлері реалиялары аудармаларының барабарлығын қарастыру мақсатында, шығармадағы осындай реалиялардың барлық контекстегі қолданыстары тізімделіп, түйе түрі бойынша топтастырылды. Олар 118 түрлі контекстте, оның ішінде 102 контекстте тура мағынасында қолданылған. Барабарлығын анықтау мақсатында, реалияның мағыналық және тұрпаттық межесінің, ұлттық-тарихи бояуының, түпнұсқадағы қызметі мен коммуникативтік ықпалының сақталуы ескерілді. Бұл үшін компоненттік талдау, салыстыру-салғастыру, квантитативтік талдау әдістері қолданылды. Талдау барысында реалиялардың аударылу тәсілдері де анықталды.

Түпнұсқада кездескен 12 түйе түрінің тек төртеуіне ғана орыс тіліндегі аудармада жасына, жынысына не өркеш санына, т.б. қатысты түсініктеме берілген. Олар: аруана, атан, інген және нар. Мұндай түсініктеме реалияны транслитерациялап, оған сілтемеде анықтама беру арқылы жүзеге асырылған. Мәселен, аруана реалиясын қарастырайық. Сөздіктегі семантикасы бойынша, аруана – бір өркешті, таза тұқымды түйенің ұрғашысы [3, 666]. Орыс және ағылшын тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде аруана транслитерациясы жоқ. Қазақ-орыс аударма сөздігінде реалияға *аруана*, *верблюдица* секілді

нұсқалар берілсе [4], ағылшын тілінің аударма сөздіктерінде балама жоқ. Орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі аудармаларға назар салайық:

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аударма
Танауына жұмсақ үйіріліп күлімсі <i>аруана</i> иісі келді [5, 35].	Ноздри уловили мягкий, знакомый запах <i>аруаны</i> . Аруана – одногорбая верблюдица [6, 40].	His nostrils caught the soft, alluring scent of the <i>aruana</i> . An aruana is a one-humped camel [7, 46].

Түпнұсқа авторы бұл сөйлемде аруананың ұрғашы түйе екендігін меңзеген. Орыс тіліндегі *одногорбая верблюдица* (бір өркешті ұрғашы түйе) сілтемесі аруана реалиясының мәнін толық ашып тұр: түйенің өркеш саны да, орыс тілінің аналық тек жұрнағы арқылы жынысы да көрсетілген. Бұл аударманы өте сәтті деп санаймыз, себебі мұнда реалияның мағыналық межесі де, тұрпаттық межесі де, коммуникативтік ықпалы да, қызметі де, сондай-ақ, ұлттық-тарихи бояуы да сақталып тұр. Ағылшын тіліндегі *one-humped camel* (бір өркешті түйе) түсініктемесінде «ұрғашы» семасы аталмаған, сәйкесінше реалияның қызметі мен коммуникативтік ықпалы ашылмаған, яғни аудармашы рецептордың түсінуіне қажетті негізгі семаны қосалқы семалардан ажырата алмаған.

Атан реалиясына берілген аударманы қарастырайық. Сөздік бойынша, атан реалиясы піштірілген, ақталған түйе, ірі қараны білдіреді [8, 94]. Түйенің бұл түрі тез семіреді, әрі жұмысқа өте төзімді болып келеді. Сондықтан, ауыр жұмысқа пайдаланылады. Атан транслитерациясы орыс және ағылшын тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде кездеспейді. Аударма сөздіктері бойынша, реалияға атан, *холощенный верблюд* (піштірілген түйе), *холощенный верблюд* в возрасте 5 лет (5 жасар піштірілген түйе) секілді нұсқалар беріледі. Ағылшын тілі сөздіктерінде атан реалиясына аударма нұсқа берілмейді. Орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі аудармаларға назар салайық:

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аударма
Түйелері шұбап тізіліп, түн ішінде келе жатқан керуен шалынды. Ауыр жүк тиелген атан, нарлар [5, 6].	Показался идущий среди тьмы караван... верблюд за верблюдом... тяжело идущие атаны и нары. Сілтеме: атан – <i>холощенный верблюд</i> [6, 7].	It was a caravan with the atans and nars. Сілтеме: An atan is a gelded camel [7, 6].

Холощенный верблюд, gelded camel нұсқаларының екеуі де піштірілген түйе деп аударылады. Бұл аудармаларда атан реалиясының семантикасы сақталғанымен, реалияның контекстегі қызметі мен коммуникативтік мақсаты басқа. Түпнұсқа авторы атан реалиясының ауыр жұмысқа, көші-конға лайықты түйе түрі екендігін көрсеткісі келген. Бұл жағдайда да аудармашылар атан реалиясының негізгі семасын ажырата алмаған. Аудармаларда ұлттық-тарихи бояу мен мағыналық және тұрпаттық меже сақталғанымен, олардың коммуникативтік ықпалы мен қызметі ашылмаған. Осы орайда Л. Космухамедова мен А. Жақсылықовтың аудармаларын салыстыруға болады. А. Жақсылықов атан реалиясына басқаша түсініктеме береді:

*Түпнұсқа*

Шағын келенің дені қолға үйренген сауын інген, мінгі атан, нарлар екенін көріп келеді [5, 364].

*Орыс тіліндегі аударма*

Среди животных он разглядел дойную верблюдицу-инген, верхового атана, несколько крупных вожakov-наров. Атан – взрослый самец [6, 387].

Бұл жағдайда аудармашы атан реалиясының қызметін нақты анықтап, сілтемеде қажетті семаны берген. Взрослый самец (ересек еркек түйе) нұсқасы реалияның коммуникативтік ықпалын ашып тұр. Нәтижесінде, рецептордың осы түйе туралы ассоциациясы да барабар болады.

Қажетті семаның дұрыс таңдалмауы нар реалиясының аудармасынан да байқалады. Сөздік бойынша, нар реалиясы жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйені білдіреді [9, 483]. Орыс тілінің энциклопедиялық сөздіктерінде нар реалиясы кездеседі. Оған бір өркешті және екі өркешті түйенің гибриді деген анықтама беріледі. Оған қоса, күш-қайраты жағынан екі түрден де асып түседі деп анықталады [10]. Аударма сөздіктерде одногорбый крупный верблюд (бір өркешті ірі түйе) нұсқасы келтіріледі [4]. Аудармашылардың түсініктемесіне назар салайық:

*Түпнұсқа*

Түйелері шұбап тізіліп, түн ішінде келе жатқан керуен шалынды, Ауыр жүк тиелген атан, нарлар [5, 6].

*Орыс тіліндегі аударма*

Показался идущий среди тьмы караван... верблюд за тяжело идущие атаны и нары. Сілтеме: нар – одногорбый верблюд [6, 7].

*Ағылшын тіліндегі аударма*

From the thickness of the twilight finally the enourmous black shadows appeared. It was a caravan, with the atans and nars. Сілтеме: A nar is a large one-humped camel [7, 6].

Түпнұсқа авторы нардың ауыр жұмысқа лайық түйе екендігін меңзейді. Орыс тіліндегі аудармада, яғни одногорбый верблюд (бір өркешті түйе) нұсқасында бұл сема аталмаған. Бұл аудармада ұлттық-тарихи бояу мен реалияның мағыналық және тұрпаттық межесі сақталғанымен, коммуникативтік ықпалы мен қызметі толық ашылмаған деп санаймыз. Ағылшын тіліндегі нұсқада, яғни a large one-humped camel (үлкен бір өркешті түйе) нұсқасында аудармашы үлкен сын есімін қосып, реалияның қызметін ашуға талпыныс жасаған. Бұл аударманы барабар деп ойлаймыз. Аудармашы А. Жақсылықовтың түсініктемесіне назар аударайық:

*Түпнұсқа*

Шағын келенің дені, қолға үйренген сауын інген, мінгі атан, нарлар екенін көріп келеді [5, 364].

*Орыс тіліндегі аударма*

Среди животных он разглядел дойную верблюдицу-инген, верхового атана, несколько крупных вожakov-наров. Сілтеме: инген – дойная верблюдица, нар – вожак стада [6, 387].

Аудармашы нар реалиясына вожак стада (келенің бастаушысы) деген түсініктеме берген. Біздің ойымызша, түпнұсқада нар реалиясының бұл семасы меңзелмеген. С. Елубай нар ретінде ауыр жұмысқа үйретілген түйені көрсеткісі келген. Сол себепті, А. Жақсылықовтың аудармасында ұлттық-тарихи бояу мен тұрпаттық меже сақталғанымен, реалияның семантикасы, коммуникативтік ықпалы мен қызметі ашылмаған. Дәл осы мысалдағы інген реалиясына назар аударайық. Аудармашы інгенге дойная верблюдица (сауын ұрғашы түйе) түсініктемесін береді. Инген – айыр өркешті түйенің ұрғашысы. Оны көбінесе сауын малы ретінде пайдаланады [11, 656]. Аударманың коммуникативтік ықпалы мен қызметі сақталғанымен, берілген түсініктеме тым жалпылама болып кеткен, оның нақты айыр өркеш түйенің ұрғашысы екендігі айтылмаған. Нәтижесінде, реалияның семантикасы, ұлттық-тарихи бояуы толық ашылмаған. Дегенмен, аударма рецепторға түсінікті, барабар деп есептейміз.

Түпнұсқада ең жиі кездесетін түйе түрлері реалиялары – нар (45 рет кездеседі) мен атан (13 рет қолданылған). Сәйкесінше, алғашқы қолданысында оларға сілтемеде түсініктеме берілсе, келесі қолданыстарында транслитерация тәсілі (атан, нар, atan, nar) немесе гиперонимдік транслитерация тәсілі (верблюд-нар, вожак-нар, nar camel) пайдаланылған. Бұл тәсілдер, біздің ойымызша, ұлттық-тарихи бояуды беруде тиімді, әрі жиі қолданылатын реалиялардың өзге тілдерге еніп, сіңуіне септігін тигізуі ықтимал.

Орыс тіліндегі аудармаларда ең жиі қолданылған тәсілдердің бірі – гиперонимдер. Орыс тіліндегі аудармада *верблюд*, *верблюдица*, *верблюжонок*,

*животное, самец* секілді гиперонимдер кездеседі. Аудармашылар еркек түйенің кез-келгеніне верблюд (түйе), животное (жануар), самец (еркек жануар) лексемасын сәйкестіндерсе, ұрғашы түйеге –ица аналық тек жұрнағы жалғанған верблюдичаны (ұрғашы түйе), ал түйе малының төлдеріне рең мәнін тудыратан –онок жұрнағы жалғанған верблюжонок (бота) сөзін таңдаған. Мұндай аудармаларда реалиялардың тек қызметі мен ішінара коммуникативтік ықпалы сақталып, ал ұлттық-тарихи бояу жоғалатыны анық. Дегенмен, аудармашыларға бұл жөнінде кінә таға алмаймыз, себебі орыс халқы түйе шаруашылығымен айналыспаған. Осы орайда аудармашы Г. Бельгердің пікірін келтіруге болады: «А вот там, где на страницах казахской прозы величаво возникает вдруг верблюд, у переводчика нередко бессильно опускаются руки. Если многие языки вполне обходятся словами «верблюд», «верблюдича», «верблюжонок», то казахи различают: нар (одногорбый), бура (двугорбый самец-про-изводитель), үлек (породистый верблюд), каспак (метис одногорбого самца и двугорбой самки), желбая (верблюд–скакун), жалбай (с горбами в разные стороны), аруана (одногорбая), інген (дойная), атан (холощенный), арван (порода выючных верблюдов), қайыма (первородящая), буыршын (молодой верблюд-самец), бота (верблюжонок), тайлак (годовалый), азбан (холощенный), тұмса (молодая самка), жампоз (разновидность желбая), майя (приплод аруаны) и др...» [12, 173–174]. Осылайша, Г. Бельгер қазақ тіліндегі түйеге қатысты лексемаларды аударудың қиындығын атап өтеді.

Орыс тіліндегі аудармада түйе түрлеріне жоғарыда аталған бірнеше гипероним сәйкес келсе, ағылшын тіліндегі жағдай тіптен қиын, себебі аудармада тек бір ғана camel (түйе) гиперонимі кездеседі. Мұның негізгі себебі – ағылшын халқының түйе шаруашылығымен айналыспауында. Аудармашы сипаттау тәсілін пайдаланып, ұрғашы түйе түрлерін female camel (ұрғашы түйе), ал кез-келген түйе төлдерін camel baby (түйенің баласы), camel calf (түйенің төлі), young camel (жас түйе) секілді нұсқалармен аударған.

Жоғарыда аталған гиперонимдер мен сипаттамалар түйе түрлерінің тек жыныстық және жалпы жас компоненттерін ғана беріп тұр. Ал түйе реалияларының өркеш саны, нақты жасы, будандастырылуы, т.б. секілді семалық компоненттері де бар. Олардың көпшілігі аудармада көрініс таппаған. Тек бірен-саран контексте сипаттау тәсілі арқылы жалпылама ақпарат берілген. Мәселен:

<i>Түпнұсқа</i>	<i>Орыс тіліндегі аударма</i>	<i>Ағылшын тіліндегі аударма</i>
Қабак жүні салбыраған Шойынқара, обросший Шойынқара түксиіп сидан-сидан желген ши борбай аруана, інген, сүзіле қарайды. Бұл Шойынқараның үйірі еді [5, 35].	шерстью так, что она свисала и с морды, тотчас ошетинился, пристально stared fast at the slender-legged female camel with замелькавших перед глазами тонконогих верблюдиц, одногорбых и двугорбых, молодых и не совсем молодых [6, 40].	Shooyunkara, with overgrown clumps of fur even hanging from his mounth, bristled, stared fast at the slender-legged female camel with bare thighs, one-humped and two-humped, young and not so young, flashing before his eyes [7, 46].

Түпнұсқада аруана, інген, мая, құнанша атты төрт ұрғашы түйе аталады. Аудармашылар түйе түрлерінің семаларын жалпылай келе, орыс тіліне верблюдич, одногорбых и двугорбых, молодых и не совсем молодых (ұрғашы түйелер, бір өркешті және қос өркешті, жасы әрі онша жас емесі) деп, ал ағылшын тіліне female camel ..., one-humped and two-humped, young and not so young (ұрғашы түйелер, бір өркешті және қос өркешті, жасы және онша жас емесі) деп аударған. Бұл сипаттамалы аудармада ұлттық-тарихи бояу сақталмағанымен, реалиялардың, жалпы микромәтіннің коммуникативтік ықпалы мен қызметі жақсы берілген.

Сипаттау тәсілімен аударылған реалиялардың тағы бірі – тайлак. Сөздіктегі семантикасы бойынша, тайлак 1–2 жас аралығындағы түйе төлінің жалпы атауын білдіреді [14, 177]. Аудармаға көз салайық:

<i>Түпнұсқа</i>	<i>Орыс тіліндегі аударма</i>	<i>Ағылшын тіліндегі аударма</i>
Сонда, бай бұларға келенің ішіндегі ең жаман қотыр тайлак пен қатпа маяны береді [5, 74].	Тот выбрал им в табуне паршивого годовалого верблюжонка и старую облезлую верблюдицу [6, 82].	He selected out of the herd a lousy yearling camel and an old mangy female camel [7, 97].

Аудармашы Л. Космухамедова бұл сөйлемдегі *тайлаққа* сипаттама аударма жасап, *годовалый верблюжонок* (бір жасар түйенің төлі) деп аударған. Тұрпаттық жеке жоғалғанымен, бұл аударманы сәтті деп есептейміз, себебі реалияның мағыналық межесі сақталған, ұлттық-тарихи бояуды сақтауға талпыныс жасалған. Ағылшын тіліндегі аудармадағы *yearling* (бір жасар) лексемасы бір мен екі жас аралығындағы малға айтылатын сын есім болып табылады [15]. Ол, негізінен, жылқы, сиыр не қойдың төліне қолданылады.

Бұл жағдайда да ұлттық накыш жоғалғанымен, реалияның мағыналық межесі сақталып тұр.

Жоғарыда аталған тәсілдерден басқа түйе түрлері реалияларының мәдени аналог арқылы аударылуы да байқалады. Мәселен:

<i>Түпнұсқа</i>	<i>Орыс тіліндегі аударма</i>	<i>Ағылшын тіліндегі аударма</i>
Содан, алакеуең таңменен жалғыз керуен атан, нарлары алшаң басып, жез қоңыраулары сыңғыр қағып, тағы да жолға түсті	И снова караван размашисто ступающих дромадеров пустился в путь, позванивая колокольчиками [6, 9].	And once again the caravan with the swaying, stepping dromedaries set off on its way, bells tinkling [7, 8].

Бұл жағдайда атан және нар реалиялары орыс тіліне *дромадер* лексемасы арқылы аударылған. Орыс тілінде *дромадер* бір өркешті түйені атауға қолданылады [16]. Ол – орыс тіліне латын тілінен енген кірме сөз [17]. Бұл экзотизм орыс тілінің XX ғасырдың басында құралған түсіндірме сөздіктерінде де кездеседі. Дегенмен, *дромадер* лексемасы *атан* реалиясына емес, *нар* реалиясына жақын. Себебі, атан – айыр өркешті түйе, ал дромадер – бір өркешті. Бұл аударма нәтижесінде түпнұсқаның ұлттық-тарихи бояуына нұқсан келген. Атан мен нар реалияларына бірінші қолданыстарында түсініктеме беріліп кеткендіктен, бұл контексте жай ғана транслитерация пайдаланса да жеткілікті болар еді. Ағылшын тіліндегі аудармада да атан мен нар реалиясы бір өркешті *dromedary* (бір өркешті түйе) мәдени аналогы арқылы берілген. *Dromedary* лексемасы ағылшын тілінің түсіндірме сөздігі бойынша бір өркешті түйе деген мағынаны береді [15]. Бұл жағдайда да мәдени аналог табылғанымен, ұлттық-тарихи бояу жоғалған.

Түйе түрлері реалияларының аудармаларын қарастыра келе, бура, буыршын, жарбай, нарқоспақ, үлек лексемаларының семантикасы аудармада мүлде ашылмағанын байқадық. Аудармада бұл реалиялар тек өте жалпылама гиперонимдер арқылы берілген. Мәселен, буыршын реалиясы животное (жануар) гиперонимі арқылы, ал шығармада 13 рет кездесетін жарбай реалиясы орысша аудармада верблюд (түйе), ағылшын аудармасында *camel* (түйе) гиперонимдері арқылы берілген. Нәтижесінде, макроәтіннің ұлттық-тарихи сипаты тарылған. Аудармашылар мұндай қадамға мәтінді рецепторға ауыратпау мақсатында барған болуы керек. Дегенмен, кей жағдайларда бұл тәсіл мәтіннің коммуникативтік ықпалына әсер еткен:

<i>Түпнұсқа</i>	<i>Орыс тіліндегі аударма</i>	<i>Ағылшын тіліндегі аударма</i>
Жетегіндегі жарбай түйесінің бұйдасын қасындағы біреудің колына ұстатып, қатпа қара кісі аяғы маймандап арбаға қарай жүгіре түсіп келеді [5, 77].	Неказистый маленький человечек в толпе передал повод верблюда соседу и засеменил к арбе [6, 85].	A dark-skinned, unprepossessing little man in the crowd handed the reins of his camel to his neighbor and made his way to the wagon... [7, 100]

Бұл жағдайда жарбай реалиясы орыс тіліне верблюд (түйе), ағылшын тіліне *camel* (түйе) гиперонимі арқылы аударылған. Жарбай – бура мен нардың арасынан туған өркеші бір жағына жығылық келетін түйенің нашар тұқымы [18, 239]. Бұл реалияның белгілі бір «нашар», «жаман» секілді экспрессиялық семасы бар. Түпнұсқа авторы жарбайға Қауқаш, етікші Шәріп, Шере секілді кедейлерді «мінгізген». Өкінішке орай, аудармада бұл семалар көрініс таппаған.

Түйе түрлері реалияларының аудармаларында семантикалық қателіктер де баршылық. Көп жағдайда, олар аудармашының салғырттығынан жіберілген. Мәселен, омонимия салдарынан болған қателікті атап өту керек:

<i>Түпнұсқа</i>	<i>Орыс тіліндегі аударма</i>	<i>Ағылшын тіліндегі аударма</i>
Кебеже қарын кәрі маяның ық жақ с тасасында отыр екеуі	Прятели обосновались подветренной стороны большого старого стога... [5, 11].	The friends settled down on the leeward side of a great old haystack... [7, 11]

Мая лексемасы тек түйе түрін ғана емес, сондай-ақ шабылған шөп жиынтығын білдіреді. Түпнұсқа авторы мая ретінде түйе түрін алғандығы анық, оған дәлел – қарын, кәрі лексемалары. Мая шөптің қарны болмайды, әрі оның кәрі болуы да мүмкін емес. Дегенмен аудармашылар реалияны дұрыс түсінбей, орыс тіліне большой старый стог (үлкен ескі мая шөп), ағылшын тіліне орыс тілінен тікелей аударып, a great old haystack (үлкен ескі мая шөп) деп берген. Бұл қателік тек микроәтінді ғана емес, макроәтінді де бұрмалап тұр. Мая-мая шөп жинауды қазақ халқы отырықшылыққа көшкен соң бастаған. Яғни түпнұсқадағы жігіттердің мая шөптің тасасында отыруы көшпелі ауылдың образын бұрмалап тұр.

Түйе реалияларының аудармасында фонетикалық қателік те бар. Мәселен, аруана реалиясының ағылшын тіліндегі транслитерациясында қателік кеткен. Сілтемедегі *aruana* транслитерациясында «у» әрпі артық




қосылып [7, 46], нәтижесінде, аруана реалиясын ағылшын тілді оқырман аруана деп емес, **аруяна** деп оқиды. Аудармашы мұндай салғырттыққа жол бермеуі керек еді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, тура мағынасында қолданылған түйе түрлері реалияларын аудару тәсілдерін мынадай диаграммада қорытындылайық:

Диаграмма 1 – Түйе түрлері реалияларын аудару тәсілдерінің жиілігі



(МА – мәдени аналог, ТЛ – транслитерация, Г – гипероним,

ТЛС – сілтемелі транслитерация, С – сипаттау,

ТГ – гиперонимдік транслитерация, Т – түсіру, Қ – қате аударма,

АР – аударылмаған реалиялар)

Диаграммадан көріп тұрғанымыздай, түйе түрлері реалияларын орыс тіліне аударғанда ең жиі қолданылған тәсілдер гипероним мен транслитерация болса, ағылшын аудармасында транслитерация мен сипаттау тәсілі жиі пайдаланылған. Ең сирек қолданылған тәсіл – мәдени аналог табу, себебі түйе шаруашылығына қатысты лексика орыс тілінде де, ағылшын тілінде де жоқтың қасы.

«Ақ боз үй» романындағы түйе түрлері реалияларының аударма барабарлығына қатысты мынадай тұжырымдамалар жасадық:

– Түйе түрлері реалиялары негізінен гипероним беру, сипаттау тәсілдері арқылы аударылған. Орыс тілінде түйе түрлерін атауда сөзге аффикс жалғау тәсілі қолданылса, ағылшын тілінде сөз тіркесін жасау тәсілі басым.

– Романдағы түйе түрін білдіретін 12 реалияның тек жетеуінің аудармасында ғана семантикалық компоненттері ашылған.

– Аудармашылар семантикалық және фонетикалық қателіктер жіберген.

– Орыс және ағылшын тілдерінде тек бір ғана нар реалиясының мәдени аналогы бар.

– Ең жиі кездесетін атан және нар реалиялары ғана транслитерация тәсілімен берілген.

– Денотативті мағынада қолданылғанымен, кейбір түйе түрлері атауларының экспрессиялық семасы бар. Ондай реалияларды гипероним арқылы аударғанда экспрессия жоғалады.

Қазақ тіліндегі түйе түрлері реалияларын орыс және ағылшын тілдеріне аударуда мынадай нұсқаулықтарды ескерген жөн деп ойлаймыз:

– реалияны транслитерациялап, оған сілтемеде түсініктеме берген жағдайда, реалияның микроәтіндегі қызметін ескеру қажет.

– реалияның бірнеше семасы болуы мүмкін, сол себепті микроәтіндегі қызметін ескере отырып, қажетті семаны таңдауға болады.

– транслитерациялау кезінде фонетикалық қателіктерге жол бермеу керек, себебі дәл осы транслитерация болашақта аударма сөздіктерге еніп кетуі ықтимал. Оған қоса, транслитерацияланған лексеманың дұрыс оқылуын қамтамасыз ету мақсатында оған екпін белгісін де қоюға болады.

– мәдени аналог табылған жағдайда, ұлттық-тарихи бояудың жоғалатынын ескеру қажет.

– рецепторға түсінікті болуы үшін жаппай гипероним не сипаттау тәсілін қолданған кезде, реалиялардың экспрессивтік семасы жоғалады.

– аудару барысында реалияның омонимдері бар-жоғын мұқият тексеріп алған жөн.

– түйеге қойылған аттар да түйе түрінен хабар беруі мүмкін, сол себепті түйе түрлерін шатастырып алмау керек.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Тарақов, Ә. С.** Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері: оқу құралы / Ә. С. Тарақов. – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 153 б.

2 **Влахов, С., Флорин, С.** Непереводимое в переводе. – «Международные отношения», 1980, 343 с.

3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / ҚР білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; [құраст. Т. Жанұзақов және т. б.]. – Алматы : Арыс, 2006. Т. 1, 748 б.

4 Большой казахско-русско-английский словарь КЯП МКиС РК [Электронный ресурс] / Портал государственного языка – Режим доступа: <http://www.til.gov.kz>, свободный.

5 **Елубай, С.** Ақ боз үй. Роман-трилогия. Алматы: Атамұра, 2008. – 520 б.

6 **Смагул Елубай.** Одинокая юрта: Трилогия. Перевод с казахского Л.Космухамедовой, А. Жаксылыкова. Астана: Аударма, 2009. – 552 с.

7 **Smagul Yelubay. Lonely Yurt.** Translated from Russian by Catherine Fitzpatrick. USA: Metropolitan Classics. 2016.



8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / ҚР білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; [құраст. Ғ. Қалиев және т. б.]. – Алматы : Арыс, 2006. Т. 2, 742 б.

9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / ҚР білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; [құраст. Ж. Манкеева және т. б.]. – Алматы : Арыс, 2009. Т. 11, 750 б.

10 **Баймуканов, Д. А., Баймуканов, А., Турумбетов, Б. С.** Генфонд верблюдов Казахстана // Верблюдоводство Казахстана XXI века (к 70-летию профессора Асылбека Баймуканова). – Алматы : Бастау, 2009. – С. 20–34.

11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / ҚР білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; [құраст. Ә. Ыбырайым және т. б.]. – Алматы : Арыс, 2008. Т. 9 : Қ – Қ. – 742 б.

12 **Бельгер, Г.** Казахское слово // Бельгер Г. Гармония духа. – М. : Русское слово, 2003. – С. 132–217.

13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / ҚР білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; [құраст. А. Фазылжанов және т. б.]. – Алматы : Қазақ энцикл., 2010. Т. 13 : С – Т. – 750 б.

14 Қазақстан. Т.8 С-У : Ұлттық энциклопедия / [Б. Аяған]. – Алматы : Қазақ энциклопедия, 2006. – 704 б.

15 English Oxford Living Dictionaries [Electronic source] / URL: <https://en.oxforddictionaries.com/> Free access.

16 Словарь Ожегова. Толковый словарь русского языка. [Электронный ресурс] / Онлайн-версия толкового словаря – Режим доступа: <http://www.ozhegov.org/index.shtml>, свободный.

17 Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка. Составитель: Чудинов А. Н., 1910 год. Электронный источник: <http://rus-yaz.niv.ru/doc/foreign-words-chudinov/index.htm>

18 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбаев, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Ж. Ж. Мананбаева*

**Адекватность переводов реалий верблюдов (С. Елубая на основе романа «Ак боз үй» и его переводов на русском и английском языках)**

факультет международных отношений,

КазНУ имени Аль-Фараби,

г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*Zh. Zh. Manapbayeva*

**The adequacy of the translations of realia of camel types (in S. Yelubay's famous novel «Ak Boz Uy» and its translations into Russian and English)**

Faculty of Philology and World Languages,

Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье анализируется адекватность перевода реалий, видов верблюдов, романа известного писателя С. Елубая «Ак боз үй» на русский и английский языки. Автор определяет приемы перевода, использованные переводчиками, и дает рекомендации для достижения наивысшей степени адекватности при переводе таких реалий.*

*The article analyzes the adequacy of the Russian and English translations of realia of camel types in Smagul Yelubay's famous novel «Ak Boz Uy». The author identifies translation techniques used by the translators, and concludes the most efficient translation techniques for providing the maximum adequacy in translating such realia into Russian and English.*

**П. Т. Медетбекова<sup>1</sup>, Н. Бигелдиева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>магистрант, 2 курс, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>medetperizat73@gmail.com; <sup>2</sup>ulzhan.b\_95@mail.ru

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗООМОРФТИК КОМПОНЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отырған тіл білімінің бағыттары: когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттанумен қатар, екі тілдің арасындағы ұқсастықтар мен әр тілге тән өзіндік ерекшеліктерін айқындауда салғастырмалы тіл білімі тілге тиек болып отыр. Сонымен қатар, зооморфтік компоненттерге қатысты іріктеліп, жинақталған бірліктер арқылы, фразеологизмдер мен мақал мәтелдер, идиомаларды қатар қарастыра отырып, көркем шығармалардан алынған мысалдар арқылы әр халықтың танымы мен болмысын анықтау зерттеуіміздің негізгі шарты. Сондай ақ, зерттеу нысаны екі тілге қатысты болғандықтан да, жинақталған зооморфті бірліктердің мән-мағынасын этимологиялық, фразеологиялық, т.б. сөздіктер мен зерттеуші ғалымдардың құнды зерттеулері арқау болып отыр.*

*Кілтті сөздер: лингвомәдениеттану, зооморфтік компонент, танымдық ерекшелік, этиолингвистика, салғастырмалы тіл білімі, аксиология, метафора, семантика.*

### **КІРІСПЕ**

Қоғамдағы әрбір құбылыс халықтың дүниетанымына байланысты беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып отырады. Кез-келген нәрсені салыстыра отырып сипаттап, көңіл-күй сезімдері негізінде бейнеленетіні белгілі.

Адам баласы табиғат жаратылысы негізінде кез келген жайтты, нәрсені сипаттап, бейнелеуде көбінесе теңеп, ассоциативті түрде салыстырып қана қоймай, өзінің ой-пікірін бейнелі түрде жеткізіп отырған. Үй жануарлары, жабайы аң-құс атаулары этностың ой-санасында, абстрактылы ұғымдар мен

ассоциативті салыстырулар көңіл-күй сезімдері мен іс-әрекеттерін бейнелі түрде сипаттауда кеңінен қолданылатынын аңғару қалыпты жайт екенін ескерсек, демек, адамдар өміріндегі құндылықтар тіл арқылы берілетін жеке адамның рухани әлемін және ұлттық-мәдени көзқарасының ерекшелігін сипаттайтыны айдан анық.

Осы тұста өз зерттеуінде Телия «тіл – құндылықтар жүйесінің негізгі айнасы» ретінде сипаттап қана қоймай, сонымен қатар, ол адамға әсер етеді, танымын қалыптастыратынын атай кеткен жөн. Дәстүрлі және жаңа когнитивтік семантика негізінде тілдің қасиеттері бойынша құндылықтарды зерттеу міндетін алдыңғы орынға қоятын лингвоантропологияның жаңа бағыттарының бірі аксиологиялық лингвистика қалыптасты.

Зооморфизмдер – адамның бейнелік сипаттамасын жасау мақсатында жануарлардың атауларын ауыспалы мағынада қолдану болып табылады. Сонымен қатар, зооморфизмдерге құрамында зоонимдік компоненті бар және адамдардың сапалық-бағалауыштық сипаттау мағынасына ие тұрақты сөз тіркестері жатады. Мұндай бірліктер зооморфтық фразеологизмдер деп аталады. Сөйтіп, зооморфизмдер «адамның бейнелі сипаттамасын бағалау» критерийі бойынша лексико-фразеологиялық топқа біріктіріледі, ал зоонимдер жануарлардың жалпы белгілеріне қарай лексико-семантикалық топ құрады.

Дүниенің тілдік бейнесі ұғымдары қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, секілді ғылыми бағыттардың дамуына байланысты ХХІ ғасыр басында кең көлемде таныла бастады. Ұлттық құндылықты жаңа моделде қалыптастыру қазақ тіл білімінің бастауларында дамыды. Ф. Б. Қожахметова, Ш. С. Ниятова, Г. М. Имашева, Б. Шалабай, Г. Н. Смағұлова, Г. Сағидолдақызы, А. Ислам, Б. Нұрдаулетова, Г. Қосымова, Э. Оразалиева т.б. секілді тілші-мамандар қазақ этнографиясын, дүние болмысын тілдік бірліктер астарында қарастырып, оған талдау жасап, жан-жақты зерттеді.

Адам дүниетанымы кеңістікті танып білуден жинақталады. Әр ұлттың элем бейнесі олардың дүниені танудағы көзқарастарына байланысты. Адам баласының білімі, көрген-білгені, ақылы, ойы мен оның рухани дүниесін, өмірлік тәжірибесін сөйлейтін тілінен бөлмей, тілдік әлемімен бірге қоса қарастыру, нақтырақ айтсақ, кез келген халықтың тілінде ұлттық-мәдени сипатта бекітін дүние бейнесін антропоцентристік тұрғыда зерттеу – қазіргі заманғы лингвистиканың ең негізгі мәселелерінің бірі.

Адамның сыртқы келбетін, ішкі жан-дүниесін, мінез-құлқын, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, көңіл-күйін т.б. білдіретін метафоралардың образдық, фондық негіздері халықтың ақиқат дүние туралы тәрбиелік және білімдер жүйесінен хабар береді.

Зооморфизмдер адам ойының терең ерекшеліктерінен туындайды. Басқаша айтар болсақ, зооморфизмдер тек олар қажет болғандықтан ғана туындамайды, сонымен қатар, зооморфизмдерсіз сөйлеу мүмкін емес, олар адамның ойлауына және тілге тән.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зооморфизмдер – жан-жақты кеңістік пен уақытта, олардың құрылымы мен қызметінде көрініс табатын тілдік бірліктер. Зооморфизмдер барлық кезеңдегі барша тілге тән. Зооморфизмдерді зерттеу кезінде оның екі түрлі қызметіне назар аударылады: біріншіден, олар адамды бейнелі сипаттау құралы болса, екінші жағынан, олар бейнелі сөздер жасаудың құралы болып табылады. Мысалы, *Абжылан*. Үлкен жылан. *Жауыз, қан ішер. Иреңдеп кіріп, сүйреңдеп шығып тұрған абжылан емес пе, айыр тілін жұлу керек* (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). *Абжыландай. Абжылан сияқты. Көнбесе көзі жетіп өз бетімен, Аранын абжыландай ашып отыр, Бәрін де жоямыз деп жер бетінен* (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғын) [ҚТТС, 1-том, 35 б.]. Мұнда *абжылан* зоонимінің мағынасы ауысып, көркемделіп, бейнелі беріліп отыр. Зооморфизмдер адам ойының терең ерекшеліктері арқылы қалыптасады. Зооморфизмдердің ауыспалы мағынасы үш түрлі қатынаста болады: ол тек зат пен ұғымға ғана бағыттанып қоймай, сонымен қатар, тура мағынаны да көрсетіп тұрады; одан басқа, оның ауыспалы мағынасы көбіне эмоционалды-бағалаушылық болып табылатын зат пен ұғымға қатынасын бейнелейді. Сөйтіп, зооморфизм дегеніміз арнайы мағынасында туынды мағына ғана емес, сонымен қатар, уәжді мағына да болып табылады және уәжділік түсініктер мен бейнеліліктің үндесуіне негізделеді.

Зооморфизмдер белгілі бір халықтың ұлттық дүниетанымын және дәстүрін көрсететін айрықша қызмет атқарады. Себебі, кез келген ұлт тілінің сөздік қорының жасалуына сол халықтың дүниетанымы және таным-түсінігіндегі мәліметтер ықпал етеді, демек кез келген затты немесе құбылысты бейнелеуші тілдік бірлік туралы түсінік әрбір ұлтта әртүрлі деп айтуға болады. Сонымен бірге, зооморфизмдер – күрделі тілдік бірліктер. Осыған қарамастан зооморфизмдер тіл білімінде бүгінгі таңда әлі де зерттеуді қажет ететіні белгілі.

Түрлі тілдерде жүзеге асу ерекшелігі әр түрлі болатын метафораланудың жан-жақты үрдістерінің бірі. Тілдегі жануарлар атауының ауыспалы мағынасы, адамды бейнелі сипаттауға бағытталған. Зооморфизмдер атаулардың шарттылығын жоюға қажетті. Ең нақты сөздер ең шартты болып кетеді. Ауыспалы мағына жүйелеп, реттеп отырады. Олар атаулар жүйесіндегі шарттылық мөлшерін қалпына келтіреді. Ауыспалы мағынаның беретін мағынасы тура мағынаға қарағанда, әдетте, айқынырақ, тіпті тура мағынаға

қарағанда анық және мәнерлі деп айтуға болады. Бұл экстралингвистикалық себептермен оңай түсіндіріледі: табиғатта тек жануарлар ғана адамдар сияқты дағдыларға, қылықтарға ие, олардың әрқайсының өзіне тән өмір сүру түрі мен әрекеттері бар. Сондықтан, адамдардың жануарларға тән атауларды адамның рухани бейнесін және оның әрекеттеріндегі ерекшеліктерін көркемдеп жеткізу үшін қолдануы таң қалдырмайды. Зооморфизмдер, ауыспалы мағыналар, бейнелі мағыналар лингвистикалық зерттеулердің жаңа нысаны болып табылмайды. Керісінше, бұл тілдегі дәстүрлі, терең зерттелген құбылыс болып табылады. Олар әрқашан көрумен байланысты, ал көру шектерді көрсетіп, шынтықты көрсетеді. «Зооморфизмдер – бұл жануарларға тән формаларды, мағыналарды және рөлдерді ауыстыру нәтижесі. Зооморфизмдер қарама-қарсы жатқан екі әлем – адам және жануарлар әлемін бір сәтте байланыстырады».

Зоонимдік метафоралардың мағынасы белгілі бір ұлттың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олардың мағынасы сол метафораларды қолданатын ұлтқа түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Зоонимдік метафоралардың авторы жоқ. Олар – мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, фразеологизмдер мен идиомалар, т.б. тәрізді халық қазынасы.

Зоонимдік метафоралар әлемнің күнделікті тілдік бейнесіндегі үлгі-образ болып табылады. Олар адам мен жануарлардың қасиеттерінің ұқсастығын сипаттауға негізделген. Халықтың тұрмыс тәжірибесі тұрғысынан алғанда белгілі бір жануардың басым қасиеттері адамның мінез-құлық атауына сәйкес аталады. Сондықтан «жануарлар» метафоралары тізбесін белгілі бір тілдегі мәдениеттің үлгісі немесе символы ретінде қарастыруға болады.

Лингвистикалық аксиология тілді құндылықтар туралы мәліметтердің маңызды қайнар көзі ретінде қарастырады. «Құндылықтар тілін» («язык ценностей») диахрондық және синхрондық аспектіде зерттеу, сөздерді еркін (оказионалды) және узуалдық мәтін бірлігінде қарастыру лингвистикалық аксиологияның зерттеу пәні болып табылады. Жалпы аксиологиялық сөздер авторларының айтуы бойынша: «қазіргі кезде славян тіл білімінде жаңа бағыттың қалыптасуы белсенді түрде жүріп жатыр, және бұл қалыпты жағдай: зерттеушіге жеке адамдардың, сонымен қатар, тұтас халықтың (белгілі әлеуметтік мәдени ғимараттарында өмір сүріп, әрекет етіп жатқан) көзқарасы мен оның әрекет етуіндегі терең уәж негіздерін түсіну кілтін және әлем мен адамдағы «адами қасиет» бере алады. Ол адам және әлем мен адамдағы «адами қасиет» туралы жалпы ғылым ретінде қабылданатын лингвистикалық және жалпы антропологиялық құрылымының қажетті шарты мен фрагменті сияқты» [1].

Аталған бағытта зерттеу бағдарламасы аксиологиялық лексемаларды «диахрониялық аспектіде» олардың этимологиясын анықтаудан, тіл жүйесінің

«көне жағдайы» үшін сәйкес концептілерді қайта құрастыру мазмұнынан тұрады. Зерттеудің синхрониялық аспектісі, «әдетте, тілдің өзі үшін де, сонымен бірге, оны қолданушылардың білім базасы мен әлем бейнесі (менталдылығы және мәдениеті) үшін де бір уақыттың аясында қала отырып, сөздердің еркін және узуалды мәтіндік тіркесімділігін қарастырады. Жеке лексемалардың еркін мәтіннен тыс ассоциациялық байланыстарын зерттеу олармен тілдік менталдық стереотиптерді анықтауға мүмкіндік береді. (Бұл да сонда).

Зооморфизмдердің белгілі бір халықтың ұлттық дүниетанымын және дәстүрін көрсететін айрықша қызметі бар. Себебі, кез келген ұлт тілінің сөздік қорының жасалуына сол халықтың дүниетанымы және таным-түсінігіндегі мәліметтер ықпал етеді, демек кез- келген затты немесе құбылысты бейнелеуші тілдік бірлік туралы түсінік әрбір ұлтта әртүрлі келеді деп айтуға болады. Сонымен бірге, зооморфизмдер – күрделі тілдік бірліктер.

Қазақ халқы аксиологиялық тұрғыдан қарға зоонимін жағымсыздықпен байланыстырады да, керісінше *бүркітті* биіктіктің, күштің, тектіліктің символы ретінде жағымды бағалайды. Оған *ажалды қарға бүркітпен ойнайды* деген мақал немесе « – Кімде – кім бізге соқтықса, *бүркітпен ойнаған ажалды қарғаның* кебін киеді» (С. Адамбеков) т.б. тәрізді көркем шығармаларда кездесетін метафоралық қолданыс мысал бола алады.

Қазақ тілінде *қораз* зооморфизмі аксиологиялық тұрғыдан жағымсыз мағынада қолданылады. *Қораздай (қоразша)* өзін қораз секілді ұстау, қораздың қылықтарын еске салу. «Ақыным тоқтайтын емес, бала *қоразша* шақыратынды шығарды» (Қ. Қайымов). *Есалаң қоразша қоқыраю* – адырандау, қызбаланып кету, шыдамы таусылу. «Бұлар «Алашордамын» деп, *есалаң қоразша қоқырайып* алыпты» (С. Сейфуллин). *Жүнін жұлдырған қораздай* – ашушан, күйгелек адам туралы. «Бізді де бір *жүнін жұлдырған қораздай* көріп, өзіңіз де тайталаспайтын болыңыз» (Ғ. Мүсірепов). *Қораздай қырқыстыру* – біреулердің арасына от салу, ұрыстыру, бір-біріне қарсы қою. «Құтыртып қораздайын қырқыстырып, Дағдырын қос аусардың солай шешті» (І. Жансүгіров) [2, 49].

Мысалы, ағылшын тілінде: *the birds and bees* – қазіргі ағылшын тілінде қолданысқа ие болған бұл метафора – зооморфизмнің мағынасы – биология (немесе жыныс туралы пән) пәнін оқуды білдіреді; *have a crow to pick (to pluck) with somebody, the old woman is picking her geese, rise with the lark, a night owl, kill two birds with one stone*, т.б. Зерттелген материалдарға сүйенетін болсақ, *bird* зооморфизмі көбінесе адамдардың сыртқы және ішкі сипаттарын көрсетеді.

А. В. Куниннің сөздігінде кездесетін зооморфизмдердің мына түрлеріне мысал келтірейік:

*Bird* зооморфизмі қызық метафоралық мағынасында қолданылады. Мысалы: *an odd bird* – қызық құс деген мағынада, яғни адамның түсініксіз

мінезін көрсетеді; *a rare bird* – (сирек кездесетін құс немесе ақ қарға) адамның сирек кездесетін түрі; *a bird's – eye view* – ұшқан құстай көру; *a lone bird* – жалғыз құс; *a home bird* – үй құсы, бұл үйде отыратын адам туралы мағынасында қолданады [3].

Ағылшын тілінде үй құстары адамның мінез-құлқына байланысты көп қолданылады. *Be no chicken* – тауық болма (ақымақ болма деген мағынасында); *a chicken feed* – белгілі бір нәрсенің кішкене бөлігі; *hen* – тауық, *henpecked* – көміс адам туралы; *a lame duck* – (ақсақ үйрек) жолы болмайтын адам туралы, *a sitting duck* – жеңіл қарайтын адам; *like a duck to water* – тез әрі онай бәрін шешетін адам туралы айтылады; *like water off a duck's back* – барлығын қолдан ұшыратын кісі жайлы қолданылатынын аңғардык.

Ағылшын тіліндегі келесі мысалдар: *To rattle as a magpie* тіркесі көп сөйлейтін әйелдерге айтылады. *To sing like a nightingale* – бұлбұлша сайрау, дауысы керемет адамға айтылады.

Ағылшын тілінде адамдардың өзара қарым-қатынасын сипаттайтын мағыналық топ біреуді алдау, алдану, әлдекімді мазақ ету, ұрып-соғу, біреуді өлтіру, көзін құрту сияқты микроөрістерді де қамтиды. Сондай-ақ, ағылшын тіліндегі метафора-зооморфизмдердің көбі көпмағыналы болып келеді, мысалы, *there are no files on smb.* – 1) *тым сақ*; 2) *өте қажырлы*; 3) *сенімді*; *bottom dog* – 1) *тәуелді немесе жеңілген жақ*; 2) *жолы болмаған*; 3) *барлық нәрседен жұрдай болған адам* деген мағынада келеді де, бір ғана зооморфизмнің өзін бірнеше семантикалық аяға жатқызып, топтастыруға болады, алайда, бірліктің мағынасы мәнмәтінде ширатылып, нақтыланады [4].

Алайда қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де қораз – жаңа күн басының, сонымен қатар, айқай мен менменшілдіктің символы болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуімізде қазақ және ағылшын тілдеріндегі зооморфизмдер аксиологиялық тұрғыдан алғанда бір-біріне жақын, мағына жағынан ұқсастығына көз жеткіздік. Зооморфизмдердің негізінде жатқан танымдық мәліметтер тіл өкілдерінің дүниетанымымен тығыз байланыста қарастырылады. Себебі әлемнің тілдік бейнесі, ұлттық таным, ұлттық мәдениет аясындағы ерекшеліктер, танымдық мәліметтер мазмұнында сипаттамалы түрде және сипаттаусыз түсініксіз түрде бейнеленеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зооморфизмдерге тән варианттылық, синонимия, антонимия құбылыстары да әртүрлі мағыналық топтардың толығына түсуіне ықпал етеді.

Сонымен, қазақ және ағылшын тілдеріндегі зооморфизмдерді салғастыра зерттеу барысында олардың семантикалық өрістерінің кеңдігін,



адамзат баласын бейнелей сипаттауда белсенді қызмет атқаратынын байқадық. Адамның көңіл-күйін, мінез-құлқын, түр-тұлғасын сипаттауда ағылшын тілінде ит пен мысықтың, түз тағылары атауларының фразеологизм компоненті ретінде көріну жиілігі, ал қазақ тілінде төрт түлік мал, оның ішінде жылқы мен қой атауларының тұрақты тіркес құрамындағы үлес салмағы жоғары.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Сансызбаева, С. К.** Казахско-русский словарь зооморфных характеристик человека. Адамның зооморфтық мінездемелерінің қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 2000. – 152 б.

2 **Қайдар, Ә. Т.** Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : «Ана тілі» баспа үйі, 1998. – 304 б.

3 **Кунин, А. Б.** Ағылшын-орыс фразеологиялық сөздігі, 4 басылым. – Алматы, 1994. – 34 б.

4 **Жұбанышқызы, М. Т.** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы. – Алматы, 2005. – 31 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*П. Т. Медетбекова<sup>1</sup>, Н. Бигелдиева<sup>2</sup>*

**Лингвокультурно-когнитивные особенности зооморфных компонентов в казахском и английском языках**

<sup>1</sup>Факультет филологии и мировых языков,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>Институт языкознания имени А. Байтұрсынова,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*P. T. Medetbekova<sup>1</sup>, N. Bigeldiyeva<sup>2</sup>*

**Linguocultural cognitive features of zoomorphic components in the Kazakh and English languages**

<sup>1</sup>Faculty of Philology and World Languages,  
al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>A. Baitursynov Institute of Linguistics,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В данной статье наряду с лингвистикой, лингвокультурологией говорится о сопоставительном языкознании и о его исследователях. Так как объект исследования относится к зооморфным компонентам, то отбираются куммулятивные единицы. Мы пытались наряду с этим рассмотреть фразеологизмы и пословицы-поговорки, идиомы. Вместе с тем, основным направлением нашего исследования является познание и определение бытия каждого народа через примеры, взятые из художественных произведений. В процессе исследования направление относится к двум языкам, то есть мы опираемся на значение куммулятивных зооморфных единиц, этимологические, фразеологические и др. словари и ценные труды ученых-исследователей. Несмотря на то, что зооморфные компоненты на казахском и английском языках сильно отличаются, обнаружено, что между ними есть сходство. Они отличны и по строению и по происхождению. Тем не менее, в ходе исследования мы обнаружили, что между ними имеются сходства и по познанию человеческого бытия.*

*This article, along with linguistics, linguoculturology, speaks of comparative linguistics and its researchers. Since the object of study relates to zoomorphic components, cumulative units are selected. At the same time, we tried to consider phraseological units and proverbs, sayings, idioms. At the same time, the main focus of our research is the knowledge and definition of the existence of each nation through examples taken from artistic works. In the process of research, the direction refers to two languages, that is, we rely on the meaning of cumulative zoomorphic units, etymological, phraseological, and other dictionaries and valuable works of research scientists. Despite the fact that zoomorphic components in Kazakh and English languages are very different, it was found that there are similarities between them. They are different in both structure and origin. However, in the course of the study, we found that there are similarities between them in the knowledge of human existence.*



**Б. Қ. Момынова, А. Д. Омарова**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>магистр, Филология және әлем тілдері факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>momynova\_b@mail.ru; <sup>2</sup>awonai\_jany@mail.ru

**ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМЫ:  
ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАММАЛАНУЫ**

*Әр тілдің өз тарихы, ал жазуының қалыптасу тарихы бар. Жазу – адамзат тарихында өркеніет тудыратын қажеттілік болып табылады. Жазу нормасы орфографиялық ережелердің орнығуы барысында қалыптасады. Ережелер белгілі бір принципке негізделеді. Мақалада қос сөздердің жазылу тарихына қысқаша шолу жасалады. Мақалада қазақ тілінің орфографиясы, тілдің жазбаша формасының дүниеге келуімен тікелей байланыстылығы, соның ішінде күрделі сөздердің ерекше түрі қос сөздердің жазылу нормасы, орфографиясы туралы айтылады. Жазу және оның орфографиялық ережелері халықтың тілін екшеп, шыңдап, саралап, лексикалық, фонетикалық, грамматикалық құрылыстарын белгілі жүйеге түсіріп, әдеби тіл дәрежесіне жеткізіп отырады. А. Байтұрсынұлының қос сөздерді жазу ережелері мен қос сөздерге тән белгі «дефис», оның пайда болуы және қойылу емлесі қарастырылады. Латын негізді қазақ әліпбиіне байланысты ұсынылып отырған орфографиялық ережелердегі қос сөздерге байланысты ережелер және олардың ерекшеліктері көрсетіледі.*

*Кілтті сөздер: жазу, қазақ жазуы, орфография, орфографиялық ережелер, дыбыстардың үндесуі, графика, орфографиялық норма, орфографиялық принцип.*

**КІРІСПЕ**

Графика – жазу өнері. Жазу өнерінің негізгі мақсаты – естілетін сөздің дискреттілігі және сөз әртүрлі контекстерде әлденеше рет қайталанса да біркелкі танылуын қамтамасыз ету. Адамзат баласы жазу прототиптерін (пиктография, идеография, логография т.б.) жетілдіре отырып, идеографиялық принциптен силлабикалық (буындық) және алфавиттік (әріптік) принципке көшірді. Бірақ бұрынғы да, қазіргі де жазу типтері

бір фонема бір графема принципін ұстанғанмен, бір ғана таза принциппен әліпби құрастыру мүмкіндігі қашан да аз болған. «Адамзат тарихында жазу икондық жазу түрінен символдық/схематикалық жазуға, бейнеліліктен фонографиялық жазуға, таңбалардың көптігінен олардың азаюына қарай эволюциялық даму сатыларынан өткен. Тіпті әріптік жүйенің өзі қазіргі жетілген түрін алғанға дейін квазиәліпбилік, яғни тек дауыссыз дыбыстар ғана жеке таңба алған сатыны бастан кешірген. Осы квазиәліпбилік кезеңде мәтінді оқу мен жазудағы қиындықтар диакритикалық және сөз айырушы таңбалардың қосылуына әкелді. Сөйтіп алғаш рет грек жазуының құрамына дауысты дыбыстарға жеке таңба беріліп, осы әліпби этрус, латын, руника, провансаль, қазіргі ирланд, итальян, испан, португаль, француз, ағылшын, неміс, швед, дат, норвег, фин, венгр, латыш, литва, чех т.б. жазу жүйелерінің прототипі болды. Жазудың қолайлылығын болмаса қолайсыздығын бірден аңғара қою қиын. Жазуды пайдаланатын әрбір социум үшін ең маңыздысы – орфография. Орфографияның тарихи, морфологиялық, фонетикалық, иеороглифтік, дәстүрлі түрлері болады. Орфография жазудың функционалды әлеуеті мен мән-маңызын айқындайды» [1].

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қазақ тілінің орфографиясы тілдің жазбаша формасының дүниеге келуімен тікелей байланысты. Жазу және оның орфографиялық ережелері халықтың тілін екшеп, шыңдап, саралап, лексикалық, фонетикалық, грамматикалық құрылыстарын белгілі жүйеге түсіріп, әдеби тіл дәрежесіне жеткізіп отырады.

Қазақ тілінің орфографиясына қатысты алғашқы пікірлердің бірі миссионер Н. И. Ильминскийдің еңбегінде айтылған. Қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылу ерекшеліктері және оның жазудағы нормасы, дыбыстардың үндесуі және алмасулары сияқты орфографияға қатысты мәселе «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінде айтылған. Қазақ тілінің орфографиялық ережелерінің қалыптаса бастауына ықпал еткен ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин болды. Ол жазба әдебиетте орынды-орынсыз қолданылып жүрген, бірақ көпшілікке түсініксіз араб, парсы сөздерінің орфографиясын реттеу жолында көп еңбек етті. Қазақ даласында XIX ғасырдың соңына дейін қазақша жазу тәртібі туралы арнайы еңбектер болмады. Ал «Дала уәлаяты», «Қазақ» газеті, «Айқап» журналдарында қазақ азаматтарының жазу туралы және қазақ тілінің жазудағы орфографиялық ерекшеліктеріне қатысты мақалалар жиі жарияланды. Д. Сұлтанғазин, Г. Ибрагимов, Е. Омарұлы, Т. Шонаұлы, М. Сералин, О. Әлжанов және басқа да зиялы қауымның баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларын ой елегінен өткізсек, қазақ тілінің ерекшеліктерін дәл бере алатын қазақ жазуы керектігі күн тәртібіндегі өткір мәселе екенін

аңғаруға болады. Қазақ орфографиясының қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы ең алдымен графика мәселесін, соның ішінде қазақ жұртшылығына кеңінен таныс араб графикасын жөндеп, қазақ тіліне лайықты орфографиялық нормаларды жасауды қолға алып, 1910 жылдан бастап қазақ жазуын жетілдіріп, оның орфографиясымен айналысты. Ұлт дамуының өркениетке жету жолындағы тағы бір белесі орфографиялық ережелер мен графиканы жетілдіру, жазудың дәстүрін қалыптастыру [2].

Қазақ орфографиясының ғылыми негіздерін 1960 ж. бастап академик Рабиға Сыздық зерттесе, қазақ әліпбиінің фонологиялық негіздерін 1990 ж. профессор Нұргелді Уәли іздеп, түсіндірмелі емле, уәждемесі бар сөздік жариялады [3,7].

Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатарына жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлеміетке ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің жоғары даму сатысына жеткенінен хабар береді. Бүгінде жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық оны жазу және мәдениет, жазу – өркениет, жазу – қоғам, жазу мен ойлау, жазу мен тіл, жазу және коммуникация сияқты іргелі ұғымдар оппозициясында қарауға болады.

Қазақ орфографиясының алғашқы кезеңдері (XX ғ басы) фонетикалық принципті басшылыққа алды. Ультрафонетик (Қ. Жұбановтың термині) бағытта болмаса да, сөз айтылуына барынша жуықтатылып жазылды. Ескі қазақ жазба тілінде түбірдің естілуінше, қосымшаның морфологиялық принциппен жазылуы, ұлттық жазу дәстүрін жасауда түбірдің морфологиялық, қосымшаның фонетикалық принциппен жазылуы төл сөздеріміздің фонематикалық принциппен таңбалануын заңдастырды [3,145].

Қазақ жазуы тарихында арабнегізді ескі қазақ жазуы ертеректе пайдаланылды, мұсылмандықпен бірге енген бұл жазу квазиәліпбилік сипатты еді, өйткені онда дауыссыз дыбыстардың таңбалануына басымдық берілді, ол көбінесе **консонантты әліпби** деп аталады. Араб жазуы оңнан солға қарай жазылады, онда 28 таңба – **حُرُوف** болды. Әрбір таңба бір дауыссыз дыбысқа арналған. Дауысты дыбыстарды әріптердің асты-үстінен жазылатын арнайы диакритикалық таңбалармен белгілеген. Мысал ретінде шағатай тілді жазбадан алынған мына сөздерді келтіруге болады: **ملا ميکاي ايغی** және бұл мысалдар әріптерден бөлек қосымша таңбалардың болғанын көрсетеді. Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті сегізінші ғасырдан бастап, ұйғыр жазуынан кейін 20 ғ басына дейін қолданды. Бұл жазудың қазақ даласында екі түрі пайдаланылды: қадим және жәдид. Қадим жүйесінде 35 таңба болды. Бұл классикалық араб әліпбиі негізінде емес, жалпытүркілік әліпби болды.

1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін алтыншы наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылды. 1929 жылы Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда сөздерді бірге-бөлек таңбалауға байланысты Алибаев бейүндес біріккен сөздерді дефиспен жазу туралы айтты [3, 239].

Қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929 жылы латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанымы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілі төл сөздерінің жазылу принциптеріне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929 жылғы емле ережелерінде айқындалды. Графика латын әліпбиінің барлық әріптерін пайдаланды [3, 242].

Қ. Жұбановтың «Оқымыстылар тіл дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылысын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайды. Өйткені бұлардың өзара қатынасын зерттесе, бұлардың өзі де мәңгілік категория болмай, бір-біріне өтіп, ауысып отырғанын көрер еді, тілдің әрбір категориясының да өткіншілігін сипаттаған болар еді» [3] деген сөзі құрылымдық тіл білімі зерттеулерінен кешенді тіл білімі зерттеу әдістеріне ауысып отырған бүгінгі қазақ тіл білімінің жайына келеді. Соған қарап тіл білімінде фонетика, морфология, лексикология, синтаксис салаларының екшеленіп зерттелінуін, өз зерттеу пәні мен әдістерін, нысанын ерте анықтауын, орфография, жазу тарихы сияқты кеш дамыған аралық ғылым саласына жете көңіл бөлінбеген себебін парықтауға болады. Қ. Жұбанов: «Біздің орфография Т. Шонанұлы айтқан мағынадағыдай фонетикалық принципке құрылуы керек. Бізде морфологиялық принцип пен фонетикалық принцип арасында флективті тілдердегідей үлкен айырмашылық болмау керек, бір түбірдің бірнеше формасы болуы мүмкін емес, сондықтан қазақ орфографиясында түбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылсын», – деген. Ғалым Е. Омаровтың кейінгі қазақ емлесі үшін ұсынған қосымшалардың ортақ формасын жазып, түркі халықтарының жазуларын унификациялап аламыз деген пікіріне абайлап қарау керек дейді, емлені тілдің сол кездегі қалпынан ғана шығаруды дұрыс санайды [3, 261].

Орхон Енисей жазуларында аяқталған ой абзацтан кейін жалғыз ғана белгі – қос нүкте қойылып отырған. Ал бүкіл мәтін тұтастай, үздіксіз бірге жазылған. Орыс жазуында да сөздердің арасына босаралық тастап жазу XVIII ғасырда ғана қалыптаса бастады. Сонда бөлек-бірге ұғымына байланысты бүгінде үш белгі қолданылады: бөлек жазу – сөздің жеке дара мағынасы бар сөйлемнің дербес мүшесі бола алады дегенді білдіреді; дефиспен жазылу – сөздер тең мағынадағы, бірдей қызметтегі сынарлар, қосақталып жазылғанда ғана бүтін атау бола алады дегенді білдіреді; бірге жазылу деген – сөздер

сыңарымен бірігіп қана бүтін болады, бөлініп жазылса, сөз мағынасы өзгеріп кетеді дегенді білдіреді [4, 21].

1912 жылы алғашқы ұлттық әліпбиімізді жасаған А. Байтұрсынұлы екі сыңары да жуан, не екі сыңар да жіңішке болған, яғни үндесімі бір күрделі сөзді бірге жазуды, ал сыңарлар бірі жуан, бірі жіңішке болса, яғни сөздер бейүндес болса, онда дефиспен жазуды ұсынған. Мысалы, жел-бау, бел-бау.

Қос сөздерге салаласа да, сабақтаса да байланысу тән емес, сырт тұлғасы күрделі болса да күрделі сөз бола алмайды деп есептейтін ғалым – Ж. Шақенов. Себебін былай деп көрсетеді: «Күрделі сөздердің арғы тегі, негізінен, сөз тіркесі: некен-саяқ болмаса күрделі сөздерге негіз болған сөз тіркесін тауып, оны түсіндіруге болады, ал қос сөздерді олай етуге келмейді, өйткені ол сөз тіркесінен ажырамаған. Егер күрделі сөздердің компоненттерінің арасына басқа сөзді сыналап қою мүмкін болмаса, көпшілік қос сөздер сыңарлары арасына үшінші бір сөзді қоюға болады. Мысалы, төсек-орын (төсек те орын, жақсы-жаман (жақсы да жаман), сарт-сұрт (сарт та сұрт)».

Қалай болғанда, қандай формада келсе де, қос сөздер де дефис арқылы жазылады. Ал екі сыңары да мағыналы қос сөздердің жеке сыңарлары жеке-дара да қолданыла береді: сау-саламат, саусың, саламат па т.б. Ескерту ретінде ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне қатысы жоқ сөздер бір-біріне қосылып, қос сөз жасай алмайды дейтін қағида барын айту керек. Бірақ қос сөздердің жазылуына емес, жасалу жолына байланысты түрлі ауытқулардың болатыны осыған дейін де айтылды. Айталық, әкімшіл-әсершіл жүйе, әкімшіл-қысымшыл әдіс, әкімшілік-басқару, ерін-тіс дауыссызы, информация-ізвестіру жүйесі, әкімшілік-аумақтылық құрылыс сияқты қос сөздердің жасалуы барысында айтылып жүрген заңдылықтардың көбі сақталмайтыны байқалады. Бұл жағдай жаңадан жасалып жүрген қос сөздерге тән. Ал қазіргі әдеби тілде қос сөздер арқылы терминдер жиі жасалады. Поборы – алым-салық, поведение – мінез-құлық, учение – оқужаттығу, план-проект – жоба-жоспар, махинация – айла-шарғы т.б. Приходно-расходный – кіріс-шығыс, научно-фантастическая (литература) – ғылыми-фантастикалық, историко-культурный – тарихи-мәдени т.б. Қорыта келгенде, былайша тұжырымдауға болады. Қайталама қос сөздер сыңарларының грамматикалық тұрғыдан түрлену ерекшеліктеріне сәйкес, сыртқы дыбыстық және морфологиялық формаларының өзгешеліктеріне қарай, төрт түрге бөлінеді: 1. Түбірдің қосымшасыз қайталануынан болған қос сөздердің сыңарлары арасына дефис қойылады: тау-тау, сылқ-сылқ, әрең-әрең т.б. Осындай қос сөздердің семантикасында топтау, зорайтып көрсету мағынасы басым болып келеді. 2. Сыңарлары қосымшалы түбірдің қайталануынан жасалған қос сөздер дефиспен жазылады. Бірақ түбірге

жұрнақтар мен жалғаулар біртекті болып жалғанбайды: а) қайталанатын түбірге бірдей қосымша жалғанады: айта-айта, көре-көре, сөйлей-сөйлей, салалы-салалы, үндемей-үндемей, оннан-оннан т.б.; ә) қайталанатын түбірге әртүрлі қосымша жалғанады: дабырайтыпдабырайтпай, айтып-айтпай т.б.; б) тек бір сыңарына ғана (ол сыңары қосымшалы да, түбір күйінде де бола береді) жалғау жалғанады: өз-өзі, өздіөздімен, айтты-айттымен, айт-айтпен (Айт-айтпен біраз әуелетіп ән салды), жер-жерден, жер-жердің т.б. Осындай қос сөздер қимылдың дүркінділігін, үзіліссіздігін және жан-жақтылық, сан-тараптылық мағыналарын жеткізеді; в) екі сыңары екі түрлі жұрнақты: орынды-орынсыз, көрікті-көріксіз; г) әр сыңары әртүрлі жалғаумен келетін: үйді-үйге, қолдықолына, бостан-босқа, өзінен-өзі т.б.; д) бір сыңары жұрнақты (қолма-қол, онондап, бес-бестеген), бір сыңары жалғаулы (үй-үйдің, үй-үйге, үй-үйде, үй-үйді) т.б.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Орфографияның өзі емле, тасымал тәртібін белгілеу дегенді ғана білдіріп, кейін нысанасы мен пәні бар тіл білімінің маңызды бір саласы екенін айғақтайды. Жалпы тіл білімінде бас әріптің қолданылуы, жеке дыбыстардың таңбалануы, тасымал тәртібі, сөздерді бөлек, бірге, дефис арқылы тұлғалау орфографияның негізгі мәселелері болып саналады.

А. Байтұрсынұлы құрама сөзді қос сөз терминімен атайды да, өзі түзген «бес дауыстың деп аталатын фонология жүйесі бойынша қазақ тілі дыбыс үндестігіне сәйкес келгенін бірге, «ауытқитынын» сызықша арқылы жазуды ұсынады: бала, қолқа, қалта, басқұр, аққала, желкесер, жел-бау, жүк-аяқ, тілеубай [7,7].

Себебі, А. Байтұрсынұлы бес инвариант фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, инварианттың варианттары үшін бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан және жіңішке (дәйекше болмауы жуан, дәйекші болуы жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін» жасаған.

Қазіргі ұсынылып отырған жаңа орфографиялық ережелерде қос сөздерге байланысты мынадай ережелер енгізілген: «Қайталама қос сөздер дефис арқылы жазылады: lek-lek, alyan-alyan, jure-jure, kore-kore, soilei-soilei, biik-biik, kop-kop, tay-tay, pah-pah, akyim-akyim; Сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы, жиынтық және жалпылама мәндегі, сондай-ақ мағынасы көмес кіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады: syi-qurmet, ugitnashat, oi-oris, ydys-aiaq, telegei-teñiz, salt-dástur, er-toqym, el-jurt, jer-jahan, kush-qairat, oñtustik-shygyys, jurek-tamyr syrquaty, shtrih-kod, emdik-saıyquıtyrı, oqy-jattygy, akimshil-qysymshyl; ulken-kishi, kari-jas, alys-jaqyn, ashshy-tyshshy, alys-

beris, joǵarytómen, kóshi-qon, aıttı-aıtpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, kári-qurtań, kóılek-kónshek, et-met; Қосарланған болжалдық сан есімдер дефиспен жазылады: bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otyz-қуғуғ, altaú-jeteú, bireú-ekeú; қосарланған еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер және көңілкүй, шақыру одағайлары дефис арқылы жазылады: jalt-jult, satyr-sutyр, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt, sartsart, tars-turs, tars-tars, pah-pah, shek-shek; грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: túradan-túға, joǵy-joq, qoldy-qolyna, ózinen-ózi, qaraptan-qarap, bardy-joqty, azdy-kópti, tekten-tekke, teginnen-tegin, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz, jolma-jol, bararbarmas; bilep-tóstep, sharshap-shaldyǵыр, kórgen-túigen, júypshayыр, қуғур-joыр, жулар-eńireр, ósir-ónip т.б. [6].

«Қазақ шежіресі» атты шежіре-жырда қазақ халқының тарихы, оның XV ғасырға дейінгі тұрмыс-тіршілігі, өмірі моңғол, қалмақ, өзбек халықтарының ұлт болып қалыптасу тарихы жырланады. Мәтінде жеке бір жүзді, не руды ғана таратпай, тек қазақ халқының ұлт болып қалыптасқанға дейінгі кезеңі сөз болады. Шежірені жырлаушы Жақсылық Төлепұлы Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында дүниеге келген. Жастайынан қисса-дастандарды, жырларды өздігінен үйреніп, ел арасында нақышына келтіріп орындаған. Қойын кітапшаға араб әрпімен жазылған мәтінді қорға 1946 жылы Ж. Аралбаев тапсырған.

Ал, «Шежіре» атты атаумен берілген қарасөзбен жазылған шежірені жырға айналдырған – Шоңбай Жұбанұлы. Ақынның берген мәліметтері бойынша шежіренің негізгі нұсқасын 1876 жылы қажыға барғандар (Құнанбай, Мырқы, Шабдан, Досжан қазіреттер) Меккеден әкелген. Қайқыұлы Бекжан деген кісі қарасөзбен жазылған шежірені Шоңбайға тапсырып, өлеңмен жырлауын өтінген. Жыр 1945 жылдан бастап елге тарай бастайды. Оны 1945 жылы Қызылорда облысында болған ақындар айтысына қатысқан Қармақшы ауданының ақыны Молдахмет Дабылұлы Шоңбайдың өз аузынан жазып алған. Қолжазбаны 1964 жылы белгілі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Ә.Қайнарбаев қорға тапсырған [ӘОИ.Қ.917/7.1-дәп.]. Осы шежіренің тағы бір нұсқасы ӘОИ-дің Қолжазба қорында [Қ.781.14-дәп.] сақтаулы. Жинап, қорға тапсырушы – Абыт Нүркенев.

Бұл жырда қазақтың арғы атасын арабтан таратқан бұл жырда Аннас сахабаны Ансари деп атайды. Басқа шежірелерден тағы бір ерекшелігі: Қазақтың Наурыз, Алаш деген екі ұлы болады да, Наурыз ұрпақсыз дүниеден өтеді. Сондықтан Наурыздың қайтқан күніне арнап жыл сайын көктемде ас беріліп, жыл басын «наурыз» деп атаған деген қызық деректер келтіреді. Алаш үш баласы Ақарыс, Жанарыс, Бекарысқа енші бөлгенде талас болғанын, сол себепті Алаш үш баласына жүз-жүз жылқыдан бөліп беріп, «өсіп-өніңдер» деп батасын береді. Жыршы «жүз» деген атаудың түп төркіні осы бөлістен шыққан деген тоқтамға келеді. Сонымен қатар үш жүздің

руларына жеке-жеке шолу жасалады. Аталған мәтін Х.Маданов құрастырып, 1993 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Кіші жүз шежіресі» атты кітапта жарияланған. Айта кетерлік тағы бір жайт, осы жыр-шежіренің бас жағында берілген қысқаша түсінікке сүйенсек, жырды құрастырушыға қызылордалық Мәди Кереев деген азамат тапсырған. Бірақ жинаушы қайдан, қашан, қай жерде, кім жырлағаны туралы мәлімет бермеген.

«Үш жүздің шежіресі» атты шежіре-жырдың басқа жырлардан басты айырмашылығы – жырдың толғаумен, үгіт-насихат айтумен басталуы және жеке бір ру тарихына тоқталмай, үш жүзді түгел қамтуы. Әр жүзді салаға бөле отырып, жыршы өте көркем жырлаған. Шежірені жырлаушы ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, ақын – Байбатыров Мұқаш. Мәтін кирилл әрпінде. Қолжазба оқушы дәптеріне көк сиямен жазылғандықтан, кейбір сөздері өше бастаған.

«Сатыпалдин Файзолла қаридың өлең-шежіресі» атты жырда дүниежүзі халықтарының түп төркіні Нұх пайғамбардың үш ұлынан таратады. Аннас сахабаның тегі түрік екенін, Мәдина қаласына көшіп барғанын, сол Аннастың үшінші әйелінен Азия халықтарының өсіп-өнгенін айтады. Алаштан үш жүзді өрбіте келіп, осы үш жүздің руларына жеке-жеке тоқталады. Шежіре-жырды жырлаушы Сатыпалдин Файзолла – ел есінде 1931–32 жылдардағы аштықта құрбан болғандардың әр жерде шашылып жатқан сүйектерін ең алғаш жинатып, жерлеуді ұйымдастырушы, қыр қазақтарын шағын өнеркәсіпке үйретуші ретінде сақталып қалған тарихи тұлға.

Отыз бес бөлімнен тұратын «Қазақ шежіресі» атты шежіре-жырда XV ғасырдан бастап, XIX ғасырға дейінгі қазақтың тарихы шежіресі жырланады. Төрт қалың дәптерден тұратын қолжазбада адам жаратылысынан бастап, халқымыздың ұлт, ұлыс болып таралуына дейінгі аралық жырға арқау болады. Сөз болып отырған шежіренің басты құндылығы – жырда тарихи мәліметтердің молдығы. Жыршы Адам атаның жаратылысы туралы діни аңыздарды шебер қолдана білген. Сонымен қатар жыршының діни сауатты адам екенін орын-орынмен пайдаланған сүрелер арқылы көруге болады. Жырлаушы Б. Жайлаубаев шежірені 20 жыл шамасында (1953–1973 жылдар аралығында) жырлаған. Осы жылдар ішінде шежірешінің көп ізденгені, тарихи, діни кітаптармен кеңінен танысқаны айқын аңғарылады («Қисса-ул әнбия», «Тәурат», «Інжіл», «Құран», «Оғызнама» т.б.). «Қазақтың түбі қайдан шықты» деген сұраққа жыршы Аннас сахабадан тарадық деген нұсқаны құптайды. Құнанбай қажының Мекке барғанда әкелген шежіресін негізге алады.

Құнанбай сол қағазды алып келген,  
Көзі мен қолына ұстап әркім көрген.  
Арабтың сұлтанының мөрін көріп,  
Аннастан екендігін анық білген.

Сонымен қатар жыршы Аяз би, Қарашаш туралы аңыздарды да молынан пайдаланған. Жыршы Бәйдібектің ұрпақтары, әсіресе Домалақ ана туралы аңыздарды Жамбыл Жабаевтан алғанын, ал көпшілік деректерді, қажетті мәліметтерді көне кітаптар мен қолжазба мұралардан алып отырғанын жиі еске алып отырады. Бұл шежірешінің өзіндік шынайылығын, ұрпақтар алдындағы тазалығын аңғартады. Сондай-ақ жыршы шежірені жырлау үстінде өзіндік ұстанымдарын да пайдаланып, көлемді мұраның құрылымын, композициялық жүйесін, оқиғалар желісін өзінше құрып, көп шежірешілерге ұқсамайтын жеке жол іздестіруге тырысады. Кейде бұл ізденістеріне қол да жеткізген сияқты. Бұзаубай ақсақалдың шежірелік мәліметтері мен құжаттық материалдары өте мол болғандықтан, жалпы шежіренің жалпы жүйесі бұзылғандай болып көрінгенмен, оның негізгі тұтастығы сақталған. Шежіре ХХ ғасырдың орта шенінде жазылғандықтан және жырлаушының Қостанай облысында, яғни өзге ұлттар мен ұлыстар жиі қоныстанған өңірде өмір сүргеніне байланысты орыс сөздері көптеп кездеседі. Сондықтан орыс сөздері мен жер-су атаулары түпнұсқа бойынша берілді: *эстория, архип, ширет, Әміриқа, Әзия, т.б.*

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Шежіре жазу – мол уақытты, үлкен біліктілікті, төзімділікті талап етеді. Шежіреші Б. Жайлаубаев шежірені алдымен жыр үлгісінде жырлап, кейін біраз жерлерін қарасөзбен толықтырған. Оған осы шежірені жинап, тапсырушы Жексенбіұлы Қайырбектің мына мәліметі айқын дәлел болады: «Қазақ шежіресін жазғанда Бұзаубай ақсақал 89 жаста болғандықтан алғашқы бөлімін өлең сөзбен, соңғы бөлімін қарасөзбен жазған». Арасында шешендік сөздер де кездесіп қалады. Қолжазбада шежірелер ретсіз орналасқан. Және бірін-бірі қайталайтын бөлімдері де кездеседі. Кейбір бөлімдері аяқталмай қалған. Жырлаушы кейбір ру, тайпа атаулары мен тарихи деректерді келтіруде қателесуі де мүмкін. Алайда бұл шежіре – көлемді тарихи мәліметтерге бай құндылығы зор шығарма.

Жоғарыда аталған жыр-шежірелердің басым көпшілігі қалың көпшілікке беймәлім, еш жерде жарияланбаған. Бұл туындылардың қазақ тарихына, мәдениетіне қосар үлесі мол деп ойлаймын.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Уәлиханов, Ш.** Таңдамалы. – Алматы : Жазушы, 1985.
- 2 **Бөкейхан, Ә.** Таңдамалы. Избранное. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1995.
- 3 **Тынышпаев, М.** История казахского народа. – Алматы : Қазақ Университеті, 1993.

- 4 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. – Алматы : Жалын, 1991.
- 5 **Құдайбердіұлы, Ш.** Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі, – Алматы : Сана, 1991.
- 6 **Көпейұлы, М. Ж.** Қазақ шежіресі. – Алматы : Жалын, 1993.
- 7 **Бабалар сөзі.** Жүзтомдық. 81–82 томдар. – Астана : Фолиант, 2011.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Ж. Т. Салтакова*

#### **Историзм родословных сказаний (жыр)**

Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*Z. T. Saltakova*

#### **Historicism of genealogy storytelling (zhyr)**

M. Auezov Institute of Literature and Arts,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 12.08.19.

*Родословные сказания, дошедшие до нашего времени – это по сути многовековая изустная историография казахского народа, передававшаяся из поколения в поколение и повествующая о путях развития казахского народа как целостной нации. Первоначально они создавались в виде родословных таблиц (древа) каждого рода-племени, затем они дополнялись различными преданиями и рассказами, передававшихся от дедов к детям, служа связующим звеном между поколениями.*

*Genealogy legends that have survived in nowadays – are essentially centuries-old oral historiography of Kazakh people, that was passed from one generation to another, and tells about the development of Kazakh people as a coherent nation. Originally they were created in the form of genealogical tables (tree) of each clan, tribe, and then they were complemented by a variety of legends and stories which were transferred from grandparents to children, serving as a bridge between generations.*

**Э. С. Сейсенбиева<sup>1</sup>, Қ. Қ. Мәдібаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>докторант, I курс, 6D020500-Филология мамандығы, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультет, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: elka1975@inbox.ru

**XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ  
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Мақалада XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі діни-қиссалар мен оларға Ислам дінінің ықпалы туралы айтылады. Ондағы араб сөздерінің аудармасы беріліп, олардың мағынасына автор тарапынан талдау жасалды. Араб әдебиеті шығыстағы ең бай, әлемдегі ең көне әдебиеттердің бірі болып саналады. Араб әдебиетінің алғашқы жанры поэзия, оның мазмұны ислам дінінің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың өсиет, насихат сөздері, яғни хадистер мен діни аңыздар. Арабтың «Мың бір түні» ертегісі баршамаызға бала кезімізден танымал болған. Араб әдебиетінің, «Калила мен Димна», «Антараның ерлік істері», «Ләйлі-Мәжнүн» және т.б. шоқтығы биік шығармаларының бірі болып табылады.*

*Кілтті сөздер: XIX ғасыр, ислам діні, хадистер мен діни қиссалар, дастан, нәзира жанры.*

**КІРІСПЕ**

Әлемдік әдебиеттердің бір-бірімен тығыз қарым-қатынасы, әртүрлі халықтар көркем сөз өнерінің бір-біріне ықпалы мен әсері туралы мәселесі жан-жақты зерттеуді қажет етіп отырған көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл өзекті мәселенің теориялық мәселелері күні бүгінге дейін толық шешімін тауып біткен емес. Бұл әсіресе, мұсылмандық Шығыс елдері классикалық поэзиясы мен қисса-дастандарының қазақ әдебиетіне жасаған ықпалы ерекше болды. Шығыс әдебиетінің ықпалы арқылы қазақ көркем сөз өнерінде пайда болған нәзира дәстүрі күні бүгінге дейін кең көлемде, арнайы зерттеу нысаны болған емес еді. Ал, қазақтың өзіндік төл әдебиетінің қалыптасуына негіз болған қайнар бастаулардың бірі шығыстың классикалық поэзиясы екені ол шындық. Шығыстың классикалық поэзиясы өзінің көп

ғасырлық тарихы бар нәзира дәстүрі арқылы қазақ әдебиетін тақырып, мазмұн, түр, көркемдеу құралдары, стиль және тілдік жағынан әжептәуір байыта түсті десек қателеспейміз.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің өзге халықтар көркем сөз өнерімен сан ғасырлық байланысын, тарихи тамырластығын білудің мәні ерекше зор екені баршамаызға мәлім. Қазақ әдебиетінің Шығыс классикалық поэзиясымен арасындағы бұндай тығыз рухани байланыс бірден-бір нәзира дәстүрі арқылы жүзеге асып келеді. Біз магистрлік диссертациямызда нәзирағөйлік дәстүрін зерттеу жұмысына тарихи жалғастық тұрғысынан келіп талдауды жөн көрдік. Себебі, тарихи жалғастық дегеніміздің өзі қоғам дамуының объективті заңдылығы болып табылады. Ғалым Н. Келімбетов бұл келелі мәселені әдебиет теориясы, тарихы мен сыны тұрғысынан жан жақты зерттеудің зәрулігі мен мәнділігін екіге бөліп қарастырған:

Біріншіден, нәзира дәстүрінің барлық көркемдік заңдылықтары негізінде жазылған бірқатар қазақ әдебиетінің қолтума шығармалары күні бүгінге дейін аударма туынды ретінде қарастырылып жүр. Соның салдарынан кезінде нәзира дәстүрімен қазақ топырағына лайықталып жазылған идеялық мазмұны терең, көркемдік дәрежесі жоғары қазақ поэзиясының кейбір ғажайып үлгілері әдебиет тарихынан өзінің тиісті орнын да ала алмай жүр.

Екіншіден, кейбір әдебиет зерттеушілер қазақ поэзиясындағы еліктеу категориясын теріс түсіндіріп келеді. Көркем әдебиеттегі еліктеудің сыртқы формасын көреді де, ішкі табиғатына қатысты өзгерістерді аңғармайды. Соның салдарынан нәзира дәстүрін сырттай еліктеу құбылыс деп бағалайды [1, 48].

Шығыста бір ақынның жырлаған тақырыбын келесі бір буында тағы бір ақынның қайталап, тың дастан туғызатын дәстүрі, бір тақырыпты бірнеше ақын жырлап өзара айтысып, тіптен жылдар бойына жырмен жарысып та отырған. Бұдан назирағөйлік дәстүрі ғасырлар бойы өмір сүріп келгенін, ал назирамен жазылған шығармалар аударма да емес, еліктеу де емес, нағыз қолтума, тың туынды екенін шығыстанушы ғалым Е. Э. Бертельс пен қазақ ғалымы М. О. Әуезов айтқан болатын.

Көркем әдебиеттегі еліктеу құбылысы туралы шығыстанушы ғалым Е. Э. Бертельс мынандай құнды пікір айтқан болатын: «...назира дәстүрін еліктеу деп айтсақ қателесеміз немесе бұл құбылыстың негізі еліктеуде емес, себебі ақын шығармаға тың жаңалық қосып, тіптен сол шығарманың түпнұсқасының концепциясын өзгерткен» [2, 115].

Ал, ғалым М. Әуезов: «Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалары негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша, бір тақырыптың әр ақында

қайталануы ешуақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «Назира», «назирагөйлік» – деп атау да берген» – деп назира дәстүрінің шығыстан бастау алып, қазақ ақындарының да шығыстың озық шығармаларына еліктегенін айта кетеді [3, 150]. Жалпы назирагөйлік дәстүрі бойынша шығарманың жанрлық түрі, мазмұны мен желісін сақтау шарт болмаған. Сол себепті, кітаби ақындар шығыс әдебиетіне еліктеп, жаңа, тың шығармалар жазу арқылы қазақ әдебиетінде жаңа әдеби дәстүр яғни, назира үлгісін қалыптастырған болатын.

Шығыс әдебиетінде дәстүрлі тақырыптар бойынша шығарма жазудың өзі екі түрлі жолмен іске асқан болатын, яғни:

- 1) Көркем аударма әдісі;
- 2) Назирагөйлік.

Шығыс поэзиясында барша оқырман қауымға бұрыннан таныс белгілі бір сюжетті бірнеше ақын өзара жарысып, тіптен ұзақ жылдар айтысып, шеберліктерін сынасып жырлай беретін болған. Осылайша алдыңғы аға буын жырлап кеткен тақырыпты кейінгі ақындар өңдеп қайталап жырлап, көркем әдебиетке тың туындылар әкелетін дәстүр болған. Араб поэзиясында ақындар бір-біріне өз шеберлігін танытатындай туындылар жазу арқылы жауап беріп отырған, бұл арабша «нәзира» дәстүрі деп аталған. Шығыстың атақты шайырлары бұндай туындыларды ешқашанда аударма деп те, еліктеу деп айтқан емес.

Нәзира дәстүрін талай ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей, әлі де үздіксіз жалғасып келе жатқан көркемдік рухани дәстүр, әдеби әдіс-тәсіл деуге болады. Нәзира дәстүрі сан ғасырлық әдеби құбылыстарды өз ішінде қамтып, көркемдік көріністері бірінен кейін бірі туындап жататын ұзақ мерзімді тарихи үдеріс. Енді қазақ поэзиясындағы нәзира дәстүрінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу үшін алдымен Шығыс поэзиясының алыптары көтерген тақырыптар мен идеяларды ғылыми негізде танып алу керек. Ал, шығыс шайырларының ең басты көтерген идеялары ол адамға тән адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, қастерлеу. Бұл қасиеттер гуманистік әдебиеттің негізгі кейіпкері оның жеке бас бостандығы бар, ерікті, азат адам, ғылымның сан түрлі салаларын игерген ғалым, өзінің талантымен барша жұртты сүйсіндірген өнерпаз, парасатты, мейірбанды жандар болуы керек. Шығыстың гуманист ақындары адамның моральдік тұрғыдан таза, кіршіксіз пәк, әдепті, сыпайы, өнегелі, ұстамды болуын талап етеді.

Ал, шығыстанушы ғалым Е. Э. Бертельс: «...бұл салыстырулар назира үлгісінің өте маңызды екенін көрсетеді және ақынның осындай қиын жағдайда да дара мен өзіндік ерекше болуға ұмтылғанын дәлелдейді» [4, 145] – деп назира үлгісіндегі ақындардың әрқайсының өзіндік даралығын ерекше атап өтеді.

Осы тұрғыда ғалым Н. Келімбетов қазақ поэзиясындағы нәзира дәстүрін әдебиет тарихы, теориясы мен сыны тұрғысынан зерттеу арқылы бірқатар өзекті мәселелерді қарастырған болатын:

Біріншіден, Шығыстың есімдері әлемге мәшһүр ұлы шайырлары жырлаған аса маңызды гуманистік идеяларға қазақ ақындарының да өзіндік үлес қосқанын көпшілік оқырман қауымға танытар еді.

Екіншіден, нәзира дәстүрін зерттеу арқылы сан ғасырлық тарихы бар көркемдік дәстүр жалғастығының табиғатын ғылыми негізде түсіндіруге болар еді.

Үшіншіден, нәзира дәстүріндегі қазақ ақындарының көркем сөз өнеріне қосқан өзіндік үлесін нақты түрде дәлелдеуге жол ашылады [1, 50].

XIX ғасыр қазақ әдебиеті шығыс әдебиетімен шығармашылық тығыз байланыста болғандықтан қазақ әдебиетімізде ерекше дараланып тұрады. Осы дәуірде қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысып кеткені соншалық шығыс өрнегі, шығыс сазы мен сарыны, желісі әдебиеттің әр қырынан көрініс табады. Діни қиссалардың, әсіресе мұсылманшылықты дәріптеген шығармалардың түп тамыры тереңде жатыр.

Қазақ кітаби ақындар шығыс әдебиеті шығармаларын мазмұн, сарын, не сюжеттік желісі тұрғысынан қайта өңдеп жырлап, халыққа жеткізіп отырған.

Ғалым Р. Бердібаев: Түркістан, Бұхара, Самарқанд секілді шаһарларда оқып біліп алған, араб, парсы, түркі әдебиеттерінен терең тәлім көргендер. Өздері күні бүгінге дейін «кітаби ақындар» деп аталып келген сөз зергерлерінің творчествосы – қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен терең тамырлы байланысы барлығын көрсетеді» – деп шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы әдеби байланыс туралы айтады [6, 125–126].

Қазақ халқы ерте бастан Шығыстың мәдениетімен, әдебиетімен, тарихымен тығыз қарым-қатынаста болған. Шығыс тіліндегі шығармаларға аса қызығушылықпен қарап, назар аударған. Шығыстың діни кітаптарын, аңыз-ертегілерін, әңгіме, қисса-дастандарын арабша, парсыша, шағатайша оқып, тіптен жатқа да біліп, халық арасында ауызша таратып жүреді. Бұдан қазақ халқының ауыз әдебиеті, басқа көршілес жатқан Орта Азия халықтарымен бірге Шығыс халқының аңыз, дастан, хикаялармен толығымен түскенін көрсетеді. Сонымен қатар, Шығыс әдебиетінен кітаби ақындар алып таратқан діни наным уағыздарға толы, қисса-дастандар көбейеді.

Осыдан қазақ халқының Шығыс елдерімен мәдени, әдеби байланысының өрісі одан әрі кеңейе түседі. Жалпы бұл тарихи байланыстың тамырлары



тереңде жатыр. Шығыстың классикалық көне әдебиеттерінің асыл үлгілері қазақ даласына тараумен бірге қазақ әдебиетінің өсіп дамуына игі әсерін көптеп тигізгенін де ерекше атап өтуге болады.

Кітаби ақындарға: Ақыт Үлімжіұлы, Ғұмар Қарашұлы, Ақмолла Мұхамедиярұлы, Нұржан, Наушабаев, Мақыш Қалтаев, Әбубәкір Кердері, Мәшһүр Жүсіп, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Шәді Жәңгірұлы т.б. ақындарды жатқызамыз. Өздерінің стилі жағынан бұлар қазақ арасына кең тараған шығыс әдебиетінің соңғы көрінісі болып табылады.

Кітаби ақындар имандылықты, адамгершілікті, ағартушылықты мақсат еткен қайраткерлер. Олар өздерінің еңбектерінде феодалдық қараңғылыққа, ескі діни сенімге, надандыққа қарсы шықты. Олардың негізгі көзқарасы – ағартушылық болды.

Діни-ағартушылық бағыттағы кітаби ақындар ислам дінінің қаймағы бұзылмаған заманында ғұмыр кешіп, Жаратушы Алланы, пайғамбарды хақ деп өмірлерімен қоштасты. Алланы жырлау арқылы имандылықты, адалдықты, адамгершілікті, кісілікті, парасаттылықты толғады. Олардың иненің жасуындай жалғаны жоқ мөлдір жырларына еш уақытта өлім жоқ, өлеңдері халықпен мәңгі бірге жасай берері даусыз.

Кітаби ақындар қазақ әдебиеті тарихындағы байырғы өркениеттер тоғындысын танытатын шығармашылық әдеби мектеп өкілдері. Олардың шығармаларында қазақ фольклоры мен ауызша дәстүрлі ақындық-жыраулық әдебиет ерекшеліктері тұтасқан болмысымен ерекшеленеді. Сонымен бірге шығыс халықтарынан діни, қисса-дастандар мен ислам өркениеті арқылы жалғасқан дидактикалық-философиялық сарынды лирикалық және эпикалық шығармалар жазу үрдісін ұстанған. Шығыстық байырғы жазбаша классикалық әдебиетінде кеңінен қолданылған нәзрағәйлік дәстүрді кітаби ақындар өз еңбектерінде қолданған.

Қазақ әдебиеті тарихының көрнекті саласы болып саналатын кітаби ақындардың шығармашылық мұралары сөз арқауындағы аталған тарихи-мәдени дамудың көркемдік жалғастығы аясында айқындалды. Мұсылмандық шығыстан ауысқан фольклор мен әдебиет дәстүрлері ежелгі түркінің, кейінгі қақтың ұлттық дүниетанымымен ұштаса келе жаңа қосындылар үлгілерімен толыса түсті. Бұл, әсіресе, кітаби ақындар еңбектеріндегі лирикалық-дидактикалық өлеңдерде ерекше байқалады. Сондықтан біздің бұл жұмысымызда кітаби ақындар шығармаларының ислам дініне байланысты мәселелерін арнайы түрде қарастырудың өзектілігі де даралана түседі.

Қазақ кітаби ақындары Шығыс әдебиетінің озық шығармаларымен түпнұсқа арқылы танысқан. Бұдан олардың шығыс әдебиетіне деген қызығушылықтарының арқасында араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін жетік білгендерін байқаймыз. Олар Шығыс мәдениетімен, әдебиетімен тереңдеп

танысу арқылы білімдерін одан әрі дамытып, өздері өмір сүрген заманның талабына сай әдеби-эстетикалық көзқарастарына жақындатып Шығыстың дәстүрлі шығармаларына өз үндерін қосты, яғни гуманистік сарындарды дәріптеп, таратты. Кітаби ақындар Шығыстың ертеден таныс ертегісін, аңызын немесе классикалық шығармасын қазақша өлеңмен дастан етіп жазды, тіптен кейбір шығармаларын сол қалпында еш өзгертпей аударды. Олар шығармаларында жақсылық пен жамандықтың, адамгершілік пен арсыздықтың, әділдік пен әділетсіздіктің күресін көрсетті. Шығыстан келген сюжеттерге, образдарға шығармашылықпен қарап, шығыс тақырыбын қақтың тұрмыс тіршілігіне, наным сеніміне, салт-дәстүріне жақындатып алды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінің даму жолында діни-ағартушылық бағыт ерекшеленді. Бұл ғасырдағы қазақ әдебиеті тың зерттеуді қажет ететін, әралуан көзқарасты, бірнеше бағыттарды топтастырған көп қырлы әдебиет болып есептеледі. Қазақ елі бұл кезеңде әлеуметтік-экономикалық, рухани дағдарысты басынан өткергені мәлім. Қазақ ұлтының басына түскен ауыр жағдай көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың әртүрлі дүниетанымдық көзқараста өсіп-жетілуіне әсерін тигізді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ елі мен қоғамы үшін күрделі жағдайды бастан өткізген тарихи кезең болып қалды. Осы кезеңде қазақ жерінде қызыл империяның отарлау саясатының шеттен шыққан қысымы болды. Осындай қысымнан халықты ояту, бостандыққа үндеу мақсатында қындар үшін оңай болған жоқ. Сол себепті де, ақындар астарлап айту, ажарлап айту дегендей ой-пікірлерін айтудың сан түрлі амал-тәсіліне барды. Қазақ елінің бостандығы үшін жанталасып жырлап жүрген ақын, жазушылар, «кітаби», «ағартушы», «ұлтшыл» деген әртүрлі атақтарға ие болды. Бұндай шебер де әрі шешен сөз айтудың сан алуан түрлері әдебиетте тың өзгерістер әкелді. Осыдан XX ғасыр қазақ әдебиетінде түрлі ағым, әдіс-амал, бағыттар келді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ислам дінін насихаттаған діни тақырыптағы шығармалар көптеп жазылып және қазақ әдебиетінде ерекше орын алды. Осы кезеңде XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі «кітаби ақындар» деген атаумен белгілі болған жаңа діни-ағартушылық бағыт қалыптасты. Олар көбіне шығыс әдебиетінің үлгісінде оқып-үйреніп, ислам қағидаларын негізге алды. Кітаби ақындардың бір ерекшелігі дінді құр насихаттап қана қоймай, ислам дінінің негізгі қағидаларын қоғамның дамуына, адам баласының рухани дамуына ықпал етті. Зерттеуші Уәлихан Қалижанов XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы діни-ағартушылық ағым өкілдерінің қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі туралы айта келіп, сол кезеңнің поэзиясына мынадай баға береді: «...діни-ағартушылық поэзия өкілдері діни схоластиканы уағыздаған жоқ, олар діннің ақ жолын



қоғамның даму көзіне айналдырып, мұрат тұтқан, бүгінгінің тілімен айтсақ, ағартушылық қозғалыстың басында тұрды. Олар жалпыұлттық идеяға айналды. Егер қазақ халқының соңғы 80 жылдың ішінде оқу-білімге деген құштарлығы неге сөнбей отыр десең, сол идеяның жаңғыруының, санаға сіңгенінің жемісі деп білген жөн. Ол процесс әлі біткен жоқ» [7, 31].

XIX ғасырдағы қазақ және араб әдеби байланыстары туралы айтпас бұрын, бұл әдеби байланыстың түп тамырының арыда екенін және оның қазақ әдебиеті үлгілерінде көптеп дәріптелгенін ерекше атап айтуға болады. Араб және қазақ әдебиетін салыстыра, зерделей отырып, екі әдебиеттің ішкі рухани болмыстарының ұқсас тұстары көп екендігін анықтауға болады.

Құран Кәрім – араб және қазақ халықтарының рухани ықпалдасуының негізгі қайнар көзі болып табылады. Қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегінің кеңеюіне үлес қосқан руханият көзінің бірі араб әдебиеті мен мәдениеті екені белгілі. Ұлттық әдебиетіміздің көркемдік даму процесінде араб әлемінен келген шығармалармен толыға түсті.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Араб және қазақ халқының сұлулық пен әдемілік, жақсылық пен ізеттілік, сүйіспеншілік пен махаббат, кішілік пен кісілік туралы ой-толғамдары мен пайымдауларының ұқсастығы яғни ол әдеби үлгілердің аударылуының ең басты шарты деп түсінуге болады. Осы бір екі ел халықтарының жер алыстығы мен танымының, тілінің айырмашылығына қарамастан, олардың рухани болмысының, жалпы дүниеге көзқарастарының арасында өзгешеліктен гөрі ұқсастық көп. Бұл ұқсастық мүмкін екі елдің де шығыстық болғандықтан да, араб пен қазақ елдерінің шынайы сезімді дәріптеудегі, қарапайымдылық пен сұлулықты құрметтеудегі ұстайтын бағыты, шығармадағы көркемдік әдісі ортақ болудан шығар.

Араб және қазақ әдебиеті мен мәдениеті арасындағы байланыстың бастауы бізге дейінгі ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек шамамен VIII ғасырда пайда болған. Бұл әдеби-мәдени байланысқа себеп болған қазақ жеріне ислам дінінің келуі болды. Жалпы, ислам діні халықтардың дүниетанымдық ортақтығы, жақсылық пен жамандыққа, ақ пен қараға деген көзқарасының жақындығынан да болуы мүмкін. Себебі осы екі елдің дүниетанымы мен түсінігінің жақындығы араб әдебиетінен қазақ халқының арасына кең тараған көркем образдардың да сипатына байланысты болған. Атап айтар болсақ, арабтың «Мың бір түн» ертегісі кейіпкерлерінің ішінде қазақ ауыз әдебиетінде кеңінен танымалдары – Лұқпан хәкім, даңқты патша Нарун Рашид, қайырымды Атымтай жомарт және Әділетті Наушаруан (Ануширван). Аталған кейіпкерлердің барлығы қазақ ақындарының еңбектерінде дидактикалық сарындағы кейіпкерлердің әрқайсысының

өмірі мен іс-әрекеттері халыққа жақсылық пен жамандықты, ақ пен қараны, адамгершілік пен ізгілікті жақсы қасиеттерді насихаттауға қызмет жасайды.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Келімбетов, Н.** Шәкәрім және қазақ әдебиетіндегі назира дәстүрі. – Абай журналы. – 2005. – №4 – 47–51 б.
- 2 **Бертельс, Е. С.** Роман об Александре и его главные версии на Востоке. – М.Л., 1948. – 186 с.
- 3 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары. – А. : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 555 б.
- 4 **Әуезов, М.** Абай Құнанбаев. – А. : 1967. – 375 б.
- 5 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – А. : Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 6 **Бердібаев, Р.** Гүлстанның бұлбұлдары – А. : Жазушы. 1970. – 238 б.
- 7 **Қалижанов, У.** Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. 3 том. – А. : Құс жолы. 2008. – 288 б.
- 8 **Қалиева, Ш.** XIX ғасырдағы араб әдебиеті. – А. : Қазақ университеті, 2006. – 212 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Э. С. Сейсенбиева<sup>1</sup>, К. К. Мадубаева<sup>2</sup>*

#### **Художественные особенности казахской литературы в XIX веке**

<sup>1,2</sup>Факультет Казахской филологии и всемирных языков,

Казахский государственный женский педагогический университет,  
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*E. S. Seysenbieva<sup>1</sup>, K. K. Madibayeva<sup>2</sup>*

#### **Artistic features of Kazakh literature in the XIX century**

<sup>1,2</sup>Faculty of Kazakh Philology and World Languages,

Kazakh State Women's Teacher Training University,  
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье пишется о влиянии и воздействии Исламской религии на религиозные поэмы казахской литературы XIX века. Арабская литература является самой богатой на востоке и самой древней в мире. Исходный жанр арабской литературы это поэзия, а ее основой являются наставления, заповеди, то есть хадисы*

*и религиозные легенды основателя исламской религии – пророка Мухаммеда. Арабская сказка «Тысяча и одна ночь» всеми любимая детская сказка. Кроме этого, как одними из самых популярных и мировых произведений среди арабской литературы можно отметить «Калила и Димна», «Подвиги Антары», «Ляйли-Мажнун» и многие другие.*

*The article writes about the influences and effects of the Islamic religion on religious poems of Kazakh literature of the XIX century. Arab literature is the richest in the East and the most ancient in the world. The original genre of Arabic literature is poetry, and its basis is the instructions, commandments, that is, hadiths and religious legends of the founder of Islamic religion – the Prophet Muhammad. Arabian fairy tale «The thousand and one nights» is a favorite childhood fairy tale. In addition, among the most popular and world-famous works of Arabic literature, one can mention «Kalila and Dimna», «Feats of Antara», «Lyalli-Mazhnun» and many others.*

FTAMP 17.01.45

### **Ж. К. Сұлтанбекова<sup>1</sup>, Қ. Т. Атемова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторанты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>judi-1522@mail.ru; <sup>2</sup>kalipa\_atemova@mail.ru

## **ДУЛАТ ИСАБЕКОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЖОО-ДА ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Бұл мақалада жазушы-драматург Дулат Исабековтың шығармашылығын ЖОО-да оқытудың психологиялық аспектілері қарастырылады. Дулат Исабековтың шығармашылығын оқыту білімгерлердің әдеби-шығармашылық қабілеттерін ұлғайта түсуге, адамгершілік рухани мәдениеттілікке бейімдеуге, шығармашыл тұлғалық қасиеттерін арттыра түсуге бағытталады. Мақалада қаламгер шығармашылығында білімгерлердің жеке тұлға аспектісінде көркем шығарманы қабылдау, түйсіну, ұғыну, сезіну тәрізді танымдық-психикалық процесстерімен байланыстырыла сараланады.*

*Кілтті сөздер: жазушы шығармашылығы, көркем шығарма, рухани құндылық, психологизм, көркемдік қабылдау.*

Қай қоғам болмасын келер жас ұрпаққа сапалы білім беру әрқашан да өзекті мәселе болып табылады. Себебі, кез келген дамыған қоғамның бейнесі білім мен ғылымның, мәдениеттің жемісті түрде дамуы арқылы көрініс табады. ХХІ ғасыр – барша қоғамның түбегейлі дерлік жаңарысқа бет бұру ғасыры, ғылым мен білімнің шарықтаған дәуірі. Президентіміз Н. Ә. Назарбаев: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» дей келе, жас ұрпақты білім-ғылымға баулып, әлем жұртшылығымен бірдей санатта ілгері жылжуға шақырады. Сол себепті де бүгінгі ақпаратқа толы қауырт кезеңде заман талабына лайықты, қоғамда

жан-жақтылық таныта алатын, асқақ рухты, білімді де білікті, бәсекеге қабілетті, жаһандану заманының жас ұрпақтарын тәрбиелеу – бүгінгі білім берушілердің басты міндеті болып табылады. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық код ұғымын сөз етеді: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу... Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1, 12 б.]. Демек, бүгінгі күннің бәсекеге қабілетті, шыншыл, парасат-пайымы мол, патриот, еңбекқор, ізденімпаз ұрпақтары заман талабымен өркендеу барысында ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, тілі мен әдебиетінен жырақ қалмай, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухын мәңгі бойында сақтауы керек.

Әдебиет – адамтану құралы. Оның көркемдік, тәрбиелік күш-қуаты мол. Көркем әдебиеттің объектісі – өмір, адам проблемасы, оның өткені мен бүгіні, болашағы. Қаламгер көркем образдар дүниесі арқылы адамның жан-сезіміне ықпал етіп, сол негізде оның ой-санасын тәрбиелейді. Бүгінгі ақпараттық технология заманында, жаһандану үдерісінде адамзат баласы моральдық жағынан рухани дағдарысқа ұшырап отырғаны белгілі. Адам – қай қоғамда да адам. Оның жан дүниесі жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдықтың арпалысына толы. Адамзатқа ізгілік нұрын төгетін, зұлымдық атаулыдан бойын аулақ салуға бейімдейтін – ол рухани-адамгершілік құндылықтар. Ал адамгершіліктің қайнар көзі – өнер шығармалары, оның ішінде көркем сөз туындылары. Сол үшін де бүгінгі күні отандық жазушыларымыздың көркем туындыларының қоғамдық мәнін көтеру және оны өскелең ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажеттілігі туындап отыр.

Дулат Исабековтың шығармашылығын жоғары мектепте оқыту мәселесінде психологиялық тұрғыдан бірнеше сауалдар туындайды: қаламгердің шығармашылығы қалай және неден басталған? Және қаламгердің шығармалары маған не береді? Осы сұрақтар білімгердің алдына қойылып, оған жетекшілік жасап жауап табу көзделеді. Дулат Исабековтың көркем туындыларын оқыту білімгерлердің әдеби-шығармашылық қабілеттерін ұлғайта түсуге, адамгершілік рухани мәдениеттілікке бейімдеуге, шығармашыл тұлғалық қасиеттерін арттыра түсуге бағытталады.

Дулат Исабековтың шығармашылық жолын, әдеби мұрасын оқыту процесінде сабақтың мақсаты, сабаққа қатысты түрлі дерек-мәліметтердің ерекшелігі, студенттердің оқырмандық және әдеби-шығармашылық қабілеттері айрықша рөл атқарса, сонымен қатар білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктері де білім игеруде маңызды орын алады. Ұлы Абай өз заманында «Әрбір жақсы нәрсенің өз өлшеуі бар, өлшеуінен асса жарамайды» деп өтсе, психолог әрі педагог Ж.Аймауытов «баланы табиғатша

оқыт» деген қағидатты ұсынып оқыту адамдардың табиғатына қарай болсын деп тұжырымдады. «Оқыту баланың біліміне, тәжірибе шарқына қарай басталу керек. Әрбір жаңа білім бұрынғы алған білімге сүйеніп, оның үстіне келешектер жиналып отырса, оқыту сонда табиғатша, сонда берік жалғаулы, байлаулы болмақ» [2, 316 б.]. Жалпы білім беру жүйесінде баланың жас және даму ерекшеліктеріне қарай оқытудың маңыздылығын өткен дәуірлерде Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо, К. Д. Ушинский, т.б. педагог ғалымдар сараптап негіздеген.

ЖОО-да оқу кезеңі білімгерлердің жеке тұлға ерекшеліктерінің қалыптасуының күрделі кезеңі болып табылады. Мұнда мектепте жоғары сыныптарда толық ашыла қоймаған қасиеттер толығымен түседі: білімгер жауапкершілікті толықтай сезінеді, мақсат қойып соған ұмтылыс пайда болады, сол жолда табандылық танытып, ізденімпаздығы артады, өзін жеке дербес тұлға ретінде сезінеді, өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұстай білуді меңгере түседі, моральдық мәселелерге, яғни өмір сүруге деген құлшынысы, достыққа, адалдыққа, махаббатқа деген қызығушылықтары арта түседі. «Студенттік кезең – адамгершілік пен эстетикалық сезімдердің аса белсенді даму, мінездің қалыптасу және тұрақтану, сонымен бірге әсіресе маңыздысы, ересек адамның әлеуметті рольдерінің толық кешенін: азаматтық, кәсіби-еңбек және т.б. меңгеру кезеңі [3, 42 б.].

Кез келген пәннің оқыту әдістемесі педагогикалық психология ғылымымен тікелей байланысты. Психология адам белсенділігінің, оның мінез-құлық, қарым-қатынас, іс-әрекет заңдылықтарын ашады. Психология адамның мінез-құлығына әсер етудің жолдарын анықтап, өзін-өзі басқаруға бағыт бере отырып, адам интеллектісі мен қабілеттерін, жеке тұлғалық қасиеттері мен топтарын анықтаудағы әдістерін береді. Адам, өз «менін» және қоршаған ортаны бейнелей отыра, өз белсенділігін реттей отырып, үнемі психикалық құбылыстарға (психикалық бейнелер және ұғымдар, түйсіктер мен қабылдаулар, есте сақтау және ойлау қабілеттері, зейін мен ерік, эмоция мен түс көру, тұлғаның қасиеттері мен күйлері) еніп отырады.

Дулат Исабековтың шығармашылығын оқытудың психологиялық аспектілерін білімгерлердің көркем шығарманы қабылдау, түйсіну, ұғыну, сезіну тәрізді танымдық және өзге психологиялық процесстермен байланыстырыла қарастырылады.

Жалпы әдебиетті оқыту әдістемесі психологиямен тікелей мына факторлармен байланысты келеді: а) көркем шығармашылық, көркемдік қабылдау; б) оқыту психологиясы, яғни білімгердің ақыл-ой, рухани дамуы мен тәрбиеленуі мәселесі.

Көркем әдебиеттің өзге жазба мәтіндерден ерекшелігі – қаламгердің оқырманмен әсерлі, айшықты көркем образдар арқылы тілдесіп, белгілі

бір ақпаратпен хабардар етумен қатар, оқырманның сезіміне тікелей әсер ете алуында. Көркем әдебиет шындықтың эстетикалық жағын бейнелей отырып адамдарға шындықтың бір жағын біліп қана қоймай, сонымен қатар шындыққа эмоционалды баға беруді қалыптастырады, олардың дүниетанымдары мен көзқарастарын қалыптастыруға, оларды нақтылауға көмектеседі. Бұл – көркем әдебиеттің негізгі тәрбиелік және танымдық құндылығы болып табылады.

Көркемдік қабылдау ұғымы шығарманы тікелей қабылдаудан, оның басты идеялық мазмұнын ұғынудан, эстетикалық бағалаудан және осылардың нәтижесі ретінде көркем шығарманың оқырманға әсер етуінен тұратын ең күрделі психикалық әрекет түрі. Көркемдік қабылдау процесі басты үш сатыдан тұрады:

1) Бірінші саты – көркем шығарманы тікелей **қабылдау**, яғни шығарма образдарының қайта жаңғыртылуы. Бұл деңгейде басты рөлді **қиял** процесі атқарады. В. Г. Белинскийдің пікірінше, оқырман көркем мәтінді, ең алдымен «жүрекпен» қабылдау керек, сосын артынан «ақыл-оймен» ұғыну керек. Оқырман көркем мәтінді оқып шыққанда алғашқыда қуаныш, масаттану сезімін бастан кешеді және оның артынан «шынайы ләззатты» күй жалғасын табады.

2) Екінші саты – көркем мәтіннің негізгі идеялық мазмұнын ұғыну. Көркем мәтінді түгел оқып шыққанда шығарманың басты идеясы туралы толық түсінік алуға болады. Бұл сатыда көркемдік қабылдауда басты рөлді **ой процесі** атқарады, және ол алғашқы деңгейдегі эмоциялық күйді өзгертпестен оны әрі қарай күрделендіре түседі. Белинскийдің жоғарыда атап көрсеткеніндей бұл – «шынайы ләззатты күй» кешу деңгейі болып табылды.

3) Үшінші саты – көркемдік қабылдау нәтижесінде оқырманның көркем шығармадан алған әсері.

Көркемдік қабылдау процесінде оқырманның эмоционалды-еріктік күйзеліске ұшырауы жиі кездеседі. Мұны ғылыми тұрғыда бірнеше топқа топтастырға болады. Алғашқысы – ішкі ерікті әрекет немесе көркем шығарма кейіпкерлері үшін алаңдау. Әрбір оқырман шығармада өзі ұнатқан кейіпкерінің жай-күйін, арман-тілек, ой-көзқарасын өзіне қабылдап, өзі сол кейіпкердің күйін кешіп, шығармадағы бейнеленген өзге кейіпкерлер мен оқиғаларды сол кейіпкер көзімен ұғынады. Соның нәтижесінде кейіпкерге тән жан толғаныстары, күйзелістер оқырманда пайда болады. Кейіпкердің қуаныш-қайғысын бөлісе отырып, оқырман шығарма кейіпкерінің жан дүниесін терең ұғынады. Мұндай эмоционалды-еріктік процесстер әдеби кейіпкерлерді эмоционалды таным аспектісінің құралы болып саналады.

Сонымен қатар, оқырман қауым әрқашан кейіпкер көзқарасымен бірлікте бола бермейді, оның өзінді көзқарасы қатар жүреді. Дегенмен,

болып жатқан оқиғалар, жалпы көркем шығарма олардың жеке тұлға ретінде қалыптасқан дүниетанымына, талғамына, ой-пікіріне, тәжірибесіне, қажеттіліктеріне әсер етіп, оқырман бойында жеке тұлғалық эмоционалды алаңдаушылық пен ерікті реакциялар тудырады. Ұнатқан кейіпкерінің ісін мақұлдап отырады, оған жаны ашиды, тамсанады, қызыға қарайды, сәттілік тілеп отырады, ал өзге бір кейіпкерден жирене түседі, оның ісін құптамай, наразылық танытып отырады.

Мұндай эмоционалды-психикалық процесстерді Дулат Исабековтың шығармаларын оқып отырғанда байқауға болады. Мәселен, «Сүйекшідегі» Тұңғышқа, «Тіршіліктегі» Киевден мен Қызылгүлге, «Гаухартастағы» Салтанатқа, «Тыныштық күзешісіндегі» Демесінге, тағысын тағы еріксіз жаның ашиды, аярлық танытасың. Тұңғыштың өмірі еріксіз көз алдыңнан өтіп жатқандай күй кешіп, оны осындай халге жеткізген жандарға нали түсесің, тағдырға ренішінді білдіресің. Неге жақсылық үнемі азап шегуі керек? Жамандық, зұлымдық атаулы неліктен жеңіске жету керек? Ол да анадан туылды, ана сүтін еміп, мейірім құшағында өсті. Оның да арман-тілегі бар. Бүкіл ғұмырын жалғыздықта, жоқшылықта өткізетіндей ол қандай күнә жасап қойды? Нендей себеппен тағдыр оны мұнша сорлатып қойды? Осындай сауалдарға еріксіз жауап іздейсің. Шығарма соңына қарай кейіпкерді әлде де алда бақытқа толы күндер күтіп тұрғандай үміт отын өшіргің келмейді [4].


Кейде Тұңғыштың мұнша енжарлығына, босбелбеулігіне реніш туындайды. Өмірін жақсарту үшін еш әрекеттенбейтін тәртізді, еш құлшыныс жоқтай көрінеді. Әдебиеттанушы ғалым Ж. Дәдебаевтың пікірінше, көркем шығармада адамның ішкі ойлары мен сезімдері түгелдей сыртқы әрекетке айналай бермейді. Сыртқы, материалдық әрекеттің, нақты қозғалыстың болмауы, кейіпкердің ешқандай қимыл жасамауы оның психологиясында, ойы мен сезімінде де өлі тыныштық орнаған екен деген ұғым тудырмайды. Белгілі бір сәтте кейіпкер материалдық әрекет жасамаған күннің өзінде, оның ішкі әлемінде түрлі ойлар мен сезім ағыны тоқтаусыз өтіп жатады. Сөйтіп, көркем шығармада да адам, реалды өмірдегідей, нақты әрекетімен ғана емес, тіпті толық «әрекетсіздігімен» де мейлінше күрделі қалпында қалады [5, 156 б.]. Ол бір қарағанда ештеңе ойламайтын, күнделікті ісін ғана тындырып, нәпақасын тауып жүрген бейшара жан. Ештеңемен жұмысы жоқ, ешкімге соқтығысып жатқан жоқ. Алайда ол да адам, ол да ой иесі, оның да сезімі, арман-тілегі бар. Д. Исабеков осылайша Тұңғыштың жан дүниесіне тереңінен барлай отырып, оның ешкімге белгісіз, бай ой-қиялы мен сезімінің шындығын ашып көрсетеді.

Көркемдік қабылдауда эмоционалды-еріктік процесстің үшінші бір түрі – автордың тұлғасын көркем шығармасы арқылы қабылдау. Көркем

әдебиетті оқи отырып, кейде шығармадан автор бейнесін байқауға болады, көз алдымызда анық болмаса да еміс-еміс автордың тұлғалық болмысы, шындыққа деген қарым-қатынасы, оның шеберлігі мен идеялық тенденциясы көрініп тұрғандай болады. Мұндай қаламгер туралы ұғым оқырман бойында авторға деген белгілі бір эмоционалды белсенді қатынас туындатады. Оқырман бойында жазушыға деген айрықша ықылас қалыптасып, оның адами қасиеттері, шығармашылығы сүйсіндіре түседі немесе керісінше оның көзқарасы, өмірлік ұстанымдарымен келіспеушілік барысында ұнатпаушылық сезімдері қалыптасады. Жазушының идеялық тенденциясы оқырман шығарманы қабылдаудың бастапқы сатысында-ақ қолдау табады немесе наразылыққа ие болады.

Жоғарыда аталған көркемдік қабылдауда эмоционалды-еріктік процесстердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен, ұнамды кейіпкерге жаның аши отырып, ұнамсыз кейіпкерге деген жек көру сезімі қатар жүреді. Кейіпкерге аяушылық танытып, оны қолдасаң да, шығарма барысында кейіпкерден тыс өзіндік жеке көзқарасында қалуың мүмкін. *Оқырман түгелдей өз кейіпкерінің жай-күйін толық ұғынып, оны бар болмысымен сезініп, оның қасиеттерін бойына сіңіріп алып, оның жеке көзқарасын қосыла қолдаған сәтте емес, керісінше оқырман мазмұнға деген өзіндік жеке көзқарасын сақтап қалып, өзіндік баға беру қабілетін жоғалтпағанда ғана көркем шығарманың адамға деген эстетикалық әсерленушілік мен тәрбиелік ықпалы жүзеге асады.*

Сондай-ақ, көркем шығармадан ерекше әсер алған оқырман шығармашылық қиялына ерік беріп, автормен шамалас өздігінше кейіпкер образдарын, детальдарды, шығарманың ойы мен идеясын үйлестіріп, ұқсастырып жасайды. Осылайша автормен бірге шығарманы жасаушы бола алады.



Сурет 1 – Көркемдік қабылдауда оқырманның шығармашылық жағдайы

Дулат Исабеков – психолог жазушы. Оның барлық асыл туындылары психологиялық иірімдерге толы. Қаламгер әр кейіпкерінің жан дүниесіне бойлап, оның ішкі толғаныстарын, барлық психологиялық жай-күйін тереңіне үніліп, аша біледі. Бұл жөнінде әдебиетші ғалым Т. Ақшолақовтың «Жазушы талант қуатына қарай әр кейіпкерін жұмыр жер пендесіне тән пендешілігімен, адамға тән сыр-сипаттарымен, ерлік-өрлігімен, ойы-қыры, биігі мен құлдырауы, жақсылығы мен осалдығы, жауыздық-сұмдығымен, қулық-түлкілігімен, әзіл-қалжыңымен өрнектейді. Соның бәрі суреткердің ішкі жан толғанысымен, жүрек лүпілімен, сезім шынайылығымен іске аспақ. Сондықтан өнер туындысында адамды баурап әкетер, ләззатқа бөлер, жүрек шымырлатар, қуат берер, әсемдікке ынталандырар ерен күш бар. Міне, өнер туындысының танымдық, тәрбиелік мәнін терең бағалайтынымыз да содан» [6] деген пікірі өте орынды.

Қорытындылай келсек, әдебиет сабағында ең басты жұмыстардың біріне білімгерлердің көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек. Дулат Исабековтың шығармашылығын жоғары мектепте оқытуда білімгерлердің әдеби-шығармашыл қабілеттерін арттыру мақсатында көркемдік қабылдау қабілетін дамыта түсу үшін түрлі педагогикалық технологияларды (рөлдік ойындар, сахналық образдар, шығармашылық жұмыстар) қолдану қажеттілігі туындайды. Көркем әдебиетті оқыту білімгерлердің кәсіби білімін ғана емес, ішкі мәдениетін, дүниетанымын, көзқарасын ұшқырлай түсуге бағытталуы тиіс.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев, Н. Ә. 2017. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, Егемен Қазақстан 12 сәуір.
- 2 Аймауытов, Ж. Бес томдықтар шығармалар жинағы. – Алматы : «Ғылым», 1998. – 448 б.
- 3 Әмірова, Б. Ә. Жоғары мектеп психологиясы : оқулық. – Қарағанды : ЖК «АҚНҰР баспасы», 2014. – 136 б.
- 4 Исабеков, Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. 2-том. Повестер. – Алматы : Атамұра, 2012.
- 5 Дәдебаев, Ж. Шымырлап бойға жайылған. Мақалалар. – Алматы : «Жазушы», 1988. – 188 б.
- 6 Ақшолақов, Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы : «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 338 б.



Ж. К. Султанбекова<sup>1</sup>, К. Т. Атемова<sup>2</sup>

**Психологические аспекты преподавания творчества Дулата Исабекова в Вузах**

<sup>1,2</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 12.08.19.

Z. K. Sultanbekova<sup>1</sup>, K. T. Atemova<sup>2</sup>

**Psychological aspects of teaching creativity of Dulat Isabekov in higher education**

<sup>1,2</sup>A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, 161200, Republic of Kazakhstan. Material received on 12.08.19.

*В данной статье рассматриваются психологические аспекты преподавания творчества писателя и драматурга Дулата Исабекова в высшей школе. Изучение творчества Дулата Исабекова направлено на повышение литературных и творческих способностей учащихся, адаптацию к нравственной духовной культуре и повышение творческих качеств личности. В статье анализируются такие когнитивно-психические процессы, как познание, восприятие, понимание, размышление о художественных произведениях в творчестве писателя обучающимися в аспекте личности.*

*This article discusses the psychological aspects of teaching creativity of the writer and playwright Dulat Isabekov in higher education. Teaching of the creativity of Dulat Isabekov is aimed at improving the literary and creative abilities of students, adaptation to moral spiritual culture and improving the creative qualities of the individual. The article analyzes such cognitive and mental processes as cognition, perception, understanding, reflection of works of art in the writer's work by students in the aspect of personality.*

**Н. А. Шахметова<sup>1</sup>, Г. С. Самсенова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.ф.н., ассоц. профессор, Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан; <sup>2</sup>магистр гуманитарных наук, Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан e-mail: n.shakhmetova@mail.ru

**ФИТОМОРФНЫЙ КОД КАК ОСНОВА  
КОНЦЕПТУАЛЬНОЙ МОДЕЛИ МИРА  
(НА МАТЕРИАЛЕ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА)**

*Статья посвящается описанию фитоморфного кода, который образует основу метафор, используемых в политической коммуникации. На материале политического дискурса выявляются культурно значимые признаки фитонима «Дерево / Бәйтерек» в оппозиции «верх–низ», тем самым определяются универсальности в мировосприятии тюркского и славянского народов.*

*Ключевые слова: культурный код, фитоним, дерево, пространственная картина мира, национальное мировосприятие.*

**ВВЕДЕНИЕ**

Антропоцентрический подход к языковым фактам рассматривает метафору как один из способов мышления о мире и познания мира, поэтому изучение ее – это вклад в решение более широкой проблемы – взаимосвязи между языком и культурой, так как метафоры отражают особенности национально-культурного мировидения.

Исследование такого характера представляется необходимым и востребованным в современных казахстанских условиях, в условиях духовной модернизации государства – *рухани жаңғыру*.

Первое условие модернизации такого типа, как отмечает Елбасы Н. А. Назарбаев, – это «сохранение своей культуры, истории, языка собственного национального кода... это платформа, соединяющая горизонты прошлого, настоящего и будущего народа» [1, с. 1].

Понятие культурного кода имеет разные интерпретации.

Под культурным кодом В. В. Красных понимает «сетку», которую культура «набрасывает на окружающий мир, членит, категоризует, структурирует и оценивает его» [2, с. 232].

По мнению В. И. Шаховского, «в культурный код входят: этническая картина мира, лингвально-национальное мировоззрение, основанное на истории общества, его стереотипах, традициях, нравах, шкале оценок, культурных ценностях. Единицы культурного кода детерминируются ментальными, языковыми или предметными знаками, поскольку культурный код – это и система знаний о народе, данном языке и правилах пользования им» [3, с. 118]. Следовательно, они формируют фрагменты картины мира, которые объединяют представления человека о наделенных культурными смыслами предметах, явлений и т.д., характерных для определенного лингвокультурного сообщества.

### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В настоящей статье анализируются метафоры, в основе которых лежат фитоморфные коды.

С давних времен человек и природа тесно взаимосвязаны. «Человек живет природой. Это значит, что природа есть его тело, с которым человек должен оставаться в процессе постоянного общения, чтобы не умереть. Физическая и духовная жизнь человека неразрывно связана с природой. Это означает не что иное, как то, что природа неразрывно связана с самой собой, ибо человек есть часть природы» [4, с. 92].

Приступим к анализу примеров метафорических выражений в речи казахстанских политиков коренной национальности, говорящих на русском языке.

В политической коммуникации Казахстан как государство сравнивается с растением, при этом происходит перенос признаков растения на всю страну.

Традиционно *корни* символизируют источник силы и могущества дерева, именно благодаря корням живет верхушка дерева, развиваются его ветви. В политической метафоре при помощи этого образа часто отражаются причинно-следственные связи, ср.: *Если смотреть в корень, нетрудно узреть, что все это порождено упадком престижа семьи* (Г. Абдыкаликова // КП. 2011. № 292–293); *Глава государства всегда смотрел в корень вопросов по становлению судебной системы и принимал максимальные меры по их решению на текущий момент* (К. Мама // КП. 2014. № 118); *Однако это – следствие, а причины явно уходят своими корнями гораздо глубже...* (С. Нугербек // КП. 2014. № 113); *Нам надо, наконец, выкорчевывать из сознания тот прежний стереотип, будто суд – это некий придаток государственного аппарата, непосредственно ему подчиняющийся* (К. Мама // КП. 2014. № 118).

Образ *ветви*, имеющий место в политическом дискурсе, – это *ветви власти*. Обычно эта метафора акцентирует некоторое «равноправие ветвей», что предполагает связь, сотрудничество: *В Конституции были четко разграничены три «ветви» власти – законодательная, исполнительная и судебная* (А. Жолшибек // КП. 2011. № 308–309); *Депутаты Парламента обеспечивают постоянную связь законодательной ветви власти с гражданским обществом* (К. Мама // КП. 2013. № 217).

*Семена и зерна*, как и корни, часто метафорически обозначают причины каких-то процессов; соответственно *цветы*, и особенно *плоды*, – это символ результатов. Ср.: *Сейчас мы, можно сказать, на пике религиозности, которая пришла в страну после десятилетий атеизма, наш народ в целом становится более образованным, и я думаю, он сможет отделить зерна от плевел* (К. Бурханов // КП. 2011. № 278); *Глава государства справедливо отметил, что действующая Конституция является «золотой спорой» нашей государственности* (К. Мама // КП. 2011. № 272–274).

Жизненный цикл растения обозначает динамику развития страны. Экономическое благополучие государства рассматривается как его рост и концептуализируется как нечто положительное: *Наша страна имеет серьезные основания и обладает огромным потенциалом для «зеленого» роста* (М. Елеусизов // КП. 2012. № 201–202); *...Неутомимой энергией созидания Нурсултан Абишевич работает и достигает цели во имя процветания своего народа во всех направлениях современных вызовов* (К. Султанов // КП. 2014. № 131).

Проходит время, и государство как «политическое растение» начинает *расцветать*. Таков естественный цикл жизни: *Без этого внутреннего содержания людей, оказавшихся у власти, не может быть процветающего Казахстана, единого, неразделенного на просто народ и элиту, оторванную от него* (Г. Касымов // КП. 2014. № 131). Очевидно, что отождествление страны с растением происходит по признаку вертикального расположения в пространстве. Рост – это движение вверх, то есть, можно сказать, что любая страна в целом наделяется пространственными признаками: у нее есть некий низ, обозначающий ухудшение, изменение ситуации к худшему, и есть *верх*, обозначающий благо. Таким образом, государство подобно растению, дереву.

В казахской языковой картине мира важное место занимает фитоним *Бәйтерек*. Бәйтерек (*букв.* Мать-тополь) как мировое дерево связывает все три уровня мироздания. Его отдельные элементы представляют собой части отдельных миров: корни – нижний (подземный) мир, крона – средний мир, ветки и листья – верхний мир. Этимология слова «терек» исходит от корня *tir*, что значит «жизнь». Бәйтерек – начало жизни. Он представляет собой центр мироздания, находится в центре горизонтальной модели мира.

Горизонтальная структура мира – справа от дерева, слева – солнце и звезда (ср. выражение *айың тусын оныңнан, жұлдызың тусын соңынан*) [5, с. 93].

Как отмечает А. К. Бисембаев, «Бәйтерек – это не просто Великое дерево. На нем, как листья, растут зародыши детей и скота. Когда приходит время, души детей в виде звезд летят в средний мир – мир людей. У корней Великого дерева находятся живительные родники, которые дают начало великим рекам. Те реки, что текут на север, в страну мрака, холода и смерти, уносят с собой души умерших. На вершине Бәйтерека расположено гнездо двуглавого орла, который смотрит в разные стороны мира и проверяет исполнение людьми воли Тенгри. Там же, в этом гнезде, орлица выносит священное яйцо, из которого вновь рождается мир» [6, с. 16–17].

В казахской традиции Бәйтерек – символ преемственности поколений. Ср. поговорку *Ата – бәйтерек, бала – жапырақ / Отец – дерево могучее, дети – его листья* и т.д.

Итак, как показывают примеры, в речи казахстанских политиков часто используется фитоним Бәйтерек: *Все условия непременно сохранятся. Единственное, что меняется, – вместо владельца в лице холдинга «Байтерек» будет стратегический инвестор* (Т. Сулейменов // КП. 2018. № 57); *Вместе с тем, по экспертным данным, холдинг «Байтерек» на конец 2016 года разместил 21,1 млрд тенге в Казинвестбанке, а 60,3 млрд тенге – в Delta Bank* (Е. Мукаев // КП. 2017. № 217); *Основная задача, которая ставилась перед фондом «Самрук-Казына», заключалась в повышении долгосрочной стоимости активов, а холдинги «КазАгро» и «Байтерек» – институты развития «по определению»* (Т. Сулейменов // КП. 2017. № 116).

В Казахстане крупные объекты носят названия: Национальный управляющий холдинг «Бәйтерек», Космический ракетный комплекс «Бәйтерек», монумент «Астана-Бәйтерек».

На сегодняшний день холдинг «Бәйтерек» является мощным финансовым регулятором в национальном благосостоянии народа.

Совместное Казахстанско-Российское предприятие «Бәйтерек» создано на базе космодрома «Байконур». В своей книге «Казахстанский путь» Лидер нации отмечает: «...Впереди у нашей страны новые высоты над Землей, где в самом ее центре – жер кіндігі – пустил свои корни могучий Бәйтерек – космическое древо Казахстана» [7, с. 331].

Построенный в 2002 году по инициативе Н. А. Назарбаева монумент «Астана – Бәйтерек» является визитной карточкой Казахстана. Высота Бәйтерек не случайно составляет 97 метров. Именно в 1997 году столица Казахстана была перенесена в Акмолу, в сердце Евразии. Бәйтерек является символом мира, стабильности и благосостояния казахского народа.

В целом концептуальную структуру Казахстана как государства можно представить иерархически:

- 1) официальные лица государства (Правительство, Парламент);
- 2) финансовые группы / профессиональные группы (разные ведомства);
- 3) простое население (классифицируется по половому, этническому, социальному признакам и по месту жительства).

Мировидению казахского народа, как и русского, бесспорно, свойственно представление взаимоотношений людей внутри социальной системы именно в виде вертикальной оси, на которой «располагаются» группы от руководителя государства до населения снизу вверх по принципу подчиненности.

Дж. Лакофф и М. Джонсон описали концепт власти в терминах вертикальной оси: «В терминах вертикали обладание властью – это верх, объект власти – это низ. Физический размер коррелирует с физической силой, и победитель в битве типологически «располагается вверху» [8, с. 388]. Обладатель власти Президент Казахстана, как и российский президент, воспринимается носителями языка как находящийся наверху, а все, что ему подвластно, – внизу. Таким образом, власть – это верх, ср.: *Степашину откроется прямая дорога на думский верх. Геннадий Андреевич никогда не искал путей наверх*.

Конечной точкой движения политических субъектов является, как правило, некая субстанция, обозначенная лексемой 'верх'. Наверх стремятся все политические деятели, без исключения.

*«Хорошо – это верх; плохо – низ; счастье, здоровье, жизнь, власть – все, что хорошо для человека – концептуально соотносится с верхом»* [8, с. 388–389].

Достижение этого блага для государства реализуется путем наверх, ростом: идеал для страны – войти в число 30 развитых стран мира, и достичь этого состояния можно лишь благодаря росту.

Пространственные параметры (верх – низ, левый – правый, вперед – назад и др.) являются важнейшими составляющими любой картины мира.

Понятие верха соотносится с понятием 'лестницы в небо', ср.: и.-е. \**ker-* / \**kel-* 'верх', лат. *scala* 'лестница'; и.-е. \**as-* 'огонь' (→ 'высокий'), осет. *asen* 'лестница' [9, с. 87], ср.: *верх по служебной лестнице, на вершину общественной лестницы* и др.

Названные архетипы обнаруживаются в следующих словах и фразеологизмах русского языка: *вырастать в глазах* (чьих-либо), *возносить до небес*, *птица высокого полета*, *на высоте положения*, *с высоты своего величия* и др. Слова *рост*, *расти*, *возрастать*, *повысить*, *вырасти*, выражающие понятие «верх», содержат положительную коннотацию. Не

случайно слово *человек* (русск.), *человек* (бел.), *чБловБкъ* (др.-русск.), *чловБкъ* (ст.-слав.) восходят к прасл. *\*celovekъ* или *\*sъlovekъ*. Как отметил В. Н. Топоров, первая часть их праформы восходит к и.-е. *\*kel-* ‘расти’, ‘подниматься’, ‘возвышаться’ [9, с. 219].

Аналогично в тюркских языках слова, обозначающие *небо*, *превозносить*, дают положительную характеристику человеческих поступков: казах. *көкке көтеріп мадақтау* ‘превоснести до небес’ [10, с. 159]; узб. *осмон ўпар* ‘высоченный, взметнувшийся в высоту’ (букв. ‘целующий небо’); *қўқларға қўтармоқ* ‘превозносить до небес’ [11, с. 228]; кумык. *макътап кёкге гётерип йибермек* ‘превозносить до небес’ [12, с. 465].

В мифопоэтической традиции голова (верх тела) соотносится с небом, с активным, творческим началом: др.-англ. *heafod* ‘голова’, *heofon* ‘небо’, брет. *koabreen* ‘облако’; и.-е. *\*ker* ‘голова’, арм. *surb* ‘святой’; кельт. *\*cennd* ‘голова’, и.-е. *kuent* ‘святой’; лат. *caput* ‘голова’; др.-рус. *капъ* ‘идол, объект поклонения и вместилище святости’ [9, с. 77].

Ср. у В. И. Даля: *голова* ‘верх или вершина, начало’; голова реки ‘вершина реки’, *головицать*, *головицать* ‘быть головою, управлять’; *головицтво* ‘должность, звание головы, страшиство’; *Здоровье всему голова*; *Голова всему делу – правда* [13, с. 367]; а также: *на голову выше, головой выше, главенствовать, глава государства, главнокомандующий, головное управление, главарь, верховодить, верховный правитель*; *Низы не хотят жить по-старому, а верхи не могут править по-новому*; *Низы не могут, а верхи не хотят* и др.

Аналогичное представление находит отражение в тюркских языках: казах. *бастық, басқарушы, басшы* ‘начальник, руководитель’; *ол барлық іске басшы* ‘он всему делу голова’; *бас алды* ‘передовой отряд’; башк. *баи* *булыу* ‘стать главою, вожаком’; *баи* *булып тороу* ‘главенствовать, возглавлять, властвовать’; *баи* *булыу* ‘стать главою, вожаком’; послов. *Ер таиһыз булмас, ил баиһсыз булмас* ‘Не бывает земли без камня, народа – без вождя’ [14, с. 83].

Понятие верха, верхнего мира связано с мужским, деятельным началом. Мужчина символизирует движение вверх, к небу, богу, солнцу, свету, огню. Ср.: *\*uer-* ‘верх’, лат. *vir* ‘человек, мужчина’; и.-е. *\*ater-* ‘огонь’ (букв. ‘стремящийся вверх’; и.-е. *\*ker-* ‘верх’, др.-англ. *secg* ‘человек, мужчина’ [9, с. 88].

Сравним русские пословицы: *Без мужа, что без головы*; *Муж в дому, что глава на церкви*; *Муж голова, жена душа*; казахские пословицы: *Жақсы қатын жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар* ‘Добрая жена доблести мужа прославит, а недостатки сгладит’; *Ердің жақсысы елімен ойласады, әйелдің жақсысы ерімен ойласады* ‘Умный джигит с народом советуется, умная жена с мужем советуется’.

Древние славяне обоготворяли небо, оно представлялось в мужском образе. С неба падают солнечные лучи и проливается плодотворящий дождь, что невольно рождало мысль о супружеском союзе отца Неба с матерью Землей. Дождь издревле уподоблялся мужскому семени; земля, принимая весеннюю теплоту и дождевую влагу, рождает плоды.

В культуре древних тюрков дуализм мужского и женского начал, лежащий в основе мироздания, был выражен в стройной иерархической системе, которая пронизывала все уровни жизни. Прежде всего этот дуализм был воплощен в божественной паре Тенгри и Умай.

Култ вселенского космического божества является одной из главных традиционных духовных ценностей, формировавших национальное самосознание казахского народа. Слово *Тенгри*, *Танери* ‘солнце-человек’, ‘небо-человек’ состоит из двух корней: *таң* + *ери*: слово *таң* во всех тюркских языках имеет связь с восходящим солнцем; *ер*, *ери* означает ‘муж’, ‘мужчина’, ‘человек’, ‘герой’. Подобная трактовка значения слова *Танери* указывает на связь с мужским началом.

Второе место после Тенгри в древнетюркском пантеоне занимало женское начало Умай, культ которой сохранился донныне в верованиях народов Саяно-Алтая и Центральной Азии – казахов, кыргызов, узбеков. У древних тюрков Умай выступает как одно из главных божеств – прародительница всего живого, олицетворение плодоносящего начала в мире.

Словосочетание *Май-ана*, обычно произносимое невестой (во время обряда возлияния жира в очаг жениха), роженицей (которая также бросает в огонь масло), ученые-востоковеды рассматривают как обращение к Умай, покровительнице женщин, детей и плодородия.

За каждым из двух божеств (Тенгри и Умай) у древних тюрков были закреплены функции, в основе которых лежит дуализм мужского и женского начал. Эти реликтовые смыслы сохранились во фразеологизмах русского и тюркского языков: рус. *земля горит под ногами*; *провалиться сквозь землю (от стыда)*; *от иной хвалы хоть в землю уйти* и др.; казах. *Жас бала ұялса, жерге өне жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен* (Абай. Бесінші сөз) – *Дети, стыдясь, готовы сквозь землю провалиться, а взрослые не ведают стыда* (Абай. Слово пятое); узб. *ерга кириб кетмоқ* ‘провалиться сквозь землю’; *бои кутароллгай қолмоқ* ‘не смей поднять голову’ [11, с. 77].

Движение вниз и в славянской, и в тюркской лингвокультурах означает нравственное падение, потерю уважения, авторитета, например: рус. *упасть в чьих-либо глазах*; *катиться по наклонной плоскости*; *падший ангел*; *падший человек*; *удариться в амбиции*; *идти под гору*; *идти ко дну* и др.; башк. *данын төшөрөү* ‘обесславить’; *куззән төшөү* ‘потерять уважение, авторитет’.



в глазах других, потерять славу»; *базары төшөү* 'снижение цен, падение авторитета' [14, с. 544].

Нравственное падение, потерю уважения выражали слова, имеющие значения 'падать, катиться, дно': *үшмәк, төшөү*.

Проявление эмоций оценивается на шкале «верх – низ», ассоциативно связанной со светом и тьмой:

1) 'верх = свет = положительные эмоции'.

В русском языке выражения, включающие слова со значениями 'небо, облака, крылья, летать, прыгать' – 'свет, озарить', обозначают положительные эмоции, например, фразеологизмы: *летать от счастья, на крыльях любви, быть на седьмом небе, на вершине блаженства, верх счастья, витать в облаках* и др.; *Она узнала его и удивленная радость осветила его лицо* (Л. Толстой); *Ты же светла, как любовь, в тихую, звездную ночь* (А. Фет).

В тюркских языках выражения, состоящие из слов со значениями 'небо, крылья, летать, поднимать', обозначают 'радость, счастье, легкость': казах. *көкке жету* 'быть на седьмом небе'; узб. *боши кукка етди* 'он на седьмом небе' (букв. 'его голова достигла неба (от радости)') [10, с. 229]; к.-калп. *яягы жерге тиймейди* 'вне себя от радости' (букв. 'ноги земли не касаются'); башк. *баши кукка тейеу* 'быть на седьмом небе' (букв. 'головой достать до неба'); *күтәрәнкә* күңел 'приподнятое настроение'; күңел *күтәрәп* 'подниматься (о настроении)'; күңелен *күтәрәп ебәреу* 'подбодрить, поднять настроение, развеселить'; *күтермәлеу* 'поддерживать, подбадривать' [14, с. 292]. Сравним казахские пословицы: *Күлкі – ашылған гүл, көңіл – шашылған нұр* (Смех – распустившийся цветок, хорошее настроение – сияние света вокруг); *Жүзігің алтын болғаниша, жүзің жарқын болсын* (Чем золотой перстень на руке, лучше светлая улыбка на лице); *Құсты қанат ұшырар, ерді талап ұшырар* (Птицу в небо крылья поднимают, человека мечта окрыляет).

2) 'низ = тьма = отрицательные эмоции'.

В русском языке словосочетания, имеющие в своем составе компоненты со значениями 'падать, пятки, согнуться (вниз), вешать, опустить, тяжелый, камень' – 'тьма, черный, мрачный' выражают отрицательную характеристику, например, фразеологизмы: *душа в пятки ушла, согнуться от горя, как в воду опущенный, опускать руки, опускать крылья, настроение упало, с тяжелым сердцем, камнем лежит на душе; На душе Ипполита Матвеевича снова стало необыкновенно гадостно* (Е. Петров); *Рукой незримой снят покров темной грусти* (А. Фет) и др.

В казахском языке выражения, включающие слова со значениями 'вешать, падать, тонуть, тяжело, камень', обозначают отрицательные эмоции, например, казах. *төбемнен жай түскендей* 'сердце упало'; *рухы түсу* 'упасть духом' [15, с. 321, 464]; ср.: узб. *бошини қуйи солмоқ* 'вешать

голову, понурить голову, приходить в уныние' [11, с. 77]; башк. *қайғыға батыу* (букв. 'утонуть в горе') 'сильно горевать'; күңел *төшөңкөлөгө* 'душевный надлом, упадок души, хандра, меланхолия'; *қайғыға төшөү* 'впасть в уныние'; *балтаһы һыуға төшкәнү* (букв. 'его топор упал в воду') 'он не в духе' [14, с. 61, 544].

Слова со значением 'склонять голову' обозначают 'подчинение, повиновение, покорение': казах. *бас ию* 'склонять голову', перен. 'подчиняться' [15, с. 115]; к.-калп. *бас ий* 'склонять голову', перен. 'подчиняться, покориться'; узб. *ер утиб сажда қилмоқ* 'пресмыкаться (перед кем-либо)'; *бош эгмоқ* 'повиноваться, преклоняться' [14, с. 77, 133].

## ВЫВОДЫ

Интерпретируя единицы русского и казахских языков, связанные с понятиями пространственной вертикали, на основе соотнесения их ассоциативно-образных восприятий со стереотипами народного сознания, мы раскрыли их универсальный характер. Общность этих смыслов у славян и тюрков, связанных с понятиями «верх» и «низ», обуславливается универсальными истоками мифологического мышления.

Таким образом, духовный мир каждой нации определяется окружающей природой. Отношение человека к предметам природного происхождения связано с операцией выявления их места и значимости в жизни человека. Рассмотренный нами фитоним как культурный код отражает особенности мировосприятия народа.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Назарбаев, Н. А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // Казахстанская правда, 12 апреля 2017 года.
- 2 Красных, В. В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. – М. : «Гнозис», 2002. – 284 с.
- 3 Шаховский, В. И. Литературный интекст как ключ к культурной памяти российского социума (на материале публикаций А. Минина) // Политическая лингвистика. – Екатеринбург, 2008. – Вып. 2 (25). – С. 115–125.
- 4 Маслова, В. А. Когнитивная лингвистика. – Минск : Тетра Системс, 2004. – 256 с.
- 5 Кондыбай, С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы : Нұрлы әлем, 2005. – 272 с.
- 6 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия – Алматы : DPS, 2011. – (иллюстрацияланған). – 1-том. – 736 б.



7 **Назарбаев, Н.** Казахстанский путь. – Болгария : София : «Исток-Запад», 2009. – 362 с.

8 **Лакофф, Дж., Джонсон, М.** Метафоры, которыми мы живем // Теория метафоры. – М. : Прогресс, 1990. – С. 387–416.

9 **Маковский, М. М.** Сравнительный словарь мифологической символики в индоевропейских языках : Образ мира и миры образов. – М. : Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1996. – 416 с.

10 Русско-казахский словарь. Орысша-қазақша сөздік : В 2 т. – Алма-Ата : Гл. редакция Казахской советской энциклопедии, 1978. – Т. 1. – 575 с.

11 Узбекско-русский словарь / Под ред. С. Ф. Акобирова, Г. Н. Михайлова. – Ташкент, 1988. – 727 с.

12 Русско-кумыкский словарь / Под ред. З. З. Бамматова. – М., 1960. – 1148 с.

13 **Даль, В. И.** Толковый словарь живого великорусского языка : В 4 т. – М. : Русский язык, 1989–1991.

14 Башкирско-русский словарь. – М., 1958. – 804 с.

15 Русско-казахский словарь. Орысша-қазақша сөздік : В 2 т. – Алма-Ата : Гл. редакция Казахской советской энциклопедии, 1978. – Т. 2. – 590 с.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*Н. А. Шахметова<sup>1</sup>, Г. С. Самсенова<sup>2</sup>*

**Фитоморфтық код әлемнің концептуалдық моделінің негізі ретінде (Саяси дискурс негізінде)**

<sup>1,2</sup>Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,

Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*N. A. Shakhmetova<sup>1</sup>, G. S. Samsenova<sup>2</sup>*

**Phytomorphic code as the basis of the conceptual model of the world (On the material of political discourse)**

<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities and Education,

S. Toraihyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*Мақала саяси коммуникацияда пайдаланылатын метафоралардың негізін құрайтын фитоморфтық код сипаттамасына арналған. Саяси дискурстың материалы негізінде «Ағаш / Бәйтерек» фитонимнің*

*мәдени мағыналы ерекшеліктері «үсті–асты» оппозициясында айқындалады, осылайша түркі және славян халықтарының әлемді қабылдаудағы әмбебап сипаттары анықталады.*

*The article clarifies the phytomorphic code that makes the metaphor based on the use of political communication. According to the material of the political discourse, the cultural and meaningful symptoms of phytonym «Tree / Baiterek» in opposition «upper – lower», which is defined by the universalization of Turkic and Slavic nationalities.*

**Г. П. Шахарман**

ф.ғ.к., доцент, Филология және көптілді білім беру институты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы  
e-mail: shaharman-gp@mail.ru

**СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ «БАС», «КӨЗ» СӨЗДЕРІНІҢ ЭМОТИВТІ ҚЫЗМЕТІ**

*Мақалада қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің құрамындағы «бас», «көз» сөздерінің эмотивті қызметтері қарастырылған. Соматикалық фразеологизмдердің фразеологиялық қордың мағынасы жағынан терең, құрамы жағынан күрделі бөлігі болғандықтан оның атқаратын қырларын аша түсуді қажет ететін себептеріне тоқталған.*

*Мақаланың өзектілігі – анатомиялық атаулар физиологиялық құбылыстарды сипаттаумен бірге фразеологизмдер құрамында адамның жай-күйін бағалап, ол туралы жеке көзқарасын білдіретін эмотивтік қызмет атқаруы жан-жақты қарастырылған. Соматикалық фразеологизмдер индивид ретіндегі әрбір ұлт өкілінің де, жалпы қоғамның да дүниетанымын білдіретін сананың формасы екендігі басты назарға алынған. Қазақ халқында «бас» соматизмі – ойлау, бағдарлау, ақыл, парасат, басқару, білім ұғымдарының мәнін ашса, ал, «көз» – дүниетаным, көрегенділік, тәжірибелілік ұғымдарымен сәйкес келетіні дәлелденген. Сонымен қатар соматикалық фразеологизмдердің эмотивті қызметінің бәсең-солғын және белсенді – айқын топтары айқындалған.*

*Кілтті сөздер: соматикалық фразеологизмдер, бас соматизмі, көз соматизмі, физиологиялық құбылыс, психологиялық құбылыс, сезім, жай-күй, эмотивті қызмет, мағына.*

**КІРІСПЕ**

Фразеологиялық единицалар – сөздік құрамның ең күрделі, бояуы қанық, мағынасы өміршең, ерекше бөлігі болып табылады. Әрбір тілдегі фразеологиялық единицалар сол тілдің иесі – халықтың негізгі ұлттық белгісін, астарлы мәдени мағынасы арқылы тарихи даму жолы мен сол кезеңдеріндегі болмысын, тіршілік тынысын танытады. Қазақ тілінде ғасырлар бойы қалыптасып, көркем сөз қазынасының ең бір құнарлы қорына

айналған, әрі бай, әрі сан алуан сөз тіркестерінің ішінде соматикалық тұрақты тіркестер ерекше орын алады. Соматизм (гр. Soma – дене) – шығу тегі мен типологиясына тәуелсіз барлық тілдерге тән адамның дене мүшелерін анықтайтын сөздер тобы. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, кез келген тілдің фразеологиялық қорының үштен бірін соматикалық тіркестер құрайды екен. Сонымен соматикалық фразеологизмдер адамның дене мүшесі ұйытқы болған тұрақты сөз тіркестерінің тобы екендігі дәлелденген. Фразеологиялық мағынаның спецификалық табиғаты оның лексикалық мағынадан өзгешелігімен емес, әрбір ұлттың дүниені тану, белгілеудің эмоционалды-экспрессивті, бағалаушытық әлеуетімен сипатталады. Бұл жолда фразеологизмдердің ең басты ерекшелігі оның бейнелілігінде жатыр. Бұл заңды құбылыс. Өйткені халықтың ұлттық– мәдени ерекшелігінің фрагменті – кез келген фразеологиялық бірліктің астарында сол тұрақты тіркестің тууына уәж болған бейне немесе сурет жатыр. Сондықтан біз соматикалық фразеологизмдердің астарлы мағыналарының эмотивтілік деңгейлерін қарастыруды жөн көрдік.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Соматикалық фразеологизмдер кез келген тілдің лексика – фразеологиялық қорының мағынасы жағынан терең, құрамы жағынан күрделі бөлігі болғандықтан оның атқаратын қызметіне қарай антропоэкеттік, әсіресе, психолінгвистикалық қырларын аша түсуді талап етеді. Осыған байланысты адамның дене мүшесі ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдерге ерекше назар аударып, арнайы зерттеудің маңызы зор. Ғалым Ә. Болғанбаевтың пікірінше, «анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы туынды сөз жасауға сонша бейімдігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі» [1, 87 б.]. Адамды физиология, анатомия, психология тұрғысынан біртұтас, сыры мол, күрделі биологиялық тұлға деп қарайтын болсақ, сол тұлғаның бөлінбес жүйесін құрайтын, бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді бөлшектері мен бөліктерін дене мүшесі деп атаймыз. Жалпы адам табиғатын толық білу көп жағдайда оның болмысына тікелей қатысты дене мүшелерінің табиғатын тереңірек тануға да байланысты. Дене мүшелерінің атқаратын қызметтері барлық жағдайда бірдей көрер көзге, естір құлаққа түсінікті бола бермейді. Олар көбінесе дәрігер мамандардың ортасында түсінікті болады, өйткені мамандар адам ағзасы мен дене мүшелеріндегі түрлі құбылыстар мен оның себептерін қалыпты жағдайдан ажырата алады және оны тіл арқылы жеткізе біледі. Ал жалпы қоғамдық санада олар қалыптасқан бейне түрінде елестейді де, тек білгілі бір іс-әрекет, тәжірибе нәтижесінде белгілі болады. Мысалы, «басы айналып, қан қысымы

көтерілді» деген тура мағынасында берілген ұғымды түсіну қиын емес, себебі, бұл-физиологиялық құбылыс. Медицина тұрғысынан алғанда, адамның басы мен мойын аумағындағы жайсыздық, қалыптан тыс ауырсынуы болып табылады. Сондай-ақ, «көзі ауырып, көру қабілеті төмендеді» дегенде де сол құбылысты аңғарамыз, тура мағынасында адамның көзі ауырып, көру қабілетінің нашарлағанын байкатады. Бұлар – денотатық мағынадағы еркін тіркестер. Құрамындағы сөздердің орын тәртібін ауыстыруға немесе басқа сөздермен алмастыруға, басқа грамматикалық формалармен түрлендіруге болады. Ал енді «бақыттан басы айналды», «ұсыныстан бас тарту», «көзі ашық адам», «көзінің қарашығындай сақтайтынына сену» – фразеологизмдер. Бұл тұрақты тіркестер даяр қалпында жұмсалып қасиетімен сипатталады. Бұлар сөйлеу кезінде жеке-жеке жұмсалмайды, даяр тұрған құрылыс материалы сияқты қызмет етеді, тұтас қалпында не еркін сөз тіркесінің, не сөйлемнің құрамына енеді. Фразеологизмдер мағына тұтастығымен сипатталады. Оның өзіне ғана тән, меншікті мағынасы бар және ол мағына фразеологизмдерді құрастырушы сыңарлардың мағыналарына тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы үнемі сақталады. Фразеология туралы еңбектерде фразеологизмдердің негізгі үш белгісі болатыны көрсетіліп жүр: мағына тұтастығы, құрылымының тұрақтылығы және қолданылу тиянақтылығы. Сонымен қатар фразеологизмдерді қолдану барысында оның мәнерлі сипаты мен бейнелілігіне баса назар аудару өте маңызды, өйткені оның эмотивтілік қасиеті де сонда. Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер қалыптасқан белгілі жүйемен орналасқан. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажыратылмай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөздермен алмастыруға я болмаса, тұрақты орын тәртібін өзгертуге келмейді. Мысалы, басы айналды– (елітті, ерекше күй кешті) деген тұрақты тіркестің орнына көзі айналды немесе құлағы айналды деуге мүлде болмайды, себебі тіркес тұрақтылығы өзінің негізгі әлеуетінен айырылып, жай, еркін тіркеске айналады. Фразеологизмдік сипаттан ажырайды. Сол сияқты көзі ашық–(сауатты, оқыған) дегеннің орнына басы ашық – (белгілі, талқыланған мәселе) десек, осы тұрған бойындағы фразеологиялық мағынасынан ажырап, басқа бір тұрақты тіркеске айналады, яғни, бұл жерде көз және бас сөздерінің орындарын алмастырып қолдануға болмайды, тек қолданыс қажеттілігіне қарай жұмсалады. Қолданылған жағдайда тұрақтыдан еркін тіркеске ауысады. Жоғарыда аталған үш түрлі белгі (тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық) арқылы фразеологизмдер тілдің өзге категорияларынан оқшауланып, өзіндік ерекшелігімен дербес өмір сүреді.

Тілдегі кез келген сөз фразеологизмдерге ұйытқы бола алмайды. Халықтың өзімен қоса жасасып келе жатқан байырғы сөздік қордағы

сөздер ғана ұйытқы сөз бола алады. Көп мағыналық сипатқа ие болып, туынды мағынада жұмсалып, көптеген соматикалық фразеологизмдерді жасауға себепкер анатомиялық атаулардың тіл білімінде алатын орны зор. Әсіресе *бас, көз, қан, бет, ауыз, қол, аяқ, жүрек, тіл, құлақ, қабақ, төбе, кеуде, көкірек* тәрізді адамның дене мүшелері сөзге арқау, ойға тірек болып, тіліміздегі фразеологизмдердің бай қорын жасап, ойды дөп басып жеткізетін мәнерлі, бейнелілігімен шебер сөйлеуде ерекше қызмет атқарады. Осындай ұйытқы сөздердің ішіндегі табиғаты ерекшесі – *бас, көз* сөздері арқылы жасалған соматикалық фразеологизмдер.

Ғасырлар бойы қазақ халқының санасынан сараланып орын алған «бас» соматизмі – ойлау, бағдарлау, ақыл, парасат, басқару, білім ұғымдарының мәнін ашса, ал, «көз» – дүниетаным, көрегенділік, тәжірибелілік ұғымдарымен сәйкес келеді. Ата-бабамыз өзін қоршаған ортаға белсенді ықпал етіп, дүние сырын танып білуге ұмтылыс жасайтын, саналы әрекет нәтижесінде игіліктерге қол жеткізе алатын ақыл-ойдың иесі – адамның басын бағалап, миының қызметіне ерекше мән берген. Қоғамдағы толықанды адам ретінде дамуына, сана деңгейінің өсуіне, жағымды немесе жағымсыз өзгерістерге баға беріп, оны тіл арқылы жеткізіп отырған. Тілдік құрал ретінде табиғаттағы, өздерін қоршаған ортадағы, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптағы, тұрмыс-тіршіліктегі заттар мен құбылыс атауларын орындай, ауыспалы мағынада қолдана білген. Олардың бірқатары дене мүшелері, әсіресе «бас», «көз» сөздері ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдер екені белгілі болып отыр. Осы орайда, қарастырып отырған мәселемізге арқау етіп, соматикалық фразеологизмдер ішіндегі «бас», «көз» сөздері тірек болған тұрақты тіркестердің эмотивті қызметін талдап, айқындай түсуді жөн санадық. Себебі бас – өзге тіршілік иелеріне қарағанда адам үшін ең басты дене мүшесі, ол адамның биологиялық, психологиялық әрі рухани дамуын қамтамасыз ететін дененің құрамдас бір бөлігі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде басқа анықтама былай берілген: БАС. 1. Адам мен жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, ми орналасқан дене мүшесі. 2. ауысп. Кісі, адам, жан [ 2, 110 б.]. Бұл жерде түйсіктегі түйін– адамның бассыз болмауы бұлжымайтын қағида екендігі негізге алынғаны байқалады. Сондықтан тілімізде адам, кісі, жан атауларының орнына «бас» соматизмі жиі қолданылады. Қолданыс барысында негізгі мағынасы өзгермегенмен, стильдік ерекшеліктеріне қарай әр түрлі мағыналық реңк береді. Мысалы, «басы аман, бауыры бүтін» – уайым-қайғысыз, аман-есендіктің белгісі, «бас болу» – басшы адам, көсем болу мағынасында қолданылады. КӨЗ. 1. Адамның, жан-жануардың көру мүшесі. 2. ауысп. Бір нәрсенің бастау алатын шығар жері, қойнауы. 3. Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, жұрнақ. «Көз» соматизмінің тура және ауыспалы

мағынасының да түптеп келгенде берер ұғымы – адамның көру қабілеті арқылы ақпарат алудың шексіз мүмкіндік құралы, қайнар бастауы. Адамның басы мен көзі ұйытқы болған соматикалық фразеологизмдердің көңілдегі көркем ойды бедерлеп, бейнелілігін асыра жеткізудегі қызметі орасан зор. Бұл соматизмдердің басқаларына қарағанда қолданыс жиілігі де жоғары. Ең маңыздысы – бедерлі бейнеліліктің астарында халқымыздың тұтас дүниетанымын айқын көреміз. Тіл мен мәдениет арасындағы байланыс жөніндегі мәселе аса күрделі де маңызды тақырыптардың бірі болып саналады. Бұл мәселеге он сегізінші ғасырдан бастап-ақ әлемнің көптеген ғалымдары өз еңбектерін арнады. Соңғы уақытта лингвист мамандарының көпшілігі тіл әрдайым мәдениеттің әсерінде болады деген көзқарастарын қалыптастырып келеді, өйткені олар тілдің индивид ретіндегі әрбір ұлт өкілінің де, жалпы қоғамның да дүниетанымын білдіретін сананың формасы екендігіне көз жеткізіп отыр. Фразеологиялық бірліктер ұлттық-мәдени эталондар, стереотиптермен тығыз байланысты. Сондықтан да кейбір ғалымдардың (В. Н. Телия, Д. О. Добровольский) дүниенің фразеологиялық бейнесі халықтың ұлттық-мәдени ерекше таным жолын зерттеуге мүмкіндік береді деген пікірлері белгілі. Дүниенің фразеологиялық бейнесі түсінігі ғасырлар бойы халықтардың шығармашылығы процесі барысында дүние туралы жинақталған білімдер жүйесі дегенге саяды. Әрбір фразеологиялық бірлік қоршаған орта реалийлерін сипаттау жүйесінің бір бейнелі элементі. Фразеологиялық мағына – динамикалық құбылыс, ол ұлт үшін аса маңызды абстрактілі мағынаға әкеледі. Фразеологиялық мағынаның спецификалық табиғаты оның лексикалық мағынадан өзгешелігімен емес, әрбір ұлттың дүниені тану, белгілеудің эмоционалды-экспрессивті, бағалаушылық әлеуетімен сипатталады. Бұл жолда фразеологизмдердің ең басты ерекшелігі оның бейнелілігінде жатыр. Бұл заңды құбылыс. Өйткені халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігінің фрагменті – кез келген фразеологиялық бірліктің астарында сол тұрақты тіркестің тууына уәж болған бейне немесе сурет жатыр. Сондықтан да ұлттың мәдени ерекшеліктері тілдің фразеологиялық қабатында жақсы әрі айқын, яғни мағынасы сол байырғы қалпында сақталады. Бұл әрбір фразеологиялық бірлік мағынасының біртұтас бөлек дүние, ал оның компоненттері семантикалық өзгеріске оңай ұшырайтынымен түсіндіріледі. Тілдің фразеологиялық қабатының көлемді бөлігін соматикалық тұрақты тіркестер құрайды.

Ойлау – қоғамдық-тарихи қалыптасқан адам миы қызметінің жемісі. Ойлау мен тіл өзара терең байланыста, тіл – адам ойлауының құралы. Адам ойы сөз арқылы өрнектеледі, сөздің ар жағында ой жатады. Сөз бен ойды теңестіруге болмайды, алайда сөзсіз ойлау іске аспайды, ой айтылмай, үнсіз тұншығады. Ойды үнсіз іштегі сөз деп, тілді дыбысталған ой деуге болады.

Сондықтан адам ойлау процесіндегі түрлі көңіл-күй (эмоция) көріністерін тіл арқылы сыртқа шығарады. Ал соматикалық фразеологизмдер арқылы бедерлеп, бейнелеп жеткізу тілдің өте тиімді әрі ұтымды жолы болып табылады. Мұндай тұрақты тіркестерді қолдану ақыл-ойдың жай көрінісі ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің ойлау мәдениетінің деңгейі мен бағалаушылық сипаттағы пікірі деп тани аламыз.

Осы уақытқа дейінгі зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек, эмотивті лексика тілдің бағалаушылық, қарқындылық, образдылық, экспрессивтілік сияқты категориялары ескеріле отырып қарастырылған, ал оның бағалаушылық сипаты үнемі ерекше назар аудартып келеді. Тіпті эмоцияларды жағымды, жағымсыз, бейтарап деп бөлудің өзі бағалау болып табылады. Солай бола тұрса да психологтар бағаның белгілі бір жағдайға, ситуацияға байланысты шартты және жылжымалы болып келетінін ескертеді. Эмотивтілік пен бағалаушылық бөлінбейтін бірлік деп есептейтін бірінші көзқарас. Н. А. Лукьянова: «Бағалау сөзімен қатысты болып келетін бағалаушылық және эмоция, сезіммен байланысқан эмоционалдық мағынаның екі түрлі компонентін құрамайды, олар – бөлінбейтін бірліктер», – деп қарастырады. +[3, 45 б.]. В. И. Шаховский де осы пікірді қолдайды. «Адамның белгілі бір затты бағалауы, әдетте, оның эмоционалды толғанысымен байланысты болады, тіпті «бағалау» және «эмоция» ұғымдарының арасына шек қою бар уақытта мүмкін бола бермейді. Көбіне «эмоционалды баға» деп те айтылып жүр», – дейді И. А. Стернин [4, 97 б.]. ал М. М. Копыленко эмотивтілікті бағалаушылық пен экспрессивтіліктің туыс белгісі деп қарастырады [5, 65 б.]. Бағалаушылық пен эмотивтілікті бірімен-бірі шамалас, бірақ әр түрлі компоненттер деп есептейтін үшінші көзқарас. Бұл позицияны жақтаушылардың пікірінше, бағалаушылық эмотивті лексикамен тең дәрежедегі құбылыс емес. Оның дәлелі ретінде ұзақ уақыт бойы сүйіспеншілік, қуаныш, қайғы, ашу сияқты эмоциялар лексиканың бағалау параметрі негізінде жан-жақты зерттелмегені байқалады.

Эмотивті фразеологизмдер туралы айтқанда міндетті түрде «эмоционалдық» пен «эмотивтілік» сөздерінің мағынасы да назар аудартады. Эмоционалдық – тұлғаның психикалық жағынан көңіл-күйі, жайы, сипаты, оның эмоциялық деңгейі болса, эмотивтілік – әрекет етушіге қатысты эмоциялық көңіл-күйін білдіретін тіл бірліктері дегенді білдіреді. Яғни, эмоция – көңіл-күйді білдірсе, эмотивті – эмоциямен байланысты психикалық жүйелерді білдіреді. Сонымен біздің ойымызша, эмоция дегеніміз бұл – қандай да бір құбылыстың адамның санасына әсер етуінен пайда болған психологиялық жай-күйдің нәтижесі, ал эмотивтілік сол әр түрлі деңгейдегі әсерлі эмоцияны сыртқа шығаратын экспрессивті бояуы



басым тілдік жүйе бірліктері. Осы тілдік бірліктердің қатарынан ауқымды орын алатыны – эмоциялық фразеологизмдер. Эмоцияның күрделі түрлеріне көңілдену, шошу, қорқу, ренжу, қайғыру, қамығу, қуану, басы қату, жылау, күлу, ашулану сияқты түрлері жатады. Психологтардың айтуы бойынша, жағымды, жағымсыз эмоциялардың спецификалық ерекшеліктері олардың қарама-қарсылығында, сезім қайшылықтарының кейбір бірліктерінде болып табылады. Мысалы, қуаныш-қайғы, сүйіспеншілік-өшпенділік, сенім-сенімсіздік ...т.б. Соматикалық фразеологизмдердің ішінде адамға қатысты әртүрлі эмоциялық бояулы тіркестер ең алдымен, қуаныш, реніш, жақсы көру сезімдері, көрініс, құбылыс, әрекетті бағалау, сапалық анықтаулар т.б. тұрақты тіркестер тобы – қазақ тілінің қуатты байлығының дәлелі болып табылады.

Қазақ тіліндегі барлық сөздер реестрге тіркеліп, түсіндірме сөздікке енген. Жарық көрген 15 томдық түсіндірме сөздік қазіргі тіліміздегі 92 300-ден астам атау сөзді, 57 800-ге жуық тұрақты тіркестерді қамтыған. 1977 ж. академик Қ. Кеңесбаевтың авторлығымен жарық көрген фразеологиялық сөздікте 11 мыңға жуық фразеологиялық тіркес қамтылған. Соның ішінде «бас» соматизмі ұйытқы болған 177, «көз» соматизмі ұйытқы болған 207 фразеологизм тіркелген [6, 94–105 б.].

Соматикалық фразеологизмдердің эмоциялық қызметін адамның көңіл-күйіне байланысты оның айқын/солғын сатыларын ажыратып көрсетуге болады. Бұл құбылысты соматикалық фразеологизмдер арасындағы олардың синонимдік қатарларынан да байқаймыз [7, 37 б.]. Мәселен, БАС. *Бас болу, бас-көз болу, басынан құс ұшырмау, басына бақ қону, бас көтерер, бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ, басы ашық, басы аман, бауыры бүтін т.б.*

КӨЗ. *Көзайым болды. Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық. Көз болды. Көзге ыстық көрінді. Көзге оттай(шоқтай) басылды. Көзге түсті (шалынды, ілікті). Көздің жауын алды. Көзді ашып-жұмғанша. Көздің қарашығындай сақтады.. Көзінің ағы мен қарасы (қарасындай). Көзі түсті. Көйлегің күйрек, жаның берік болсын! Көйлек көк, тамақ тоқ, т.б.* фразеологизмдерден психологиялық ахуалдағы жағымды эмоциямен қатар, олардың астарлы мәдени мағынасынан «бас», «көз» соматизмдері әлеуетінің әсерінен сенімділік, қамқорлық, қайсарлық пен батылдық қасиеттерімен бірге, тіреніш, қорған болу, бақытты сәт, шешілген мәселе, қуану, анықтау, дәлелдеу, бағалау, сипаттау сияқты адамға тән түрлі жағымды құбылыстарды аңғарамыз. БАС. *Ал басқан ізде белгі жоқ, бас терісі салбырады, басына көтерді, басынан сөз асырмайды, басын тауға да, тасқа да соқты, басынан сырық кетпеді, басы әңкі-тәңкі, бас ауыртты, бас айналды, баса-көктеді, бас араздық, бас бермеді, бас бұзар, бас десең құлақ дейді, бас жарылса, бөрік ішінде, бас имеді, бас кесер, бас көтертпеді, басқа бәле тілден ... т.б.*

КӨЗ. *Көз алартысты. Көз алдады. Көз ашықзабады Көз байланды. Көзбен атты. Көзбен ішіп-жеседі. Көз бояды. Көзге алмады. Көзге жылпың, сыртқа қылпың көрінді.. Көзге күйік болды. Көзге қамшы тигендей (тиді). Көзге қораш. Көзге біткен (шыққан) сүйелдей. Көзге сынық келді (көрінді). Көзге тұртсе көрінбейтін қараңғы. Көзге шұқыды (тұртті). Көзге (көзіне) ілмеді. Көзден ғайып (таса) болды. Көзден жасы бұршақтады. Көзден нұр тайды. Көздің жасын сел (көл) етті. Көзді шел қаптады. Көз көрмес, құлақ естімес жер. Көз құны қалды. т.б.* соматикалық фразеологизмдерден қарама-қарсы психологиялық жағдайды, жағымсыз эмоцияны байқаймыз. Екеуі екі түрлі сезімнің жай-күйін білдіреді. Адам – күрделі де, айрықша құбылыс. Адам баласы басынан небір күйлерді кешіреді, олар қуанады, шаттанады, күледі, ашуланады, күйінеді, ренжиді, жақсы көреді, жек көреді. Бір сөзбен айтқанда адам бойындағы қасиеттер әр түрлі. Осындай қасиеттер қазақ тіліндегі «бас», «көз» сөздерінің ұйытқы болуынан жасалған эмоциялық қызметі ерекше соматикалық фразеологизмдердің ауқымды орын алатынын көруге болады.

Соматикалық фразеологизмдерден ішінара адам психологиясындағы әр түрлі эмоцияның реңктерін дәл айқындап, нақты көрсететін түрлерін топтастырып қарауға болады. Жалпы фразеологизмдерге тән ерекшеліктің бірі – оның эмоционалды-экспрессивтілігі. Осы эмоциялық лексемалар адам сезімінің жай-күй реңктеріне, атап айтқанда, жағымды топтағы – үміттену, сену, қуану, қорғау, қолдау, батылдық жасау; жағымсыз топтағы – үмітсіздік, шарасыздық, қорғансыздық, қасастық, әпербақан-әлімжеттілік, қырсықтық, шарасыздық, т.б. құбылыс-әрекеттерді көзбен көріп немесе сезінудің нәтижесін «бас», «көз» соматизмдері арқылы солғын не айқын, бәсең не белсенді түрде бағалап жеткізуге болатынын көреміз. Мысалы, бас болу дегенде жай ғана ие, тірек болу мағынасының солғындау, бәсең екенін байқаймыз. Ал бас-көз болуды алатын болсақ, мағынасы әлдеқайда күшті, айқын, белсенді екендігін аңғарамыз, тек иелік жасап, тірек болып қоймай, қырағылықпен қорғай білуді меңзейді, тиянақтылық, эмоция бояуы басымдау. Сонымен соматикалық фразеологизмдердің эмоциялық қызметінің осындай **бәсең-солғын** тобына жататындарын анықтап көрдік. Олар: БАС. *бас болу, бас көтерер, басы ашық, бас ауыртты, бас айналды, , бас араздық, бас бермеді, бас имеді,, басқа кірмеді, басқа түсті...т.б.* КӨЗ. *Көзбен шолды. Көз болды. Көзге жылы көрінді.. Көзге түсті Көзі шалды. Көзі ілінді. Көз жазбады. Көз шалым жер. Көз көрген. Көз (көзі) қарақты. Көз тастады.* Мұндай соматикалық фразеологизмдердегі сезімнің жай-күйін анықтайтын эмоциялық қызметінің реңк сатысына қатысты экспрессивтілігі төмендеу. **Белсенді– айқын** тобына жататын тұрақты тіркестер: БАС. *бас-көз болу, басынан құс ұшырмау, басына бақ қону, бас кеспек болса да тіл*



*кеспек жоқ, басы аман, бауыры бүтін, бас терісі салбырады, басынан сөз асырмайды, басын тауға да, тасқа да соқты, басынан сырық кетпеді, басы әңкі-тәңкі, баса-көктеді, бас бұзар, бас десең құлақ дейді, бас жарылса, бөрік ішінде, , бас кесер..т.б. КӨЗ. Көзайым болды. Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық. Көзге оттай басылды. Көзді ашып-жұмғанша. Көздің қарашығындай сақтады. Көзі алақандай (шарадай, атыздай, шаңырақтай) болды.. Көзінен от шашты. Көзіне көк (көк ала) шыбын үймелетті..Көзінің ағы мен қарасы (қарасындай). шалды..Көйлегің күйрек, жаның берік болсын! Көйлек көк, тамақ тоқ, т.б. Көзбен ішіп-жеседі. Көзге күйік болды. Көзге қамшы тигендей (тиді). Көз жасы жібермегір!.* Аталған топтағы соматикалық фразеологизмдердің мотивтік қызметі реңк сатысына қатысты экспрессивтілігі жоғары, адам сезіміне әсері күшті.

Эмоцияны он тоғызыншы ғасырдағы У. Джеймс физиологиялық реакция деп қарастырса, соңғы уақытта зерттеп жүрген физиолог ғалымдар ғалымдар С. Шахтер мен Дж. Э. Зингер де эмоцияны «физиологиялық реакция және дүниетанымдық (когнитивті) әрекет» – деп, күрделі ұғым ретінде тұжырымдайды Эмоционалды сөздер адамның сезім өрісінің бай екендігін дәлелдейді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда бұл мақалада соматикалық фразеологизмдерден адам психологиясындағы әр түрлі эмоцияның реңктерін дәл айқындап, нақты көрсететін түрлерін топтастыруға болатыны байқалды. Жалпы фразеологизмдерге тән ерекшеліктің бірі – оның эмоционалды-экспрессивтілігі. Осы мотивті лексемалар адам сезімінің жай-күй реңктеріне, атап айтқанда, жағымды топтағы – үміттену, сену, қуану, қорғау, қолдау, батылдық жасау; жағымсыз топтағы – үмітсіздік, шарасыздық, қорғансыздық, қасастық, әпербақан-әлімжеттілік, қырсықтық, шарасыздық, т.б. құбылыс-әрекеттерді көзбен көріп немесе сезінудің нәтижесін «бас», «көз» соматизмдері арқылы солғын не айқын, бәсең не белсенді түрде бағалап жеткізуге болатынына көз жеткіздік. Мысалы, *бас болу* дегенде жай ғана ие, тірек болу мағынасының солғындау, бәсең екенін байқасақ, ал *бас-көз болуды* алатын болсақ, мағынасы әлдеқайда күшті, айқын, белсенді екендігін аңғарамыз, тек иелік жасап, тірек болып қоймай, қырағылықпен қорғай білуді меңзейді, тиянақтылық, эмоция бояуы басымдау. Бұдан біз соматикалық фразеологизмдерді қалыптастыруға ұйытқы болған «бас», «көз» сөздерінің де эмоционалдық сипатының халық, ұлт дүниетанымындағы маңызды рөл атқаратынын байқаймыз.

Ұлттық фразеологизмдер ішіндегі соматикалық фразеологизмдер халықтың тұрмысын, дәстүрін, мінез-құлқын, бағалау өресінің кендігін

айқындай отырып, оның астарлы мәдени мағынасын аша түседі. Сонымен қатар, адам сезімінің әр түрлі жай-күйін білдіретін эмоционалды сипатының бояуын бірде қанық, қоюландырып, бірде солғын, бәсеңдетіп жеткізетін әсер әлеуеті күшті, экспрессивтілігі жоғары, мотивтік тілдік құрал қызметін атқарады. Сондықтан соматикалық фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті қызметімен қатар, танымдық мәні де зор.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Болғанбаев, Ә.** Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер/ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің тәжірибелері. – Алматы : Ғылым, 1989. – 87 б.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі) / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов, – Алматы : «Дайк-Пресс» баспасы, 2008, – 968 б.

3 **Лукьянова, Н. А.** Экспрессивная лексика разговорного употребления: Проблемы семантики. – Новосибирск : Наука, 1986. – 228 с.

4 **Стернин, И. А.** Лексическое значение слова в речи. – Воронеж : Изд-во Воронежского ун-та, 1985. – 170 с.

5 **Копыленко, М. М.** О выразительных средствах эсперанто // Ученые записки Тартуского ун-та: Теория и история межд. яз. – Тарту, 1983. – Вып. 644. – С. 65–76.

6 **Кеңесбаев, І.** Фразеологиялық сөздік. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1977. – 711 б.

7 **Смағұлова, Г. Н.** Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы : Ғылым, 1998. – 194 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Г. П. Шахарман*

**Эмотивная функция соматических фразеологизмов «БАС», «КӨЗ»**

Институт филологии и полиязычного образования,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, 050010, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

G. P. Shaharman

**Emotive function of somatic phraseological units «Bas», «Koz»**

Institute of Philology and Multilingual Education,

Abai Kazakh National Pedagogical University,

Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В казахском языке слова «БАС», «КӨЗ» в составе соматических фразеологизмов с эмотивным компонентом образуют более сложную семантическую структуру фразеологических единиц, в которой расширяется формальные их свойства. При изучении соматических фразеологизмов, в составе которых имеются названия частей тела человека, особое внимание уделяется выявлению функций слов «БАС», «КӨЗ», что способствует более глубокому познанию природы и бытия в разных коммуникативных ситуациях.*

*Актуальность статьи обусловлена расширением представления о роли соматизмов, так как анатомические названия характеризуют не только физиологические явления, но и имеют в составе фразеологизмов эмотивную функцию – при отражении состояния человека, а также оценке его характера. Особое внимание уделяется соматическим фразеологизмам, в плане содержания которых обнаруживается миропонимание человека как представителя определенной нации, так и общества в целом.*

*Национально-культурная специфика казахского соматизма «БАС» заключается в том, что его семантическое своеобразие реализуется посредством лексем с компонентом «когнитивная деятельность» – думать, направлять, разум, мудрость, руководить, знание; соматизм «КӨЗ» – посредством лексем с компонентом «зрительное восприятие мира» – познание мира, дальновидность, опытный. Доказывается, что слова «БАС», «КӨЗ» являются компонентами в составе соматических фразеологизмов которые имеют разные оттенки по уровням значения.*

*In the Kazakh language the words «BAS», «KOZ» as part of somatic phraseological units with an emotive component form a more complex semantic structure of phraseological units, which expands both the plan of the content of phraseological units and their formal properties. In the study of somatic phraseological units, which include the names of parts of the human body, special attention is paid to the identification of the functions*

*of the words «BAS», «KOZ», which contributes to a deeper knowledge of nature and existence in different communicative situations.*

*The relevance of the article is self explained due to the expansion of ideas about the role of somatism, as anatomical names characterize not only physiological phenomena, but also include the phraseological units emotional function – in the reflection of the human condition, as well as the assessment of its character.*

*Particular attention is paid to somatic phraseological units, in terms of the content of which the worldview of a person, and as a representative of a certain nation and society as a whole, is revealed.*

*National and cultural specificity of the Kazakh somatism «BAS» is that its semantic originality is realized by means of lexemes with the component «cognitive activity» – to think, direct, reason, wisdom, to direct, knowledge; somatism «KOZ» – by means of lexemes with the component «visual perception of the world» – knowledge of the world, foresight, experienced.*

*It is proved that the words «BAS», «KOZ» can have a common component in the composition of somatic phraseological units.*

**Ғ. Б. Шойбекова<sup>1</sup>, Г. Қ. Абдирасилова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>shoibekova\_gaziza@mail.ru; <sup>2</sup>ab.gulmira@mail.ru

**ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНДЕГІ ТІГІН-ТІГІС ТҮРЛЕРІ,  
АТАУЛАРЫ**

*Мақалада қазақ қолөнеріндегі тігін-тігіс түрлері, атаулары жайында жеке-жеке қарастырып, қолөнер түрлерінің терминологиясын қалыптастыру ерекшеліктері, номинация заңдылықтары қарастырылады. Тігін-тегіс түрлері көрінісі тігіншінің сырт киім, іш киім, бас киімдерді, төсек-орын жабдықтарын әр түрлі мата қиындыларынан құрақ құрау арқылы да көрініп айқындалады. Қолөнердегі істің де шығармашылықты қажет ететіндігі олардың технологиялық әдіс тәсілдерінен, тігіс түрлерінен, нақышталу ерекшеліктерінен анық байқалады. Қазіргі кезде қолмен тігу тек қазақы ұлттық жасау-жабдықтарды дайындау кезінде ғана қолданылатын болған. Деректерге зер салсақ, инемен тігілетін тігістерден басқа, қол тігіс атауларының өзі аз емес екен. Адамзат киім-кешек тігу барысында сан ондаған тігіс түрлерін ойлап тауып, әр тігістің ерекшеліктері, көрінісіне қарай ат қойып, айдар тағып отырған.*

*Кілтті сөздер: қолөнер, қазақы ұлттық жасау-жабдықтар, тігін-тігіс түрі, тігін-тігіс атауы, мағына.*

**КІРІСПЕ**

Қолөнер – баға жетпес, өшпес мұра.

Ата-бабамыздың қолөнер мұраларын жақсарту – қазіргі заман жастарының ісі, халықтың ертедегі істері жарасымды жалғасын тапса, өнер дамыған үстіне дами береді. Көргендердің көзінің жауын алып, таңғалдырған, адам қолынан шыққан осынау ғажайып туындылар бүгінгі халқымыздың мақтанышы болса, ертеңгі болашақ үшін баға жетпес мұра екені анық. Тігін-тігіс өнерінің қалыптасуы қазақ халқының қолөнері ішіндегі ең басты

орындардың бірін алады. Бұйымдарды дайындау тәсілі мен жасалу жолдары атадан балаға мирас болып қалып отырғаны белгілі. Халқымыздың көне мәдениетін әр сабақ жіпке сыйғызып, бүгінгі заманға жеткізуде тігін-тігіс өнерінің де үлесі зор.

Қазақтың киіз үйіндегі өміріне қажетті барлық бұйымдар қолмен жасалған. Әсіресе, қолөнер бұйымдарының ішінде қазақ әйелінің жасаған бұйымдарының орны ерекше. Көздің жауын алардай қызылды-жасылды болып тұратын киіз үй ішіндегі, сыртындағы неше түрлі ұлтымыз қолданған жабдықтардың барлығы да әйел қолынан өткен. Осы әсемдіктің әр тігісінде қазақ әйелінің қолыны ыстық табы бар. Себебі әр тігіс қолмен тігіліп әдіптелген. Киіз, үйішіндегі баулар, басқұр, күлдіреуіш, сырмақ, текемет, дорба, көрпе, киім түрлерінің бәрі де он саусағынан өнер тамған қазақ әйелінің тынымсыз еңбегі мен көз майының жемісі деп тануға болады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қазақ тілінде тігін-тігіс қос сөзі өз алдына жеке-жеке қолданылмайды. Себебі, жоғарыда аталған бұйымдардың барлығы да қолмен біріктіріліп, тігілгендіктен, әр түрлі материалына, қолданысына орай түрлі тігіс түрлері қолданылған. Атап айтар болсақ, көктеу, жөрмеу, тепшу, қиғаш сәндік, ілмек тігіс, таңдай тігіс, түйін тігіс, қайып тігу, бүгіс тігіс, тышқан із тігіс, шалық торлау, қабырға тігіс, жара тігіс, қабу тігісі т.б.

Өрине, қол тігіс түрлері тек осы атаулармен шектеліп қалмайды. Мәселен, кезінде жөрмеудің өзін, сіргеше жөрмеу, асықша жөрмеу, шырыштап жөрмеу, торлап жөрмеу деп бірнеше түрге бөліп атаған екен.

Қиғаш сәндік. Бөлшектерді уақытша бекіту үшін қолданады. Тігіс солдан оңға қарай орындалады.

Айқас тігіс. Ине матаның теріс бетінен тік, ал оң бетінен қиғаш шаншылады, ине шаншымның арақашықтықтары 1 мм шамасында болады. Тігіс солдан оңға қарай, келесі тігіс солдан оңға қарай айқасады.

Ілмек тігіс матаның шеті сетінемес үшін және түймелікті торлау үшін қолданады. Тігісті солдан оңға, оңнан солға қарай да орындауға болады. Тігістің арақашықтығы мен биіктігі матаның қалыңдығына байланысты. Бұл тігістің ине шаншымдары тігінен түседі.

Қазіргі кезде қолмен іс тігетін тігіншілерді өте сирек кездестіреміз. Өйткені олардың орнын тігін машиналары алмастырады. Алайда бұйымның бөлшектерін уақытша біріктіруге және әшекейлеп, көркемдеу үшін, сондай-ақ тігін машинасымен орындалуы қиын жағдайлар болған кезде қол тігістерді қолданылады.

Тігіс түрлерін атайтын тілдік бірліктер – ұлттық тіліміздің байлығы. Қазіргі кезде, тігін машиналары шыққан кезде, бұл тігіс түрлерінің кейбірі

ұмыт қалуы мүмкін. Десе де, ұлттық тіліміздің байлығы ретінде сөзтізбеге тіркеп қойсақ, қазақ сөзінің байлығы, құндылығы ретінде қарасақ, ұлттық тіліміздің өміршеңдігін дәлелдеген болар едік.


Қазіргідей тігін машиналары жоқ кезде қазақ әйелдері барлық киім-кешек, көрпе-жастық, тұскиіз, дастарқан, т.б. тұрмыстық бұйымдарды қолмен тіккен. Қолмен тігудің кейбіреуі эстетикалық қызмет (мысалы, кесте және зерлеп тігу) атқарса, бірсыпырасының таза практикалық қызметі басым болған. Қолмен іс тігушінің негізгі құралдарына ине, жіп, қайшы, оймақ жатады. Қазіргі кезде ине, жіп, қайшыны бәрі білгенімен, оймақты көп адам біле бермейді. *Оймақ* – тігінші құралдарының бірі және де қолмен іс тіккенде саусаққа киетін құрал. Жұқа жез темірден, былғарыдан саусақ ұшына сыйып тұратындай көлемде жасалады (1-сурет). Қолмен іс тіккенде сұқ саусаққа немесе ортаңғы саусаққа кигізіледі [1]. Оймақ – қалың маталарды тіккенде ине қолды жарақаттамас үшін пайдаланылатын құрал.

Ине мен оймақ – қол тігісінде ең қажетті құрал. Сондықтан «енең болмаса да инең болсын» дейді халық мақалы. Оймақтың ел ішінде *тері оймақ, темір оймақ, күміс оймақ*, жез оймақ деп аталатын түрлері болған. Әйелдердің икемділігін, шеберлігін сипаттауға байланысты қалыптасқан мақалдар бар: «Хас шебер оймақ талғамас», «Олақ қатын оймақшыл» т.б.



Сурет 1


Сызба 1



Тігіс түрлерін тігістің тігілу әдісі мен әсемдігіне қарай *қарапайым тігіс* және *көркем тігіс* деп бөлген (1-сызба). Қарапайым тігістерге *жәрмеу, көктеу, тепшу, бұрме тігіс, қайып тігу, қабу тігіс, қусыра сызу, өбістіру, тұмаршалап тігу, қосбасарлап тігу, шарбақтап тігу, жара тігу, топшылау тігіс, шалып тігу, бұзау тігіс, шанша тігу, жапсыра тігу, тебе тігу*, т.б. түрлерін жатқызуға болады. Және олардың кейбіреулері өз ішінде бірнеше түрге бөлінеді. Бұл тігістерді көркем тігіске негіз болатын тігістер десе де болады.

Көркем тігістерге *айқас тігіс, қусыру, бастырып тігу, маржан тігіс, бедерлеп тігу, шаршылау, өткермелеп тігу, сыру, бүгіс тігіс, тышқан із, таңдайлау, қабырға тігіс, керегекөз тігіс, ілмелеп тігу, шалу, торлау* деп аталатын және көркем тігіс түрінің *алақұрт, сағат бау, шытыра, су тарту, ирек түсіру, керегекөз* сияқты күрделі тігіс түрлері жатады. Бұл тігіс түрлерінің біразын кесте түріне де жатқызамыз.





Сурет 2

*Көктеп тігу* – ежелден келе жатқан орындалуы тым қарапайым, тұрмыста жиі қолданылатын «қазақы тігіс» осы көктеу тігісі. Көктеу іс аяқталғанда сөгіліп тасталады.

*Қайып тігу* – тігістің бет жағы кәдімгі тігін машинасының тігісі тәрізді тізіліп түсетін пішінге келтіріп тігу түрі; қаю.

*Тепе тігу* – тепшу сияқты түйреп алып, тігуге келмейтін тұтқыр материалды сол қолмен шымшып ұстап отырып, оң қолдағы инені екі саусақпен әрлі-бәрлі өткермелеп отырып тігетін тігіс түрі.

*Шалып тігу* – кесте өнерінде біз кестемен тіккен сияқты қос ілмек болып түсетін тігіс түсіру тәсілі.

*Шыраштан тігу* – ойыстырылған киізді біріктіруге, бастырылған оюдың шетін жиюға және мата үстіне сызықшалап әсем бедер өрнектер салуға пайдаланылады.

*Айқас тігіс* – инемен біркелкі төртбұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырып тігетін, тігілуі қарапайым әрі әдемі тігіс түрі.

*Бүгіс тігіс* – киімдердің етегін, жең ұштарын, қалтаның аузын, осы сияқты киім шеттерінің екі шетін қосып бүгетін жағдайда қолданылады.

*Бұрме тігіс* – матаның шетін жинай тіккенде қолданылады (желбіршектерді, қос етектерді, бұрмелі жағаны).

*Жапсырма тігіс* – бір заттың бетіне жамау салғанда, әдіптердің шетін тіккенде, әдіп орнына астар салғанда қолданылатын тігіс.

*Жара тігіс* – киіздерді құрастырғанда, етіктің ұлтарағы, киіз байпақтың қонышын, табанын қаусырғанда, тері тігістерінде жиі қолданылады. Мұнда тігіп отырған екі заттың шеттерін не астыңғы, не үстіңгі бір жақ қыртысынан ғана шаншып, инені сол шеттің ортасынан жара шығарып отырады.

*Жартыкеш айқас тігіс* – астыңғы және үстіңгі тігістер жіпті үзбей отырып тігілген, екіжақты тігісі бар кесте өнерінде қолданылатын тігіс түрі.

*Қабырға тігіс* – инемен көркемдеп тігудің бір әдісі. Қабырға тігісі екі сызықтың арасымен біркелкі көлденең шаншып отыру арқылы тігіледі. Екі шеттің біріккен жігін басуда, киімнің бойын, балағын, жеңін әшекейлеуде қолданылады.

*Алтындап тігу* – сән-салтанаттық киімдерді алтын жіптермен тігіп кестелеу, әшекейлеу. Алтындап тігуге көбінесе бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады.

*Маржандап тігу* – алтындап тіккен кестеге маржан араластырып тігу.

*Көпіртіп тігу* – алдын ала дайындап алған өрнек үлгісінің үстінен тігілетін, материал бетіне бұдырланған жіп түйіндер қалдырып тігетін тігіс түрі, тігу тәсілі.

*Торлап тігу* – өрнектелетін материалды алдымен тесіп алып, оны торлай және ортасын кереге көздеп, санап отырып шалу арқылы түрлі өрнек салу тәсілі.

*Түктеп тігу* – кестелеу барысында бұйымның өң бетінде 1–2 сантиметрдей бүлдіргі жіп қалдыра отырып тігіп, артынан ол бүлдіргілерді тегіс қырқып тастау арқылы кілемнің түгі тәрізді пішінге келтіру.

*Үшбасарлап тігу* – алдымен алғашқы екі жіпті крест түрінде тігіп алып, соңғы үшінші жіпті соның белінен көлденең басып тігіс жүргізу.

*Ілмелеп тігу* – сырт пішіні ілмек бізбен орындаған кестеге ұқсайтын тігіс түрі.

*Керегекөз тігіс* – кесте өнерінде кереге бейнесін түсіру үшін қолданылады.

*Қиғаш тігіс* – матаның көлденеңінен екі жібін, тігінен төрт жібін бастыра қиғаш бағытта тігілген тігіс түрі.

*Таңдай тігіс* – үш сызықтың үстімен қиғаш шаншып тігілетін, қос қабырға мәнерімен орындалатын тігіс түрі.

*Терме тігіс* – кесте тіккенде өрнектің бір шетінен келесі шетіне дейін жіптерін санай отырып, біресе оң жағына, біресе сол жағына қарай матаның жібін бойлай «инені алға салу» әдісімен тігілетін кесте түрі.

*Түйін тігіс* – белгілі бір орындарда кесте жібінің өзінен түйіп, түйін тастап отырып тігетін тігіс түрі [2].

Киіздің бетіне ою-өрнек салу әдістерінің ең көп тараған түрі – түсті жүннен өрнектерді текеметтің өзіне бірге бастыру және *тұсдорба*, *аяққап*, *сандыққап*, т.б. сияқты киізден жасалатын бұйымдардың бетіне арналған ою-өрнектерді түсті маталардан ойып тігу тәсілі. Кейде киіз дорба сынды басқа заттардың бетіне пысықтап иірген түсті жіптерден *жапсыра тігу* тәсілі қолданылады. Бұл әдісті Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде *сырма* деп атайды.



Арнайы басылған киізге басқа түсті киізден, матадан қиып дайындалған ою-өрнекті сырып тігу арқылы жасалған сәнді бұйым сырмақ деп аталады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» сыру сөзіне «*арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі*», ал сыры атауына «*жиі етіп бастырып тігу*» деген анықтама беріледі [3, 507 б.]. Демек, сырмақ атауының өзі оны дайындау технологиясынан алынған.

*Сыру* – сырмақ оюларын жиектеп болған соң оюдың түкпір-түкпірін қуалай сырып тігу. Бүгінгі таңда кәнігі сырмақшылар сыруда оюды *қуа сыру, ортасынан жара сыру, оюды жанамалап түпкірлеп сыру, оны өрнектеп тігу, сақиналап тігу, мүйіздеп тігу, иректен тігу* секілді түрлі көркемдік тәсілдермен астастыра отырып шебер орындап жүр. Сырып тігудің негізгі үш тәсілі кеңінен тараған. Олар: *қайып сыру, тепіш сыру, қабып сыру*. Бұларды негізінен *жіп салып сыру және жіп салмай сыру* деп екі түрге топтастырады. Мәселен, *қабып сыру мен тепіш сыруға* жіп салынбайды.

Қайып сырудың үш түрлі тәсілі бар. Оның бірінші түрі қаю аталатын тігіс түрімен ұқсас болады. Ол үшін сырмақ сырғанда тебенге сабақталған сабақ жүн жіппен астынан үстіне қарай ілгерілете шаншылап шыққан жіпті алдыңғы тігіске қайта жалғап, астына инені көлбеу шаншып, екі шаншым ілгерілеп, бір шаншым шегініп, сырмақ бетіндегі шаншым аралығына ұқсас етіп шығарады. Әрбір шаншымда сабақ жіп қатты тартылып отырады. Бұдан шыққан тігіс ізі созылып, тізіліп қалып отырады.

Қайып сырудың екінші түрі қос жіппен немесе тарамыспен ілмек біз арқылы тігу. Бұл теріден, көннен жасалған бұйымдарды тігуде қолданылады.

Қаюдың үшінші түріне жіп салып қайып сыру жатады. Бұл тәсіл, яғни жіп салып қаю сырмақ сыруда қолданылады. Жіп салып аю үшін шудадан, қой-ешкінің қылшықты жүнінен иірген сабақ жіптер және салу жіп қажет болады.

*Жіп салып сыру* – салу жіпті төсеп, салып отырып сыру тәсілі. Сыру тәртібі бойынша сырылатын сырмақ оюының дәл ортасынан, яғни қолдың оңына қарай сырылады. Жіп салып сыру үшін жіптің түбін бекітіп алып, оюлардың дәл ортасынан жіп салып сырып тіге бастайды. Салынған жіпті сол қолмен түзулеп тартып ұстап, тебенді астынан үстіне шығарып алғаннан кейін, салу жіпті көлденеңінен бастыра тебенді суырып алған ізден қайта өткізіп, тебеннің сабағын (жіпті) қатты тартады. Бұл тігу жіп салу жіпті киізге сіңіре отырып астына өтеді. Одан соң тебенді тағы бсо салып, жіп бойынан бір шаншым ілгерілетіп, үстіне шығарып, жіпті белінен бастыра тебенді астына өткізіп, жіпті сырмаққа сіңіре тартады. Осылайша жалғасқан сырып тігу машина тігісіне ұқсап, қаю тігіс болып шығады.

Жіп салып сыру бос тігілген жадайда, салу жіп сырмақ бетінде қалады да, көзге көріксіз көрінеді. Бұл тәсіл түйе жабуларын сыруға жиі қолданылады. Оған (салу жіпке) жуан жіп пайдаланылғандықтан, осылай сырылған жабу

шыдамды болады. Жалпы, жіп салып сыруды өте еріктеп жасамаса, салу жіп бетінде қалып, әр нәрсеге ілінгіш, үзілгіш болады.

*Жіп салмай сыру* – салу жіпсіз, тек сабақ жіп арқылы қабып немесе тепшіп сыру. *Қабып сыру* – күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын әдістердің бірі. Қабып сыру тәсілі бойынша сырылатын сырмақ оюының ортасынан тебен үстіне өткізілгеннен кейін, артқы жағына сәл ғана шегініп, тебен қайтадан астына өтіп, сыратын сабақ жіп қатты тартылады да, қайтадан бір шаншым ілгері үстіне шығады. Сабақты тебен үстіне шыққан жіптің арт жағынан тағы да сәл шегіндіріліп астына қарай шаншылады. Осылай жасалған сыру ізінен осылып із қалады. Сырмақ оюлары үлкен әрі арасы кең болса, ою ішін және желілердің кең тартылған жерлерін екі-үш қатарлап, тіпті одан да көп етіп сақиналап, иректен яки тұмаршалап, шаршылап та сырады. Мұндай сырмақтар берік, шыдамды болады. Ертеде сырмақтар осылай жасалған.

*Тепіш сыру* – сырылатын оюды бойлай астына бір, үстіне бір шығарып, жиі және тік шаншып, артына қарамай тігу. Мұнда тебенді біртегіс жиі шаншып, сырмаққа осылтып із түсіруге көңіл бөлінеді.

*Құрастыру* – сырмақтың бес бөлігін жеке-жеке жиектеп лаып, одан әрі сырып шығып, басы мен ортасын, т.б. бөлшектерін құрап тігу. Құрап тігу барысында оюлы сырмақ жасау технологиясы бойынша үстіңгі жағынан астарын құрап алады. Одан рәі үстіңгі бет қабаты үстінен жөрмеп құралады. Орта мен көлденең басы құралып болған соң бұған екі жаны жоғарыдағы әдіс бойынша алдымен астары, одан соң беткі қабаты құрап тігіледі.

*Кестелеу (өрнек салу)* – мата бетіне әшекей өрнек салу өнерінің бір түрі. Кестелеуге кез келген маталар және әр түрлі жіптер (мулине, жүн жіп, жібек жіп, синтетикалық жіп) пайдаланылады [4]. Осы кестелеу жоғарыда атап өткен көркем тігіс болып есептеледі. Терме тігіс, қиғаш тігіс, айқас тігіс, жартыкеш айқас тігіс сынды көркем тігіс түрлері кестелеу түрінің ішінде санамалап кестелеу түріне жатады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Көлөнер бұйымдарындағы қол тігісінің атаулары. Қазіргідей тігін машиналары жоқ кезде қазақ әйелдері барлық киім-кешек, көрпе-жастық, тұскиіз, дастарқан, т.б. тұрмыстық бұйымдарды қолмен тіккен. Сондықтан тілімізде қол тігістерінің атауы мол сақталған. Қолмен тігудің кейбіреуі эстетикалық қызмет (мысалы, кесте және оның түрлері, алтындап яки зерлеп тігу) атқарса, бірсыпырасының ттаза практикалық қызметі басым болған. Қол тігісінің бір тобы сырмақ сыруға байланысты сөз болған тұста біраз айтылды. Қол тігісінің эстетикалық қызмет атқарған түріне қарапайым ине-жіппен кесте тігу, кестелеу жатады. Өйткені қазақ тілінде кесте сөзі «*мата бетіне түсті жіппен тоқылған, тігілген әшекейлі өрнек*» деген ұғымда, ал

кестелеу «мата бетіне түрлі түсті жіппен әшекейлі өрнек» деген ұғымында қолданылады [3, 655 б.].

Кесте тігуді тігіншілік өнерінің аясында қарастырған зерттеуші Р. Н. Шойбеков: «Тігіншілік өнерін айналысатын еңбек түріне, дайындайтын өнімдеріне байланысты өз ішінде кестешілік өнері, тігіншілік өнері, етікшілік өнері деп бөлуге болады. Бұлардың қай-қайсысы болмасын өнер дәрежесіне көтерілген атақәсіп. Этнографиялық еңбектерде бұлар кейде жеке-жеке сөз болса, кейде тігіншілік пен кесте өнері бірге қарастырылады, өйткені тігінші сырт киі, іш киім, бас киімдерді, төсек-орын жабдықтарын әртүрлі мата қиындыларынан құрақ құрау арқылы да дайындалған. Бұл істің де шығармашылықты қажет ететіндігі олардың технологиялық әдіс тәсілдерінен, тігіс түрлерінен, нақышталу ерекшеліктерінен анық байқалады. Дегенмен, тігіншілердің ішінде тек бас киім тігумен айналысатындар болған. Оларды бөрікші деп атаған. Тігіншілер көбінесе жеңіл маталардан киім тігумен бірге теріден сырт киідерді де тіккен. Ел арасында оларды тоншы деп атаған. Тігіншілік өнері ерлер мен әйелдерге ортақ кәсіп болған. Тігіншілікпен айналысушылар арасында тек аяқкиім тігуді машық еткен адамдар аз болмаған. Оларды етікші деп бөлек атайды. Етікшілік еркектерге тән өнер түрінің бірі болып қалыптасқан. Сондықтан біз тігіншілік пен кесте тігуді бір топта, ал етікшілік өнерін жеке топта қарастырамыз», – деп жазады [5, 163 б.].

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. Он томдық. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1998.
- 2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том. – Алматы : Ғылым, 1985. – 59 б.
- 4 «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы. – Алматы, 1991 жыл.
- 5 **Шойбеков, Р. Н.** Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: ф.ғ.д. дис. – Алматы, 2006. – 307 б.
- 6 **Елемесова, Ш.** Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2003. – 32 б.
- 7 **Телия, В. Н.** Русская фразеология. – М. : «Языки русской культуры»; 1996. – 654
- 8 **Қайдаров, Ә. Т.** Халық даналығы. – Алматы : Ана тілі, 2004. – 560 б.
- 9 **Махмұт Қашқари.** Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): III томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2006. – 376 б.

10 **Қайыржан, К.** Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы : Өнер, 2013. – 480 б.

11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. – Алматы : Арыс, 2007 жыл. – Ж – К. – 752 б.

12 **Қашқари Махмұд.** Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит түрк»). – Алматы : Ана тілі, 1993. – 192 б.

13 **Қасиманов, С.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Қазақстан, 1969. – 248 б.

14 **Ысқаққызы, Ә.** Сырмақ өнері. – Алматы : Алматыкітап, 2007. – 232 б.

15 **Асанова, А., Тастанбекова, Г.** Киімді конструкциялау және тігу технологиясы: Оқулық. 2-басылым. – Астана : Фолиант, 2012. – 232 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

*Г. Б. Шойбекова<sup>1</sup>, Г. К. Абдирасилова<sup>2</sup>*

### Наименования, виды швов в рукоделии казахского народа

<sup>1,2</sup>Факультет казахской филологии и всемирных языков,

Казахский государственный женский педагогический университет,

г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

*G. B. Shoibekova<sup>1</sup>, G. K. Abdirasilova<sup>2</sup>*

### Names, types of stitches in needlework of Kazakh people

<sup>1,2</sup>Faculty of Kazakh Philology and World Languages,

Kazakh State Women's Teacher Training University,

Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

*В статье рассматривается формирование терминологии видов рукоделия, выявляются основные закономерности номинации объектов, субъектов, процессов и методов данной сферы. Виды швов проявляются по шитью курак из лоскутов ткани верхней одежды, нижнего белья, головных уборов, постельного белья. В технологическом способе, виды швов, узоры четко наблюдаются в творчестве особенностями рукоделия. В настоящее время пошив вручную применяется только в изготовлении казахского национального орнамента. Обратив внимание по источникам, в рукоделии не меньше наименований шитья чем иглами. Во время пошива одежды человек придумал десятки видов шитья, в зависимости от особенностей каждого вида шитья, и придумал название.*

*The article deals with the formation of the terminology for the types of needlework, identifies the main patterns of nomination of objects, subjects, processes and methods of this sphere. Types of stitches appear in quraq patchwork from different pieces of cloth outerwear, underwear, hats, bed linen. In the technological method, types of stitches, patterns are clearly observed in the features of needlework. Currently, hand sewing is used only in the manufacture of the Kazakh national ornament. Drawing attention to the sources, the needlework is not less than the names of sewing needles. During tailoring people came up with dozens of types of sewing, depending on the characteristics of each type of sewing, and came up with the name.*

**ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА  
«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,  
«КРАЕВЕДЕНИЕ»**

Редакционная коллегия просит авторов руководствоваться следующими правилами при подготовке статей для опубликования в журнале.

Научные статьи, представляемые в редакцию журнала должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартам по оформлению статей в соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», пристатейных библиографических списков в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

**Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:**

– В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в

1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

– Общий объем статьи, включая аннотации, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **12 страниц печатного текста**. *Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).*

Статья должна содержать:

1 **ГРНТИ** (Государственный рубрикатор научной технической информации);

2 **Инициалы и фамилия** (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках (*прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, см. образец*);

3 **Ученую степень, ученое звание;**

4 **Аффилиация** (факультет или иное структурное подразделение, организация (место работы (учебы)), город, почтовый индекс, страна) – на казахском, русском и английском языках;

5 **E-mail;**

6 **Название статьи** должно отражать содержание статьи, тематику и результаты проведенного научного исследования. В название статьи необходимо вложить информативность, привлекательность и уникальность (*не более 12 слов, заглавными прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, на трех языках: русский, казахский, английский, см. образец*);

7 **Аннотация** – краткая характеристика назначения, содержания, вида, формы и других особенностей статьи. Должна отражать основные и ценные, по мнению автора, этапы, объекты, их признаки и выводы проведенного исследования. Дается на казахском, русском и английском языках (*рекомендуемый объем аннотации – не менее 100 слов, прописными буквами, нежирным шрифтом 12 кегль, абзацный отступ слева и справа 1 см, см. образец*);

8 **Ключевые слова** – набор слов, отражающих содержание текста в терминах объекта, научной отрасли и методов исследования (*оформляются на языке публикуемого материала: кегль – 12 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см.*). Рекомендуемое количество ключевых слов – 5-8, количество слов внутри ключевой фразы – не более 3.

Задаются в порядке их значимости, т.е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке (см. образец);

**9 Основной текст статьи** излагается в определенной последовательности его частей, включает в себя:

– слово ВВЕДЕНИЕ / КІРІСПЕ / INTRODUCTION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре см. образец).

Необходимо отразить результаты предшествующих работ ученых, что им удалось, что требует дальнейшего изучения, какие есть альтернативы (если нет предшествующих работ – указать приоритеты или смежные исследования). Освещение библиографии позволит отгородиться от признаков заимствования и присвоения чужих трудов. Любое научное изыскание опирается на предыдущие (смежные) открытия ученых, поэтому обязательно ссылаться на источники, из которых берется информация. Также можно описать методы исследования, процедуры, оборудование, параметры измерения, и т.д. (не более 1 страницы).

– слова ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ / НЕГІЗГІ БӨЛІМ / MAIN PART (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Это отражение процесса исследования или последовательность рассуждений, в результате которых получены теоретические выводы. В научно-практической статье описываются стадии и этапы экспериментов или опытов, промежуточные результаты и обоснование общего вывода в виде математического, физического или статистического объяснения. При необходимости можно изложить данные об опытах с отрицательным результатом. Затраченные усилия исключают проведение аналогичных испытаний в дальнейшем и сокращают путь для следующих ученых. Следует описать все виды и количество отрицательных результатов, условия их получения и методы его устранения при необходимости. Проводимые исследования предоставляются в наглядной форме, не только экспериментальные, но и теоретические. Это могут быть таблицы, схемы, графические модели, графики, диаграммы и т.п. Формулы, уравнения, рисунки, фотографии и таблицы должны иметь подписи или заголовки (не более 10 страниц).

– слово ВЫВОДЫ / ҚОРЫТЫНДЫ / CONCLUSION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Собираются тезисы основных достижений проведенного исследования. Они могут быть представлены как в письменной форме, так и в виде таблиц, графиков, чисел и статистических показателей, характеризующих основные выявленные закономерности. Выводы должны быть представлены без интерпретации авторами, что дает другим ученым возможность оценить качество самих данных и позволит дать свою интерпретацию результатов (не более 1 страницы).

**10 Список использованных источников** включает в себя:

– слово СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES (Нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Очередность источников определяется следующим образом: сначала последовательные ссылки, т.е. источники на которые вы ссылаетесь по очередности в самой статье. Затем дополнительные источники, на которых нет ссылок, т.е. источники, которые не имели место в статье, но рекомендованы вами для кругозора читателям, как смежные работы, проводимые параллельно. Рекомендуемый объем не более чем из 20 наименований (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

**11 Иллюстрации, перечень рисунков** и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

**12 Математические формулы** должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

#### На отдельной странице (после статьи)

**В бумажном и электронном вариантах приводятся полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);**

#### Информация для авторов

**Все статьи** должны сопровождаться двумя рецензиями доктора или кандидата наук для всех авторов. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

**Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи.**

При необходимости статья возвращается автору на доработку. За содержание статьи несет ответственность Автор.

**Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.**

Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта.

Статьи публикуются по мере поступления.

**Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально).**

Статью (бумажная, электронная версии, оригиналы рецензий и квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

**140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,**

**Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.**

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147).

E-mail: [kereku@psu.kz](mailto:kereku@psu.kz)

[www.vestnik.psu.kz](http://www.vestnik.psu.kz)

Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге.**

#### **Наши реквизиты:**

РГП на ПХВ Павлодарский  
государственный университет имени  
С. Торайгырова  
РНН 451800030073  
БИН 990140004654  
АО «Цеснабанк»  
ИИК KZ57998FTB00 00003310  
БИК TSESKZK A  
Кбе 16  
Код 16  
КНП 861

РГП на ПХВ Павлодарский  
государственный университет имени  
С. Торайгырова  
РНН 451800030073  
БИН 990140004654  
АО «Народный Банк Казахстана»  
ИИК KZ156010241000003308  
БИК HSBKZZKX  
Кбе 16  
Код 16  
КНП 861



**ОБРАЗЕЦ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ:**

ГРНТИ 396.314.3

**А. Б. Есімова**

к.п.н., доцент, Гуманитарно-педагогический факультет, Международный Казахско-Турецкий университет имени Х. А. Ясави, г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан  
e-mail: ad-ad\_n@mail.ru

## **СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА**

*В статье рассматриваются вопросы, связанные с кодификацией норм устной речи в орфоэпических словарях, являющихся одной из отраслей ортологической лексикографии. Проводится анализ составления первых орфоэпических словарей, говорится о том, что в данных словарях большее внимание уделяется устной орфографии в традиционном применении, а языковые нормы устной речи остались вне внимания. Также отмечается, что нормы устной речи занимают особое место в языке программ средств массовой информации, таких как радио и телевидение, и это связано с тем, что диктор читает свой текст в микрофон четко по бумажке. В статье также выявлены отличия устной и письменной речи посредством применения сравнительного метода, и это оценивается как один из оптимальных способов составления орфоэпических словарей.*

*Ключевые слова: репродуктивное поведение, семейно-родственные связи.*

**ВВЕДЕНИЕ**

В настоящее время отрасль мобильной робототехники переживает бурное развитие. Постепенно среда проектирования в области мобильной ...

*Продолжение текста*

**ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в...

*Продолжение текста публикуемого материала*

**ВЫВОДЫ**

В этой статье мы представили основные спецификации нашего мобильного робототехнического комплекса...

*Продолжение текста*

*Пример оформления таблиц, рисунков, схем:*

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 - Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).

2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.

3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.

4 [http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part\\_0](http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part_0).

*А. Б. Есімова*

**Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде**

Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,  
Қ. А. Ясави атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,  
Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы.

A. B. Yesimova

**The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors**

Faculty of Humanities and Education,  
K. A. Yesevi International Kazakh-Turkish University,  
Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan.

*Мақалада ортологиялық лексикографияның бір саласы – орфоэпиялық сөздіктердегі ауызыша тіл нормаларының кодификациялануымен байланысты мәселелер қарастырылады. Орфоэпиялық сөздік құрастырудың алғашқы тәжірибелері қалай болғаны талданып, дәстүрлі қолданыстағы ауызыша емлесімен, әсіресе мектеп өмірінде жазба сөзге ерекше көңіл бөлініп, ал ауызыша сөздің тілдік нормалары назардан тыс қалғаны айтылады. Сонымен қатар ауызыша сөз нормаларының бұқаралық ақпарат құралдары – радио, телевизия хабарлары тілінде ерекше орын алуы микрофон алдында диктордың сөзді қағаз бойынша нақпа-нақ, тақпа-тақ айтуымен байланысты екені атап көрсетілді. Сөздікте ауызыша сөзбен жазба сөздің салғастыру тәсілі арқылы олардың айырмасын айқындалғаны айтылып, орфоэпиялық сөздік құрастырудың бірден-бір оңтайлы жолы деп бағаланады.*

*The questions, related to the norms of the oral speech codification in pronouncing dictionary are the one of the Orthologous Lexicography field, are examined in this article. The analysis of the first pronouncing dictionary is conducted, the greater attention in these dictionaries is spared to verbal orthography in traditional application, and the language norms of the oral speech remained without any attention. It is also marked that the norms of the oral speech occupy the special place in the language of media programs, such as radio and TV and it is related to that a speaker reads the text clearly from the paper. In the article the differences of the oral and writing language are also deduced by means of application of comparative method and it is estimated as one of optimal methods of the pronouncing dictionary making.*

**ПУБЛИКАЦИОННАЯ ЭТИКА**  
**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА**  
**(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,**  
**«КРАЕВЕДЕНИЕ»)**

Редакционная коллегия журнала «Вестник ПГУ. Серия филологическая» в своей работе придерживается международных стандартов по этике научных публикаций и учитывает информационные сайты авторитетных международных журналов.

Редакционная коллегия журнала, а также лица, участвующие в издательском процессе в целях обеспечения высокого качества научных публикаций, избежание недобросовестной практики в публикационной деятельности (использование недостоверных сведений, изготовление данных, плагиат и др.), обеспечения общественного признания научных достижений обязаны соблюдать этические нормы и стандарты, принятые международным сообществом и предпринимать все разумные меры для предотвращения таких нарушений.

Редакционная коллегия ни в коем случае не поощряет неправомерное поведение (плагиат, манипуляция, фальсификация) и приложить все силы для предотвращения наступления подобных случаев. В случае, если редакционной коллегии станет известно о любых неправомерных действиях в отношении опубликованной статьи в журнале или в случае отрицательного результата экспертизы редколлегий статья отклоняется от публикации.

Теруге 12.08.2019 ж. жіберілді. Басуға 19.09.2019 ж. қол қойылды.  
Пішімі 70x100  $\frac{1}{16}$ . Кітап-журнал қағазы.  
Шартты баспа табағы 21,5. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы  
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 3467

Сдано в набор 12.08.2019 г. Подписано в печать 19.09.2019 г.  
Формат 70x100  $\frac{1}{16}$ . Бумага книжно-журнальная.  
Усл. печ. л. 21,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. Елемесқызы  
Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 3467

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
E-mail: kereku@psu.kz  
www.vestnik.psu.kz